

63.3(5 қаз)

к-56



П.Т.Р.Т.З



ҚОЖАМЖАРОВА Д.П.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

ТАРАЗ, 2015

63.3 (5 қар)
К-56

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚОЖАМЖАРОВА Д.П.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

81067(7)



Тараз, 2015

ӘОЖ 94 (574)
ҚБЖ 63.3 (5 Қаз)
Қ 56

**Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының
Ғылыми кеңесі бекіткен. Хаттама № 1. 22.09.2015**

Пікір жазғандар:

Қойгелдиев М.Қ. – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор;

Кәрібаев Б.Б. – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Қожамжарова Д.П.

Қ 56 Қазақ хандығы. Монография. 2 бас. / Д.П. Қожамжарова. – Тараз: «BIG NEO SERVICE» баспасы, 2015. – 255 бет.

ISBN 978-601-7452-89-6

Бұл монография халқымыздың тұңғыш ұлттық мемлекеті – Қазақ хандығының құрылған кезінен бастап XVII ғасырдың аяғында Тәуке ханның билік басына келгенге дейінгі аралықтағы тарихына арналған. Кітапта алғашқы хандарымыз Керей мен Жәнібектің мемлекеттің негізін қалауы және олардың ұрпақтары Бұрындық, Қасым, Хакназар, Тәуекел, Есім, Тәуке сияқты билеушілердің Қазақ хандығын одан әрі дамытудағы саяси қызметтері мен рөлдері, жүргізген соғыстары мен дипломатиялық шеберліктері, атқарған жұмыстары мен қазаққа сіңірген еңбектері деректер мен халық ауыз әдебиетіндегі мәліметтерге сүйене отырып жазылған.

Монография студенттер, магистранттар, оқытушылар мен докторанттарға және басқа да тарихқа қызығатын оқушы қауымға арналған.



ӘОЖ 94 (574)
ҚБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7452-89-6

© Қожамжарова Д.П.
© Тараз, 2015

КІРІСПЕ

XV ғ. орта шенінде батысында Жайықтан бастап, шығысында Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдың төменгі жағы мен Арал өңірінен, солтүстігінде Тобылдың орта ағысы мен Ертіске дейінгі аймақта өмір сүрген Ақ Орданың орнына Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын Шайбанның ұрпағы болып келетін Әбілхайырдың хандығы құрылады. Ол билік құрған 40 жылдың ішінде Дешті-Қыпшақтағы бытырап жатқан тайпалардан бір орталыққа бағынған мемлекет құруға тырысты. Алайда 1457 жылы Сығанақ түбінде Өз-Темір тайшы бастаған ойраттардан жеңілуі және ішкі талас-тартыс кезінде үлкен ұлы Шах-Будаг-сұлтанның өлтірілуі, Әбіл-хайырдың мемлекет ішінде қатал тәртіп орнату үшін өзінің саяси қарсыластары – Жошы әулетінен шыққан сұлтандарды қудалауға алып келіп, нәтижесінде Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар қарамағандағы ауылдарымен Шу бойына көшіп кетуге мәжбүр болды.

Осылайша Еуразияның шетсіз де шексіз ұлы даласын ертеден мекен еткен түрік тектес көшпелі тайпалардан бірыңғай этникалық топқа жіктелген қазақтар XV ғасырдың ортасында өз хандығын құрады. Әбілқайыр ханнан бөлініп, жүректерінде азаттық пен бостандықтың жалыны жанған елін ерткен олар асқан ақылды, салиқалы саясат жүргізе отырып, Шу мен Таластың алқабында хандықтың алғашқы туын тігіп, қазақтардың ел болып еңсемізді көтерсек деген тілегін жүзеге асырады. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде былай деген еді: «Атақты Мұхаммед Хайдар Дулатидің деректері бойынша, 1465 жылы Қозыбасы тауының етегінде тарихи оқиға болды. Бұл – біздің елдігіміздің тамыры тереңде жатқанын танытатын аса маңызды тарихи дерек. Керей мен Жәнібек хандар Әбілхайыр ұлысынан бөлініп, Шу мен Таластың арасында Қазақ хандығының шаңырағын көтерді. Алты Алаш анттасып, айрылмасқа сөз байласып, Ұлытауға

таңбаларын қашап жазды. Осылайша, тарих сахнасына «Қазақ» деген халық шығып, ұланғайыр өлке «Қазақ жері» деп атала бастады» [1].

Яғни, Елбасымыздың сөзін жалғастырсақ алғашқы мемлекетіміздің одан әрі асқақтап дамуына қасқа жолды Қасым хан хандықтың іргесін бекітіп, керегесін керсе, Хақназар мен Тәуекел хан Түркістан өлкесін түгелдей Қазақ хандығына қаратады. Еңсегей бойлы ер Есім мен Салқам Жәңгір хандар болса елдің іргесін бекіту жолындағы күресте қолбасшылығымен танымал болады.

Жалпы Қазақ хандығы туралы нақты мәліметтерді берудің алғашқы легін XVI ғасырдағы белгілі тарихшы және әдебиетші Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» деген шығармасы бастайды. Бұл еңбек – Қазақ хандығының тарихын зерттеу үшін де аса маңызды бастапқы деректеме. Онда тоқсан жыл ішіндегі қазақ хандарының тарихы тым қысқа болғанымен, дәйекті түрде баяндалған. Мырза Мұхаммед Хайдар жақсы білім алған, өз дәуірінің саяси оқиғалары мен қайраткерлерінен хабардар болды. Ол түркі тілінде әдеби шығармалар жазғанымен де, мұсылман тарихнамасына тарихи «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы ретінде енді. Шығарма 1542-1546 жылдары Кашмирде парсы тілінде жазылған. Онда алғаш рет тарихнамада қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің көшіп кетуі туралы хабарланады (көшіп кету – жаңа қазақ хандығының өзінше бір өзін-өзі билеуінің, ерік білдіруінің нысаны), олардың этникалық сана-сезімін қабылдау себептері туралы пікірлер айтылып, қазақ хандарының шайбани ұрпақтарымен, моғол хандарымен, қырғыздардың, ноғайлардың, калмақтардың (ойраттардың) әміршіле-рімен өзара қатынастары айтылады [2].

Шах-Махмұд Шорастың «Тарих» («Хроника») деген шығармасы қазақ хандары Бұйдаш, Хақназар, Тәуекел, Есім және оның ұлы Жәңгір кезіндегі XVI-XVII ғасырлардағы қазақ-моғол қатынастарының тарихы жөніндегі түпнұсқа болып табылады [3]. Дулаттар тарихын жазған Мырза

Хайдардың үлгісімен, Шах-Махмұд Шорас өз еңбегін өзі туған шорас тайпасының тарихына арнаған. Құрама бөлігі «Тарихи-и Рашиди» негізінде, Абд ар-Рашид ханның уақытына (1533-1560 жж.) немесе, дәлірек айтқанда, «Тарих-и Рашиди» біткен уақытқа дейінгі кезең негізінде жасалған. Одан кейінгі, XVII ғасырдың 70-жылдарына уақыт түпнұсқа, көз көргендер мен автордың мәліметтеріне негізделген. Бұл бөлімнің жалпыға бірдей тарих, энциклопедиялар сипатындағы неғұрлым ертедегі үш шығармаға еш қатысы жоқ, ал оларда да Шығыс Түркістандағы моғол мемлекетінің әміршілері туралы мәліметтер бар. Бұлар – Әмин Ахмет Разидің «Хафт иклим» (1593-94 жылдары жазылған), Хайдар ибн Әли Разидің «Тарих-и Хайдари» (1611/12-1618-19 жж.) және Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар» (шамамен 1640-41 жылдары бітірген) деген шығармалары. Шах-Махмұд Мырза Фазил Шорастың шығармасы шамамен 1676-77 жылдарда жазылған. Ол XVI-XVII ғасырлардағы қазақ-моғол қатынастарының жекелеген жағдайларын көрсетеді.

Бұл мәліметтер ұқсас, бірақ олар жоғарыда аталған деректемелердің мәліметтерімен (уақыты, хандардың есімдері, шайқастар өткен жерлер және басқалары жөнінен) сәйкес келмейді. Олар Абд ар-Рашид ханның орталық және батыс Моғолстанда, Жетісуда моғол әміршілерінің билігін қалпына келтіру, бұл жерлерден қазақтарды ығыстырып шығару әрекеттеріне қатысты. Шах-Махмұд Шорас Есім ханның Шалыш пен Турфан әміршісі Абд ар-Рахимның Жаркенттегі орталық әміршімен күресіне қатысканы туралы айтады. Қазақ хандығының Моғолстанмен дипломатиялық қатынастары туралы айтқанда, қазақ ханы Жаһангер бастап, оның ұлы, болашақтағы атақты хан Тәуке сұлтан қатысқан елшілік жөніндегі мәліметтерден қоюға лайық [4].

XVI ғасырда Орта Азияда ең алдымен Мұхаммед Шайбани хан мен оның атасы Әбілхайыр ханның, ал ғасырдың екінші жартысында Абдаллах ханның қызметі баяндалатын шайбанилік тарихнама шығармалары көп мөлшерде жазылды. Темір

ұрпақтарынан Мауреннахрды жаулап алған Мұхаммед Шайбани өз жағына өткен Темір ұрпақтары мектебінің әдебиетші, тарихшы қайраткерлеріне өзінің ерліктерін, өзінің ата-бабалары – Шайбани ұрпақтарының әрекеттерін тарихи шығармалардың беттерінде көрсетуді тапсырған. Авторы Мұхаммед Шайбанидің өзі болған деп саналатын, түрік тіліндегі «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» деген анонимдік шығарма мен Мұхаммед Салихтың түрік тілінде өлеңмен жазылған «Шайбани-наме» дастанымен бірге XVI ғасырдың басындағы ортаазиялық тарихнамада Камал ад-дин Бинаи мен Молла Шаидидің тәжік-парсы тіліндегі шығармалары маңызды орын алады. Камал ад-дин Бинаи (1453-1512 жж.) – әдебиетші, «тәжік өлеңінің керемет шеберлерінің бірі» [5]. Гератта, Иракта, Самарқанд пен Бұхарада тұрған, Мұхаммед Шайбани ханға қызмет етуге көшіп, 1504-1510 жылдар арасында оған арнап «Шайбани-наме» және «Футухат-и хани» деген екі тарихи еңбек жазған (екіншісі біріншісінің кеңейтілген нұсқасы). Камал ад-дин Бинаи жастық шағынан бастап, Мауреннахрда Темір ұрпақтары мемлекетінің құлауына дейінгі (1502-1503 жылдарға дейінгі) Мұхаммед Шайбанидің өмір жолын баяндаған. Ол Темір ұрпақтарының күйреуіне Мұхаммед Шайбанидің әскер күші мен қолбасшылық талантынан гөрі, Орта Азияның бұрынғы билеушілері мен шонжарларының арасындағы өзара қырқыстар мен кикілжің себеп болғанын көрсеткен.

Камал ад-дин Бинаидың қазақтар мен Қазақстан туралы мәліметтері көп әрі маңызды. Оларды, сөз жоқ, аталған «Таварих-и гузида» деп аталып өткен еңбектің мәліметтерімен салыстыруға болады, ал оған деректеметануда XVI ғасырдың басындағы шайбанилік тарихнаманың басқа шығармалары үшін түпнұсқа ролы беріледі [4, с. 92].

Молла Шаидидің өлеңмен жазылған, парсы тіліндегі «Фатх-наме» («Жеңістер кітабы») 1501 жылға дейінгі оқиғаларды қамтиды, Мұхаммед Шайбани ханның тапсыруымен жазылған. Оның мазмұны «Таварих-и гузида-йи нусрат-намедегі»

оқиғалардың баяндалу үлгісіне келеді. Қазақстан тарихы бойынша алғанда оның аумағында Шайбани ұрпақтарының биліктен айрылу кезеңінің сипаты көп жағынан Бинаидің материалдарына ұқсас. Алайда, шайбанилер тобының басқа шығармаларында жоқ бірқатар мәліметтер, мысалы, Әбілхайырдан кейін Шығыс Дешті Қыпшақта Жәдігер ханның билік етуі туралы хабар да бар.

Шайбанилік тарихнама қатарында Орта Азия мен Қазақстан тарихы жөніндегі аса маңызды түпнұсқа еңбек – Фазаллах ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бухара» («Бухар мейманының кітабы») деген еңбегі ерекше орын алады. Шығарма Мұхаммед Шайбани ханның 1508-1509 жылдың қысындағы қазақтарға қарсы жорығына әзірлік пен жорықтың өзіне арналған. Шынына келгенде ол XV-XVI ғасырлар шебіндегі қазақтар мен көшпелі өзбектердің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірінің көптеген жақтарын емін-еркін сипаттайтын замандастың нақты айғақтары болып табылады. Ибн Рузбиханның қазақтардың тұрмысы, шаруашылығы, Шығыс Дешті Қыпшақ халқының этникалық құрамы, Қазақстан мен Орта Азия халқының сауда-экономикалық байланыстары, Қазақ хандығының билеушілері мен шайбанилердің саяси қатынастары туралы мәліметтері ерекше [6].

Шайбанилік тарихи әдебиет арасында Масуд ибн Усман Кухистанидің «Тарих-и Абулхайр-хани» деген жалпыға бірдей тарихы, атап айтқанда, оның 1428-1468 жылдарда Шығыс Дешті Қыпшақта билік еткен көшпелі өзбектер ханы Әбілхайырдың тарихына арналған түпнұсқа бөлігі маңызды орын алады.

Масуд Кухистанидің Шығыс Дешті Қыпшақ халқының рулық-тайпалық құрамы, көшпелі өзбектер хандарының серіктері – әмірлер мен бектердің белгілі бір есімдерін атаған кездегі әлеуметтік терминдер жөніндегі деректерінің, тарихи география жөніндегі деректері мен басқа да мәліметтерінің зор маңызы бар [4, с. 135]. Орта Азияның соңғы орта ғасыр-

лардағы тарихын зерттеушілер Зайн ад-дин Васифидің «Бадаи әл-вакаи» («Ғажайып оқиғалар») деген мемуарын жоғары бағалайды, ол XVI ғасырдың бірінші жартысындағы аймақ халқының түрлі топтарының қоғамдық, мәдени өмірінің, тұрмысының көптеген жақтары жөніндегі аса маңызды түпнұсқа деректеме болып саналады. Васифидің шығармасында Қазақстан тарихы жөнінде – шайбани ұрпағы Убайдуллах ханның қазақтарға жасаған жорығы туралы маңызды мәліметтер және «Қазақтарды жеңу туралы мәлімдеме» (1537 жылғы) бар. Бірақ оның Сыр бойы қалалары өмірінің түрлі жақтары туралы, мысалы, Саурандағы медресе құрылысы, сол қаланың төңірегіндегі суландыру жүйесі туралы, вақфтық жерлер және т.б. туралы мағлұматтары ерекше маңызды. Ол бұл жерлерде болған, Сауранда Сейид Абдаллахтың жанында Мир-и Араб атымен тұрған, Түркістанда, Ташкентте болған [4, с. 172].

XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед Бұхаридің сол кездегі ортаазиялық тарихнамада кеңінен мәлім «Шараф-наме-йи шахи» («Шахтар даңқы кітабы») деген еңбегінің маңызы зор. Автор Шайбани II Абдаллах ханға қызмет етіп, оның қызметін, әскери жорықтарын, Орта Азия мен көршілес өлкелерде болған оқиғаларды егжей-тегжейлі жазып отырған.

Абдаллах өзінің шайбанилік мемлекетті біріктіру жолындағы күресінде көршілес билеушілердің, атап айтқанда, қазақ ханы Шығай мен оның ұлы Тәуекелдің әскери күштерін пайдаланған. Қазақтардың Сыр өңірі қалалары үшін күресі туралы мәліметтер ден қоюға тұрарлық. Абдаллах ханның Сарысуға дейінгі қазақ жеріне жасаған жорығын суреттеуден қалалардың, сондай-ақ, далалық аумақтың экономикалық жағдайы туралы әр түрлі материал, этногеографиялық деректер алуға болады [4, с. 237].

Махмұд ибн Әмір Уәлидің «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» («Өнегелі адамдардың ерліктері жайлы ғаламат

күпиялар») деген энциклопедиялық еңбегінде соңғы орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөнінде алуан түрлі және өте құнды материалдар бар. Махмұд ибн Уәлидің мәліметтері оқиғаларды көзімен көргендер мен қатысушылардың айтқандарына негізделген. Есім хан мен Тұрсын ханның ерегістері, Есімнің ойраттарға қарсы жорығы, Имамкули ханның Ташкент пен Түркістанды Есімге беруі туралы материалдар мен басқа да деректер ынта-ықылас туғызады [4, с. 320].

Жалпы тарих бойынша «Зубдат әл-асар» («Маңызды жылнамалар») деген шығарманы басқа бір деректемелер бойынша Абдаллах Балхи (XV ғ. аяғы – XVI ғ. басы) ретінде белгілі Абдаллах бен Мұхаммед жазған. «Зубдат әл-асарда» қазақтардың саяси тарихы мен олардың билеушілері жөнінде нақты материал бар. Мұхаммед Шайбани ханның 1510 жылғы өзбектердің жеңілісімен аяқталған қазақтарға жорығы туралы айтылады. Басқа деректермен қатар, Қасым ханның Түркістан мен Ташкентке жорығына байланысты мәліметтер де келтірілген [4, с. 128].

Тарихшы, ақын, билеуші – Үндістанда Ұлы Моғолдар империясының негізін салушы Бабырдың (1483-1530) тарихнамада «Бабыр-наме» («Бабыр жазбалары») деген атпен белгілі болған еңбегі орта ғасырлардың тамаша тарихи-әдеби ескерткіштерінің бірі болып саналады. Қазақстан тарихы үшін Бабырдың Жетісу моғолдары, Шығыс Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр мемлекеті туралы, Мұхаммед Шайбанидің саяси іс-қимылдарына қатысу туралы, қазақтану институты, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудің тарихи географиясы, өзбектер сияқты, қазақтардың, қырғыздардың және Орта Азиядағы басқа да түркі тілдес халықтардың этникалық тарихы туралы мәліметтері ерекше маңызды [7].

XVI ғасырда «Шыңғыс-наме» деген құнды тарихи шығарма туды. Оның авторы – Елбарыс ханның (1512-1525) қызметінде болған ықпалды отбасынан шыққан Хиуа тарихшысы Өтеміс қажы ибн Маулана Мұхаммед Дост. «Шыңғыс-наме» мәлімет-

терінің орта ғасырлардағы Қазақстан халқының саяси, этникалық-саяси, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени өмірінің проблемаларын шешу үшін зор маңызы бар. Өтеміс қажының туындысы Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары билік еткен уақытты қамтиды және онда Алтын Орданың хандары туралы мәліметтер бар. Көбіне ауызша айтылған аңыздарға негізделген еңбектің бірегейлігі Алтын Орданы зерттеушілер үшін, атап айтқанда, XIV ғасырдағы Қазақстанды зерделеу үшін ғылыми ынта-ықылас туғызатыны күмәнсіз [8].

Қашғариядағы белгілі суфылық қайраткер Қожа Мұхаммед Шарифке арналған, авторы беймәлім шығарма «Тазкира-йи Ходжа Мухаммад Шариф» («Қожа Мұхаммед Шарифтің ғұмырнамасы») XVI ғасырдың екінші жартысына жатады. Тұрмыстық әдебиет жанрына жататын «Тазкира-йи Шарифтың» бірінші бөлігі аңызға құрылған және суфылық ізгілік рухына толы, нақтылы тарихи мағлұматтар шығарманың екінші бөлігінде айтылады, онда атап айтқанда, Шағатай ұрпағы Абд ар-Рашид ханның ұлы Абд әл-Латифтің қырғыздарға шапқыншылығы туралы және кейіннен оның өлуі туралы мағлұмат бар. Осы оқиғаға қатысты мәліметтер айтылатын басқа шығармалардан Абд әл-Латифтің қазақ хандарының басшылығымен аттанған қазақтар мен қырғыздардан қаза тапқаны мәлім [4, с. 232].

Шайбани ханның ресми тарихының авторы ақын әрі ғалым Мұхаммед Салих болып табылады. Оның «Шайбани-наме» («Шайбани туралы кітап») ретінде белгілі шығармасында Шайбани ханның туғанынан бастап, оның көшпелі өзбектермен бірге Мауреннахр мен Хорезмді жаулап алуына (1500-1509 жж.) дейін Қазақстан (Шығыс Дешті Қыпшақ) мен Мауреннахр аумағында болған саяси оқиғалар, атап айтқанда, Шайбани ханның Керей мен Жәнібек, Бұрындық және Қасыммен қатынастары, Сыр бойының қалалары үшін күресі баяндалады [4, с. 91].

«Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» («Жеңістер кітабының таңдамалы тарихы») деген тарихи еңбектің авторы қазіргі

шығыстанушы-медиевистердің есептеуінше, Шайбани ханның өзі болуы әбден мүмкін. «Таварих-и гузидада» Әбілхайыр хан өлгеннен кейін Шығыс Дешті Қыпшақ далаларында қалыптасқан жағдай туралы да, Керей мен Жәнібектің сол даладағы іс-қимылдары туралы да айтылады. Шайбани ханның Сырдариядағы қалаларды алу жолындағы қазақ және моғол хандарымен күресі ерекше тәптіштеп баяндалады. Сонымен бірге Жәнібек сұлтанның Орта Азиядағы жорығы, көшпелі өзбектердің әскери құрылысы мен тактикасы, олардың әскери-әкімшілік жүйесі, Шайбани ханның еркін билік ету жылдары туралы мәліметтері де құнды [4, с. 9].

Қазақтың жалайыр тайпасының өкілі Қадырали бек (Қадырғали, 1530-1605 жж.) бізге дейін жеткен, шартты түрде «Жами ат-таварих» («Жылнамалар жинағы») деген тұңғыш тарихи еңбекті жазады. Бұл шығарма ауызша тарихи аңыздар мен Рашид ад-Диннің тарихи жинағы (XIV ғ.) негізінде жазылған. Кітаптың қазақ хандарының тарихын көп жағынан айқындайтын екінші бөлігінің дербес және өте құнды маңызы бар. XV-XVI ғасырлардағы қазақ қоғамында ауызша тарихнамалық дәстүр, генеалогияларға және саяси тарих мәселелеріне нақты мүдделілік бар екенін көрсететін сенімді жергілікті деректемелерге негізделген [9].

Тарихи шығарма: «Шаджара-йи тюрк» («Түріктердің генеалогиясы») белгілі хан Әбілғазының (1603-1664 жж.) қаламынан шыққан. «Түріктердің генеалогиясында» Орталық Азия аймағының көптеген өңірлерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы, этнографиясы мен тарихи географиясы туралы едәуір ақпарат бар. Көшпелі өзбектер мемлекетінің тарихы, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Маңғыт (Ноғай) Ордасындағы шайбанилер әулеті туралы мәліметтер назар аударуға лайық. Моғол ұлыстарының тарихы жөнінде, Көшім хандығы, тоғыз заттан тұратын сый тарту ғұрпы және оның мәні, т.т. туралы құнды анықтамалық материалдар бар [10].

XVIII ғасырда Мунис деп аталып кеткен Шер-Мұхаммед Әуез би «Фирдаус әл-икбал» («Жұмақтағы бақыт бағы») деген

тарихи шығарма жазды. «Фирдаус әл-икбалда» Хиуаның ішкі саяси тарихы туралы бай ақпаратпен қатар, Хиуаның қазақтармен, түрікмендермен және басқаларымен саяси әрі басқа да байланыстары мен қатынастары туралы ауқымды мағлұмат келтірілген. Хиуаның тарихи өміріне қазақтың рулық бөлімшелерінің және жергілікті билеуші адамдар мен топтар қолдан қойылған хандар ретінде пайдаланылған қазақ хандары мен сұлтандарының қатысуын ашып көрсететін деректер зор ынта-ықылас туғызады [4, с. 431].

Тегінде, «Тарих-и Қашғар» («Қашғар тарихы») Шығыс Түркістанда XVII ғасырдың екінші ширегінде жазылса керек. Автордың есімі белгісіз. 1670 жылдан кейінгі оқиғалардың баяндалуы толық мағынасында алғанда түпнұсқа болып табылады [4, с. 398].

Моғолдардың қазақтармен шайкастарының неғұрлым ертеректегі нарративтік шығармаларда келтірілген жазбаша мағлұматтармен салыстырғанда анонимнің дербес нұсқалар хабарлайтыны назар аудартады. «Тарих-и Қашғардағы» қазақтар туралы соңғы мағлұмат XVII ғасырдың басында Даниал қожаның Шығыс Түркістанда Шағатай ұрпақтарының әулеті құртылған аласапыран кезеңде Шыңғыс ұрпағы ретінде қазақ сұлтаны Есімді Жаркент тағына шақыруы туралы хабар болып табылады.

Мұхаммед-Салық Қашғари жазған «Газкира-йи ходжаған» (Қожаның ғұмырнамасы) деген шығармада Есім ханның Шығыс Түркістандағы іс-қимылдары туралы неғұрлым егжей-тегжейлі мағлұмат бар. Бұл еңбек қазақтардың Жоңғария қалмақтарымен қарым-қатынастарының жекелеген жақтарын, сондай-ақ қазақтар мен моғолдардың арасындағы саяси байланыстарды зерттеу үшін қызмет етеді, атап айтқанда, Хақназар ханның Абд әл-Латиф сұлтанды өлтіруі және Моғолстан ханы Абд ар-Рашид ханның қарсы жорығы туралы мәлімет келтірілген [4, с. 232].

Қазақстанның солтүстік бөлігінің тарихы жөніндегі маңызды деректемелер Сібір жылнамалары: Строганов жыл-

намасы (XVII ғасырдың орта шені шамасында), С. Есиповтың «Сібір жылнама-сы» (1687 ж.) және «Ремезов жылнамасы» (XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басы) болып табылады. Оларда бұл аумақтағы және Сібірдегі тайпалардың, соның ішінде керейттердің (керейлердің) орналасуы туралы, бұл жерлерде Сібір жұртында керейден шыққан Тайбұғы әулетінің, содан соң Сібір хандығындағы Шайбани әулетінің билік етуі туралы мәліметтер бар [11].

Ресейдің орталық және жергілікті мұрағаттарында сақтаулы материалдар мен құжаттарда Ноғай Ордасы, Сібір хандығы, Жоңғария, Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы хандықтар жөніндегі Ресей саясаты ғана көрсетіліп қоймайды, сонымен қатар бұл мемлекеттердің ішкі өмірі, олардың қарым-қатынастары туралы да мол ақпарат келтіріледі. Жарияланған және жарияланбаған бұл материалдар арасында хандар мен патшалардың грамоталары мен жолдаулары, дипломатиялық миссиялар басшыларының есептері, жазбалар, күнделіктер, «ертегілер», «сұралып алынған сөздер», қолтаңбалар және т.б. бар. Соның ішінде орыс князьдары мен патшаларының 1489 жылдан бастап XVII ғасырдың ортасына дейін ноғай билерімен және мырзаларымен, сондай-ақ Жоңғария билеушілерімен дипломатиялық хат алысулары мейлінше ауқымды [12].

Әсіресе, XVI ғасырдың аяғында қазақ-орыс елшілік байланыстары туралы мағлұматтар пайда болды. 1569 жылға Семен Мальцевтің, 1577 жылғы Борис Доможировтың елшіліктері мәлім [13]. 1594 жылы Мәскеуге достық қатынастар жасасу және Бұхара ханына қарсы күресте көмек алу мақсатымен Тәуекел ханның елшісі Құлмұхаммед жіберілді. 1595 жылы Тәуекел ханның Сырдариядағы ордасына Вельямин Степанов жауап грамота алып келді [14]. XVII ғасырда қазақ даласы арқылы Бұхара мен Хиуадан Ресейге қырықтан астам және Орта Азияға 9 орыс елшілігі жүріп өтті [15].

Нәтижесінде елшіліктердің есептері, сауда миссияларының,

экспедицияларының материалдары өлкедегі саяси оқиғаларды, экономикалық шындықтарды көрсетіп, этнографиялық материал, Қазақстан аумағында ноғайлардың (Ноғай Ордасының шекарасы Тюменьге дейін жеткен), башқұрттардың, қарақалпақтардың орналасуы туралы мәліметтер берген. XVII ғасырдың аяғына қарай қазақ жүздері солтүстігінде Тобыл мен Ертістен, оңтүстігінде Сырдария мен Ташкентке дейінгі, шығысында Еділ өзенінен, батысында Жайыққа дейінгі кең-байтақ аумақты алып жатты, олардың билеушілері саны отыздан асатын жоғарыда аталған қалашықтарды иеленді. Мұның бәрі XVII-XVIII ғасырлар шебінде жинақталған бай картографиялық материалда көрсетілген. Елшілік, сауда миссиялары мен экспедициялардың чертеждері мен жазбалары алуан түрлі географиялық шындықтармен бірге XVI ғасырдың аяғында жасалған орыстың тұңғыш ресми жиынтық картасы «Үлкен Сызбаның» негізіне алынды. «Үлкен Сызба» жоғалып кеткен, бірақ «Үлкен Сызбаның Кітабы» сақталған, онда қазақ жерлері туралы мәліметтер тұтас тарауға жетеді деуге болады [16]. Сызбаны жасаудың алдында XVI ғасырда Ресейде зор көлемде картографиялық жұмыстар жүргізілген [17]. Егер ертедегі шетелдік карталарда – Петр Висконтидің картасында (1320 ж.), Каталон картасында (1375 ж.), Фра Мауроның картасында (1459 ж.) – Қазақстан жері мүлде дерлік айтылмай, Төменгі Еділ бойы мен Каспий теңізінің олтүстік-шығыс жағалауын бойлай жатқан жерлер көрсетілсе, С. Герберштейн (1546 ж.) мен А. Видтің (1555 ж.) орыстың картографиялық материалы пайдаланылған карталарында енді Жайыққа дейінгі аумақ көрсетілген. 1558 жылы ағылшынның «Москва компаниясының» тапсыруымен сауда мақсатын көздеп, Орталық Азияға аттанған А. Дженкинсонның картасы Қазақстан туралы географиялық мәліметтерді толықтыра түсті [18].

Оның саяхатының суреттемесінде қазақтар мен ноғайлар туралы мәліметтер бар. Картада ол қазақтарды Сыр өзенінде көрсеткен де, ноғайларды Жайыққа орналастырған. XVIII

ғасырда орыс зерттеушілерінің сол кезеңдегі қазақтар туралы мәліметтер негізінен тұрмысы, шаруашылығы, ғұрыптары, нанымдары, жүздердің рулық-тайпалық құрамы, орналасуы туралы этнографиялық мағлұматтар жиналуы жалғастырылып, халықтың шыққан тегі туралы аңыз-әңгімелер зерттелді. Бұл зерттеушілер арасында П.И. Рычков [19], И.Г. Георги бар [20]. Қазіргі авторларға қазақтардың жағдайын сипаттап беретін бұл мәліметтер халықтың алдыңғы ғасырлардағы өмірін көрсетеді. 1750 жылы Г.Ф. Миллердің «Сібір тарихы» жарыққа шығып, онда Сібір хандығының құрамындағы Солтүстік Қазақстанның тарихы тұңғыш рет жазылды [21]. 1834 жылы Иакинф Бичуриннің ойраттар туралы деректі материалдарға толы еңбегі жарық көрді. Ойраттардың тарихы XV ғасырдан бастап Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, ал XVII ғасырдан Солтүстік және Батыс Қазақстанның тарихымен тікелей астасып жатқан еді [22].

А.И. Левшиннің 1832 жылы жарияланған «Қырғыз-қазақ, яғни қырғыз-қайсақ ордасы мен даласының суреттемесі» деген еңбегі қазақ халқының географиясы, тарихы мен этнографиясы жөніндегі алғашқы іргелі монографиялық зерттеу болып табылады [23].

Кітаптың екінші бөлігінде ең ертедегі заманнан XVIII ғасырдың аяғына дейінгі қазақтар туралы тарихи мәліметтер жинақталған. Ерекше бағалы үшінші бөлімінде қазақтардың рулық-тайпалық құрылысы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, діни-нанымдары, экономикалық және әлеуметтік-мәдени өмірінің көптеген жақтары туралы авторға тікелей өз бақылауы мен өзіне таныс жергілікті халықтың көрнекті өкілдерінің ақпараттары бойынша мәлім болған деректер берілген.

Ресейде соңғы орта ғасырлар кезіндегі Қазақстан тарихын зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап шығыс деректемелері сияқты берік негізге ие болды. Бұл кезеңде ол В.В. Вельяминов-Зернов пен Ш.Ш. Уәлиханов есімдерімен байланысты. Аса көрнекті шығыстанушы В.В. Вельяминов-Зернов өзінің «Касимов патшалары мен ханзадалары туралы

зерттеу» деген төрт томдық еңбегінде алғаш рет XV-XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихына назар аударады [24]. Еңбегінің екінші бөлімінде ол Қазақ хандығының тарихын рет-ретімен баяндап, бұл мемлекеттің құрылуы туралы пікір айтқан, оны Керей мен Жәнібек хандардың Жетісуға көшіп кетуімен байланыстырып, қазақ хандарының ноғай, моғол билеушілерімен сыртқы саяси байланыстарын көрсеткен. Автор қазақтардың жүздерге бөліну фактісіне өз түсінігін ұсынып, оны XVII ғасырда қалыптасқан деп түсіндіреді. Орыс шығыстанушыларының арасында қазақтың тұңғыш тарихшы-ғалымы, этнографы, географы Ш.Ш. Уәлиханов көрнекті орын алады.

Ол Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістан тарихының мәселелерін зерттеді. Оның «Қырғыз шежіресі», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қырғыздардың көші-қон туралы» деген еңбектерінде қазақтардың этногенезінің, жүздердің құрылуы, қазақтардың рулық-тайпалық құрамының, орналасуының мәселелерін зерттеген еді. Ол қазақтар мен ноғайлардың этникалық жақындығы туралы да пікір айтқан. Бірқатар еңбектерінде Ұлы жүз қазақтарына тарихи-этнографиялық сипаттама беріп, қазақ хандарының генеалогиясы, Қазақ хандығы мен Ноғай Ордасының саяси қатынастары туралы да жазды. Қазақтың аса көрнекті ғалымы, ағартушысы, ойшыл-демократы еңбектерінің толық жинағын Қазақ КСР Ғылым Академиясы дайындап басып шығарды [25].

XIX ғасырдың екінші жартысында орыстың шығыстану ғылымы ойдағыдай дамыды. В.В. Григорьев, П.И. Лерх, И.Н. Березин, В.Г. Тизенгаузен, Н.И. Веселовский, В.В. Радлов, В.Р. Розендердің еңбектері «орыстың дүниежүзілік шығыстануда құрметті орын алған тарихи-шығыстанушылық мектебінің пайда болғанын» көрсетті [26].

XIX ғасырдың аяғына қарай Ресейде Орталық азияның түрік-моңғол халықтары тарихының аса маңызды мәселелеріне арналған еңбектер шығады. Олардың ішінде Н.А. Аристовтың еңбектері мен В.В. Бартольдтің алғашқы ірі еңбектері

бар. Н.А. Аристов Батыс Еуропа және орыс тілдеріне аударылған шығыс деректемелерінің, сондай-ақ орыстың мұрағат материалдарының, фольклорлық, этнографиялық деректер негізінде түрік халықтарының этникалық құрамы жөнінде еңбек жазады [27].

Онда қазақ халқының этникалық құрылымын неғұрлым егжей-тегжейлі келтірген. Н.А. Аристов оның жүздері құрамында «қаңлы, қыпшақ, дулат, арғын, найман, керей және алшын» тайпалары және басқа да рулар мен тайпалар бар деп көрсетеді. XIX ғасырдың 60-70-жылдарында аса ірі шығыстанушы В.В. Бартольд шығыстың көптеген түпнұсқа деректемелерімен орасан зор жұмыс жүргізіп, тоғыз томдық еңбегі шығарылғаннан кейін, Қазақстанның соңғы орта ғасырлар кезеңіндегі тарихын зерттеу сенімді негіз алады [28].

Ол Қазақстан тарихшылары үшін парсы және түрік тілдеріндегі жазбаша деректерді орта ғасырдың көптеген мәселелерін талдап шешу үшін бағыт-бағдар берді. XIX-XX ғасырлардың ішінде қазақ халқы мен басқа да түрік халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеушілер арасынан С.Бабажанов, М. Шорманов, Т. Сейдалин, А. Жантөрин, С.Нұрмұхамедов деген қазақтардың есімдері шығады. Олардың еңбектері тарихнамада өлкетану еңбектері ретінде бағаланды [29]. Ақын әрі философ Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түріктердің, қырғыздардың, қазақтардың және хан әулеттерінің шежіресі» деген шығармасын да атап өту керек [30]. XX ғасырдың 20-30-жылдарында арнайы Қазақ тарихына арналған, соның ішінде қазақ зиялылары жазған еңбектер пайда болды. Олар А.П. Чулошниковтың, М. Тынышбаевтың, С.Ж. Асфендиаровтың еңбектері. А.П. Чулошников XVIII ғасырдың 30-жылдарына дейінгі қазақ халқының саяси және шаруашылық өмірі баяндалған және этникалық тарих мәселелерін қорытындылайтын еңбек жазады [31]. Онда ол қазақтардың шаруашылық кәсібін «қоспасыз» көшпелі-малшылар ретінде ғана емес, сонымен қатар отырықшылық өмірмен егіншілікпен таныс етіп сипаттайтын мысалдар

келтіреді. 1925 жылы М. Тынышбаевтың «Қырғыз-қайсақ халқының тарихы жөніндегі материалдар» деген еңбегі жарық көреді [32].

Бұл еңбекте ол қазақ жүздерінің этникалық құрамы, қазақтардың шыққан тегі туралы аңыз-әңгімелер, қазақ руларының таңбалары мен ұрандары туралы мәліметтер береді. 1935 жылы өзінің «Қазақстан тарихын» бастырып шығарған С.Ж. Асфендиаров қазақтардың тарихи өткен заманы туралы сол кездегі мәліметтерді толықтыра түсіп, қазақтардың тарихын, мәдениеті мен тұрмысын, саяси және мәдени байланыстарын қайта қарауға негіз берді. Ғалым қазақтар тарихын суреттеп, бұл проблемаларды шешуге ұмтылыс жасады [33].

XX ғасырдың 40-50-жылдарында отандық тарих ғылымында орта ғасырлардағы тарихты зерттеу дамытылып, қазақ мемлекеттілігінің қоғамдық құрылысының даму мәселелеріне, халықтың шығу тегіне ерекше көңіл бөлінді. 1941 жылы М.П. Вяткиннің ерте заманнан XIX ғасырдың ортасына дейінгі қазақтар тарихын жүйелі түрде баяндаған «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер» деген қорытындылаушы еңбегі басылып шықты [34].

Автор өз еңбегінде Қазақ хандығы құрылуының мәселелеріне ерекше назар аударып, алғашқы қазақ хандарының бөліне көшуіне үлкен мән берген. Соңғы орта ғасырлардың саяси тарихының мәселелерін зерттеген С.К.Ибрагимов қазақ мемлекеттілігінің тарихын, XV-XVII ғасырлардағы Қазақстанның этникалық және әлеуметтік тарихын жазады [35].

Кеңестің аса көрнекті шығыстанушысы А.А. Семенов болса Қазақстан аумағындағы өзбек тайпаларының тарихы мен XV ғасырдағы шайбанилер әулетінің тарихы, оның XV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басындағы қазақ хандарымен қарым-қатынастары зерттелген еңбегін жариялайды [36].

XX ғасырдың 60-жылдарының аяғында Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография инсти-

туғында XV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі шығыс деректемелерінен алынған мәліметтер жинағы жасап шығарылды. Еңбекке В.П. Юдин басшылық жасаса, С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина құрастырушылардың құрамына кіреді [4]. Жинаққа Қазақ хандығының тарихы туралы мәлімет беретін деректер: «Таварих-и гузида-ий нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Тарих-и Абулхайр-хани», «Тарих-и Рашиди», «Тарих-и Кыпчаки», «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» және тағы басқаларынан орыс тіліне аударылған үзінділер енеді.

Осы уақыттары Қазақ хандығы біртұтас мемлекет деп баға берген Т.И. Сұлтанов өз еңбегін жариялайды [37]. Оның еңбегінде Қазақ хандығының тарихына қатысты мәселелердің барлық жақтары қарастырылған деуге болады.

XV ғасырдың II жартысындағы Қазақ хандығының саяси тарихы парсы тілді деректемелерді материалдары негіздерінде М.Х. Әбусейітованың монографиясы жарияланды [38]. Онда Қазақ хандары Хақназардың Ноғай Ордасымен және Шығыс Түркістанның моғолдарымен, Шығай хан мен Тәуекел сұлтанның шайбани Абдолла ханмен сыртқы саяси байланыстары мен қатынастары жан-жақты айтылады. Сонымен қатар, Қазақ хандығы бойынша XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихын зерттеуде орыс мұрағаты мен елшілік бұйрықтардың материалдарын пайдаланған А.Исиннің еңбегі [39], XVI-XVII ғасырлардағы қазақ-моғол қатынастарының мәселелеріне деректердің түпнұсқасына сүйенген О.Ф. Акимушкиннің зерттеуі [40], XVI-XVII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастары байланысын жазған В.Я. Басиннің ғылыми жұмысы жарыққа шығады [41].

Қазақстанның тәуелсіздік алуы отандық тарихнамада Қазақ хандығының тарихын зерттеуге зор сілкініс беріп, бірнеше еңбектердің дүниеге келуіне ықпал жасайды. Сол еңбектердің ішінде З. Қинаятұлы мен Б.Б. Кәрібаевтың монографиялары ғылыми құндылығы жағынан ерекше.

Мәселен, З. Қинаятұлы монографиясында Қазақ хандығы-

ның құрылуын Қазақстан тарихындағы өте маңызды мәселенің бірі деп арнайы қарастырса [42], Б.Б. Кәрібаев ортағасырлық жазба деректер мен қазақ халқының ауыз әдебиетінің материалдарына сүйене отырып, Қазақ хандығының құрылу тарихындағы күрделі мәселелерді жүйелі түрде кеңірек зерттейді [43].

Дегенмен Қазақ хандығының тарихына қатысты көптеген зерттеулер мен еңбектердің жазылғанына қарамастан, ол отандық тарихнамада өз өзектілігін жойған емес. Яғни, отандық тарих ғылымының алдында Қазақ хандығының тарихын жаңа әдістерді пайдалана отырып, неғұрлым терең және объективті түрде ашып көрсету міндеттері тұр.

1 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ДЕШТІ ҚЫПШАҚТАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ

1.1 Алтын Орданың ыдырауы және дербес ұлыстардың пайда болуы

Днестр мен Қара теңіздің солтүстік жағалауынан Ертіс пен Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдарияның орта ағысы және Хорезммен шектесетін бүкіл Ұлы Дала XI ғасырдан бастап Дешті Қыпшақ (Қыпшақ Даласы) деп атала бастады, оның бұлай аталуына оның бойын жайлаған тайпалық одақтың атауы себеп болған, оларды Шығыста – қыпшақтар, Русьта – половец, Орталық Еуропада – командар деп атаған. Дешті Қыпшақ жері екіге бөлінді: Батыс Дешті Қыпшақ (шығыстан батысқа қарай Жайық өзенінен Днестрге дейін, ал оңтүстіктен солтүстікке дейін Қара және Каспий теңіздеріне дейін) және Шығыс Дешті Қыпшақ (шығыста – Ертіс, батыста – Жайық өзені, солтүстікте – Тобыл өзені, оңтүстікте Балқаш көлі мен төменгі Сырдария).

XIII ғасырдың бас кезінде осы аймақ Шыңғыс ханның империясына кіріп, Алтын Орда мемлекеті құрылады. XIV ғасырға дейін Алтын Орда мемлекетінің иелігіне Еуропаның оңтүстік-шығысындағы Днепр өзенінен бастап шығысқа қарай Қырым мен Бұлғар, Еділдің орта және төменгі жағы, Оңтүстік Орал, Солтүстік Кавказдан Дербентке дейін, Солтүстік Хорезм, Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал теңізінен Есіл және Сарысу өзендеріне дейінгі аралықтар кірді.

Мұсылман деректерінде бұл аймақтар «Жошы ұлысы» деген жалпы атаумен аталды. Алайда XIV ғасырдың бас кезінен бастап Жошы ұлысы Көк Орда және Ақ Ордаға бөлініп кетеді. Бастапқы кездері Ақ Орда Көк Ордаға тәуелділік танытып, оған Сырдарияның оңтүстік бөлігі мен Арал теңізінен Есіл және Сарысу өзендеріне дейінгі аралықтағы дала мен қалалар кіреді. Кейін Ақ Орда жеке бөлініп шыққан соң Алтын Орда тек Көк Ордаға байланысты ғана айтылады. Өзбек ханның

(1312-1342 жж.) билік етуі тұсы Алтын Орданың ең дамыған кезеңі болып табылады. 30 жыл бойы билік құрған Өзбек хан тұсында Алтын Орда дамуы жағынан ең биік белестерге көтерілді.

Көрші жатқан мемлекеттер оның алдында бас иіп, Өзбек ханмен барынша тығыз байланыс орнатуға тырысты. Мемлекеттің ішкі өмірінде орталықтанған басқару аппараттары тиімді түрде жүзеге асып, ішкі қырқыстар мен өзара талас-тартыстар тоқтатылды. Дегенмен, Өзбек ханның тұсында жекелеген ұлыстарды билеген әмірлердің ханға ықпалы күшейе бастайды. Мәселен Өзбек хан өзінің қарындасын Египет сұлтаны Ел Мәлік Аннасырға үйлендіру үшін 70 әмірден рұқсат сұраған. Ал олар болса өз келісімін беруді 4-5 жылға дейін созған [44, с. 168].

Өзбек ханның кезінде үлкен саяси ықпалға ие болған Алтын Орданың көшпелі ақсүйектері 1342 жылы хан өлгеннен кейін одан сайын белсенді рөл атқара бастайды [45, с. 101]. Ең бірінші кезекте әмірлер Өзбек ханның мұрагер дайындаған өсиетін бұзады. Өзбек хан өлген кезде оның мұрагерлік жолмен таққа отыруға тиіс үлкен ұлы Тыныбек Сарайда болмаған, ол шағатайлықтардың ұлысын басып алу үшін жорыққа кеткен болатын. Өзбек ханның өлгенін естіген мұрагер ханзада кейін қарай жылдам қайтады. Алайда оның шешесі Тайтөле өзінің үлкен ұлына қарсы астыртын қастандық ұйымдастырып, әмірлердің көмегімен таққа екінші ұлы Жәнібекті отырғызады. Парсы деректеріне назар аударсақ, осы оқиғадан кейін 1342 жылы Жәнібек пен Тыныбектің арасында үлкен шайқас өтіп, Тыныбек жеңіліс тауып тұтқынға түседі де, бір жылдан соң өлтіріледі. Оның артынша Өзбектің үшінші ұлы Қызырбек те қастандықпен қаза табады [45, с. 101]. Осылайша таққа Жәнібек хан отырады. Әмірлердің Өзбек ханның өсиетін бұзып таққа Тыныбекты емес, Жәнібекті отырғызуының себебі оларға жастайынан мемлекетті басқару тәжірибесі мол Тыныбектың хан болуы мүлдем тиімсіз болды. Оларға өздерінің ықпалын шектемейтін мұрагер қажет еді. Ал таққа заңсыз отырған

Жәнібек әмірлердің көңілінен толығымен шықты.

Жәнібектің тұсында Алтын Орда күші әлсірей бастайды. Польша, Литва және Қырымдағы италияндық колониялар Алтын Ордамен шайқастар жүргізіп, бірнеше рет табыстарға жетеді. Мәселен, 1343-1346 жылдары Алтын Орданың венециялықтар мен генуалықтармен арадағы соғысы да сәтсіздікпен өтіп, Жәнібек хан олардың көпестеріне көптеген жеңілдіктер беруге мәжбүр болса [46, с. 185-188], Алтын Ордаға Литва және Польшамен болған шайқастар да жетістіктер әкелмей, Галиция мен Волыннан айрылып қалады [47, с. 67].

Осы оқиғамен қатар Жошы ұрпақтарының арасында да өзара талас-тартыстар өтіп, күрестің нәтижесі Жәнібектің пайдасына шешілмейді. Батыйдың әулетіне жатпайтын Жошы ұрпақтарының басқа тармақтарының өкілдері Жәнібек ханның осы сәтсіздіктерін пайдаланып өз ұлыстарының тәуелсіздігі үшін әрекетке кіріседі. «Аноним Искендира» атты деректе Ақ Орданың ханзадасы Мұбарак Қожаның Жәнібек ханмен күреске түскені жазылады. Әкесі Ерзен өлгеннен кейін, ол Ақ Орданың билігін өз қолына алысымен өз ұлысын Батыйдың ұрпақтарынан тәуелсіз деп жариялайды. Мұны П.С. Савельевтың Сығанақтан тапқан Мұбарак Қожаның атынан басып шығарған монеталық ақшалар дәлелдейді [48, с. 156-157].

Бұл монеталардың басып шығарылған уақыты 1329 немесе 1339 жылы делінген. Алайда «Аноним Искендира» атты еңбекте Мұбарак Қожаның әкесі 1344 жылы өлді делінген. Сондықтан монеталар 1345 жылдан бұрын пайда болуы мүмкін емес. Деректе көрсетілгендей Мұбарак Қожаның күресі ұзаққа бармай, алты айдан кейін өз ұлысынан Алтай мен қырғыздардың еліне кетіп, сол жерде 2 жылдан астам уақыттан кейін қайтыс болады. Жәнібек хан болса Мұбарак Қожаның орнына оның інісі Шымтайды тағайындайды [45, с. 130, 211-214]. Жәнібек ханның билігіне қарсы Ақ Орданың тәуелсіздігі жолындағы қозғалысы Алтын Орданың әлсірей бастағанын көрсетті. Артынша шайбан ұрпағынан шыққан Енсен

оғланның өз ұлысында хан болуы бұл үрдістің күшейе түскенін тағы да дәлелдей түседі [45, с. 537].

Оның үстіне Алтын Ордада оба дертінің тарап, одан бірнеше жүздеген мың адамнан көз жұмуы да мемлекетті одан сайын әлсіретіп тастады. Тек оба ауруының тыйылуы Алтын Ордаға Кавказдағы хулагидттерден Әзірбайжанды тартып алуға мүмкіндік берді. Алайда Алтын Орда жеңіске күшейгендіктен емес, хулагидтердің арасындағы билік үшін өзара талас-тартыстан әлсірегендіктерінен жетеді. 300 мың адаммен барып, жеңіске жеткен Жәнібек хан Әзірбайжанға баласы Бердібекті сұлтан етіп тағайындайды да, науқастанғандықтан кері қайтады. Сарайға оралған Жәнібек ханның науқасы көп ұзамай асқынып кетеді. Көпке бармай өледі деп ойлаған ханның ең беделді әмірі Төлебай құпия түрде Бердібекке хабар жіберіп таққа отыруға шақырады. Алайда Бердібек Сарайға келген кезде Жәнібек ханның жағдайы түзеле бастайды. Ханның тәуір бола бастағанын естіген Алтын Орданың тағынан дәмелі Бердібек Төлебай әмірдің қолдауымен ханның жататын бөлмесіне басып кіріп, 1357 жылы 22 мамырда оны өлтіреді [45, с. 128-129].

Әкесін өлтірген Бердібек мұнымен тоқтамай хандық таққа құқығы бар деген ханзадаларды қырып тастайды. Бірақ Бердібектің осындай қатыгездігіне қарамастан Алтын Орданың жағдайы нашарлай береді. Оған дәлел Алтын Орданың қысқа уақытта Әзірбайжаннан айрылып қалуы [45, с. 97].

Сонымен қатар, Алтын Орда Қырымда венециандық саудагерлерге де жеңілдік беруге мәжбүр болып, ханның пайдасына алынатын салықтың мөлшері үш пайызға дейін төмендейді [49, с. 111].

Дегенмен Бердібектің билігі ұзаққа бармай, 1359 жылы оның інісі Құлпы ханды және оны қолдайтын әмірлермен бірге, соның ішінде Төлебай уәзірмен бірге өлтіреді [45, с. 129]. Алайда Құлпы да тақта аз ғана уақыт отырып, ол да Наурыз есімді інісінің қолынан қаза табады [50, с. 272].

Құлпының өлімі Алтын Ордадағы билік үшін басталған күресті одан сайын күшейтіп жібереді. Нәтижесінде 1360-1380 жылдар аралығында Алтын Орданың тағында 25 хан ауысады. Осы уақыт аралығында Алтын Ордада болған оқиғалар туралы деректердің аздығы зерттеушілерге жан-жақты баяндауға мүмкіндік бермей отыр. Ғылыми айналымда бар мардымсыз деректерге назар аударсақ, Алтын Орданың әмірлері бұрынғы Ақ Орданың ханы Сасы-Бұқаның ұлы, ханзада Қыдырды хандыққа шақырады. Өзінің жақтастарын жинаған Қыдыр 1361 жылы Еділдің бойында Наурыздың әскерін жеңіп, оны өлтіреді де таққа отырады. Алайда ол да Алтын Орданың тағында бір-ақ жыл отырады, оны үлкен ұлы Темірқожа өлтіріп, әкесінен тақты тартып алады [45, с. 130].

Темірқожаның таққа отыруы да берік болмай, бес-ақ аптаға созылады. Өйткені, жаңа ханның билігіне Алтын Ордадағы әмірлердің наразылығы туындап, оған деген қарсылық күшейе түседі. Қалыптасқан жағдайды өз мүддесіне пайдалануды көздеген Алтын Орданың әмірі Мамай, ханға қарсы көтеріліс жасап, Өзбек ханның ұрпағы Абдолланы хан деп жариялайды. Алтын Ордадағы әмірлердің бәрі Мамайдың жағына шыққанын көрген, Темірқожа 1362 жылы Еділ өзенінің арғы бетіне қарай қашпақ болған кезде жолда ұсталып қаза табады [51, с. 233]. Әмірлердің күшімен таққа отырған, Абдолла Жошының ұрпағы болғанына қарамастан Мамайдың ықпалынан шыға алмайды. Ал Мамай болса, Бердібек ханның қызына үйленген болатын. Көшпелілердің дәстүрі бойынша ханның қызына үйленгендерді «гүрген» деп атайтын, яғни ханның күйеу баласы ретінде оған хандық тақтан басқа барлық құқықтар берілетін. Хандық таққа тек Шыңғыс ханның ұрпағынан тарайтын ер адамдар ғана отыра алды [52, с. 146].

Батый ханның ұрпақтарының атынан Алтын Орданы билеген Мамай бүкіл өмірін осы билікті ұстап тұруға арнайды. Деректерде Мамайдың билігін мойындағысы келмеген Жошы әулетінің басқа тармақтарынан тарайтын, әсіресе Ақ Ордан шыққан ханзадалар онымен үнемі күрес жүргізгені жөнінде

жазылған. Мәселен, Мамай Алтын Ордадағы билік үшін Орда-Шейх, Келдібек, Мұрат, Азиз сияқты Орда Ежен ұрпақтарынан шыққан өкілдермен бірнеше шайқастар жүргізген [50, с. 280]. Алтын Ордадағы билік үшін өзара тайталастын ұзаққа созылғаны соншалықты, осы кезде жекелеген ұлыстардың Алтын Ордадан бөлініп шығу үрдістері жүре бастайды. Мемлекеттегі ішкі алауыздықты пайдаланған жергілікті ұлыс басшылары Алтын Орда хандарынан өздерін тәуелсіз сезініп, иеліктерін жеке басқаруға көшеді. Деректерге назар аударсақ, 1361 жылы-ақ бірнеше жеке құрылған ұлыстардың пайда болғанын атап көрсетеді.

Орыс жылнамаларында 1361 жылы Еділдің шығыс жағалауындағы бұрынғы Бұлғар хандығында Болат Темір атты әмірдің сепартистік топтар арқылы тәуелсіз татар мемлекетін құруға ұмтылғаны туралы кездеседі. Осы уақытта Еділ өзенінің батыс жағалауында да Сегізбай, содан кейін Тағай әмірлердің ұйымдастыруымен жеке татар ұлыстарын құрылған [53, с. 101].

Мұндай оқиғалар Дешті Қыпшақта да орын алады. Мысалы, Ибн-Халдунның жазуына қарағанда, Астрахань қаласынан жоғары тұсында бұрынғы Алтын Орданың ханы Бердібектің әмірі Қожа Шеркестің дербес иелігі қалыптасқан. 1369 жылы Қожа Шеркестің күшейгені соншалықты, ол Алтын Ордадағы Мамаймен шайқаса алатындай жағдайға жеткен [44, с. 389].

Сонымен қатар, Бердібек ханның қасында жүрген әмірлердің бірі, шайбани ұрпағынан шыққан ханзада Әлібекте Жайықтың бойындағы Сарайшықтың маңында Алтын Ордадан тәуелсіз ұлыстың негізін қалайды. Осы кезде Хорезм аймағында да сепаратистік қозғалыс пайда болып, оны суфилер әулеті басқарды. Бұл әулеттің негізін алтынордалық әмір Нанқұдайдың Өзбек ханның қызы Сүйінбике атты әйелінен туған Ақ Софы қалады. Ақ Софының өзі де ханның қызына үйленген күйеу бала-гүрген ретінде Алтын Ордадағы аласапыранды пайдалана отырып, Хорезмді жариялайды және өзінің билікшіл әулетін құрады [54, с. 514].

Деректердің мардымсыздығынан алғашқы кезде софылардың иелігіне қай жерлер кіргені туралы анықтама жасау қиын. Дегенмен Ақ софы өлгеннен кейін оның орнына келген Хусейн Софының кезінде олардың иелігі бөтен аймақтардың есебінен кеңейеді. 1365 жылы Хусейн Софы шағатайлардың билігіне кіретін Қият пен Хиуаны күшпен Хорезмге қосады. Ал бұл басып алушылық XIV ғасырдың 60-шы жылдарында Софылар әулетін Темірмен ұзаққа созылған күреске алып келеді.

Хорезмнен бұрын Жәнібек ханның кезінде-ақ Орда-Еженнің ұрпақтары Алтын Ордадан тәуелсіздіктерін алу үрдісін бастаған болатын. Алайда сол кездегі Мұбарак Қожаның Алтын Орда хандарының билігін мойындамай өз иелігін дербес басқару әрекеті сәтсіздікке ұшыраған соң, оның орнына келген інісі Шымтай Жәнібек ханға амалсыздан бағынады. Дегенмен деректерге назар салсақ, Алтын Ордада билік дағдарысы Шымтайдың билігіне оңынан әсер етіп, оған өмірінің соңғы уақытында Орда Еженнің иелігін жеке-дара билеуге мүмкіндік берген. Ал оның ұлы Орыс болса, хандық лауазымды иеленіп, Ақ Орданы тәуелсіз мемлекеттің дәрежесіне жеткізеді [45, с. 130].

Шайбанның ұрпақтары да дәл осы жағдайды бастарынан өткізіп тәуелсіздікке ұмтылып отырған. Алтын Орданың ыдырауы және одан бірнеше дербес ұлыстардың бөлініп шығуы Жошы ұрпақтарын әлсіреткені соншалықты, өзара соғысқан хандар көрші жатқан көрші мемлекеттерге ықпал жасамақ түгілі, өздерінің иеліктерінен айрыла бастады. Мәселен, венециандық және генуалық көпестер 1365 жылы Қырымның әмірі Зеад-дин Рамаданмен келісе отырып, теңіздің жағасындағы кемелер тоқтайтын Солдай мен 18 ауылды өз қолдарына алса, 1377 жылы Тана қаласына татарлардың жарты айы бар туының орнына өз жалауларын тігеді. Кейін Мамай күшейгеннен кейін ғана алтынордалықтар Тана қаласын өз иеліктеріне қайтарып алады [55, с. 286].

Бәрінен бұрын алтынордалықтар үшін Подольдегі оңтүстік-шығыс ұлыстарының айрылуы өте қиынға түсті. 1363 жылы

Литваның ұлы князы Ольгерд осы аймаққа жорық жасап, алтынордалықтардың Қожабек пен Құтлық-Бұқа әмірлер бастаған әскерін талқандап, бүкіл Подольяны басып алады [56, с. 24]. Бірнеше жылдан кейін Ольгерд мұнымен тоқтамай, Чернигов, Новгород-Северск, Трубчевск, Стародуб және Рыльск қалаларын да иемденеді. Бір қызығы сол, бұл қалаларда алтынорда-лықтардың әскері болмаған, тек салық жинайтын басқақтар ғана жүрген. Бұған 1366 жылы поляктардың Волин княждығын басып алуын қосса, онда алтынордалықтардың батыс және оңтүстік-батыс ұлыстарынан толығымен айрылғанын көрсете түседі. Осындай шығындардан кейін Алтын Орданың шекарасы Днепр өзенінің бойындағы Мамаево алқабы мен Мамай-Сурка өзенімен шектеліп, одан әрі қарай олардың билігі жүрмеді [57, с. 9].

Алтын Орданың ыдырауының салдарынан солтүстік-шығыстағы орыс княждықтарының да тәуелділігі сөз жүзінде қалып, ордалықтар тек Нижегород пен Рязанск княждықтарынан ғана салық жинай алса, орталық аймақтардағы орыс княждықтары Ордаға салық төлемегені былай тұрсын, олар өздерін мүлдем тәуелсіз сезінді. Тіпті орыс княздары жылнамаларына назар аударсақ Еділдің бойындағы Алтын Орданың иеліктеріне бірнеше дүркін шапқыншылықтар жасай бастаған [58, с. 182].

Сонымен, Алтын Орданың жанынан тәуелсіз ұлыстар құрылып жатқан кезде, мемлекеттегі хандық тақ үшін тайталас күшейіп кетеді. 1368 жылы бұлғарларды билеген Асан хан Сарайдағы тақты тартып алып, Абдоллах пен Мамайды қуып жібереді. Қырымға жан сақтап барған Мамай сол жердегі билікті қолына алып қана қоймай, одан тәуелсіз мемлекет жасайды. Асан хан болса Алтын Орданың тағында бір-ақ жыл отырады.

Оны Астраханның билеушісі Қожа Шеркес ауыстырып, Асанды бұлғарларға қуып жібереді. Асан хан да бұлғарлардың арасына барысымен кезінде өлтірілген Болат Темірден кейін айрылып қалған тәуелсіздігін қалпына келтіреді. Алтын

Орданың тағына отырған Қожа Шеркесте билікті ұзақ уақыт ұстап тұра алмайды. Оны тақтан Жайық өзенінің бойында құрылған ұлыстың билеушісі Айбек (Әлібек) құлатады. Астраханға қашып барған Қожа Шеркес 1375 жылы қайтыс болады [49, с. 127].

Айбектің (Әлібек) Алтын Ордада хандық құруы бар болғаны бірнеше жылға созылып, оның орнына шайбанид Қоянбек хан 1375 жылы таққа келеді. Қоянбектың Алтын Орданы қанша уақыт билегені жөнінде нақты дерек жоқ. Бірақ сол кездері шыққан монета ақшаларға қарап ол да көпке бармай, билікті туысқаны шайбанид Болат сұлтанның ұлы Арабшахқа береді. Арабшахтың да билігінің негізі берік болмай, оны 1377 жылы Ақ Орданың ханы Орыс ығыстырып шығарады [49, с. 129].

«Аноним Искендира» атты деректің авторы Орыс хан туралы былай деп жазады: «Бұл патша күшті, әрі қуатты еді. Ол әкесі өлгеннен кейін хандық таққа отырды. Әрқашан ол әкесін Көк Орданы басып алып, билік жүргізуге көндірумен болды. Бірақ, Шымтай оны тыңдаған жоқ. Дегенмен Орыс хан таққа отырысымен, бірінші құрылтайда-ақ Көк Орданы басып алатынын көпшілікке жария етті. Жұрттың бәрі оған қолдау көрсетті. Осыдан соң ол бірнеше күн бойы үлкен той жасап, бәріне қымбат сыйлықтар үлестіреді де, Алтын Ордаға қарай бағыт алады» [45, с. 131].

Сондай-ақ деректерге сәйкес, Орыс хан таққа отырған кезде Маңғышлақтың билеушісі ханзада Тайқожа оған бағынудан бас тартып, Құрылтайға келмей қояды. Өзіне бәсекелес деп түсінген Орыс хан оны жазаға тартады. Тайқожаның баласы Тоқтамыс әкесінің кегін қайтару мақсатында Ақсақ Темірдің иелігіне қарай қашып кетеді [45, с. 131].

1377 жылы Сарайдағы билікті басып алған Орыс хан, алдында ғана Алтын Ордадан бөлініп кеткен аймақтардың біраз бөлігіне қайтадан Сарайдың бақылауын орнатады. Тек софылар билеген Хорезм ғана тәуелсіздігін сақтап қалады. Орыс ханның Алтын Орда иелігінің тұтастығын қалпына келтіруі, оны осы уақытта күшейіп келе жатқан Ақсақ Темірдің

бірден-бір бәсекелесіне айналдырды. Сонымен қатар, бұл уақытта батыста Мамайдың ықпалы артады.

Ол ақсүйек билеушілердің арасында ешқандай беделі жоқ Абдуллахты тікелей Батый ханның ұрпағынан тарайтын Мұхаммед Бұлақпен ауыстырады. 1377 жылдың жазына таман Алтын Орданың Еділден батысқа қарай иеліктерінің бәрі Мамайдың билігіне өтеді. Яғни, Алтын Орда Орыс хан мен Мамайдың арасында бөліске түседі. Дегенмен, Орыс ханның ең басты қарсыласы Ақсақ Темір болып қала берді. Алайда, Ақсақ Темірге Тоқтамыстың қашып келуі ол үшін үлкен сәттілікке айналды. Өйткені Ақсақ Темір Тоқтамыс арқылы бүкіл Жошы ұлысын бағындыруды көздеп, одан қуыршақ хан жасағысы келді. Ақсақ Темірдің мұндай қадамға баруына софылар билеген Хорезмді жаулаған кездегі туындаған қиындықтар себеп болды.

Онда Ақсақ Темірді мынадай кедергілер күтіп тұрды. Біріншісі, Хорезм ақсүйектерінің қыз жағынан болса да Софылар әулетін Жошы ұрпағынан шыққан заңды билеушілер ретінде мойындауы, екіншісі, түбінде Хорезмді Алтын Орданың иелігіне қосуды ойластырған Орыс ханның оларға көмек беруге дайын тұруы. Осыған байланысты Ақсақ Темір үш рет жойқын жорық жасаса да, бәрі де сәтсіз аяқталды. Тек 1379 жылы басқыншы Ақсақ Темірмен табысты соғысқан Жүсіп Софының өліп, оның орнына таласқан Қожа Лақ пен Баланқы-Софы бастаған екі топтың өзара қырқысы Ақсақ Темірге төртінші жорық жасауына мүмкіндік беріп, нәтижесінде ол жеңіске жетеді [59, с. 71]. Ақ Орда мен Алтын Орданы басып алуды алдына мақсат етіп қойған Ақсақ Темірге Хорезммен соғыс міндетті түрде Жошы ұрпақтарын бір-біріне қарсы пайдалану қажеттілігін көрсетті. Ақсақ Темірге Орыс ханмен тайталасқа бару үшін басқа жол жоқ еді. Оның үстіне Ақсақ Темірден жеңілген жаулардың көпшілігі Орыс ханды барып паналайтын немесе одан көмек сұрайтын. Мәселен Ақсақ Темір Моғолстанның билеушісі Қамар ад-Динге қарсы соғысқан кезде, ол Орыс ханнан көмек алып қана қоймай,

онымен әскери одақ құрса, Ақсақ Темірге қарсы көтеріліске шығып, кейіннен жеңіліс тапқан Әділшах пен Сары-Бұқа Орыс ханға қашып барып пана табады [45, с. 251-252].

Сондықтан Хорезмдегі сәтсіздікті қайталағысы келмеген Ақсақ Темір қолдауы күшті, әрі Сырдариядан Еділге дейінгі аралықты билеген Орыс ханмен ашықтан-ашық соғысқа бармай, оған қарсы Тоқтамысты қоюға тырысты. Ақсақ Темір қашқынға зор құрмет көрсетіп, Орыс ханмен күресте оған барынша көмек берді. «Жоғары мәртебелім, – деп жазады Шераф ад-дин Иезди, – оның келгеніне жоғары баға беріп, ақсүйек патшаға көрсететін құрметтің бәрін жасады. Ол дәстүрге лайық үлкен той жасап, оған және оның жанындағы серіктеріне алтын, қымбат тастар, қару-жарақ, жылқылар, түйелер, шатырлар, маталар, жасақтар және қызметшілер сияқты шексіз сыйлықтардың түр-түрін таратып, өзін ұлым деп жариялады және оған Сауран, Отырар мен Сығанақты билеуге беріп, Сауранның ханы деп жариялады» [45, с. 131-147].

Осылайша Ақсақ Темір Тоқтамысқа зор құрмет көрсете отырып, оны Орыс ханға айдап салады. Өйткені Сауран, Сығанақ сияқты қалалар Жошы ұрпақтарының иелігі болып табылатын. Алайда Тоқтамыстың Сауранды иеленуге шамасы келмейді. Тоқтамыстың Сауранға келгені жөнінде хабар алысымен, Орыс хан оған қарсы өзінің ұлы Құтлық Бұқа оғланды мол әскермен аттандырады. Сауран түбінде өткен шайқаста Тоқтамыс жеңіліске ұшырағанымен, Орыс ханның ұлы да қаза табады.

Табысқа жете алмай Самарқанға оралған Тоқтамысты Ақсақ Темір бұрынғыдан да күшті қарсы алып, қайтадан әскер беріп, Сауранға тағы да жөнелтеді. Бұл жолы да Сауранды Тоқтамысқа бергісі келмеген Орыс хан оған қарсы үлкен ұлы Тоқтақия мен бірнеше ханзадаларды және әмір Әлібек пен көптеген ақсүйек әмірлерді жібереді. Олар Тоқтамыстың әскерін талқандап, өзін Саураннан қуып шығады [45, с. 106-107].

Алайда Тоқтамысты жеңгеніне қарамастан Орыс ханның

жағдайы қиындап кетеді. Өйткені Тоқтамыспен күресте Орыс ханның әлсіз екенін байқаған Алтын Орданың әмірлері оны тастап кете бастайды. Сондай әмірлердің бірі Едіге би 1376 жылы Тоқтамыстың жағына өтіп кетеді. Ол Орыс ханның аға әмірі Балташақтың баласы болатын [60, с. 19-20].

Өзінің беделінің төмендеп бара жатқанын түсінген Орыс хан Әмір Темірге елшілік жіберіп, одан Тоқтамысты беруді немесе шайқасқа түсуді талап етеді. Көптен бері шешуші шайқасты күткен Әмір Темір елшілікке соғысуға дайын екенін жеткізеді. 1377 жылы қыста Темір өз әскерімен Отырар бағытына қарай жылжып, Сауранның маңайында орналасқан Орыс хан әскерінің жанына тоқтайды. Алайда қарлы боран мен аяздың күшеюі екі жақты да ауыр шығынға ұшыратып, шайқасты үш айға тоқтатып тастайды. Нәтижесінде ауа райының қолайсыздығынан әбден титықтаған әскерлер бір-бірін ала алмай екеуі де кері оралады. Самарқанға оралған Әмір Темір аз ғана уақыттың ішінде қайтадан күш жинап алады да, Жайранқамыстың түбінде Орыс ханның әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, жеңіске жетеді. Осы жеңістің арқасында Ақсақ Темір мол олжаны иеленіп қана қоймай, қайтадан Тоқтамысты Сауранның ханы етіп тағайындайды [45, с. 107-108]. Дегенмен Тоқтамыстың хандық құруы ұзаққа бармайды. Сол жылы Орыс хан қаза тапқаннан кейін оның баласы Темір Мәлік таққа отырған бойда-ақ, ең бірінші кезекте Тоқтамысты талқандауды алдына мақсат етіп қояды. 1378 жылы әскерімен Сауранға келген ол шайқасқа түсіп, Тоқтамысты тағы да Самарқандқа қашуға мәжбүрлейді. Алайда осы жеңістен кейін Темір Мәліктің мемлекеттік істен алшақтап, көп уақытын ойынсауықпен өткізуі әмірлері тарапынан наразылықтар туғызады [45, с. 108].

Осыны пайдаланған Әмір Темір 1379 жылы Сығанаққа қарай Өрік Темір бастаған әскерін аттандырады. Сығанақтың оңтүстігіндегі Қараталдың түбінде өткен шайқаста Темір Мәліктің әскері ауыр жеңіліске ұшырайды. Сонымен қатар Темір Мәліктің әмірлерінің көпшілігі оны тастап, Тоқтамыс-

тың жағына өтіп кетеді. Жағдайының мүшкілдігіне қарамастан Темір Мәлік Қарабақ өзенінің бойында Тоқтамыспен тағы да шайқасқа түсіп, нәтижесінде әскері толық талқандалады да, бас әмірі Балташақпен бірге тұтқынға түседі. Алтын Орданың ханын тұтқынға алған Тоқтамыс Темір Мәлікті өлім жазасына кеседі [45, с. 131-132]. Ал Едіге бидің әкесі Балташаққа Тоқтамыс жағына өтуге ұсыныс беріледі. Бірақ Балташақ одан бас тартқаннан кейін, ол да ажал құшады. Бұл жағдай кейін Тоқтамыс пен Едіге арасының суып кетуіне өз ықпалын тигізеді. Тоқтамыстың жеңіске жеткеніне риза болған Әмір Темір оның билігіне бүкіл Хорезмді береді. 1380 жылы Тоқтамыс мол әскермен жорыққа шығып, Алтын Орданың астанасы Сарайға басып кіріп, бұрынғы Орыс ханның бүкіл ұлысын өзіне қаратады. Сол жылы ол тағы да жорыққа шығып, Астрахань мен Қырымды басып алады. 1380 жылы Куликово шайқасы кезінде орыс княздарынан жеңіліс тапқан Мамай әлсірегендіктен Тоқтамысқа төтеп бере алмай, Генуаға қарай қашады. Өкінішке орай Генуада да Мамайды сәтсіздіктер күтіп тұрды. Тоқтамыспен алдын ала келіскен генуалықтар Мамайды оған ұстап береді [61, с. 84-85].

Қолға түскен Мамайды өлтірген Тоқтамыс өзінің жеңіс жорығын одан әрі жалғастырып, 1382 жылы Москваны басып алып, орыс княздарын қайтадан Алтын Орданың билігіне кіргізеді [62, с. 135]. Осылайша Тоқтамысқа Алтын Орда иеліктерін уақытша болса да бір орталыққа біріктірудің сәті түседі. Алайда Алтын Орданың қайтадан күш алуы және Тоқтамыстың жеке дара саясат жүргізуге ұмтылысы Әмір Темір тарапынан қарсылық тауып, аяғы үлкен шайқастарға алып келді. Оның үстіне Тоқтамыстың Қазаншы, Едіге, Иса сияқты әмірлері де Темірден тәуелсіз болуды қалап, ханды оған қарсы ашықтан-ашық айдап салып отырды [45, с. 109, 151]. Тоқтамыс хан да Алтын Орданың бұрынғы данқын қалпына келтіруден бас тартпады. Нәтижесінде 1384-1385 жылдары Тоқтамыстың әскері Әзірбайжан мен Персияға басып кіреді. Өз кезегінде бұл аймақтарды Әмір Темір де иеленуге мүдделі болатын. Өйткені

Батыс пен Шығысты байланыстырып тұрған сауда жолдары солтүстіктен оңтүстікке ауысқан еді. Сондықтан да осы аймақтар екі мемлекет үшін стратегиялық маңызға айналды. Аймақтар үшін күресті Әмір Темір бірінші болып бастап, 1380 жылы Персияның шығысын басып алса, 1385 жылы Исфахан мен Әзірбайжанға басып кіріп, Алтын Орданың саудасына үлкен шығын әкелді. Темірді Әзірбайжанға кіргізбеу амалын жасаған Тоқтамыс 1385 жылы оған қарсы ханзада Бекболат және әмірлер Исабек пен Жанқұдай бастаған 100 мың әскерді аттандырады. Олар Дербент арқылы Әзірбайжанға кіреді де, Тебриз, Миранда, Нахичеван қалаларын басып алып, 200 мың адамды тұтқынға түсіреді [63, с. 162]. Сонымен қатар, Тоқтамыс Әмір Темірдің ескі жауы Моғолстанның әмірі Қамар ад-Динмен одақ құрып, Темірдің негізгі иелігіне қауіп төндіреді [45, с. 153].

Тоқтамыс пен Қамар ад-Дин екеуінің арасында жасаған жоспар бойынша, Темірдің иелігіне бір уақытта солтүстіктен және шығыстан соққы беру көзделді. Қамар ад-Диннің әскерін күшейту мақсатында оған көмек ретінде Аққожа бастаған ірі әскери жасақ жіберіледі. Осыдан кейін Қамар ад-Дин Түркістан арқылы Мауреннахрға басып кірсе, Махмұд сұлтан бастаған Тоқтамыстың әскері Хорезм арқылы Темірдің иелігіне соққы береді. 1387 жылы Бекжарық оғлан, Ыдық оғлан, Исабек пен Саты батырлар бастаған Тоқтамыстың әскері Сауранды қоршаса, келесі әскери топтар Ташкент, Бұхара, Самарқан және Термез сияқты ірі қалаларды қоршауға алады. Алайда бұл қоршаулар Тоқтамысқа ешқандай табыстар әкелмейді. Оның үстіне 1388 жылы Әмір Темірдің асығыс түрде Кавказдағы соғысын тоқтатып, Самарқанға оралуы алтынордалықтарды Хорезмге шегінуге мәжбүрлейді [45, с. 153-154].

Өкінішке қарай, Тоқтамыстың Мауреннахрға нәтижесіз аяқталған жорығы мемлекеттегі беделінің түсуіне алып келіп, көптеген сұлтандар мен әмірлердің Темірдің жағына шығып кетуіне итермелейді. Тоқтамыстан алғашқы бөлінгендердің қатарында Орыс ханның ұрпақтары Күнше оғлан мен Темір

Құтлық болды. Олардың артынша Темір Құтлықпен туысқандық байланысы бар Едіге би де Темірден барып пана табады. Тоқтамыс ханның қиын жағдайда қалғанын пайдаланған Әмір Темір 1387 жылы мол әскермен Хорезмге жорық жасап, еш қарсылық көрместен қалаларын қиратып, өңірді басып алады [54, с. 523-524]. Әмір Темірдің бұл жорығына жауап ретінде Тоқтамыс хан жан-жақтан әскер жинап, ірі күшпен 1389 жылы жорыққа аттанады. Тоқтамыс хан мен Әмір Темірдің арасындағы шешуші шайқас Сырдың бойында өтіп, Әмір Темір толық жеңіске жетеді. Тоқтамысты толық талқандалудан Моғолстанда бастаған көтеріліс аман сақтап қалады [45, с. 156].

Осылайша 1388-1389 жылдардағы Тоқтамыс ханның Әмір Темірге қарсы бағытталған соғыстары сәтсіздікке ұшырап, Хорезмнен ғана емес, Сырдариядағы бүкіл иеліктерінен толығымен айрылады. Ендігі кезекте Тоқтамыс ханның алдында Әмір Темірдің шапқыншылығын одан әрі күшеюіне жол бермеу тұрды. Осы мақсатты көздеген Тоқтамыс Темірге бейбітшілік сұрап елшілігін аттандырады. Тоқтамыстың елшілігін қабылдаған Әмір Темір 1361 жылы 21 ақпанда Құрылтай шақырып, онда ханның бейбітшілік сұраған мәселесін қарайды. Құрылтай кезінде ханзадалар мен әмірлердің басым бөлігі Әмір Темірдің көңілінен шығу үшін соғысты жалғастыру қажет деген шешімге келеді. Сол айда дереу жорыққа шыққан Әмір Темір Алтын Орданы айналып өтіп, Тобыл өзені арқылы Тоқтамыстың иелігіне басып кіреді. Шабуылдың алтынордалықтар үшін кенеттен болғаны соншалықты ақпанның аяғында шыққан Әмір Темірдің жорығын Тоқтамыс хан 6-ші сәуірде Едігеден қашып келген екі нөкерден естиді. Тұтқиылдан келген жауға қорғанысты ұйымдастыруға үлгіре алмайтынын білген Тоқтамыс хан мемлекеттің оң мен сол қанаттарына хабар жіберіп, әскердің бәріне Жайықтың оң жағалауындағы Қырық көл деген жерге жиналуды бұйырады [45, с. 164].

Осы жерден ол Жайықтан орта тұсынан өтетін Әмір

Темірдің әскеріне төтесінен соққы беруді көздейді. Тоқтамыстың жоспарын алдын ала түсінген Әмір Темір қиын болса да тәуекелге барып Жайықтың бас жағынан кесіп өтіп, Тоқтамыстың ту сыртынан қауіп төндіреді. Әмір Темірдің Жайықтан еш кедергісіз өткенін естіген Тоқтамыс хан, әскерінің толық жиналмағанына қарамастан, солтүстік батысқа қарай шегінуге бұйрық береді. Әмір Темірден шегінген Тоқтамыстың әскері Самараның түбіндегі Көгілдірсу деген өзеннің бойында тоқтап шешуші шайқасқа түседі. 1391 жылы 18 маусымда өткен шайқаста Тоқтамыстың әскері тағы да оңбай жеңіледі. Сол кездегі деректерге назар аударсақ Тоқтамыстың жеңіліске ұшырауына Бекболат, Қожа ад-Дин, Дәуіт, Тегін сияқты ханзадалардың сатқындығы себеп болған. Олар шайқастың ортасында өз әскерлерін майдан даласынан алып, қашып кетеді [64, с. 51]. Келесі бір деректің жазуынша Тоқтамыс хан бұл шайқаста 100 мың адамынан өлідей айрылады [45, с. 171].

Жеңіске жеткен Әмір Темірдің әскері де көп шығын көргендіктен, одан әрі Сарай мен Астраханға жорық жасаудан бас тартып, Еділдің бойындағы қорғаныссыз қалған Алтын Орданың қалаларын әбден тонап, қолға түскен мүлік пен малдарды және тұрғындарды Орталық Азияға айдап кетеді. Осы уақытта Әмір Темірдің қасында жүріп, оның шапқыншылығына барынша көмек берген Күнше оғлан мен Темір Құтлық ханзадалар және Едіге би халқына әкелген қасірет пен зардаптың салдарын көргеннен кейін, Әмір Темірден Орталық Азияға айдап кететін адамдарды жинап келуге рұқсат сұрап ұлыстарына барады да, қайтып кері оралмайды. Темір Құтлық пен Едіге би маңғыттардың ұлысына барысымен бүкіл тайпаларын жинап, Әмір Темірдің тонаушылығынан құтқару үшін екі күндік жерге көшіп кетеді де, сол жерде Темір Құтлықты хан сайлайды да, Едігенің өзі бек атанады [44, с. 468-469].

Ал, Алтын Орданың хандығына келетін болсақ, кезінде майдан даласын тастап қашып кеткен Бекболат ханзада

Тоқтамыстың жеңіліске ұшырағанын естіген бойда Сарайға басып кіріп, билікті қолына алады да, ханның әйелдері мен дүние мүлкін олжалайды [44, с. 393].

Азғана уақыттан кейін қайтадан күш жинаған Тоқтамыс қарулы әскеріне сүйене отырып, Сарайдағы хандық билігін қайтарып алады. Бекболат болса Тоқтамысқа ешқандай қарсылық көрсете алмай, Қырымға қарай қашады да, сол өңірді иеленеді. Бекболатқа әбден өші кеткен Тоқтамыс хан оны артынан Қырымға қуып барып, Солхатты қоршауға алады. Осы кезде Тоқтамыстың Қырымға кеткенін пайдаланған Темір Құтлық Сарайға келіп, өзін хан жариялайды. Сарайда төңкеріс болғанын естіген Тоқтамыс Солхаттағы қоршауын доғарады да, Темір Құтлықты Сарайдан қуып шығады [44, с. 393]. Таққа әбден мықтап орныққан соң Тоқтамыс хан 1392 жылы Солхаттағы қоршауын жалғастырып, ақыры Бекболатты жеңіп, оны өлтіреді де, өзінің сенімді адамын Қырымға әмір етіп тағайындайды. 1393 жылға қарай Тоқтамыс хан Алтын Орданың ұлыстарын қайтадан біріктіруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, Тоқтамыс хан Әмір Темірді Алтын Орданың ең басты жауы ретінде танып, оған қарсы одақтастар іздей бастайды. 1393 жылы ол Литваға Құтлық-Бұқа мен Асанды елшілікке аттандырса, келесі жылы Египеттің сұлтаны Эзахира-ға елшілігін жібереді. Сондай-ақ, Түрік сұлтаны мен грузиндердің патшасына да Тоқтамыс ханның елшіліктері барады. Алтын Орда мен грузиндердің арасында келіссөз жүріп жатқаны жөнінде хабар алған Әмір Темір Кавказдағы иелігіне қауіп төнетінін түсініп, 1394 жылы грузиндерге үшінші рет шапқыншылық жасайды. Әмір Темірдің әскері грузиндермен соғысып жатқанын пайдаланып қалғысы келген Тоқтамыс хан әскерін бастап, Дербент арқылы Әмір Темірдің ту сыртынан шығады да, оған Дарьял қақпасынан бас тартуға мәжбүр етеді [65, с. 293].

Тоқтамыспен соғысуға дайындығы нашар деп шешкен Әмір Темір уақыттан ұту үшін 1395 жылы қыста ханға Шам ад-Дин Алмалық бастаған елшілігін жібереді. Тоқтамыстың ордасына

келген Шам ад-Дин ханды бейбіт келісімге көндіргісі-ақ келеді. Бірақ-та Тоқтамыстың әмірлері Ақсақ Темір бізді алдап соғады деп соғысты бастауға ханды көндіреді [45, с. 147].

1395-1396 жылдары болған соғыстарда алтынордалықтар алдыңғы соғыстан да бетер үлкен сәтсіздіктерге ұшырайды. 1396 жылы Терек өзенінің бойындағы шайқас үш күнге созылады. Шайқастың соңғы кезінде Тоқтамыс әскерінің оң қанатындағы әмірлер негізгі соққыны қабылдаған сол қанатқа көмекке бармай, Азовқа шегініп, артынша қашып кетуі ұрыстың тағдырын шешіп береді. Нәтижесінде Әмір Темірдің әскерлері Тоқтамыс әскерінің сол қанатын бұзып жара отырып, олардың тас-талқанын шығарады. Бұл шайқаста алтынордалықтардың көп қырылғаны соншалықты Тоқтамыс ұрыс даласынан тек азғантай адамдардан құралған топпен ғана тірі шығады [66, с. 159].

Ал жеңіске жеткен Әмір Темір мен оның әскерлері болса бұлғарлардың иелігіне кіріп, ондағы қалаларды тонап қиратады және қашып үлгіре алмаған адамдарды алдына салып айдап кетеді. Кейін қарай қайтқанда да Әмір Темірдің әскерлері жолда кездескен қалаларды да тонаумен айналысып, Алтын Орданың астанасы Сарайға аялдайды. Осы жерде Темірдің әмірімен қасында еріп жүрген Орыс ханның ұлы Құйыршық-оғлан Алтын Орданың ханы болып жарияланады [67, с. 73]. Сарайдағы хандықты Құйыршыққа тапсырған Әмір Темір Алтын Орданың батыс бөлігін немесе оң қанатын бағындырып, оған шапқыншылық жасау мақсатымен Еділдің оң жағалауына өтеді де, Дон, Днепр, Қырымға қарай бағыт алады. Кезінде Теректегі шайқастан қашып шыққан Тоқтамыстың оң қанатын басқарған әмірлер Әмір Темір келемін дегенше Тоқай Темірдің ұрпағынан шыққан Жанақтың ұлы Тастемір оғланды хан етіп сайлап алады [48, с. 299]. Оларға қарсы Ақсақ Темір өзінің сенімді нөкері Османды ірі күшпен шапқыншылық жасауға жібереді. Днепрге жорық жасаған Осман маңайындағы Алтын Орданың оң қанатына кіретін барлық ауылдарды шауып, тонағаны соншалықты, Тастемір хан мен Ақтау әмір

сияқты билеушілер жалғыз атпен ғана қашып құтылған. Тіпті алтынордалықтар, соның ішінде Ақ Орданың тайпалары Османдар билеген Түркияға өтіп кетіп жан сақтаған [45, с. 179]. Осылайша оңтүстік-батыс ұлыстарды тонаған Әмір Темірдің әскерлері енді Перекоп арқылы Қырымға кіріп, Тоқтамыстың жақтасы Бекқожаның ұлысын қырғынға ұшыратады. Қырым қалаларын әбден қиратқан Әмір Темір Азау теңізіне шығып, Бекжарықтың иелігіне тиіседі. Бекжарыққа берілген соққының күштілігі соншалықты оның өзі қырғыннан тек баласымен ғана аман-есен шығады [45, с. 179]. Бекқожаны қуған Әмір Темір Донның жоғары ағысына көтеріледі де, Рязань княждығын талқандай отырып, орыстардың жеріне баса-көктеп кіре бастайды. Алайда Рязань княждығының шекарасында орналасқан Қарасу (Елец) қаласына жеткен Әмір Темір белгісіз себептерге байланысты кері қайтады [62, с. 1029]. Әмір Темірдің осы жорығымен қатар оның баласы Мираншах келесі әскери топпен Азакқа (қазіргі Азов маңайы) ойран салып, шеркестер мекендеген Кубанға ішкерілей еніп, Маджар қаласын жермен-жексен етіп, шеркестерді қырғынға салады [45, с. 180].

Сонымен қатар, Әмір Темірдің басқа әскери тобы Жошы ұлысынан шыққан әмірлерді Солтүстік Кавказға дейін қуа отырып, Эльбрустан бір-ақ шығады да, Солтүстік Дағыстандағы құмықтардың иелігін талқандап, сол жерде қыстап шығады [45, с. 184]. Алтын Орданы толық иеленген Әмір Темір өзі басып алған аймақтарға сенімді әмірлерін тағайындауға көшеді. Бірақ жергілікті тұрғындар жатжұрттық билеушілердің билігін мойындамай, қарсы шығумен болады. Мәселен, Әмір Темір Астраханға әмір етіп Омар-и-Табаниді қойған кезде Астрахан қаласының старшыны Мұхаммед оған қарсы қала тұрғындарының наразылығын ұйымдастырады. Сол кезде мұны естіген Әмір Темір Астраханға әдейілеп келіп, Мұхаммедті ұстап алып, оны мұздың астына батырып өлтіреді де, қаланы жермен жексен етеді. Қала түгелімен қирағандықтан, оны тұрғындар басқа жерден салуға мәжбүр болады

[68, с. 184-185].

Дәл мұндай жағдай Сарай қаласына да қолданылады. Әмір Темірдің немересі Пірмұхаммед пен Жиханшах батыр бастаған шапқыншылар қаланы отқа орап, аман қалған тұрғындарын тонап, бір бөлігін өздерімен бірге алып кетеді [45, с. 185]. Сарай қаласымен қатар, Әмір Темір Ескі Сарай, Солхат, Балжеме, Маджар, Азак (Тана) және басқада Алтын Орда қалаларын аяусыз қиратады. Сонымен Әмір Темірдің қалаларды қиратуы, жергілікті тұрғындарды жаппай қырып жойып, тонап, көпшілігін Орталық Азияға айдап алып кетуі Алтын Орданың жағдайын мүлдем әлсіретіп қана қойған жоқ, оның енді қайтып мемлекет дәрежесіне көтерілмеуіне жағдай жасады.

Алтын Ордаға жасалған шапқыншылықтың салдарынан көп кешікпей 1395 жылы қыста елде аштық басталады. Аштықтың кең түрде шарпығаны соншама Әмір Темір әскері мен оның аттарына азық-түлік пен жем-шөп тауып бере алмағандықтан әбден титықтап, көктем шыға Персияға қарай кетуіне мәжбүр болады. Бұл туралы сол кездегі деректер былай деп жазды: «Ордадағы бұрынғы патша Ақсақ Темірге құдайдың қаһары келіп, аштықтан малы мен адамдарын баудай түсірді» [66, с. 162].

Осылайша Ақсақ Темір Алтын Орданы түпкілікті талқандағанымен, халқын бағындыра алмаған. Әмір Темірдің Алтын Ордадан кетуімен онда мекендеген халықтардың саяси жағдайы мен тұрмысы өзгерістерге түсе бастайды. Әсіресе, қалалардың жаппай қирап, сауда жолдарының жабылуы тұрғындардың отырықшылықтан көшпелілікке ауысуына және қауіпсіздігі үшін тайпалардың бір орталыққа бағынғаннан гөрі өз хандары мен сұлтандарын немесе ру басшыларын сайлап алып, ауыл-ауыл болып көшіп жүру жүйесіне көшеді. Мәселен, сол кездегі Дешті Қыпшақтағы жағдайды баяндаған деректе мынадай мәліметті береді: «Хан және нөкерлері қысы-жазы өзінің әйел және бала-шағасымен, отар-отар малдарымен көшіп жүреді. Хан қай жерге тоқтаса, сол жерде 100 мың шаңырақ үйлер қонады» [69, с. 37].

Ал оған дейін Алтын Орданың хандары көшіп-қонғанда тек өзімен бірге нөкерлері мен қызметшілерін және қажетті малдарын ғана алып жүретін. Көшпелілердің Алтын Орда күйрегеннен кейін қалыптасқан ауылдық жүйесін академик Б.Я. Владимирцов далада жиілеп кеткен үздіксіз соғыстар мен шапқыншылықтардан туындаған құбылыс деген [54, с. 128].

Шынымен де мемлекеттегі орталық биліктің түпкілікті күйреуі, сырттан жиі-жиі шапқыншылықтарға ұшырауы, ұлыстардың өзара соғыстарының тоқтамауы тайпаларды жекелеген ханзадалар мен әмірлердің маңайына топтасуға мәжбүрледі. 1396 жылы Әмір Темір кеткеннен кейін Алтын Ордада Жошы ұлысын бөліп алған бірнеше хандар пайда болды. Олар: Еділдің сол жағалауындағы Сарайдың төңірегінде Әмір Темір тағайындаған Құйыршақ хан, Еділдің төменгі бөлігіндегі Астраханның аймағында Темір Құтлық, Жайықта Едіге би, Қырымда Тастемір билік құрды. Бұл хандардың әрқайсысы өз ұлыстарында дербес билеушілерге айналды. Кейін Қырымның ханы Тастемірдің билігін Алтын Орданың бұрынғы ханы Тоқтамыс тартып алады. Ол Теректе өткен жеңілістен соң алдымен бұлғарлардың жеріне қашып барып тығылады да, содан бәрі тынышталысымен Қырымдағы билікті өз қолына алады да, болашақ Қырым хандығының негізін қалайды [24, с. 229-230].

Ал Сарайдың маңайында билік құрған Құйыршақ хан Әмір Темірдің күшімен тақта отырғандықтан халықтың арасында еш беделі болмайды. Осыны пайдаланған Темір Құтлық Әмір Темір кеткен бойда Астраханнан Сарайға қарай келген кезде тайпалардың басым бөлігі Құйыршақтан бөлініп Темір Құтлыққа қосылады. Елінен айрылған Құйыршақ болса қайтадан Әмір Темірге қашып барады. Бос қалған тақты иеленген Темір Құтлық Сарайдың хандығын алса, Едіге оның бас әмірлігіне тағайындалады [70, с. 5].

Алайда Тоқтамыс хан тірі тұрғанда Алтын Орданы бір орталыққа біріктіру және оны билеу мүмкін емес екенін түсінген Темір Құтлық пен Едіге 1396 жылы күзде Қырымға

жорық жасайды. Соғыстың алғашқы кезінде Тоқтамысты жеңе алмаған Темір Құтлық пен Едіге айлаға көшіп, Қырымның ақсүйектерін әр түрлі лауазымдар беру арқылы өз жақтарына шығарып алады [71, с. 21]. Өзінің жақтастарының қолдауынан айрылған Тоқтамыс амалсыздан Литва князы Витовттан барып пана сұрайды [72, с. 95].

Тоқтамысты қуана қарсы алған Витовт оған шекара маңында орналасқан Лида қаласын сыйлық ретінде береді [73, с. 95]. Витовттың мұндай қадамға баруының мәнісі сонда, ол Тоқтамысты Алтын Орданың тағына отырғызып, сол арқылы бүкіл Еділ өзеніне дейінгі аймақты өз иелігіне алуды көздеді. Витовттың жоспарынан жансыздары арқылы алдын ала хабар алған және Тоқтамысты көзін жойғанша тыныштық таппаған Едіге Витовтқа елші жіберіп, Тоқтамысты қайтарып беруін талап етеді. Витовттың бас тартқанын естіген Едіге мен Темір Құтлық 1399 жылы 12 тамызда Ворскл өзенінің бойында кездеседі. Шайқас барысында әдейілеп шегінген Едіге әскерінің соңынан қашты деп ойлаған Витовттың әскері қуған кезде оның ашық қалған екі қанатына Едігенің тосқауылда тұрған әскері қарсы соққы беріп литвалықтарды талқандап жібереді де жеңіске жетеді [74, с. 76-77].

Шайқастан оңбай жеңіліс тапқан Витовт Едігеге көп мөлшерде ақшалай айып төлеп құтылса, Тоқтамыс Сібір жаққа қарай қашады. Ал Витовтты жеңген Темір Құтлықтың халық арасындағы беделі көтеріліп, Алтын Орданың жағдайы енді түзеле бастағанда, өкінішке орай, сол жылы қайтыс болып кетеді. Темір Құтлық өлімі хандарды өзі тағайындайтын Едігеге хандыққа басқа ханзаданы іздеуге мәжбүрлеп, ақыры таққа Жәнібекті (Шадыбек) отырғызады. Алайда Едігенің арқасында хан атанған Жәнібектің (Шадыбек) билігі бұрынғы Алтын Орданың басым бөлігіне жүргенімен Тоқтамыс пен оның ұлдары тірі тұрғанда тақтан кез келген уақытта айрылып қалуы мүмкін еді [75, с. 95].

Оның үстіне Сібірде жүрген Тоқтамыс өз ұлысын құрады да, Самарқанға елшілігін жіберіп, Едігеге қарсы одақ құру үшін

Әмір Темірмен достық қатынас орнатады [76, с. 95]. Сондықтан Едіге Сібірдегі Тоқтамысқа қайта-қайта жорық жасап, онымен он бес рет шайқасқа түседі. Бірақ бәрі де Едіге үшін сәтсіз аяқталады. Тек 1406 жылы он алтыншы рет шайқаста түскен кезде ғана Едіге Тоқтамысты жеңіп, оны өлтіреді [44, с. 471].

Тоқтамысты өлтіріп жеңіске жеткен Едіге мұнымен тоқтамай, Хорезмге басып кіреді де, аймақты Әмір Темірдің ұрпақтарынан соғыссыз тартып алады. Әмір Темір өлгеннен кейін өзара билікке таласқан оның ұрпақтары Едігеге ешқандай қарсылық көрсете алмайды [44, с. 472].

Алайда Едіге Хорезмде жүрген кезде Жәнібек (Шадыбек) хан оның ықпалынан құтылу үшін оған қарсы қастандық ұйымдастырып жатыр деген хабарды алысымен, асығыс түрде Ордаға аттанып кетеді. Едігенің қайтып келе жатқанын естіген Жәнібек (Шадыбек) хан қорыққаннан Сарайдан қашып шығады да, артынша Едіге жіберген қуғыншылардың қолынан қаза табады. Ал Ордаға оралған Едіге болса таққа Жошының келесі ұрпағы Болат сұлтанды отырғызады [69, с. 35].

Өкінішке қарай, Болат ханның билік құруы ұзаққа бармай да, көп кешікпей таққа талас басталады. 1408 жылы Едіге би Ордаға мүлдем салық төлеуді тоқтатып, тым еркінсіп кеткен, Мәскеу княздығын жазалауға кеткен кезде Тоқтамыстың ұлы Жалел-ад-дин тақты Болаттан тартып алады. Бұл кезде Мәскеуді қоршауда ұстап тұрған Едіге Ордада болған төңкерісті естіген бойда орыстармен келісімге келеді де, олардан үш мың сом салықты алысымен, Ордаға жылдам оралып, Жалел-ад-динді тақтан қуып шығады [69, с. 36].

Бірақ тақ үшін басталған соғыс мұнымен тоқтамай, ақыры 1410 жылы Болат хан Қырымдағы Азак (Тана) қаласының түбінде өткен шайқастың бірінде Жалел-ад-диннің қолынан қаза табады. 1411 жылы Едіге өлген Болат ханның орнына Темір Құтлықтың баласы Темірді шақырып, таққа отырғызады. Темірдің хандық билікке келуі Ордадағы тақ үшін болып жатқан соғысты одан сайын шиеленістіріп жібереді. Халықтың

алдында белсенділік танытып, үлкен беделге ие болған Темір хан өзіне тиісті билікті Едігеден тартып алу үшін онымен тайталасқа түседі де, аяғында Едіге жеңіліс тауып, Хорезмге қашып құтылады [44, с. 472-473]. Ордадағы ықпалынан айрылып қалғанына мойынсұнбаған Едіге Хорезмнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында темуридтермен өзара келісімге келіп, Шахрухтың ұлы Мұхаммед Жөке батырға қызын ұзатады да, өзі Сарайшықтың маңындағы Ноғай Ордасына қарай жол жүреді. Едігені өз ұлысына өткізбеуді көздеген Темір хан оны жолдан күтіп алып, талқандауға Әлжан әмір бастаған әскерін жібереді.

Алдына қойған тапсырманы ойдағыдай орындаған Әлжан Едігенің әскерін жеңіп, қайтадан Хорезмге қарай ығыстырады. 1412 жылы Темір ханның әскері Хорезмнің астанасы Үргенішке бекінген Едігені алты ай бойы қоршауда ұстайды [45, с. 193]. Темір мен Едігенің арасындағы тайталас Тоқтамыстың ұлдарына Ордадағы билікті алуға қолайлы жағдай қалыптастырады. Ордада Темір ханның жоқтығын пайдаланған Жалел-ад-дин өзінің жақтастарымен Ордаға тұтқиылдан басып кіріп, Темір ханның сенімді нөкерлері мен әмірлерін талқандайды. Дегенмен тайпалардың көпшілігі Жалел-ад-динді тақтың заңды мұрагері ретінде мойындап ханзаданың жағына шығып кетеді [45, с. 193].

Жалел-ад-диннің Орданы басып алуы Темір ханды өте қиын жағдайда қалдырды. Ол амалсыздан Үркеніштегі қоршауын тоқтатып, Дешті Қыпшақтан қашып шығады. Деректерде: «...қашып шыққан ол басы ауған жаққа қаңғырып кетті және сол қаңғырудан қайтыс болды», – делінеді [45, с. 134]. Темір ханды тақтан құлатқан Жалел-ад-дин де Үргеніштегі Едігені қоршауды тоқтатпай, одан әрі жалғастыра береді. Қоршаудың ұзаққа созылып, екі жақтың титықтағаны соншалықты темурид Шахрух Үргеніштің түбіне келген кезде екеуі де қаланы тастап қашып, Едіге Жайықтағы өз ұлысына кетсе, Жалел-ад-дин батыстағы иелігіне қайтады [45, с. 194-196].

Өкінішке қарай, Жалел-ад-диннің хандық құруы да Ордаға тыныштық әкелмейді. Оны туған інісі Керімберді ханзада 1412 жылы күзде өлтіріп, тақты өз қолына алады. Керімбердінің хандық құру уақыты ұзаққа созылмай, бес айдан кейін билікті туған бауыры Кебекке өткізеді [69, с. 37]. Ордада хандық құрған Кебекте алысқа бармай, оны Едігенің көмегімен Жошы ұрпағынан шыққан ханзада Шәкір (Шыңғыс оғлан) ауыстырады. Осы кезде Едігенің қайтадан күшеюінен қорыққан Литваның князы Витовт жаңадан отырған ханға қарсы Тоқтамыстың келесі ұлы Ерімбердіні (Жаппарберді) айдап салып, 1416 жылы тақты басып алуға көмегін береді. Шәкірді өлтіріп билікті алған Ерімбердіні хан ретінде мойындағысы келмеген Едіге оны тақтан құлатады да, Дербіш ханзаданы хандыққа отырғызады. Хандықтағы биліктің Дербішке ауысуы Едігенің мәртебесін қайтадан жоғары деңгейге көтеріп, ханның сыртынан Орданы жеке-дара билеп-төстеп, өзінің әмірін жүргізеді [77, с. 36].

Ал Литваның иелігіне қашып кеткен Ерімберді 1417 жылы сол жақта өз жақтастарының қолынан қаза табады. Жалпы Едігемен күресте Литва княздығы Тоқтамыстың ұлдарына үнемі пана болады. Осы жерден Тоқтамыстың ұлдары Едігенің кез-келген қадамын бақылап, әрбір қолайлы мүмкіндікті қалт жібермей отырған. Нәтижесінде Тоқтамыстың келесі бір ұлы Қадырберді 1420 жылы Қырымнан шақырған әскермен Еділ өзенінен өтеді де, Жайықтың бойында Едігенің әскерімен шайқасқа түседі. Шайқас кезінде алдымен Қадырберді Едігені өлтірсе, артынша ауыр жарақаттан Қадырбердінің өзі де жан тапсырады [78, с. 108]. Осылайша, Едіге мен Құдайбердінің қатар өлімі Ордадағы саяси жағдайды одан сайын шиеленістіріп жібереді. Яғни Алтын Орданың өмір сүруін мәңгілікке тоқтатып, біржолата ұсақ ұлыстарға ыдырап кетуіне ықпал етті.

1.2 Ноғай Ордасы және оның Дешті Қыпшақтағы ықпалы

Ноғай Ордасының Алтын Ордадан бөлініп, өзінің тәуелсіз мемлекет құруы 1391 жылы Едігенің тұсында жүзеге асқаны белгілі. Мұндай деректі Абылғазы да өз еңбегінде келтіреді. Ол Маңғыт Ордасының құрылуы Алтын Ордадағы биліктің Батый әулетінен маңғыттарға өткеннен кейін пайда болды дейді [79, с. 44]. Көптеген зерттеушілер де осы пікірді қолдайды. Мәселен, Л.Гумилев «олар Темірмен қатынасты үзген соң, маңғыттардың басшысы Алтын Ордадан оқшауланып, дербес мемлекет құрды», – деп есептейді [80, с. 392].

Яғни, сол кездегі деректерге назар аударсақ, жаңадан құрылған мемлекеттің негізін маңғыттар қаласа, оның алғашқы билеушісі Едіге болған. Маңғыттардың пайда болуы тарихына қысқаша тоқталсақ, Рашид ад-Диннің жазуына қарағанда, маңғыттардың шағын руы моңғолдардың ірі қыран тайпалық одағының құрамында жүрген. Олар дарликиндермен бірге моңғол халқының негізгі бөлігін құраған. Маңғыттар Шыңғыс хан империясының құрылу кезеңінде түрік-моңғолдардың әскери және саяси өміріне белсенді түрде араласып, шығыс (сол) жақ бөлігінде орналасса, шайқастарда да әскердің сол жақ қанатында соғысады. Ал империя құрылған соң олар сол қанаттың «мыңдығын» құрайды [81, с. 272-273]. Жошы ұлысында да маңғыттар сол қанатында, Көк Ордада көшіп-қонған. Кейін Едігенің өзі «Тоқтамыс ханның сол қанаттағы басты әмірлерінің бірі» болған [82, с. 54].

Сол уақыттары көшпенділердің арасында сол қанат құрметті болып саналса, ал Едігенің мен оның ұрпақтары Шыңғыс ханның әулетінен тарамаса да оларды Дешті Қыпшақ тайпалары, соның ішінде сол кездегі қазақтар да «ақсүйектер» ретінде қараған. Көшпенділердің Едігенің ұрпақтарына бұлайша құрмет көрсетуін Едігенің ұлы Нұр ад-Диннің жүргізген саясатынан іздегеніміз дұрыс. Ол Тоқтамысты өлтіріп, оның иелігін басқара бастаған кезде, оған бағынышты

тайпалардың арасында Тоқтамыс хан Шыңғыс ханның ұрпағы болатын, ал Нұр ад-Дин «бұл тайпадан емес» деген сөздер шығады. Билікке қарсы туып келе жатқан наразылықтың алдын алу мақсатында Нұр ад-Дин оларға былай деген: «Мен туғаннан бастап бір Құдайға сендім және оны құрмет тұттым; Құдайдың өзі әрқашан мені қорғап жүреді. Мен біздің қасиетті кітаптарымызды көп оқыдым. Ал менің Шыңғыс ұрпағы болмағаным, мені ешқандай қынжылтпайды, өйткені мен атақты Баба түкті Шашты Әзіз тайпасынанмын». Осы сөзді естігеннен кейін ғана халық тынышталған [83, с. 12]. Яғни, рудың қасиетті уағыздаушы Қожа-Ахмет Баба түкті Шашты Әзізден тарауы маңғыт-ноғай билерінің билігі қалыптасуына септігін тигізді және XV ғасырдағы Алтын Орданың мұсылман қоғамында шығу тегін әулиеден тараған шежіре негізінде басқару жеткілікті болды. Осыған байланысты Ноғай Ордасында мұндай тұжырым ресми түрде жүргізілді және Едігенің ұрпақтары өз шежірелерін Мұхаммед дәуірінен және бірінші халифтерден бастады. 1638 жылы тамызда құрастырылған «Кіші Ноғайда қанша мырза, Ноғай мырзаларының тізімінде» былай делінген: «Ал біздің руымызға қазіргі 146 жылы (1637/38 жыл) толықтай 1047 жыл» [84, с. 86]. Осыдан бастап рудың бастау алатын жылы 591 жыл деп есептеуге болады. Негізінде Ноғай мырзаларының шығу тегінің жасанды шежіресінің дайындалуын Нұр ад-Диннен емес Едігенің билік құрған уақытынан бастаған дұрыс. Өйткені, ол Алтын Ордадағы билікті Жошы ұрпақтарынан тартып алу үшін өзінің шығу тегінің артықшылығын олардан жоғары қойып, өзінің басымдылығын заңдастыру қажеттілігімен бетпе-бет келді.

Сондықтан ол өз артықшылықтарының пайдасына дәлел іздеуге мәжбүр болып, мың жыл бұрынғы халифтен тарағандығын дәлелдеуге ұмтылды. Бұл әулеттік саясат Шыңғысханмен туыстыққа ұмтылудан әлдеқайда жеңілірек еді. Бірақ, өзін бірінші халифтың ұрпағымын деп жариялау жалпы халықтың мойындауы үшін жеткіліксіз еді. Сондықтан,

біріншіден, Әбу Бәкірдің тұлғасын Алтын Орданың жалпы халқы үшін маңызды ету; екіншіден, халықты беклербектің айналасына жинау үшін шежірелік аңызды құралға айналдыру қажеттігі туындады. Бұл мақсаттарға жету жолында Едіге өзіне бағынышты аймақтардағы көшпенді тайпаларды белсенді түрде мұсылмандыққа енгізуге мүмкіндік жасады. Маңғыт көсемінің үстемдігін маңызды ететін тағы бір маңызды құрал оның тұлғасын аңыздандырудан тұрды. Едіге қайтыс болғаннан кейінгі алғашқы он жылдың ішінде-ақ оның жеке басы мен өмірбаяны аңызға айналған толықтырулармен күшейтілді. Маңғыт-ноғай билері әулетінің негізін қалаушысының сәулесі оның ұрпақтарына да жарық түсіре бастады. Қырық батыр туралы атақты эпикалық цикл құрастырыла бастады. Д. Девиздің пікірі бойынша ол «Ноғай Ордасының заңдылығын, бірлігін және берекелілігін» көрсетті [84, с. 86].

Дешті Қыпшақ көшпелілері арасында Едіге туралы естеліктер ұзақ уақыт сақталды. Аңыз бойынша атақты билеуші жерленген Ұлытау жотасындағы Едіге таулары (Орталық Қазақстан) оба болып, сол жерде оның құрметіне құран оқытылып, құрбандық шалынған [85, с. 374]. Ол алдымен ақыл мен діншілдіктің үлгісі ретінде сипатталып, оның кейбір сөздері классиктердің өлеңдерімен қатар айтылды [86, с. 99]. Кейіннен ол мінәжат ететін бейнеге және Едіге қазақтар үшін ерте замандағы қасиетті батырға айналды, ал қарақалпақтар оны жылқы пірі ретінде де құрметтеген [87, с. 491-492].

Ал ноғайлардың өздері өз билерінің басшысын былайша сипаттайды: «Ұлы жердегі осы әлемдегі ел, бақытты патша, Бюрек сияқты ақылды, ақыл содан пайда болған, сенімге үміт, адамға тірек, Құдай сүйген, адамдар құрметтеген, билерге би, ұлы адамдар оның сөзіне разы болған, басқа патшалардан сенімді – Едіге би» [88, с. 39].

Ноғай Ордасының әскери күші жөнінде де мәліметтер жақсы сақталған. Мысалы, «Казанский летописец» атты

шығармада Едігенің отыз ұлының тек кішісінің басқаруында ғана он мың әскер болғанын көрсетіп, әрі қарай былай деп көрсетеді: «Осыдан маңғыттар күшті, сондықтан ханға бағынғысы келмейді және Үлкен Ордаға қарсы» [89, с. 203]. Едігенің Алтын Ордадан бөлініп кетуінің себебі әскери күшінде жатқандығын Осман хроникасы да атап өтеді: «Идику (Едіге) өз халқы мен ұрпағының көп болуы себебінен хандарға қарсы шықты, маңғыт ұрпағының ең күшті мүшесі» [90, с. 383]. Ал испан саяхатшысы Клавихо Едіге мемлекетіндегі әскери күшті екі жүз мың салт аттыға бағалаған [91, с. 144]. Яғни, осындай әскери күші болғандықтан ғана Едіге қорықпай бәрін қырып-жойып жатқан Әмір Темірден бөлініп шыққан және өз кезегінде оның билігіндегі маңғыттар өзара ішкі тартыстарды тоқтатып, Темірдің шапқыншылықтарынан естерін жинап, оған мықты тірек болған. Маңғыттардың Едігені қалай қолдағаны туралы Ибн Арабшах былай деп жазады: «Едіге хан болды, өзіне сол қанаттың басшылары мен өз тайпаларының билеушілерін шақырды. Олар оған бағынды, өйткені олардың әскери күштері басқалардан артық болды және шағатайлықтардан қорықпады» [82, с. 61].

Маңғыттардың көшіп қонатын негізгі аумағына келетін болсақ, орыс жылнамаларында Жайықтың шығысында орналасқан делінеді [89, с. 202]. Мұны ағылшын Э. Дженкинсонда Хорезмнен Ноғай астанасы Сарайшыққа дейін он күн жол бар екенін көрсетеді. Яғни, Едігенің ұлысы Жайық ауданында, Сарайшық қаласының маңында орын тепкен [49, с.187].

Едіге де Мамай мен Ақсақ Темірдің тәжірибелерін қолданып, мемлекет басшысы етіп қуыршақ хандарды отырғызып, өзі үнемі олардың қасында беклербек лауазымын атқарады. Ол 1396 жылы Әмір Темірден жеңілген Тоқтамыстың әлсірегенін пайдаланып, оған өзінің билігіне халықтың аз қоныстанған бөлігі Еділдің сол жақ жағалауын беруді талап етіп, былай дейді: «Еділдің сол жағындағы елсіз жерден бас тартып, оны маған бер; бұдан басқа сен менің жағыма

өткендерден, сондай-ақ кедейлерден, жетім-жесірлерден алым талап етпе». Едігенің талабына Тоқтамыс хан амалсыздан келісіп, шартқа қол қояды. Тоқтамыстың Едігенің айтқанына көніп қол қоюы оның ең басты қателігі болып табылды. Нәтижесінде Еділдің сол жағалауында салық төлемейтіндігін естіген, соғыстан ығыры шыққан халық беклербектің иелігіне ағылғаннан кейін, көп ұзамай Тоқтамыстың бодандарының саны алты есеге азайып кетеді [92, с. 37]. Ибн Арабшахтың сөзімен айтсақ Едіге Ордасы «көптеген адамдар легімен» толықты [82, с. 61].

Халықтың көп келгені соншалықты Едігенің билігі Жошы Ұлысының бүкіл шығыс аумағына тарап, аяғы тікелей Мауреннахрмен байланыс орнатады. Төрт жылдан соң, әбден күшейген Едіге ханның жігіттері маңғыт әскерінің жылқыларын ұрлады деген сылтаумен Еділ өзеніне жақындап келіп, Тоқтамысқа шабуыл жасап, оны тақтан тайдырады. Кейін Едігенің ұлы Нұр ад-Дин Тоқтамысты өлтіреді [92, с. 38-39]. Осылайша, Едігенің маңғыттарды өз алдына дербес ел ретінде басқарған алғашқы жылдарда-ақ, Ноғай Ордасының шекарасы батысқа қарай, Еділ өзеніне дейін жақындайды. «Менің әкемнің ордасына үш өзен бойындағы аймақтар кірді: Еділ бойы, Жайық бойы, Ембі бойы», – деп жазды Исмаил 1560 жылы [84, с. 77]. Деректерге назар аударсақ сол кездің өзінде-ақ, маңғыттардың иелігі географиялық жағынан оң және сол қанаттар болып бөліне бастаған. Мәселен, Орданың батыс бөлігі оң қанат Едігенің баласы Нұр ад-Диннің басшылығына өтсе, сол қанат шығыс бөлігін қамтып, Едігенің ресми басқаруына кірген [93, с. 49]. Әкесі мен баласының расындағы иеліктерді бөлісу де бір-біріне жіберген ноғай-орыс хаттарында көрсетілген: «Еділ мен Жайық – екеуі менің атамның ордасы, өйткені, менің әкем Жайықтағы ұлы князь, ал менің басқа әкем, Нурадин мырза – Еділде» [84, с. 77]. Ноғай Ордасына қараған иеліктердің үлкендігі және ондағы адам санының көптігі Едігеге Жошы ұрпақтарынан тараған ақсүйектердің арасындағы дәрежесінің жоғары тұруын

қамтамасыз етіп қана қоймай, мемлекеттегі маңғыттардың ру басшыларын төре ақсүйектерінің қатарларына қосуға мәжбүр етті. Мұның негізгі белгілерінің бірі Едіге әйелдікке Тоқтамыстың қызын алса, (одан Нұр ад-Дин туады) [94, с. 158], өзі де кейіннен қызын «осы туыстық арқылы жағымсыз өсектерді азайту үшін» болашақ хан Темір Құтлықтың баласына береді [45, с. 99].

Едігенің ресми лауазымы құжаттарда түрліше айтылады: әмір, бек, түмен басы. Дегенмен оның атағы беклербек болатын (бек, би, ұлық бек, ұлы би). Оны 1391 жылы таққа отырған Темір-Құтлұқ береді [94, с. 159]. Сондай-ақ, Әмір Темір Тоқтамысты жеңген соң «сұлтан атағын Темір-Құтлұқ, ал әмір атағын Едіге алды», – деп Натанзи жазады [45, с. 98]. Беклербек лауазымы Едігеде Темір-Құтлұқ мұрагерлері кезінде де сақталған. Темір-Құтлұқтың ұлы Шадыбек хан (1400-1407 жыл) кезінде ол амир ал-умара (беклербектің арабша баламасы) атағын алады. Деректерге назар аударсақ, мемлекетте Жошының ұрпағына жатпаса да Едігенің билігі шексіз болғандығы жөнінде мәліметтер береді. Мәселен, ол Жошы ұлысында «дербес билік етті және басқарды», «Дешті, Сарай және Қырым елінің нағыз билеушісі», «Дешті Қыпшақ пен өзбек елінің әміршісі», «бодандардың ісі Едігенің жарлығына сәйкес жүрді. Ол өз қалауы бойынша Жошының ұрпақтарына хандық құруды берді немесе оны тартып алды және оған ешкім қарсы келе алмады, ол көрсеткен шеңберден шыға алмады», «княздардың бірі Едіге патшалыққа тағайындады және алып тастады», «Едіге князь барлық орда княздарынан үлкен болды, өйткені барлық патшалықты жалғыз ұстады және өз қалауы бойынша патшаны тағайындады» деп атап көрсетіледі [84, с. 79].

Кейбір орта ғасырлық жылнамашылар Едіге беклербекті толыққанды патша ретінде қабылдаған. Нақты айтатын болсақ, Едігенің беделі мен күші оның беклербектігі уақытында жоғары дәрежеге жеткені соншалық, ол ордалық көшпелі ақсүйектердің патшасы деп санала бастады. Тіпті ол өзіне

бағынышты ұлыстарда ғана емес көрші жатқан христиандық билеушілерді тең дәрежеде көрмеді. Мысалы, XV ғасырдың басында Едіге I Василийге «жақсы көретінін... оны өзінің ұлы санайтыны» жөнінде хат жазса [95, с. 211-212].

1399 жылы Ворскдегі шайқас кезіндегі келіссөзде литвалық Витовтке де беклербек осындай қатынас ұстанып, Литва билеушісіне өзін Едігенің ұлымын деп тануды және жыл сайын алым төлеуді бұйырады [51, с. 173]. 1405 жылы Темір өлген соң 1406 жылдың басында Едіге Хорезмды басып алады [96, с. 114]. Мәсек әмір қашып кетеді, ал Едіге Хорезм билеушісі етіп алтынордалық әмір Өңкені тағайындайды, Болат хан кезінде (1408/09-1410 жылдары) Өңкені Қалжан алмастырады. Ал 1410/11 жылдары мұнда Едігенің кішкентай ұлы Мұбарак шах билік құрады. 1408/09 жылы Шахрух Халил сұлтанды жеңіп, өз билігін Мауреннахрға жүргізе бастайды. Осы жеңіске байланысты олар алдымен Самарқанда, содан кейін Гератта жасаған үлкен салтанатқа Хорезмнен Едіге өз атынан және Болат хан атынан жіберген елшілер де қатысқан [96, с. 115]. Елшілерді Шахрух үлкен сый-құрметпен қарсы алғаны туралы Абд ар-Раззақ жазады, олармен бірге Хорезмге және Дешті Қыпшаққа Шахрухтың Хасан әмір бастаған елшілері де жіберіледі [50, с. 396-397].

Бұл өзара тартыспен шалдыққан елін әлі де болса қалпына келтіре алмаған Шахрухтың Хорезмнен айрылғанына көндіккенін дәлелдейді. 1410/11 жылы Бадгисте тұрған Шахрухқа ертеректе Хасан әмірдің соңынан өзбектерге, Едіге әмірге жіберілген Абакан келеді. Ол Шахрухқа Едігенің хаты мен сыйлықтарын табыстайды. Епті саясаткер және әккі Едіге өз хатында Шахрухтың билігін мойындауға әзір екендігін айтып, оны өзінің билеушісі деп атаған [50, с. 397].

Бұл түсінікті де. Болат хан қайтыс болған соң (1410/11 жылдың ортасы) Алтын Орда тағына Темір хан отырғаны белгілі. Сол кезде Едіге мен Темірдің арасында күрес жүрген болатын. Бұл жөнінде Муин ад-Дин Натанзи былай деп жазады: «Идику (Едіге) де хан тағына Темір сұлтанды қажет

болған соң отырғызды, өйткені оның Темірдің әкесімен келісімі болатын... Содан соң Идику оған қызын берді, туысқандыққа байланысты арандату-шылардың әңгімесі тоқтайтын болды. Осылайша біршама уақыт жалғасып, Темір сұлтан адамдарға ұнай бастады, олар Идикуды құрту үшін оның жанына жиналды. Олардың арасында қастық пайда болды және олар бір-бірімен бір-екі рет шайқасты да... Идику өз мемлекетімен қоштасып, Хорезмге қашты» [45, с. 238-239]. Осылайша жеңіс жаңа ханға тиді, оны әмірлер қолдаған соң Едіге Хорезмге кетіп, сол жерде қоршауда алты ай отырады. Абд ар-Раззак Самарқандидің жазуы бойынша, Едіге Хорезмге 1411/12 жылдың басында қашқан [50, с. 401]. Бұл кезде Алтын Ордада кезекті мемлекеттік төңкеріс орын алды. Темір ханды Тоқтамыстың баласы Жалал ад-Дин сұлтан хан тағынан тайдырады, ал ол Едіге секілді Хорезм жаққа қарай қашады. Бірақ, Хорезмге жетпей жолда Жалал ад-Дин мен оның күйеу баласы Қазанның бұйрығымен нөкерлері Жанқожа өлтіреді. Осыдан соң Қазан Жалал ад-Диннің тапсырмасы бойынша Едігемен келіссөз жүргізеді. Едіге олардың қойған барлық талаптарына келісіп, Жалал ад-Диннің сарайына өзінің бір ұлын аманат ретінде жібереді. Едігемен бейбіт келісім жасаған Қазан Дешті Қыпшаққа қарай бағыт алады [50, с. 401]. Бірақ көп ұзамай Жалал ад-Дин Едігімен жасаған бейбіт келісімнен бас тартып, оған қарсы Құджолай бастаған жасақты жібереді. Ол өз әскерімен Хорезмнен қайтып келе жатқан Қазанды кездестіріп, оған Үргенішті күш біріктіріп алуға үгіттегенімен, Қазан бұған келіспейді. Нәтижесінде Құджолай жалғыз өзі соғысуға мәжбүр болады. Алайда өз күшінің аз болғанына қарамастан Едіге Үргеніштен шығып, Құджолайдың жасаған тас-талқан жеңіп, оның мыңдаған әскерін тұтқынға алады [50, с. 402]. Абд ар-Раззак айтқандай, тұтқындарды шылбырмен байлап, Үргеніш тұрғындарының арасында бөліп тастайды және қалалықтарға оларды бағуды және күзетуді бұйырады. Осылардың барлығы ауыр алымдар мен үздіксіз соғыстан шаршаған Хорезм халқының шыдамын тауыспай қоймады,

олар көп ұзамай Едіге мен оның ұлына қарсы бас көтереді. Бірақ Мұбарак шах бұл көтерілісті сол кезде-ақ басып тастайды. Дегенмен Едіге Хорезмде тұрып және шығыс аумақтарда біршама уақыт қаңғыған соң ол 1419 жылы Сарайшық маңында Тоқтамыс ханның ұлы Қадырбердінің шабуылына ұшырап, қаза табады. Бірақ оның еткен күші XV-XVI ғасырлардағы ноғай хандықтарындағы маңғыттардың ерекше мәртебесінің қалыптасуында шешуші роль атқарды.

Беклербек лауазымын алған Едіге Алтын Орданың барлық мемлекеттік істерімен айналысты. Ал Маңғыт Ордасын ол өзінің ұлдарына сеніп тапсырса керек, олардың ішіндегі оның жақын серіктесі ретінде дереккөздерде Нұр ад-Диннің аты аталады. «Едіге» дастанының кей нұсқаларында, Нұр ад-Диннің әкесі өлген соң Орданы басқарғаны туралы айтылады [83, с. 16]. Алайда Қадырали бектің айтуы бойынша, Нұр ад-Дин әкесінің тірі кезінде іш ауруынан қайтыс болған делінеді [97, с. 83]. Ал дастанда ол кезекті жорықтан қайтып келгенде ескі жаралары ашылып, көп қан жоғалтуынан қаза тапқан [98, с. 454].

Оның жатқан орны «Теректің солтүстік және орта жеңдері арасындағы кеңістік» көрсетіліп, денесі Еділ жағасына жерленген. Бұл жерде биік жота үйілген және ол жер қазірдің өзінде «Нурадин моласы» деп аталады» [99, с. 188]. Едіге қайтыс болған соң оның ұлдары маңғыттардың Жошы ұлысындағы ықпалын сақтап қалып, Алтын Орданың орнына келген хандықтарында беклербек лауазымын толығымен иеленді. Олардың мұндай табысқа жетуінің басты себебі – Едіге бидің атқарып кеткен істері еді. Алайда Едігеден кейінгі маңғыт мырзаларының басқа ұлыстардың арасындағы беделі талассыз болғаны соншалықты, бұл жерде мәселе тек Едігенің саяси мұрасымен шектелмеді. Яғни, Дешті Қыпшақты мекендеген жүздеген тайпалар арасынан тек маңғыттар ғана әскери және саяси жағынан артықшылықтарға жете алған. Енді олардың осы мәртебелік ерекшеліктеріне тоқталсақ. Маңғыттар Алтын Орда тағына баратын жолда, сол кездегі Шыңғыс

ханға ең жақын болып табылатын беклербек Әли бастаған қоңыраттарды ығыстырып шығарғаны мәлім. Кезінде қоңыраттардың сарайда басымдығын естіген Ибн Арабшах шатасып Едігені солардың қатарына жатқызған [82, с. 54].

Дегенмен екі тайпа да Жошы мемлекетінің тарихында бір-бірімен тығыз байланысты болған. А. Вамбери маңғыттар туралы былай деп жазды: «Қоңыраттармен қатар олар да атақты ру және барлық түркі тайпаларының арасында жаужүрек болды, сондықтан Шейбан Мұхаммед хан өзі билік кезінде олардың бір бөлігін жалақы беріп жанында ұстады» [100, с. 116].

Маңғыттар мен қоңыраттардың өзіндік серіктестіктері қарақалпақ фольклорында көрініс тапты. Атақты жыршы Бердах «Шежіре» шығармасында мынадай аңызды келтіреді. Қарақалпақтар Ордасы өзара тартыстардан ыдырап кетті. Оның құтқару үшін олар Шыңғыс ханды шақыруға шешім қабылдайды. Қырық тайпа-қоғамның өкілдері оны іздеп тауып, Қарақалпақ ордасына арбамен әкелмекші болады. Арбаны жасау кезінде «Қоңырат бір жетекті, Маңғыт бір жетекті табады. Қалған барлық ағаш бөліктерді табу басқа елге жүктеледі» [101, с. 80]. Бұл аңыз қарақалпақ халқының екі бірлестікке – арысқа бөлінетіндігін көрсетеді. Жетек бейнесі мемлекет-ұлыстың құрылысын бекітуші ретінде еуразиялық көшпелілерге бұрыннан таныс. Шыңғысханның өзінің бітіспес жауы, шайқаста тас-талқан жеңілген Жамұханы ханның алдына әкелгендегі әңгімесі белгілі. Шыңғыс оған мынадай ұсыныс жасайды: «Бір бірімізге көмектесейік. Сені екінші жетек жасағым келеді...» [102, с. 169]. Қарақалпақтардың пікірінше, ертеректе Дешті Қыпшақтың маңғыттар мен қоңыраттары осындай «жетек» болып табылатын. Осы себептен де қоңыраттардың Хиуа әулетінің хронисі Мунис қоңыраттарға кейбір маңғыт билеушілерін жатқызған, ол өз билеушілерінің шежіресін тарихи маңыздылығын көрсеткісі келген. Едігенің қарындасы сол қанаттың ханы Темір-Мәлікке күйеуге шыққан, ал оның ұлы Темір-Құтлұқ хан беклербектің

жиені болған. Осы туысқандық қатынас ноғайлардың арасында XVI ғасырдың ортасына дейін сақталып қалған. Оны Мұсаның ұлдары Жүніс пен Әлидің Мәскеудің патшасына жазған хатынан көруге болады: «Алғашында өзіміздің патшалар Темір Кулуев патшаның балаларымен туысқан болған» [84, с. 88].

Едіге өлгеннен кейін Ноғай Ордасындағы билікті Астрахань хандығындағы Темір-Құтлұқтың ұрпақтарына берілгендігі бұрынғы Темір-Құтлұқ пен Едігенің бірлескен билігінен туындайды. Бірақ маңғыт ақсүйектері мұндай қатынасты тек «Темір-Құтлұқ ханның балаларына» ғана жасап қойған жоқ. 1490 жылы қуыршақ хан Шибанид Аминек III Иванға былай деп жазған: «Ұлы княздың балалары Апас князь, Мұса, Жаңбыршы мырза мен олардың балалары және бауырлары мені патша деп санайды. Ертедегі маңғыттардан бауыр мен жолдастар бар. Жаңбыршының балалары – менің балаларым» [88, с. 33].

Осылайша хандардың әулетімен тығыз және тұрақты байланыс орнатуы маңғыт мырзаларына хандыққа үміткерлерді сайлау құқығын тартып алуға мүмкіндік берді. Орыс және шығыс деректерінде Едіге ұлдарының көп болғанын жазады. Мәселен, «Қазан жылнамасының» Соловец тізімі «отыз әйелден жетпіс ұлы бар екенін» жазса, сол шығармадағы Румянцев мұражайының тізімі – «тоғыз әйелден отыз ұлды», – көрсетеді [89, с. 213].

Ибн Арабшах болса өз еңбегінде атақты беклербектің «жиырма шақты ұлы болғанын және олардың барлығы да мықты билеуші болғанын» жазып кетеді [82, с. 63]. Едігенің өзі де ноғай дастанында он сегіз «менің мырза-ұлдарым» болғаны жөнінде айтады. XVII ғасырдағы ресми Мәскеу шежірешілері осы аталған ұлдардың ішінен тек «Нурадин мырза мен Мансур князды», яғни Нұр ад-Дин мен Мансұрды ғана көрсетеді [84, с. 90].

Қадырғали бектің шығармасында осы екеуінен басқа Қасым мырзаны, Саид Али мырзаны, Кейкуат, Фази мен Наурызды атайды [97, с. 83]. Абд ар-Раззақ Самарқанди болса Едігенің

1411 жылы Темірмен ұрыстан кейін Хорезмге кетіп қалуын егжей-тегжейлі жазғанда, әкесінің қасында болған Сұлтан Махмұд және Хорезм әмірі Мұбарак Шахты еске алады [84, с. 90].

Жалпы алғанда Едіге ұлдары мен одан тараған ұрпақтардың көп болуы олардың маңғыт елінде өз алдына бөлінуге алғышарт жасай бастады. Мұның алғашқы белгілері Едігенің туған балаларының кезінде-ақ пайда бола бастады. Мұхаммед Шайбанидың 1503 жылы моғолдармен шайқасын суреттеген кезде Мұхаммед Салих елдер мен қолбасшылар қатарында «Эд(и)гу уругу маңғыт», яғни, Қажы-Ғази бастаған Едіге руының маңғыттарын атайды [103, с. 137]. Осы тектес ұғым Исмаил мырзаның баласы Ханбай мырзаның IV Иванға (1579 жыл) жазған грамотасында: «Едіге руының балалары не істеу керектігін үйретпекші», – деп шағымданады [84, с. 91]. Бұл кезде Маңғыт Ордасында билік басына Нұр ад-Дин ұрпақтары отырды, Үлкен Орда мен Қырымда Мансұр ұрпақтары бекіді. Басқа ұлдарының немере-шөберелері Едіге руының осы екі тармағына жақындасуға ұмтылды және өз кезегінде олардың «Едіге маңғыт руына» қатыстылығы ешқашанда ұмытылмады. 1578 жылы Ноғай Ордасының биі Орыс Иван патшаға мынадай өтініш айтады «Едіге руына кіретін Наурыз мырзаның ұлы Арслан мырзаны қызметке алсаңыз» [84, с. 91]. Орта ғасырлық қыпшақтарда туысқандық пен үлкендік туралы ұғым қасиетті болғандай ноғайлар үшін де көшпелі әлемнің осы дәстүрі де қымбат еді. Яғни ноғайларда лауазым (бек, би) қызметін ұстаушысы қайтыс болғанда ол оның келесі інісіне берілетін. Үшінші және одан кейінгі бауырлары алғашқы екеуінің жағдайы мен құқығын ала алмайтын [104, с. 34-35].

Жалпытүріктік ұғым бойынша ноғайларда кішісі үлкенін аға, ағашым, ал үлкені кішісін іні деп аталып, әкесінің бауырлары да аға делінетін. Бауырлардың балалары бір-біріне аға-іні болды. Үш атаға дейінгі, ал кейде одан да әрі туысқандар жақын – «бір қазанды бөліскен бауырлар» болып есептелді. Міне сондықтан, ноғай мырзаларының басым

көпшілігі ұзақ уақыт бойы, XVI ғасырдың аяғына дейін бауырлар, жиендер мен ағалар болып, жақын туысқандық жеті атаға дейін таралды, ал алыс туысқандар арасындағы некеге тек жеті атадан кейін ғана рұқсат етілді [105, с. 17].

Туысқандықтың осындай жүйесінде Едігенің балалары мен немерелері оларды Алтын Орданың ыдырау дәуірінде тағдыр қайда айдаса да, жекелеген жек көрушіліктеріне қарамастан, өздерін біртұтас отбасы деп есептеді. Түрлі хандықтарда маңғыт ақсүйектерінің топтары қалыптасты, олар күшті және ықпалды болып, өз бабаларының үлгісімен Жошы ұрпақтарының тақтарын қоршап алатын. «Туған ұя», олардың барлығы үшін отан – Маңғыт Ордасы болып қалды. Бірақ бұлардың әрқайсысы хандықтардың бірінде болатын бірнеше «билеуші тайпадан» тұрды деп санауға негіз бермейді. Қанша дегенмен де, тайпа (ел) бөлек, ал ру бөлек болды.

Міне, осылайша Едіге қаза тапқаннан кейін оның 1419 жылы жетім қалған мүшелері Орданың қамын ойлап, Жошы сұлтандары мен оғландары арасында амалдап өмір сүрді. Едіге қайтыс болғаннан кейінгі оқиғалар туралы мәлім нәрсе көп емес. Оның ұлдары Ғази, Наурыз, Мансұр – Русьтан, Нұр-ад-Дин мен Кейқуат Түркістаннан пана тапты деген шындыққа онша жақын келмейтін мәліметтер сақталған. Ахсикенти Кейқуаттың Темір-Мәлік ханның ұлы Болат және Жаңбыршымен бірге Тоқтамыш пен Манасқа қарсы соғысқа қатысканы туралы айтады; ал Болатты маңғыт мырзалары Кейқуат пен Жаңбыршы таққа отырғызды деген [106, с. 203-204]. Шындығында Болат Темір-Мелик ұлы болған емес және оның шежіресі мынадай: Жошыдан Шибан, одан Баһадүр, одан Жошы-бұға, одан Ботақұл, одан Мыңтемір, одан Болат тараған. Ал Маңғыт мырзасы Уаққастың ұлы Жаңбыршы мырза Тоқтамыш ханнан жүз жыл кейін XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басында белсенді қызмет атқарған. Манас – тарихи тұлға емес, тек дастандық кейіпкер. Кейқуат туралы Едіге ұрпақтарын түгендеу кезінде Қадырали бек те еске түсіреді [97, с. 83]. «Кейқуат» атты қазақ

дастанында ол өскесін Нұр ад-Динді өлтіреді, осы үшін оның өзін Едіге өлтіреді [107, с. 313]. Бұдан басқа осы мырзаның XV ғасырдағы саяси оқиғаларға қатысуы жөнінде ешқандай мәлімет берілмейді. Шынында да, ол қандай да бір дала жорығында артында із қалмай қаза тапса керек. Едіге ықпалының күшті болғаны соншалық, ол қайтыс болғаннан соң беклербек лауазымы оның отбасында қалады. Қадырали бек лауазымның берілу жағдайларын былайша көрсетеді. Қадырбердімен шайқас алдында Едіге Жайықтың сағасы Електе Қажы Мұхаммед оғланмен келісім жасайды: «Егер Құдай менің ісімді жүзеге асыруға көмектесе, онда мен сені хан етемін». Жайықта маңғыт әскері талқандалып, оның басшысы қаза тапқан соң, Едігенің ұлы Мансұр әкесінің уәдесін орындап, Қажы Мұхаммедтің хан болуына ықпал жасайды, ал ол Мансұрды беклербек лауазымына көтереді. «Едіге би өлді. Одан кейін оның баласы Мансұр би болды. Қажы Мұхаммед оғланды Мансұр би хан етті. Біреуі хан, біреуі би болды. Едіге орнын Мансұр иеленді» [94, с. 155-156].

Бұл оқиға 1421 жылдар шамасында орын алған еді [49, с. 203]. Осылайша шығыс Дешті Қыпшақта билік қайтадан Едігенің кезінде қалыптасқан сызба бойынша құрылды: тәуелді Жошы ұрпағының ханы жанында маңғыт биі орналасты.

Алайда бұл оқиғаларға сену өте қиын, өйткені олар біріншіден, кеш жазылған, екіншіден оқиғаны баяндауда аңыздарды жиі-жиі пайдаланған. Мысалы, Ш.Ш. Уәлиханов жазып алған қазақша «Едіге» жырында, Қадырберді ханның кеңесшісі Кенжанбай өз билеушісімен Мансұр мырзаның арасында келіссөз ұйымдастырып, келісім жасатады. Келіссөздің шарты бойынша Мансұр Қадырбердінің жанында беклербек болған [87, с. 272].

Ал осы дастанның ноғайша нұсқасында, бұл хан осындай шартты Едігенің басқа ұлы – Нұр ад-Динмен жасайды. Абд ал-Гаффар Қырым бойынша, Мансұрдың жанындағылардың қатарында Кенжанбаймен салыстыратын ақылды қария-

кеңесші Жантемір болған [84, с. 93]. Бірақ, Мансұр би болған кезде Қадырберді тірі болмаған. Қырыми әкесі қайтыс болған соң, Мансұр «Орыс Ордасында» жасырынды дегенді айтады. Осыдан соң Еділге қайта оралып, Гияс ад-Дин ханның тұсында би атанады. Екі жылдан кейін хан қайтыс болғанда, Мансұр таққа Күшік Мұхаммедты отырғызады. Көп ұзамай жасы кішкентай ханнан суынып, Жантемірдің қарсы үгітіне қарамастан, шығыс ханы Орыс ханның ұрпағы Баракты қолдауға шешім қабылдайды. Бұл одақ кейіннен башқұрт аңызына негіз болып, онда басты кейіпкер «Барақ сұлтан мен Мансұр» маңғыттардың астанасы Сарайшықта тұрады [108, с. 80].

Мансұр Барак кезінде беклербек болса керек, өйткені олар оң қанат тағынан үміткер – Ұлық Мұхаммедпен шайқасқа бірге қатысқан. Ұлық Мұхаммедтің түрік сұлтанына 1428 жылы 14 наурызда жазған хатынан 1426 жылы сол қанат әскерінің жеңілгені «және біз Барак пен Мансұрды қашуға мәжбүрледік» деген анықтамасы белгілі [109, с. 54].

Осы жеңілістен соң одақтастардың арасына жік түседі. Қадырали бек Мансұрды Барактың өлтіргені туралы жазады [94, с. 56]. Ноғайдан шыққан астрахандық татарлардың аңызында бұл қақтығыс былайша өрбіген: «Хорезмде Барак хан билік еткен кезде Мансұр мырза Хиуаға шапқыншылық жасайды және сол жерде Барактың жарлығымен көзі ойылып, зорлықпен өлтіріледі» [110, с. 54]. Мүмкін бұл жерде жеңілген хан мен беклербек арасындағы қандай да бір қақтығыс көрсетілсе керек. Осыдан кейін Барактың жанында болған Едігенің ұлдары Ғази мен Наурыз бірден батысқа, Күшік Мұхаммедке қашады. Көп ұзамай (1428 жыл шамасында) олар ірі әскери күшпен келіп, Баракты талқандап, өзін өлтіреді. Оларға Мансұрдың бұрынғы бодандары көмек көрсетеді. Барактың «Қазы-Наурызбен» соғыста қаза тапқаны туралы Қадырали бек те еске алады [97, с. 75].

Көріп отырғанымыздай, маңғыт аристократиялық дәстүрі тоқтап қалмаған: «Эдигу уругу маңғыты» үнемі өздерін

беклербек ретінде қасынан көргісі келетін билеушілерді тауып алып отырған. Осы айтылған оқиғалардан соң, Ғази Кіші Мұхаммедтің биі, ал Наурыз бір мезгілде хан болған Ұлық Мұхаммедтің биі болады. Соңғы екеуінің қызметі он жылға жуық жалғасын тапқан, кейіннен олардың арасында терең алауыздық пайда болып, Наурыз Кіші Мұхаммедтің ордасынан кетіп қалады (Ғази ол кезде қайтыс болған). Наурыздың Еділ бойына келгенін оның тайпаластары естеріне ұзақ уақытқа сақтаған. 1562 және 1563 жылдары Мәскеуге жіберілген ноғай грамоталарында, Еділдегі жерлердің арасында «Наурыз князь жері», «Бузан жағасындағы Наурыз Сарайы» деген атаулар кездеседі [84, с. 94].

Оның қайтыс болған уақыты белгісіз. Тек болжам жасау үшін мынадай мәліметтерге назар аударуға болады. Орыс жылнамасы 1440 жылы күзде «Үлкен Орда ханы Махмет өзінің үлкен князы Мансупты өлтірді және сол кезде Ордада көп татар өлді» деп көрсетеді [66, с. 30-31].

Мансуп деп отырғанымыз – бұл Мансұр. Бірақ, оны бұдан 13-14 жыл бұрын Барақ өлтіргендіктен, жылнамашыға Мансұрдың ағасының Кіші Мұхаммедпен қақтығысқа түскен «үлкен князь» Наурыздың өлгені туралы хабар жеткен болу керек деген болжам жасауға болады. Енді Еділ мен Ембі арасындағы Маңғыт Ордасының тікелей аумағына тоқталайық. «Барақ қайтыс болған соң Едіге ұрпақтары Алтын Орданың шығыс бөлігін толықтай өздеріне қаратып алды» деген М.Г. Сафаргалиевтің пікірімен келісу қиын [84, с. 95].

XV ғасырдың басында Жайық даласы Алтын орда ханы – шайбанид Болат басқарған маңғыттардың иелігіне қарады. 1411 жылы ол Сарайдан қуылады және оны Тоқтамыштың баласы Жалел ад-Дин өлтіреді. «Болаттың қазасынан кейін, – деп жазады Әбілғазы, – оның екі ұлы Ибрахим мен Араб-Шах әкесінің иелігін бөліп алып, бірге өмір сүрді, жазда Жайықтың жоғары жағындағы жайлауда, қыста Сырдағы қыстауда көшіп-қонды» [10, 183-184 б.].

Сондықтан, шайбанидтер жыл сайын маңғыттардың жерін

кесіп өткен және сол жерде жазда қоныстанған. «Болат хан өзіне Жайыққа маңғыт мырзаларын шақырды» деуіне қарағанда Маңғыт Ордасының әлі де болса Жошы хандығының құрамдас бөлігі болып саналған [106, с. 206].

Сондықтан Жошы ұрпақтары еш кедергісіз оны өздерінің маусымдық көші-қон аумағына енгізген. Кейінірек, Сарайшық Кіші Мұхаммед ханның иелігі ретінде де қарастырылды. 1428 жылы ол Едігенің баласы Ғазимен бірге Бараққа қарсы күресте көрсеткен көмегі үшін Аяз дегенге Сарайшық даруғасы деген лауазымды сыйға тартады [84, с. 95]. Осы уақытта Көк Орданың батыс иеліктеріне Шыңғыс әулеті мен және маңғыттар билік жүргізген. Дештінің Еділ бойындағы басқа барлық ұлыстарында Шыңғыс хан ұрпақтары: Сарысу мен Ембі өзендерінің бойында Жұмадық, Тобыл мен Есіл арасында Махмұд Қожа, Атбасардың сол жағалауы мен Есілдің оң сағасында Мұстафа, Ертістің сол жағалауында оған Тобыл құятын тұсқа Дәулет билік құрады. Аталған тұлғалардың барлығы да Шайбан әулетінен тарады [96, с. 42-44].

XV ғасырдың бірінші ширегінің аяғына дейін Маңғыт Ордасының халқы хандар арасында болып жатқан бүлік пен қақтығыстардан еш зардап шекпеді. Деректерде берілген жалғыз ғана ірі сілкініс – Барақ ханның өзінің одақтасы, кейіннен қарсыласына айналған Мансұрды аумақтың ең түкпіріне қоныс аударуға мәжбүрлеуі болды. Барақты құлатуға қатысушылардың бірі Едігенің баласы Ғази болғаны белгілі. Қадырали бек ол жөнінде Едіге мен Мансұрдан кейін маңғыттардың басшысы ретінде естіген [97, с. 83].

Кухистани мен Кипчакхан оның жеке дара билеуінің кейбір жағдайларын ашып көрсетіп, Ғази «өз әкесінің үлгісі бойынша, халық пен тайпаның басшысы болды және өз билігінің қол астына аймақ пен тайпаларды әкелді», – дейді. Ол өзін жеткілікті дәрежеде бір өзі билеп төстейтін басшы ретінде көрсетсе керек. Ал бұл өз кезегінде қатал жеке дара билеушілікті ұмытқан көшпелі ақсүйектердің наразылығын туғызды. Шығармада би «ығыстырды, қолын ұзартты»,

«күштеу мен қанау қолын созды, әділеттік шеңберінен шықты және қайырымдылық жолынан тайды», – дейді [4, с. 141, 390].

Сол уақытта, яғни өмірінің соңғы жылдары Ғази Жұмадық ханда беклербек болса керек, өйткені оның ұлысы Маңғыт Ордасына жақын орналасты. Ұзақ уақыт бойы мырза өзінің ағасы Наурыздан айрылмаған, көптеген деректерде олардың аттары да бірге «Ғази-Наурыз» деп жазылған, яғни кейінгі авторлар оларды бір адам деп қабылдаған. Наурыз Кіші Мұхаммедтің сарайында қызмет істеген, алғашында Ғази да онымен тығыз байланыс орнатқан. Сондықтан 1428 жылы Ғазиға басқа сүйеуініш жасайтын адамды іздеу керек болған. Қалай болғанда да, Ғазидың өзім білемдігіне наразы топтар Жұмадыққа шағым айтқан. Нәтижесінде би бүлікшілер қолынан қаза табады. Кухистанидың нұсқасы бойынша, кісі өлтірушілер хан ордасында «жоғары мәртебелі ханның ұлы әмірлері мен қызметшілері қатарында» тұрған. Сонымен қатар, Жұмадық олардан қорыққан, сол себепті оларға назар аудармайды. Бұған ренжіген бектер болса оны тастап, ханзада-оғлан Әбілхайырға қосылады [4, с. 141].

Кипчакхан бұл оқиғаны басқаша суреттейді. Оның шығармасында Ғази көшпелі ақсүйектердің Әбілхайырмен өзара келісудің нәтижесінде қаза табады. Өз беклербегінің өлтірілгеніне ашуланған Жұмадық өзінің боданы болып саналатын Әбілхайырға қарсы соғысқа шығады, бірақ шайқаста өлтіріледі. Әбілхайыр «жеңімпаз хан ретінде негізгі ордаға келеді» [4, с. 390].

Осылайша 1420-жылдардың екінші жартысында Маңғыт Ордасы әлі дербес болмаса да, маңызды күшке айнала бастады. Батыс ұлыстарындағы секілді, Еділ бойындағы маңғыт билері де беклербек лауазымын сақтап қалды. Едіге қайтыс болған соң оның біз білетін ұлдарының барлығы түрлі хандардың қасында осы лауазымды иеленді: Мансұр – Қажы Мұхаммед немесе Гияс ад-Дин, Кіші Мұхаммед пен Барақ, Наурыз – Ұлық Мұхаммед пен Кіші Мұхаммед. Кейкуат – Болат, Ғази – Кіші Мұхаммед пен Жұмадық жанында. Келтірілген билеушілердің

көпшілігін билік басына Едігенің ұрпақтары қойып немесе ауыстырып отырды. Дегенмен осы хандардың ішінде Әбілхайыр маңғыттармен тіл табыса білді, өйткені, олардың соңында Орданың көп адамы мен көп тайпалық халық тұрды. Оның хандық құруы кезінде (1428-1468 жыл) олар алдымен жоғары билік иесіне сенімді сақтады. Әсіресе, Әбілхайыр мемлекетінде – Едіге ұрпақтарынан ең алдымен Нұр ад-Диннің ұлы Уаққас би ерекшеленеді. Оның аты алғаш рет 1428 жылы Чинги-Тур қаласында Әбілхайырды таққа отырғызуға қатысушылар құрамында айтылады [4, с. 143].

Шайбанид тарихшылары Уаққасты Әбілхайырдың «қазақшылық» кезінен келе жатқан серіктерінің қатарына қоспай, «оның мықтылығы бекіген кезде» ханның қасына келгендер, Әбілхайыр «елді жаулап алғаннан кейін» «жан-жақтан келгендер» қатарына жатқызылады [4, с. 96-97].

Уаққастың жаңа билеушіге қосылуын Маңғыт Ордасының бұрынғы басшысы Ғазидың кебін киюден және көрші Мұстафа ханнан қорыққандығымен түсіндіруге болады [96, с. 46]. Бірақ, оның ең басты себебі, біріншіден, Орданың бүлік пен індеттерден әлсіреуі; екіншіден, Нұр-ад-Дин бекзадасының Әбілхайыр сарайында Едіге отбасы үшін дәстүрлі болған беклербек лауазымын иеленуге ұмтылуынан туындады. Нәтижесінде осы дәрежені Уаққас иемденген. Онымен хан арасында кем дегенде жиырма жыл бойы тығыз қарым-қатынас пен одақтастық орнайды. Қадырали бек олардың достығы жөнінде былай деп жазады: «Олар бір ыдыстан тамақ ішкен, біреуі бір шетінен, екіншісі басқа шетінен, бір уақытта біреуі хан, екіншісі бек болды» [94, с. 157]. Еуропаға дейін маңғыт биі жөнінде «ұлы ханның көрнекті қызметшісі мен әскері» деген хабарлар жеткен [111, с. 171].

Мұсылман хронистері Уаққастың ең басты жетістігінің бірі өз ханы үшін «екі рет Саин хан бағын жаулап алуы» болды. Осыдан кейін Әбілхайырдың атымен құтба оқылып, монета соғылды және оның атымен «Саин хан тағы безендірілді» [4, с. 67].

Бұл жерде Уаққастың Батыйдың бұрынғы көшпелі Ордасы Орда базарға жасалған шабуылға және Әбілхайырдың қарсыластары Ахмед пен Махмұд хандарды талқандауға қатысуы айтылады. Лауазымына сәйкес беклербек хандықтың әскери күштерін басқарып, 1430-1440 жылдардың басындағы барлық ірі шайқастарға қатысқан. Шын берілгендігі үшін Уаққасқа Сырдарияның сол жағалауындағы Өзгент қаласы сыйға тартылған [4, с. 159].

Бұл одаққа Уаққастың Әбілхайырға тәуелсіз Шығыс Дешт Қыпшақтағы соңғы хан – Мұстафаның жағына өтуі де ешбір көлеңке түсіре алмады. Әбілхайыр хан әскері Мұстафаны тас-талқан етіп жеңеді және оның Сырдарияға жасаған келесі жорығында Уаққас қайтадан оның үзеңгілес серіктестерінің қатарында қосылады [4, с. 156-159].

Бұл оқиғалар 1440 жылдардың орта тұсында болуы мүмкін, өйткені 1440 жылдың соңымен 1450 жылдың басында Әбілхайырдың Тимуридтермен болған жаңа қақтығысында Уаққас қатыспаған. Б.А. Ахмедов Мұстафаның талқандалуы мен Сырдария қалаларына жорықтарды 1446 жылдары орын алған деп көрсетеді [90, с. 162].

Маңғыттар наймандар, ұйғырлар және тағы басқаларымен бірге Әбілхайыр мемлекетінің оң қанатын құрады [96, с. 39]. Маңғыттардың хандықтағы жоғары дәрежесі мен оған билеушінің жақсы көзқарасына неке байланысы да ықпал жасаған. Әбілхайырдың екі ұлының шешесі осы тайпадан шыққан. Маңғыт Ордасы Әбілхайырға бағынышты ұлыстардың ішінде жоғалып кетпеді. Оның билеушілерін туралы жаза отырып Қадырали бек былай деп көрсетеді, «Ғазидан кейін Нұрадиннің ұлдары Афас пен Уаққас билеуші болған», яғни Уаққас пен оның мұрагері Аббастың кезектері – хроникада теріс берілген [97, с. 83]. Уаққас билігі кезінде маңғыт иеліктерінің саяси дербестігі Үлкен Ордамен қақтығыстан көрінеді, оған Әбілхайыр оның болашақ ханы Ахмедті жеңген соң айтарлықтай қатыспаған. 1560 жылдардың ортасындағы «Қазан жылнамасы» Мәскеуде II Василий билеуші болған

кездегі (1425-1462 жыл) Жошы ұрпақтары жеріндегі жағдайды былайша суреттейді: үлкен ордалық хандарға батыстан қырымдықтар, солтүстіктен – мәскеуліктер, «ал арт жағынан маңғыттар қатты қыспаққа алды. Маңғыттар Жайық өзенінің бойында тұрады» [89, с. 14]. Маңғыт Ордасы мен Ордалықтар арасындағы жауласу Шалкиіз Тіленші ұлы жыраудың шығармасында да көрініс тапқан: «Өзімнің он ұлыстық ноғай ордасына қарасам, жексұрын Оқас мырзаны көрем, жексұрын-қаскүнемдер жиналып бірнәрсе ойластыруда. Мына бақытсыз әлемнің, тұңғыыққа батқанын көрем» [112, с. 51].

Яғни, Уаққас сарай хандары үшін айтарлықтай қауіп төндірген және ол Қырыммен байланысқа жасауға тырысқан. Уаққас кісі қолынан қаза тапқан. Матвей Меховский «Уаққас, көрнекті жауынгер және ұлы ханның қызметшісі өлтірілді» деп жазып алған [111, с. 92-93]. Матвей Меховскийдің трактатын пайдаланған Блез де Виженер, биді өлім жазасына кесілген деп нақтылайды [113, с. 87]. М.Г. Сафарғалиев болса ол Әбілхайыр тыңшыларының қолынан қаза тапқан деген қорытынды жасайды [49, с. 229].

Бас әскери қолбасшының Мұстафа хан жағына өтіп кетуі өзбек билеушісінің күдігін тудыруы тиіс болса да, оның өмірінің соңғы сәтіне дейін «көрнекті жауынгері мен қызметшісі» деген беделін сақтап қалған маңғыт билеушісінің өліміне қатыстылығын дәлелдейтін ешқандай дерек жоқ. Қазақ шежіресінің бірі Уаққасты оның немере інісі Қожас мырза (яғни Қажы Ахмед) өлтірген деп көрсетеді [85, с. 437].

Бұл айтылған шындыққа жанасады: орнынан тайдырылған және өлтірілген Ғазидың баласы өзінің табысты ағасына кек сезімін сақтауы мүмкін. Уаққастың қазасы жөнінде ескертіп өткен Матвей Меховский, осыдан кейін «оның балаларының басты Ордадан бөлініп шыққандығын және қазіргі 1517 жылға дейінгі жылдан жетпіс жыл бұрын Сарай қаласының маңына қоныстанғандығын, сонымен қатар, олардың көп ұзамай өсіп-өніп, осы кезге дейін сандарының өте көп өскендігін және ең ірі ордаға айналғанын» жазады [111, с. 171]. Уаққас ұрпақ-

тарының Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығуы бидің қазасынан кейін орын алғандығы анық айтылады. Оның болған уақыты «екі Сарматия туралы трактат» бойынша шамамен 1447 жыл деп берілген. Шындығында, 1446 жылы Сығанаққа шапқыншылық кезінде Уаққас ханның қасында болған және одан басқаруға Өзгентті алған, ал 1450 жылы Тимуридтік Абдулламен қақтығысында оның аты еске алынбайды. Маңғыт Ордасының Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығуы Уаққас ұлдарының 1440 жылдың аяғында әкелерінің қазасынан кейін Әбілхайырға бағынудан бас тартуы болып табылады. Бұл, біріншіден, Матвей Меховскийдің «Трактатында», екіншіден, маңғыттардың Әбілхайырдың тірі кезінде-ақ «екінші» билеушіні таққа отырғызуынан туындайды. Уаққас саяси бағытта Әбілхайырмен салыстырғанда әлсіздеу Жошы ұрпағына алмастыру пиғылы оның мұрагерлеріне де беріліп, олар оны іске асырса керек. XV ғасырдың екінші жартысындағы оқиғаларды сипаттаған деректер, бір уақытта қызмет атқарған бірнеше маңғыт билерінің есімдерін атайды: 1) Уаққастың інісі Аббас. Ол 1470 жылдары белсенді болады, содан кейін тарих сахнасынан жоғалып кетіп, 1490 жылдары қайта пайда болады; 2) Хорезми, ол туралы тек Қадырғали бек қазақтармен болған соғысқа байланысты ғана айтады 3) Мұса, тәуелсіз Маңғыт Ордасының, яғни Ноғай Ордасының негізін қалаған. Дешті Қыпшақ халқының фольклорында Мұсаның бейнесі оның әкесінің інісі Аббас пен өз ағасы Хорезмидің бейнелерін толықтай алмастырады. Башқұрт аңызы «Мұрадымның» (Нұр ад-Дин) мұрагері ретінде «Мұса ханды» көрсетсе, Астрахань татарлары «Ноғайларға қатысты билікте Оқастың мұрагері ұлы Мұса би болғанын» айтады [110, с. 54].

Дешті Қыпшақта маңғыттардың саясатын осы Мұса жүзеге асыра бастады. Оның өжет мінезі мен саяси белсенділігіне арқасында маңғыттар Әбілхайырдан бөлініп шығып, Сарайшықтың аумағында түпкілікті қоныстанады. 1455 жылғы оқиғаларды суреттеген Әбілғазы әкесінің өлімі үшін кек алған Мұсаның Құлжаспен арадағы қақтығыстарды баяндайды.

Алайда Мұса бұл шайқаста толық жеңіліске ұшырап, Жәдігердің ұлы шайбанид Берекеден өзіне көмек пен қолдау сұрайды. Берекеде Мұсаның келуін қуанышпен қабылдайды. Өйткені, жоғары дәрежелі маңғыт ақсүйегінің келуі оған хан тағын иемденуде мүмкіндіктер туғызды. Ол уақытта ханның жанында міндетті түрде маңғыттардан шыққан беклербек болуы тиіс деген қалыптасқан дәстүрге сәйкес маңғыт көшбасшысы Жошы ұрпақтарының қайсысының жанында беклербек болатынын шешсе, сол маңғыттар қолдауымен хан болып сайланатын. «Сенің келгеніңе өте қуаныштымын, – деді Береке, – Менің әкем хан болсын, ал сен оның сарайында ұлы бек боласың». Оның көп адамдық ұлысының қолдауына мүдделі Мұса келісім береді. Осыдан кейін Дештінің тайпалары Жәдігерді «ақ киізге көтеріп хан сайлайды» [10, 167 б].

Осылайша күтпеген жерден ешқандай еңбегі сіңбеген ханзада хандық дәрежені алып, Мұсаға беклербек лауазымы сыйға тартылды және ол марқұм Уаққастың сарайдағы жағдайы секілді құқықтарды иемденді. Осыған байланысты Әбілғазы сол кездегі тайпалардың арасында қалған мынадай мәтелді келтіреді: «Әбілхайыр хан Уаққас бимен қалай болса, Жәдігер хан Мұса бимен сондай болды» [10, 189 б]. Береке мен Мұсаның біріккен шабуылынан Құлжас талқандалып, артынша өлтіріледі, ал оның отбасы мен ұлысы жеңімпаздардың қолына өтеді [10, 168 б].

Мунис Жәдігердің «Береке сұлтан мен Мұса бидің ықпалымен» хан болуын 1457-58 жылы орын алған деп көрсетіп [4, с. 436], Әбілғазы секілді Жәдігердің хан болуы Әбілхайырдың көзі тірісінде жүзеге асырылған деп есептейді. Молла Шади Жәдігерді Әбілхайырдың мұрагері деген [4, с. 56], ал басқа деректер бойынша Әбілхайырдан кейін билікке оның ұлы Шейх Хайдар отырғанын көрсетеді. Жәдігер Әбілхайырдан кейін бірден қайтыс болса керек. Қалай болса да, Шейх Хайдардың қарсыластарының қатарында тек Береке ғана көрсетіледі. Яғни, Шейх Хайдар билігіне бағынғысы келмеген

Дешті Қыпшақтың билеушілері Әбілхайырдың әулетін тақтан тайдыру кезінде уақытша болса да өзара бірігеді. Оған: Түмен Ордасынан Ибақ, Әбілхайырдың бұрынғы қарсыласы, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек, шайбанид Береке, маңғыт мырзалары Жаңбыршы, Аппаз және Мұса билер кірді [4, с. 99]. Осыншама күшке жалғыз қалған Шейх Хайдар оларға төтеп бере алмай қаза табады. Шейх Хайдардың қаза табуы Ноғай Ордасының жеке дербес мемлекет ретінде өмір сүруіне жағдай жасап қана қоймай, Дешті Қыпшақта ең басты рөл атқаруына негіз қалайды.

1.3 Көшпелі өзбек мемлекетінің құрылуы және Әбілхайыр хан

XIII ғасырда бүкіл Ұлы Дала әдебиеттерде Алтын Орда деген атауға ие болған, монғол мемлекеті Жошының ұлыстарына кіргені белгілі. Алтын Орда халқы ұлттық құрылымы жағынан әртүрлі болды: бір бөлігін моңғолдар бодандығындағы отырықшы халық құраса, негізгі бөлігін халық болып қалыптаса қоймаған көптеген түрік тілдес көшпелі рулар мен тайпалар қалады. Дереккөздерде XIII-XIV ғасырдың бірінші жартысындағы оқиғаларды суреттеуде Жошы Ұлысының көшпелі халқын анықтау үшін монғол, татар, түріктер, қыпшақтар деген сөздер қолданылады. XIV ғасырдың орта тұсынан бастап бұл мемлекеттің халқы жинақталып өзбек деген атпен атала бастады. Өзбек атауының шығу тегі түпкілікті анықталмаған. Бұл сөз негізінен XIV ғасырдан ерте кезеңдерде де кездеседі.

Жалпы есім ретінде бұл сөз алғаш рет XIV ғасырдағы парсы тарихшысы және географы Хамдаллах Мустауфи Казвани (1350 ж. қайтыс болған) еңбектерінде кездеседі. Алтынордалықтардың 1335 жылғы Әзірбайжанға әскери жорығын жазу кезінде ол Өзбек ханның әскерін өзбектер (өзбекиан), ал Жошы ұрпағының ұлыстарын – Өзбек мемлекеті (мамлакат-и узбеки) деп атайды. Кейініректегі иран және түркі тілдес авторлар

Өзбек ханның (1313-1341 жж. билік құрған) атын кеңінен таратты. Оның кезінде Алтын Ордада ислам дінінің үстемдігі орнап, оның мұсылман мемлекеттерімен мәдени-экономикалық байланыстары нығая түсті. XV ғасырдан, яғни Алтын Орда тарағаннан және оның жекелеген бөліктерінің саяси егемендік алуынан бастап өзбек сөзі Ұлы даланың батыс бөлігінің қолдануынан мүлдем жойылып, тек Шығыс Дешті Қыпшақтың түрік тілдес көшпелі тайпаларының атауында ғана қалды. Кейін мұсылман авторлары олардың мекендейтін аумағын белгілеу үшін Өзбек ұлысы атауын қолдана бастайды. Осылайша, сол кездегі өзбек ұлысының құрамына қазіргі Орталық, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс және Батыс Қазақстанның аумақтары енді. XV ғасырдың 20-жылдарында Өзбек ұлысының барлық жерінде соғыс оты тұтанып, ендігі кезекте бұрынғы Алтын Орданың орнына келген ұлыстардың хандары орталықтағы билік үшін емес, бір-бірін бағындыру жолында соғысады. Мәселен, 1421 жылы Дешті Қыпшақтың ханы ретінде Ұлық Мұхаммед аталғанымен, онымен Барақ және Құдайдат хандар тайталасқа түседі. Бұл хандардың ішінде Ақ Орданың ханы ерекше белсенділік танытып, 1422 жылы 31 тамызда бұрынғы Алтын Орданың батыс бөлігіне барып, алдымен Құдайдатты талқандаса, артынша Ұлық Мұхаммедтың иелігін қиратады. Алайда Барақ хан Жошы ұлысының батыс бөлігінде жақтастары аз болғандықтан, оны ұстап тұруға шамасы жетпейді де, 1423 жылы Ұлықбектің иелігіне кетеді. Алтын Орданың батысында қайтадан Ұлық Мұхаммедтің билігі орнайды [44, с. 533].

Жошы ұлысындағы билікке таласқан Барақ пен Ұлық Мұхаммедтің арасындағы тартысты күресін тимуридтер өз мүдделеріне қарай пайдалануға тырысқан. Мәселен, Ұлықбек Бараққа қолдау көрсетсе, Шахрух Ұлық Мұхаммедпен достық қатынас орнатады. Бұл жерде Шахрухқа екі жүзді саясат ұстануына тура келді. Біріншіден, ол Ұлық Мұхаммедтің Жошы ұрпақтарының арасында ең беделді билеушілердің бірі екенін жақсы білді және онымен санаспауына болмады.

Екіншіден, Шахрух Ұлық Мұхаммедке сөзбен ғана қолдау көрсетті, ал шындығында Жошы ұлысындағы тәртіпсіздік пен өзара тартысты қолдап отырды. Ұлық Мұхаммедке келетін болсақ, ол елшілер арқылы Барақ пен Ұлықбектің одағын ыдыратуға, өзінің басқа да Ақ Орда тағынан үміткерлерімен күресінде тимуридтерді бейтарап қалдыруға ұмтылды.

1424 жылы Ұлық Мұхаммедке Құдайдат хан шабуыл жасайды. Литваның князы Витовтқа арқа сүйеген Ұлық Мұхаммед Құдайдаттың әскерінің тас-талқанын шығарады. 1425 жылы Ұлық Мұхаммед батыс аймақтағы ұлысына қайтып келеді. Дегенмен оның билігі Кама бұлғарлары мен Астраханның маңайынан аспады. Тіпті оған Алтын Орданың астанасы болған Сарай қаласы да қарамады. Яғни Ұлық Мұхаммедтің кезінде Алтын Орданың иелігі ресми түрде Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп, олардың шекаралары Еділ өзенімен шектелді [44, с. 533].

Ал Алтын Орданың Шығыс бөлігінде хандық билік шайбанид Қажы Мұхаммедтің қолында болды. Ол Сарайшықтың маңынағы тайпаларға Едіге өлгеннен кейін оның баласы Мансұрдың көмегімен таққа отырған болатын [78, с. 106]. 1425 жылы Ұлықбектің көмегімен Барақ хан Жайыққа келіп Қажы Мұхаммедті шайқаста жеңіп оны Сібірге қуып шығады да, бүкіл шығыстағы билікті өз қолына алады [45, с. 194-196].

Бірақ, көп ұзамай Мауреннахр мен Жошы ұлысының арасындағы тату көршілік қатынастар Барақтың шапқыншылық әрекеттерінің арқасында бұзылады, ол Сығанақты басып алып, Сырдарияда орналасқан тимуридтер иелігіне қол сұқпақ болады. Мұның аяғы қарулы қақтығысқа әкеп соғып, нәтижесінде Сығанақтың түбінде өткен шайқаста Барақ хан Ақсақ Темірдің немересі Ұлықбектің әскерін талқандайды [114, с. 194-196].

Бұл шайқаста Барақтың ханның әскері жеңіске жетіп қана қоймай, оларды өкшелей қуа отырып, кезінде Ақсақ Темірдің Алтын Орданы ойрандағанындай Мауреннахр мен Түркістан

өлкесінің әр ауданын қиратып, тонауға ұшыратады да, Сыр бойына қайтып кетеді. Барақ хан 1428 жылы белгісіз жағдайда қаза табады. Сол жылғы Барақтың өлімі Жошының шығыс ұлысындағы биліктің Қажы Мұхаммед бастаған шайбанидтер әулетінің қолына өтуімен аяқталды. Алайда шайбанидтердің арасында да өзара бірлік болмай, билік үшін тайталас басталады. Барақ хан өлмей тұрып-ақ шайбанидтер өздеріне хан етіп Қажы Мұхаммедтің орнына Жұмадықты сайлайды. Шайбанидың бұл таңдауына қарсы шыққан Қажы Мұхаммед маңғыттарға сүйене отырып 1428 жылы Жұмадықтың жақтастарын талқандап, көбісін тұтқынға алады. Қолға түскендердің арасында он алты жасқа толған Әбілхайыр ханзадада болатын. Ол Жамадық әскерінің сол қанатын басқарған еді [115, с. 86].

Қажы Мұхаммед хан оның жастығын ескеріп кешіреді де, сол жылы босатып жібереді. Өз ұлысына барған Әбілхайыр ханзада Жұмадық ханның бұрынғы жақтастарын маңайына жинайды. Бұл уақытта Барақ ханмен күресіп жатқан Қажы Мұхаммед Әбілхайырға еш кедергі жасай алмайды. Нәтижесінде 1429-1430 жылдары дүрмен, маңғыт, қият, қосшы, найман, қытай, қоңырат, отаршы, өкіреш найман, табын, таймас, жат, ұйғыр, қарлұқ, үйсін, құрлаут, түмен-мың, танғұт және тағы басқа да рулардан құралған Дешті Қыпшақ тайпалары Әбілхайырды хан тағына отырғызады.

Сол кезде жазылған деректегі мәліметке назар салсақ, онда Әбілхайырды қолдап таққа отырғызған Дешті Қыпшақ тайпаларының билеушілері мен билері және батырлардың тізімі беріліп, былай делінеді: «Барлық әмірлер, әскери қолбасшылар және басқа да атақты адамдар Құл-Мұхаммед Саид, Қара-Саид, Бұзынжар би Қият, Уаққас би Маңғыт, Шайх-Сары оғлан, Хасан оғлан Шынбай, Тасбек оғлан Итжан, Бахыт Жат, Сатық би, Сүйінші би, Дәулет-Сопы оғлан, Барақ оғлан, Мұрат-Сопы оғлан, Табут, Мұхаммед би, Жақып Дүрмен, Қарақұдай Дүрмен, Төлқожа би Қосшы, Мұрат-Сопы Отаршы, Дәулетқожа Қосшы, Шайх-Сопы Найман, Ақ-Сопы Найман,

Қара Осман Найман, Ақбақыр Өкреш Найман, Жүсіпқожа Өкіреш Найман, Құдайберді тархан, Момыш Тұбай, Керейқожа батыр Таймас, Сопыбек Жат, Қажымырза Жат, Жұмадық батыр, Сабыр-Шайх Тұбай, Жәдігер батыр Тұбай, Күңгірбай Барак, Тыршық би Дүрмен, Болат батыр Қытай, Кебек би Ұйғыр, Хасан би Ұйғыр, Жабағы Ұйғыр, Бай-Шайх Ұйғыр, Мәлік Қарлұқ, Төлқожа Найман, Хәкім-шайх Қосшы, Ақша Қосшы, Темір-Шайх батыр Кенегес, Осман батыр Үйсін, Қылышбай батыр Үйсін, Төлқұжа би Құбай, Тіршік би дүрмен, Сары Шыман Маңғыт, Құтлық-Бұқа тархан, Жағалқожа Қоңырат, Қожалақ Құрлауыт, Шайх-Мұхаммед батыр, Бірімқожа батыр Ұйғыр, Бахтықожа Ұйғыр, Сапарқожа Маңғыт, Қожамен Маңғыт, Тәңірберді Дүрмен, Інкеқожа Дүрмен, Төлқожа Түмен-Мың, Орыс Қоңырат, Омар Найман, Төлқожа Найман, Дәулет-қожа Жаршы және басқалары күдіретті билеуші сарайына келіп, жеңімпаз сарбаздары мен бақытты нөкерлері қатарынан орын алды. 17 жасында 833 ж. (Хижра жылы) (1428-1429 жж.) Әбілхайыр таққа ие болды» [10, с. 144].

Міне, осының өзінен-ақ Әбілхайырды Дешті Қыпшақ ақсүйектерінің көп бөлігінің қолдағанын көреміз. Бұл пікірімізді Махмуд ибн Уәлидің «Әбілхайырды 200-ден астам тайпа, ру басшылары қолдаған» деген түйінді сөзі толықтыра түседі [10, с. 117]. Әсіресе, Әбілқайырды таққа отырғызуда маңғыттарды биі Уаққас пен Сары Шыман және Алаша батырлар ерекше белсенділік танытады [78, с. 59]. Осыған байланысты тарихи жазбаларда мынадай мәліметті табамыз: «Осы соғыста 16 жастағы Әбілхайыр алланың рахымымен теңіздей терең, кеңістіктей шексіз қайырымдылығы, рахымы жауып, Әбілқайырдың кескін, тұрпатынан Сары Шыман үстем биліктің нысанын танып, оны қорғауда, тәрбиелеу, қызметке көтеруде көп рахым жасады» [4, с. 142]. Жалпы Әбілқайыр ханның тұтас билікті қолына алуына сол кездегі ел ішіндегі саяси жағдайлар итермелеген. Рулар, тайпалар, ұлыстар арасындағы бітіспес дау-жанжалдар, бір-бірімен жүргізген

тонаушылық соғыстар мен көріністерге қарапайым халықтың наразылығы тұтас көшпелі өзбектер мемлекетін бір орталықтан басқаратын билеуші іскер ханды қажет етті. Осының бәрі қалың әскері бар тұтас мемлекеттің, яғни Әбілхайыр хандығының құрылуына негіз қалады.

Сонымен Әбілхайырдың билік басына келгенін естіген Қажы Мұхаммед болса, бүкіл әскерін бастап Сібірге келеді. Тобыл өзенінің бойында өткен шайқаста Әбілхайыр хан Қажы Мұхаммедті жеңіп, кейін оны өлтіреді. Осы жеңістен соң Әбілхайыр өзінің жеке ұлысын құруға мүмкіндік алады. Әбілхайыр негізін қалаған хандық бұрын ыдырап кеткен Алтын Орданың үйіндісінен қалыптасты немесе Жошының бұрынғы Шығыс Дешті Қыпшақтағы иелігін қайта жандандырды. Басқаша айтқанда, Әбілхайыр хандығы көшпелі түрік тайпаларының тарихи қажеттілігіне сай туындаған мемлекет ретінде пайда болды және ол басқарған қырық жылдың ішінде мыңдаған үлкен және кішігірім оқиғалар орын алды. Өйткені, көшпелі ақсүйектердің талабы бойынша Әбілхайыр хан кезінде Алтын Ордаға бағынышты болған Орал өзенінің шығысында орналасқан барлық облыстарға өз билігін таратуды көздеді. Сондықтан ол 1428-29 жылдары Атабек, Кебекқожа және тағы басқа да ақсүйек билеушілермен бірге Тураға жорық жасайды.

Бұл жорыққа аттанудағы Әбілхайыр ханның алға қойған түпкілікті жоспары деректегі мәліметтерде былай беріледі: «Құдай қолдап, Тәңір жарылқап тұрған кезде төрт құбыласы сай Әбілхайыр ханның бүкіл әлемге әмір жүргізуге аңсары ауды. Жаратқан иесінің жар боларына сенім артқан ол дүниені жаулап алудың алғашқы бастамасын Тура қаласына жеңіс туын тігуден бастамақ болды» [4, с. 165]. Яғни, қаланы еш қарсылықсыз бағындырған Әбілхайыр ханға оның билеушілері тізе бүгіп алдынан шығады: «Жеңіс туын Тура қаласының төрінде желбіреткен әлем билеушісіне қала әкімі Атабек бүркіт пен Кебекқожа би барлық ру, тайпа көсемдерімен, әскери қолбасшыларымен бірге қол қусырып, бас иіп құлшылық

етеді» [4, с. 165].

Әбілхайыр хан қаланы 1446 жылға дейін өзінің астанасы етеді. Сонымен қатар, Әбілхайыр сол қалада өз атынан монета акша соғады. Әбілхайырдың бұл алғашқы жеңісі туралы хабар бүкіл Дешті Қыпшаққа тарап, оған жан-жақтан сұлтандар мен оғландар және көптеген тайпалардың басшылары өз руларымен келіп қосыла бастайды. Олардың арасындағы ең беделдісі Арабшахтың ұрпағы Қыдыр ханның баласы Бақтияр сұлтан болды. Ол өмірінің соңына дейін Әбілхайырға шын беріліп, оның әскеріне басшылық жасады [4, с. 168].

Өз жеңісін тоқтатпаған Әбілхайыр хан келесі жылы Қағанбек-тің ұлы шайбанид Махмұд Қожа ханды Тобыл жағасында жеңіп, оны алдымен тұтқынға алады да, кейін өз бұйрығымен өлтіреді. Осылайша Махмұд Қожаның ұлысын өз иелігіне қосып, Тураға қайтып оралған Әбілхайыр хан аз ғана уақыт ішінде бүкіл Шайбан ұлысын бағындырып, оған өз бақылауын орнатады. Бұрынғы Жошы ұлысын қалпына келтіруді мақсат еткен Әбілхайыр тағы да жорыққа дайындалып, 1431 жылы кезінде Алтын Орданың құрамына кірген Хорезмді тимуридтерден тартып алуға аттанып кетеді [4, с. 355].

Әбілхайырдың Хорезмге келе жатыр деген хабарды алдын ала естіген Хорезмнің билеушісі тимурид Ибраһим әмір мен оның әскерлері жергілікті тұрғындар мен оның ақсүйектері тарапынан қолдау болмайтынын түсініп, Әбілхайырға еш қарсылық көрсетпейді. Нәтижесінде Әбілхайыр хан Хорезмнің астанасы Үргенішті оп-оңай басып алады. Әбілхайыр ханның Үргенішті еш қиындықсыз басып алуының мәнісі «Бахр ал-асрар» атты еңбекте былай деп беріледі: «... Үргенішті қоршап алған Әбілхайыр Ибраһим әмірге Шыңғыс хан заманынан бастап Хорезм Жошы хан мен оның ұрпақтарына тиесілі екенін ескертіп, қаланы беруге және елді заңды билеушісіне бағындыруды талап етіп елші жібереді» [4, с. 356].

Бұл деректің өзі, Әбілхайыр ханның мақсаты бұрынғы Жошы ұлысын қайтадан жинау екенін көрсетеді. Яғни,

Хорезмнің билеуші ақсүйектері мен дін өкілдері Ибраһим әмірді Жошы ұрпақтарының заңды мұрагері Әбілхайыр ханның қойған талаптарын қабылдауға мәжбүр еткен [4, с. 357]. Сонымен қатар, Хорезмді басып алған Әбілхайыр ханға Жошының ұрпағы ретінде Үргеніштің ғалым-діндарлары, шейхтар мен ақындары жиналыс ашып оған жылы лебіздерін білдіріп, арнайы мақтау өлеңдерін арнайды [4, с. 168].

Бұл оқиғадан Әбілхайыр ханның Орталық Азияның ең бай, әрі ірі ғылыми және мәдени орталығы болып табылатын Хорезмнен жан-жақты қолдау тапқанын аңғарамыз. Өз кезегінде хорезмдіктердің Әбілхайыр ханды жан-жақты қолдауы көшпелілермен соғысуға шыққан тимурид Шахрухты Хорезмнен әріге бармай кері қайтуға мәжбүрлейді. Дегенмен Шахрух Әбілхайыр ханға айтарлықтай қауіпте төндіре алмас еді. Өйткені ол уақытта тимуридтердің Әзірбайжандағы жағдайы нашарлап, қолайлы жағдайды күткен оның билеушісі Ескендір Қара Қойлы әмір соғысуға дайын тұрды. Алайда Әбілхайырдың осындай қолдауларға қарамастан, Хорезмді тез арада тастап кетуіне Хаджи-тарханды (Астрахань) билеген Кіші Мұхаммед ханның балалары – Махмұд пен Ахмад оғландардың Арал маңындағы далаларда көшіп-қонып, өз әрекеттерін жандандыруы себеп болды. Өзара күш біріктірген олар Әбілхайыр ханның ұлысына тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан Хорезмнен тез оралған Әбілхайыр хан бірден мұқият дайындықпен Ахмад пен Махмұд хандарға қарсы жорыққа шығады. Оны Махмұд және Ахмет хандармен бірге әкесі Кіші Мұхаммед пен оның бауырлары Жабак пен Байшуақ сұлтандар өз әскерлерімен күтіп алады. Осыншама зор күшпен еш қаймықпай батыл соғысқан Әбілхайыр оларды Ақыр төбенің маңайында жеңеді де [4, с. 359], кезінде Батый ханның астанасы болған Орда-базарды басып алады [4, с. 170].

Махмұд пен Ахмад хандар болса үлкен шығынға ұшырай отырып, Астраханға қарай қашып кетеді. Ал Әбілхайыр хан болса мал-мүлік, қару-жарақ пен тұтқындар сияқты мол олжаға кенеліп қана қоймай, бүкіл Ахмад ханның ұлысын тартып

алады [4, с. 171].

Осы кезде Кіші Мұхаммед пен оның балаларының жеңіліске ұшырағаны туралы хабар алған Ұлық Мұхаммед те қалыптасқан жағдайды пайдаланып, Қырым мен Сарайды қайтадан басып алады [44, с. 534]. Тек 1438 жылы ғана маңғыттардың қолдауы арқылы Ұлық Мұхаммедпен күрес жүргізген Кіші Мұхаммедке Сарайды қайтарып алудың сәті түседі [50, с. 411-416]. Алайда, Кіші Мұхаммедтің билігі тұсында да Жошы ұлысындағы жекелеген ұлыс билеушілерінің арасында өзара қанқұйлы соғыстар тоқтамайды. Мәселен «басқа ордаларда да бүлік болды және өзара тартыстан көп адам қырылды», – деп орыс жылнамалары жазғандай [51, с. 30], шайбанид Саид Ахмедтің ұлысы өзіне көрші орналасқан Украинадағы ұлы Литва княздығына жүйелі түрді жорықтар жасап тұрған [45, с. 54].

1451 жылы Саид Ахмет Коломенскіге келіп, оны өртейді де, көптеген тұтқындарды айдап кетеді [51, с. 154]. Бірақ оған сол кезде ұлы орыс князына қызмет атқаратын Ұлық Мұхаммедтің баласы Қасым ханзада Звенигородтан қарсы шығып, Пахра өзені маңайында оны талқандайды [24, с. 21].

Міне, осындай Алтын Ордадағы өзара тартыс пен бүлікті шебер пайдаланған Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақтың батыс бөлігіндегі өз жағдайын біршама нығайтып, шекарасын тимуридтердің есебінен кеңейтуге ұмтылады. 1432 жылы жазда Мауреннахр шекарасындағы өзбектердің белсенді әрекетінен мазасызданған Ұлықбек Серахстағы әкесі Шахрухқа жедел түрде жетіп, онымен Әбілхайырға қарсы бірлесе күрес жүргізетін іс-шаралардың жоспарын талқылайды. Ұлықбектің Серахсқа келуінен бұрын Шахрух Мазандаранға шапқыншылық жасалуы мүмкін деген оймен ұлы Байсұңқар, әмірлері көкілташ Әлейке, Мұхаммед Софы тархан, Мұхаммед Шах, Мұхаммед Мірам бастаған ірі әскери топты қорғауға жібереді [116, с. 43].

Жалпы тарихта Шахрух әкесі Ақсақ Темір сияқты жаулап алу соғыстарын жүргізбегендігі айтылады. Ол бүкіл ғұмырын

әкесі жасап беріп кеткен империяны сыртқы жаулардан қорғаумен өткізген. Ал Ұлықбек болса өз әкесіне қарағанда қарама-қарсы бағыт ұстанып, көрші жатқан иеліктерге шапқыншылық жасаудан бас тартпай, атасы Ақсақ Темірге еліктеді және оның ісін жалғастыруға ұмтылды. Яғни, ол осындай саясат арқылы әкесінен тәуелсіз, әрі дербес билеуші ретінде көрінгісі келді.

Сондай-ақ, Ұлықбектің кейбір өз еркімен жасаған әрекеттері оның әкесінің алдында өз бауырлары Байсұңқар мен Мұхаммед Жөкеден өз артықшылығын көрсетуге тырысқанын аңғартады. Дегенмен, Ұлықбектің өз бетінше әрекет жасауына қанша ұмтылғанымен, Шахрух оған мүмкіндік бермеді. Әкесі оған көшпелі өзбектер мен моғолдарды үнемі бақылап отыруға және оларды империяның солтүстік шекараларына жолатпау міндетін тапсырды. Оның үстіне Ұлықбек әрбір іс-қимылын әкесімен үнемі келісіп отыруға мәжбүр болды және оған үнемі ауызша немесе жазбаша есеп берді. Бұдан басқа, ол әкесінің талабы бойынша оған әскери көмек беріп, жорықтарында қолдау көрсетіп отырды. Өйткені ақылды және өте сақ Шахрух өз ұлдары мен туыстарының шектен тыс күшейіп кетуін қаламады. 1440 жылы тимуридтердің иелігінен мол олжа тапқысы келген Әбілхайыр Мазандаранға шапқыншылық жасап, оның халқына орасан зор зиян келтіреді [4, с. 358].

Оларға қарсы Гераттан Қожа Жүсіп Жалел, Шейх қажы және тағы басқа да әмірлер бастаған әскерлер жіберіледі. Мазандаран шекарасына келіп шеп құрып, күндіз-түні әскери дайындықта тұрғанына қарамастан, өзбектер оларға тұтқиылдан шабуыл жасап, Қожа Жүсіп Жалел әмірдің өзін өлтіріп, әскерін тас-талқан етеді де, мол пайдаға кенеліп, Дешті Қыпшаққа қайтады. Көмекке келген әмірлер болса Шейх қажының әскерімен бірге өзбектерді соңынан қуғанымен, жете алмай кері қарай бұрылады [4, с. 359].

Осы оқиғадан соң Шахрух Дешті Қыпшақ тайпалары қайтадан Мазандаранды шабуы мүмкін деген қауіппен сол жердегі әскерлерін ірі-ірі күштермен толықтырады және

мемлекетіндегі барлық түмен басылары мен әскер басқарған әмірлерге Тимуридтер империясының шекараларын көшпелі өзбектерден қорғауды күшейтуге бұйрық береді. Алайда шекара бойында тыныштық орнамай, күшейтілген күзет қою өз жалғасын тауып, Шахрухтың алаңдаушылығы жылдан-жылға күшейе берді. Дешті Қыпшақ тайпаларының Астрабад пен Мазандаранға жасаған шапқыншылықтары жиілеп кеткендігі соншалықты, ол жерде Шахрух үнемі кезекпен кезек үлкен әскер ұстап тұрды. Мәселен, Байсұңқар ханзада тірі кезінде Қорған мен Астрабадта тұрған тимуридтер әскерін Шахрухтың өзі басқарса, 1433 жылы 21 желтоқсанда Байсұңқар қазасынан кейін бұл міндет Ала ад-Дауылға жүктелді [117, с. 49].

Тимуридтер империясының солтүстік шекарасында да тыныштық сақталмағандықтан Ұлықбек әр қыс сайын әскерімен Бұхарада немесе Шахрухияда, яки болмаса Ташкентте әскери мақсаттармен жүрді. Дегенмен 15 жыл бойы (1431-1446 жж.) Әбілхайыр хан өз билігіндегі иеліктерді ұлғайту мақсатында тимуридтерге қарсы ешқандай ірі соғыстар жүргізе алмады. Оның себебі біріншіден, Ибақ хан, Береке сұлтан, Жәнібек пен Керей секілді көптеген сұлтандар Әбілхайырға бағынбағаны былай тұрсын, ол хан болған алғашқы кезден бастап-ақ оған қарсы күрес жүргізеді. Әсіресе, оның ең күшті қарсыласы Мұстафа ханның өз жағына маңғыттардың көпшілік бөлігін қаратып алуы қауіпті бола түсті. Екіншіден, Әбілхайыр хан бұрынғы Мамайдың иелігіне билік жүргізген Саид Ахмет пен өз иелігінің оңтүстік-батыс бөлігінде көшіп-қонатын Ахмад ханнан барынша сақтанды. Өйткені, олар күш жинап алса одан кез келген уақытта кек алуы әбден мүмкін еді.

Бірақ-та осындай қауіп-қатерге қарамастан Әбілхайыр ханның XV ғасырдың 40-жылдарының ортасында, яғни 1446 жылы өзінің қарсыласы Мұстафа ханмен соғыста ірі жеңіске жетуі оған шапқыншылық жорықтарын қайтадан жалғастыруға мүмкіндік туғызып, Сырдарияның орта тұсындағы

аудандарға басып кіреді. Оның мұндай батыл қадамдарға баруына Тимуридтер мемлекеті мен Моғолстан арасындағы өзара тартыстың күшеюі қолайлы жағдай туғызды. Оның үстіне бұрынғы Темір империясының құрамына кірген иеліктердің көпшілігін қолына жинақталған Шахрух өз әулетінің мүшелері: Сұлтан Мұхаммедпен, Қайдумен, Ескендірмен, Мұхаммед Жөкемен күрес жүргізді. Олардың барлығы да жекелеген ұлыстардың билеушісі ретінде тәуелсіздікке ұмтылып, орталық билікке және бір-біріне жиі-жиі қарсы шығып отырды. Бұдан басқа, Шахрух Қара Қойлы түркімендерімен және хуруфиттермен, сондай-ақ, әсірешіл шейттердің басқа да өкілдеріне қарсы күш жұмсайды. Осылайша, өзара руаралық қақтығыстар мен өзіне қарсы жекелеген ұлыстардың әрекетінен амалы құрыған Шахрух Әбілхайырдың Сырдария аумағына басып кіруіне кедергі келтіре алмады. Бұл кезде тұрақсыз жағдай Моғолстанда да қалыптасты. Моғолстанда билік құрған Уайс хан қайтыс болған соң мемлекетте бүлік пен өзара тартыстар орын алып, тайпа билеушілері Уайс ханның кішкентай баласы Есен Бұқаны қолдап, 13 жастағы тақ мұрагері Жүніс ханды Самарқандқа қашуға мәжбүрлейді [4, с. 191].

Нәтижесінде елдегі тәртіпсіздіктер ұзақ жылдарға созылып, Үлкенкөл маңайын билеген дулат әмірлері Есен Бұқа ханның билігін мойындағылары келмей өздерін тәуелсіз деп жарияласа, Ақсу мен Құшпайдағы билікті Саид Әлі әмір басып алады [4, с. 193].

Кішкентай ханға регент ретінде бекітілген Тұрфан бегі Темір ұйғыр да ұлысындағы билікті толыққанды иеленеді [4, с. 195]. Яғни, Моғолстандағы мемлекеттік бытыраңқылықтың күшейгені Мұхаммед Хайдардың жазуынша, әмірлердің өз бетінше әрекет етуі және көпшілігінің өздерін жеткілікті дәрежеде тәуелсізбіз деп есептегендігінен туындаған [4, с. 196].

Мәселен, Моғолстандағы әмірлердің бірі, дулат руынан шыққан Міркәрімберді ханның билігінен бас тартып, Ала Бұғы

деп аталатын жерде бекініс салады да, сол жерден Әндижан мен оның төңірегіне шапқыншылық жорықтар жасаса, Мірхакберді есімді басқа әмірі Ыстықкөл маңына орналасып, Түркістан (Ясы) мен Сайрамды талан-таражға салумен айналысады. Ал шорас пен барын тайпасының әмірлері сол кезде Шуға билік жасаған қалмақ тайшысына қызметке кірсе, қалыш пен бұлғаш тайпаларының әмірлері Әбілхайыр ханмен бірігеді. Ал қалған әмірлер Моғолстанда жан-жаққа бытырап кетеді. 1434 жылы Есен Бұқа хан Ақсу мен Қашқарда өз билігін орнықтыра алғанымен, бірақ басқа аймақтардың билеушілері бұрынғысынша оған бағынбай, дербес күйінде қалады [4, с. 199].

XV ғасырдың бірінші жартысында Моғолстанда қалыптасқан осындай жағдай Әбілхайырдың Сырдарияның орта ағысы бойында табысты жорықтар жасауына мүмкіндік береді. Моғолстан мен Шахрухтың иелігіндегі саяси бытыраңқылықты ұтымды пайдалана білген Әбілхайыр хан 1446 жылы Сырдарияның екі жағалауында орналасқан Аққорған, Аркөк, Өзгент, Сығанақ, Созақ сияқты қалаларды басып алып [4, с. 202], соның ішінде Сығанақты хандықтың астанасы етіп алады. Сығанақ қаласы 1446 жылдан бастап 1469/70 жылы мемлекеті құлағанға дейін астана рөлін атқарады. Сырдың бойындағы қалаларды басып алған Әбілхайыр хан кезінде Ақсақ Темірдің Жошы ұрпақтарының иелігіне басып кіріп, өз ықпалын жүргізгеніндей көрші жатқан тимуридтер мемлекетіндегі тақ үшін жүріп жатқан талас-тартысына белсенді түрде араласып, Мауреннахрға кез келген жағдайда шапқыншылықтар жасауға жағдай жасады. Ал бұл кезде, яғни 1447 жылы Шахрухтың қазасынан кейін тимуридтердің арасындағы билік үшін қиян-кескі күрес мемлекеттегі саяси жағдайды одан сайын шиеленістіріп жібереді. Билікке талас негізінен Абд ал-Латиф пен Ұлықбек, Ала ад-Дин Даулен мен Әбілқасым Бабырдың арасында жүрсе, Сұлтан Мұхаммед Абдулла ханзададан Фарсты тартып алады. Қара Қойлы түркмендері де тыныш жатпай Жаһаншах (1437-1467 жыл)

Сұлтания мен Казвиге басып кіреді. Сұлтан Мұхаммед алғашында оған қарсы шыққанымен, кейіннен күші жетпегесін оның осы аймақтардағы билігін амалсыздан мойындайды. Құтталан, Арханга мен Сарайдың билеушісі Мұхаммед Жөкенің ұлы Сарай ханзадасы Әбубәкір Балх пен Бағланды иеленеді [96, с. 127]. Мауреннахрдағы билік үшін күресте Ала ад-Даулет пен Әбілқасым Бабырды талқандаған Ұлықбек жеңіске жеткенімен Мауреннахрдан жеткен қауіпті хабарлардан кейін, ол Хорасанды тездетіп тастап кетеді [96, с. 127].

Өйткені 1446 жылы күзде Сығанақты жаулап алып, сонда қыстаған Әбілхайыр хан келесі жылы көктемде Шахрухтың қайтыс болғанын және Ұлықбектің Мауреннахрдан кеткені жөніндегі хабарды алысымен жайлауға көшуді кейінге қалдырып, Самарқанға шұғыл шабуыл жасап, қаланы жан-жағынан қоршауға алады және Самарқан пен Бұхараның маңындағы ауылдардың тұрғындарын аяусыз тонауға ұшыратады [4, с. 154].

Сонымен қатар, Әбілхайыр ханның әскерлері Абд ар-Раззақ хан мен оның жақын туысқандарына тиесілі аумақтағы барлық жерлер мен бау-бақшаларды толықтай талан-таражға салады. Олардың қатарында қабырғаларының бәрі фарформен көмкерілген атақты Бақ-и майдан бағы мен Ұлықбек мырзаның сарайы – Шыныхана да бар болатын [118, с. 31].

Осы Самарқанды қоршау кезінде Әбу Саид ханзада Әбілхайыр ханға өзі барып, тимуридтердегі билікті өз қолына алу мақсатында одан көмек сұрайды және ханның қойған барлық талаптарына келіседі. Масуд ибн Усман өзінің еңбегінде Әбу Саид сұлтанның Әбілхайыр ханға барғаны және оны ханның қалай қабылдағаны туралы толық жазған. Ол осы мәселе бойынша мынадай қызықты мәліметтер келтіреді. Әбу Саид алдымен Паркенттегі Қожа Ахрарға барып, оның ақылы бойынша Әбілхайырдан көмек сұрайды. Содан кейін ханның Ордасына барған Әбу Саидты бірнеше күн бойы ханның сенімді адамдары бақылауға алады. Олар ханзаданың батыл және мемлекетті басқаруға ептілігі мен қабілеттілігінің бар

екеніне көздері жетіп, оны Әбілхайырға хабарлағаннан кейін ғана, хан Әбу Саидты қабылдайды. Әбу Саидтың мәселесін оғландар, сұлтандар, нояндар және мемлекеттік шенеуніктер қатысқан Кеңесте қараған соң хан Әбу Саидпен бірге Самарқандты басып алуға келісім береді [4, с. 164]. Сонымен қатар, сол кездегі Сарай тарихшылары Әбілхайырға Әбу Саидтан басқа Мұхаммед Жөке, Ала ад-Дин Даулен, Сұлтан Хусайн болғандығын, Хафиз-и Таныш, Абдулла әмір, Мір Мұхаммед Әмин Бухари және Әбу Саидтың үлкен ағасы Мыңшөкер мырза сияқты көптеген тимуридтердің көмек пен қолдау сұрап келгені туралы жазады [119, с. 48].

Хондемир өзбек хандарына көмек сұрап келгендерге ұйымдастырылған рәсімдер туралы егжей-тегжейлі жазып кеткен. Дәстүрге лайық, өзбек билеушілері келген қонақтарға мәртебелері бойынша құрмет көрсетіп, алдымен үйлерге орналастырады [96, с. 131].

Келесі күні, хан және оның қасына ханзадалар, нояндар мен ақсүйектер жиналып оларды қабылдауына шақырып, аяғы салтанатқа ұласқан. Өзбектер қонақтарды мас қылу үшін барлық амалды жасаған. Бұл қонақтардан алынған өзінше емтихан болатын. Егер ол шарап пен қымызды қанша іскенімен мас болмаса, хан оған жылы шырай танытатын. Содан кейін бірнеше күн бойы оны сыртынан бақылап барып хан өз шешімін жариялайтын. Мысалы, Сұлтан Хусайн Әбілхайыр ханда бір апта болғаннан кейін ғана оған қарулы көмек көрсетуге келісімін береді [96, с. 131]. Бірақ, іс жүзінде Сұлтан Хусайын бұл көмекті ала алмайды. Ал Әбілхайырдың қасында ұзақ уақытын өткізген Мыңшөкер мырза 1452 жылы Әбілқасым Бабыр Самарқанды қоршауға алған кезде, Мыңшөкер мырза Жейхуннан өтіп, жақын орналасқан аудандарды, яғни Андқұт аймағын тонауға ұшыратады да, Әбілқасым Бабырдың жақындағанын кезде, қайтадан «Дешті Қыпшаққа өтіп кетеді» [96, с. 130].

Сонымен, Әбілхайырдың көңілінен шыққан Әбу Саид 1451 жылы жазда Дешті Қыпшақтың әскерлерімен бірге Самарқанға

шабуыл жасайды. Дешті Қыпшақ әскерлерін Әбілхайыр ханның өзі бастап шығады. Мырза Абдулла мен Әбу Саид арасындағы шайқас 1451 жылы 10 маусымда Бұлыңғыр өзенінің жағасында Құтпан деген жерде өтеді. Ақыр соңында мырза Абдулла жеңіліске ұшырап, Әбу Саидтың бұйрығымен өлтіріледі [4, с. 168].

Осылайша, өзбектердің белсенді көмегіне сүйенген Әбу Саид Самарқанды басып алады. Мирхонд пен Хондемир, қалаға кірер алдында Әбу Саидтың өзбектерді алдап, олардан сыйлық беріп құтылғаны туралы айтады [54, с. 536]. Мирхондтың жазбасына назар аударсақ, Мырза Абдулланы жеңген жағдайда өзбектерге не істеуге болады деген сұрақ Әбу Саидты шешуші шайқастан бірнеше күн бұрын мазалаған. Егерде өзбектер қалаға кірген жағдайда олар міндетті түрде халықты талан-таражға салып, үлкен зиян келтіреді. Ал кейін өзбектер қаладан кеткеннен кейін оған халықтың наразылығы туатыны белгілі. Осындай қиын жағдайдан жол тапқан Әбу Саид Дешті Қыпшақ әскерлері Көкектен өтіп, Самарқанның қақпасына жақындаған кезде, Әбілхайыр ханға ұсыныс жасап аздаған демалыс ұйымдас-тырылған кезінде, ол сәтін тауып қашып шығады да, қала қақпасына келіп, «Мен Әбу Саид сұлтанмын. Қақпаны ашыңдар, мені ішке кіргізіндер, өзбек әскерлерінен қорғаныңдар» деп айқай салады. Сол кезде күзетшілер қақпаны ашып, Әбу Саид пен оның нөкерлерін қалаға кіргізеді, ал артынан қуып келген Дешті Қыпшақ әскерлері қақпа сыртында қалып, ішке өте алмай қалады [54, с. 537].

Осылайша қалаға кіре алмаған Дешті Қыпшақ әскерлері қаланың маңындағы тимуридтердің бақтары мен саябақтарына жайғасады, соның ішіндегі Бақ-и майдан атты баққа Әбілхайыр хан мен нөкерлері жайғасады [118, с. 34]. Дегенмен Әбілхайыр ханнан оңай құтыла алмайтынын білген Әбу Саид Бақ-и майданға өз атынан шейх ал-ислам Қожа Фазл ад-Диннің өзі бастаған көрнекті ақсүйектер мен дін өкілдерін мол сыйлықтармен жібереді. Сондай-ақ Әбу Саид Әбілхайыр ханға

мұндай мол сыйлықтарды күнде жіберіп тұрған. Ақыры Әбу Саидпен өзара келіскен Әбілхайыр хан Дешті Қыпшаққа қайтқан кезде оған марқұм Ұлықбектің қызы Рабия Сұлтан бегім әйелдікке беріледі. Масуд өз шығармасында Әбілхайыр хан Самарқан аумағынан оған құтба оқылып, оның атынан монета ақша соғылған соң кеткенін жазады [4, с. 167].

Самарқаннан мол олжамен оралған Әбілхайыр хан өзінің жорықтарын тоқтатпай, Мауреннахр мен Солтүстік Иранға шапқыншылықтарын жиілетіп отырған. Алайда осындай жетістіктерге қарамастан XV ғасырдың 30-40-жылдарында Әбілхайырға Жошы ұрпақтарынан тараған сұлтандардың тарапынан болған сепаратизммен табан тірескен күрес жүргізуге тура келді. Өйткені Әбілхайыр хандығында басталған бұл үрдіс оның құрған мемлекетінің ыдырауына тікелей ықпал жасады. Сондықтан ол жекелеген феодалдардың орталық билікке қарсы кез келген әрекеттерін аяусыз басып-жаншыды және Әбілғазының жазуы бойынша, олардың арасында «ханның қолынан жазаланбаған бірде бір адам болмады» [10, 168 б.].

Осыған қарамастан Әбілхайыр Барақтың ұлдары – Керей мен Жәнібек, Қажы Мұхаммед ханның баласы – Ибақ хан және Жәдігер сұлтанның баласы Береке сұлтан сияқты кейбір сұлтандардың қарсылығын баса алмады [4, с. 30].

Деректерде Ибақ хан Батыс Сібірде билік жүргізіп, «Шибан ханы» немесе жай ғана «Ноғай ханы» деп аталған [66, с. 203]. Сондай-ақ, 1575-1584 жылдардағы орыс деректерінде Ибақ хан Көшімның арғы атасы делінсе [120, с. 339], 1589 жылғы Федор Иванович патшаның Сібір ханы Көшімге берген грамотасында Ибақ хан Сібір патшасы ретінде көрсетіледі [121, с. 132].

XV ғасырдың 70-жылдары маңғыттар оның билігін мойындағандықтан Ибақ хан әйгілі Едігенің ұрпақтары Мұса мырза мен Жаңбыршымен бірге әрекет жасайды. Кейінгі деректерде Ибақ туралы Мұхаммед (Мамет) деген біреуді өлтірген Қазан ханы ретінде айтылады [24, с. 389].

Алайда Ибақтың Казанды қашан және қалай жаулап алғаны

туралы мәліметтер табылған жоқ. 1481 жылдың қаңтарының басында Ибақтың Мұса мырза мен Жаңбыршымен бірге Ахмад ханды Донның сағасында ұстап алып, өлтіргендігін қоссақ, Ибақ ханның иелігіне кірген аумақтың үлкендігі мен оның шайбанид хандардың арасындағы ықпалының зор болғандығын көрсетеді. Береке сұлтанға келетін болсақ, оның қарамағындағы тайпалар Сырдарияның төменгі жағында көшіп-қонып жүрген [10, 168 б.].

Масуд ибн Осман Кухистанидың айтуынша, Ұлықбектің немересі, Абд ал-Латифтың баласы Мұхаммед Жөке Самарқан тағын жаулап алуға ұмтылып, XV ғасырдың 50-жылдарының соңында Әбілхайыр ханнан көмек сұрағанда, ол Береке сұлтан мен Бескете оғланға Мұхаммед Жөкемен бірге Әбу Саид Мырзаға қарсы жорыққа шығуды бұйырған [4, с. 158]. Алайда деректерден байқағандай, Береке сұлтан Мауреннахрға өз еркімен қарсы шыққан, ал Әбілхайыр Мұхаммед Жөкеге Бескете оғлан басқарған азғана топты жіберумен шектелген [4, с. 159].

Береке сұлтан Ибақ хан, Керей мен Жәнібек секілді Әбілхайыр ханның бірде бір жорығына қатыспаған, сонымен бірге Әбілхайырдың жанында жүріп оған қызмет жасаған сұлтандар, оғландар, баһадүрлер мен билер, әмірлердің толық тізімінде оның аты еш жерде аталмайды [4, с. 160].

Керей мен Жәнібекке келетін болсақ, әкесінің Ақ Ордадағы (Өзбек ұлысындағы) билігін мұраға алған. Деректерде XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысына дейін олар жөнінде ешқандай мәліметтер кездеспейді. Олардың бұл жылдары қайда болғаны да белгісіз. Керей мен Жәнібектің 1455/56 жылы Әбілхайырдан қашуын Мұхаммед Хайдар былай деп көрсетеді: «Ол кезде Әбілхайыр хан бүкіл Дешті Қыпшақты жаулап алған болатын. Жошы ұрпақтарының сұлтандары тас-талқан болды, олардың арасынан екеуі Жәнібек хан мен Керей хан одан Моғолстанға қашты. Есенбұға хан қашқындарды жақсы қарсы алып, оларға Моғолстанның батыс шетін құрайтын Шу мен Қозыбасы өлкелерін береді» [4,

с. 201]. Осы әрекетімен, Есенбұға хан Моғолстанның ішкі аудандарын сол уақытта Моғолстанның солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан қалмақтардың шапқыншылығынан қорғауға тырысса керек. «Бахр ал-асрарда» Батыс Моғолстанда орныққан Керей мен Жәнібектің руластарының қалмақтар мен қырғыздарға жасаған жорықтары туралы айтылады. Сонымен қатар, Сырдарияның отырықшы аудандары мен Қаратал бойын жаулаған көшпелі өзбектер Моғолстанның батысына жақын келген болатын, осының барлығы Моғол ханының қаупін тудырмай қоймады. «Бахр ал-асрарға» сүйенсек, XV ғасырдың 50-жылдарының басында Әбілхайыр хан Моғолстанға жорыққа тиянақты дайындық жасаған және Сауран мен Сығанақтың маңайына үлкен әскер жинақтаған [4, с. 345].

Өз кезегінде Моғолстан Әбілхайырдан қашқандардың баспанасына айнала бастады. Мұхаммед Хайдар Шу даласынан орын талқан қашқын сұлтандардың арасында Керей мен Жәнібектен басқа да сұлтандардың болғанын жазады [24, с. 151]. Көшпелі өзбек сұлтандарының Әбілхайыр хан мен оның мемлекетіне қарсы шыққандардың ішіндегі ең үлкен қозғалысына Мұстафа ханның күресін жатқыза аламыз. Ол бастапқыда 1428 жылы-ақ Әбілхайырмен біріккен болатын. Бірақ кейін Әбілхайыр оны Есіл өзені мен оның сағасы Атбасардың аумағындағы ұлысына уақытша қайтарған кезде, ол кері қайтып оралмай, өзін дербес билеушімін деп жариялайды. Оның үстіне 1428 жылдан бастап Әбілхайырдың жанында болған маңғыттардың билеушісі Уаққас би де ханнан жасырын бөлініп шығып, Мұстафаға қосылады да, оны Әбілхайырға қарсы соғысқа итермелейді. Масудтың дерегінде Мұстафа мен Уаққас бидің Әбілхайырға қарсы көп әскер жинағанымен Атбасардың сол жағасында өткен кескілескен шайқаста Мұстафа толық жеңіліске ұшырағаны және шайқас кезінде 4 500 адамынан өлідей айрылғаны, соның ішінде мың шақтысы атақты адамдар болғаны жазылады. Мұстафаның осы ауыр шайқаста жеңіліске ұшырауына Уаққас бидің қайтадан Әбілхайырдың жағына шығып кетуі себеп болған [4, с. 168-

170].

Шайқастан соң Мұстафа хан Маңғышлаққа қарай қашады да, кейін Әбілхайырдың соңынан қалмайтынын түсініп, оның билігін мойындауға мәжбүрлікпен барады. XV ғасырдың орта тұсында Әбілхайырдан дербес іқимылдаған Мұстафа хан Хорезмнің оңтүстік-батыс бөлігін жаулап алады да оның тұрғындарының бір бөлігін жаңадан Үргеніштің оңтүстігінде биік төбе басында салынған Вазир қаласына көшіреді [122, с. 52].

С.П. Толстовтың суреттеуінше, Вазир Үстірттің оңтүстік шетінде, көне Үргеніштен 60 шақырым қашықтықта орналасқан ескі антикалық қаланың орнына салынған, терең орлары мен жергілікті тастаң қалалық биік мұнаралары мен қабырғалары бар қала-бөкніс. 1558 жылы бұл жерде атақты ағылшын саяхатшысы Антонио Де Женкинсон болған және ол қаланың экономикалық сипаттағы мәліметтерін қалдырған [18, с. 167-192].

Вазир XVIII ғасырдың соңына дейін өмір сүрген, сол кездегі Хиуа хандығына бағынғанын III ғасырдың бірі болған. Мұстафа хан Хорезмді 1460/61 жылдары басқарған. Одан кейін билікті Жақып оғланға берілген болған Мұхаммед Софының баласы, ықпалды қоңырат әмірлерінің бірі Осман қоңырат басып алады. Осман Осман Мұстафа ханда қызмет атқарып, оның көрнекті әмірлерінің қатарына кірген. Ол Вазир тұрғындарының Мұстафа ханға бас көтергенін өз пайдалана отырып, Мұстафа ханға Маңғышлаққа қуады [96, с. 65]. Мұстафа ханның өмірі ағыдыр белгісіз. Әбілхайыр хан мемлекетінің ыдырауының тағы бір себебі, оның ойраттармен 1457 жылғы Салтанаттың маңайында өткен ірі шайқасы болып табылады. Қыпшақтар да, Дешті Қыпшақтың түркі-моңғол тайпаларының көпшілігінен тұрған [22, с. 125].

XV ғасырдың орта кезінде Әбілхайыр хан мемлекетінің шығыс шекарасына өткізгіштікпен леді. Оған дейін олар 1408 жылы моғол хандарымен болған Бесбалықты басып

алады [28, с. 72]. Моғолстан ханы Уайс болса ойраттардың қайта-қайта жасаған шапқыншылықтары салдарынан мемлекетін қорғау үшін өз ордасын Шығыс Түркістаннан Жетісуға Ілебалыққа көшіріп, бұрынғы бас қолбасшы болған Тогонның баласы Есен тайшы басқарған ойраттармен көп шайқасады [28, с. 72].

Мұхаммед Хайдардың еңбегінде бұл шайқастар туралы бірнеше мәліметтер берілген. Өзінің 1424-1428 жылдардағы екінші билігінің алғашқы бөлігінде Уайс хан ойраттармен Мұзбұлақ деген жерде кездескен кезекті шайқас кезінде жеңіліс тауып, оларға тұтқынға түседі, бірақ кейін құн төлеп босатылады. Уайс хан бұдан кейін де ойраттарды Шу өлкесі мен Жетісудан ығыстырып шығару үшін көп бірнеше рет шайқасқа түскенімен айтарлықтай табысқа жете алмайды [28, с. 72].

1428 жылы Уайс хан қайтыс болған соң, ойраттардың Моғолстанға жорығы жиілеп кетеді. Мұхаммед Хайдар моғол әмірлерінің бірі Мірхақбердінің Көксу көлінің жағасына бекініс тұрғызып, онда Ыстықкөлдің барлық тұрғындарын көшіргендігі туралы мәлімет келтіреді [4, с. 216]. Бұдан, ойраттардың XV ғасырдың басында-ақ Ыстық көл жағалауында, Шу алқабында көшіп-қонғаны жөнінде қорытынды жасауға болады. 1457 жылы көктемде ойраттар Әз Темір тайшының басшылығымен Әбілхайырдың хандығына басып кіреді. Сырдария бойындағы Сығанақ пен Көк Кесенеден алыс емес Нүтоғай деген жерде ойраттар мен көшпелі өзбектер арасында кескілескен шайқас болып, Әбілхайыр ауыр жеңіліске ұшырайды [4, с. 220].

Осы шайқасқа Мұстафа хан мен Ахмад сұлтанның да қатысуы қалмақтар мен Әбілхайыр ханның соғысқа мықтап дайындалғанын көрсетеді. Шайқаста өзбек әскерінің қолбасшылары Бахтияр сұлтан мен Ахмад сұлтан қаза табады да, Әбілхайыр хан қалған әскерімен кейін шегініп, Сығанаққа барып қорғанады. Ал қалмақтар болса Ясы (Түркістан), Ташкент, Шахрухия қалаларының маңайын талан-таражға

салып, Шу алқабына қайтып кетеді [4, с. 221].

«Нусрат-наме» еңбегін жазған автордың мәліметіне сенетін болсақ, Әз Темір тайшы бастаған қалмақтар жайдан-жай қайтпай өзімен бірге Әбілхайыр ханның немересі, Шайбани ханның інісі Махмұд сұлтанды алып кеткен және ол ойрат ханының жанында 7 жыл болады [4, с. 36].

Біздің ойымызша, қалмақтар мен Әбілхайырдың арасындағы бейбіт келісімге сәйкес Әбілхайыр хан сол кезде қалмақ тайшысына белгілі бір мөлшерде салық төлеп тұруға немесе қалмақтардың алдында шартты түрде бір міндеткерлікті орындауға мәжбүрленгендіктен, соның кепілі ретінде жас сұлтанды аманатқа берген. Дегенмен қалмақтардың жеңісі Әбілхайырдың хандығында тәртіпсіздіктерді күшейтіп, бір жағынан билікке наразы болған Дешті тайпаларының бір бөлігінің хандықтан тысқары жерге қоныс аударуына, екінші жағынан мемлекеттегі өзара араздықтардың өршуіне алып келеді. Оны «Фатх-наме» авторы Шадидің мәліметі көрсетеді. Онда 864 хижра жылы (1459 жылғы қазан – 1460 жылғы қыркүйек), Шайбанның ұрпағы, Жошының баласы, Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелі өзбектерінің билеушісі 47 жастағы Әбілхайыр ханның отбасында қайғылы оқиға орын алады: оның бүркіт тайпасынан шыққан әйелінен туған үлкен ұлы Шах-Будаг сұлтан қайтыс болады [4, с. 49-50].

Шади тарихшы (XVI ғасырдың басы) Шах-Будаг сұлтанның қайтыс болуының егжей-тегжейін айтпайды. Бірақ басқа да дереккөздерден XV ғасырдың 50-жылдарының соңында Шығыс Дешті Қыпшақта үлкен алауыздықтар орын алғаны белгілі: Әбілхайыр ханның әулеттік қарсыластары өзбек ұлысындағы жоғары билік үшін қайтадан кескілескен даудамай жүргізе бастайды. Шах-Будаг сұлтанның осындай бір шайқаста өз әкесінің тағын қарсыластарынан қорғау кезінде қаза табуы әбден мүмкін. Ол кезде шайбанидтер өздерінің ішкі саяси жауларын күйрете алды. Әбілхайыр хан үлкен баласының қазасы үшін кек алып, «Дешті Қыпшақ еліндегі Жошы ұрпақтарының бірнеше ханзадасын өлтірді, – деп

жазылған дереккөзде – және әр аймақтағы қоғамды бөліп жіберді» [4, с. 356]. «Бахр ал-асрар» авторының мәліметінше, Әбілхайыр хан өмірінің соңғы жылында (1468/69 жылы) көп әскермен Моғолстанға шабуыл жасайды. Көшпелі өзбектер моғолдарды карауиастар, яғни метистер деп атаған [4, с. 362].

XIII-XIV ғасырда Мауреннахрды жайлаған барлық тайпаларды моғолдар осылай атағаны белгілі. Бұл кездейсоқ емес. Моғолстанда XV ғасырда моғол тайпаларынан өзге қалмақтар, қырғыздар тұрғаны белгілі, ал 40-50-жылдары ол жаққа көшпелі өзбектердің бір бөлігі көшіп барып қоныстанған. Әбілхайыр Моғолстанға Қаратау арқылы бармақшы болады және Тараз өңірінде орналасқан Аққышлақ деген жерге аялдайды. Бірақ, осы жерде Әбілхайыр кенеттен қайтыс болып, жорық кейінге қалдырылады. Міне осы оқиғалардың салдарынан 1468 жылы Әбілхайыр хан қайтыс болысымен көп ұзамай көшпелі өзбектер мемлекеті ыдырап кетті және «сол кезде Дешті Қыпшақтың барлық көшпелілері үлкен-кішісіне қарамай хан тағына таласты» [4, с. 208].

Мұхаммед Хайдар «Әбілхайыр хан қазасынан соң өзбек ұлысы дағдарысқа түсті; онда үлкен бүлік басталды. Сол кезде халықтың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханға кетеді, сөйтіп олардың жанына біріккендер саны екі жүз мыңға жетті» деп жазады [4, с. 209]. Әбілхайыр хан билігін оның екінші ұлы Шайх Хайдар хан мұраға алғаны белгілі. Оның кезінде Әбілхайырдың барлық қарсыластары бірігіп, Шайх Хайдарға қарсы күрес белсенді күрес жүргізген. Бинаидың айтуынша, Шайх Хайдардың билігі ұзаққа созылмаған, оның билігінің алғашқы күні-ақ, ру-тайпалардың көпшілігі одан бөлініп шығып, оны тастап кеткен. «Нусрат-намеде» көптеген рулар мен бектер Ибақ хан мен Әбілхайыр әулетінің басқа да жауларының шабуылына дейін-ақ Шайх Хайдар ханнан теріс айналған деп жазады [4, с. 39]. Бинаидың одан арғы әңгімесі бойынша Ибақ хан, Жәнібек пен Түрке сұлтан маңғыт әмірлері Ямгурчимен және Мұса мырзамен бірігіп, Шайх Хайдар ханға соғыс ашады. Бірақ олардың бұл бағыттағы бірнеше әрекеттері

сәтсіз аяқталады. Шайх Хайдардың қарсыластары осыдан кейін Алтын Орда ханы Ахмад ханмен бірігіп, оған қарсы соғыста жеңіске жетеді. Шайх Хайдарға көмекке көптеген әмірлер мен баһадүрлер келмей қалады, тайпалық жасақ жиналмайды [4, с. 171]. Нәтижесінде Жошы ұрпақтары мен ноғай мырзаларының ұйымдастырған шабуылынан кейін Шайх Хайдар қаза тауып, Әбілхайыр хандығы біржолата ыдырайды.

2 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

2.1 Керей мен Жәнібек хандар – Қазақ хандығының негізін қалаушылар

XV ғасырдың II жартысында тарихи сахнаға келген Қазақ хандығы Ноғай Ордасы, Ақ Орда және Әбілхайыр хандығының негізінде құрылды. Деректерде XV ғасырдың басындағы шығыс Дешті Қыпшақтың этносаяси бейнесі былайша берілген: «Үш тайпа өзбектерге тиесілі, олар Шыңғыс хан иелігінде күшті. Қазір олардың бірі – шайбанидтер... Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл әлемде күші мен ержүректілігімен мәлім және үшінші тайпа – маңғыттар... Осы үш тайпаның хандары бір-біріне бағынбайды және бір-біріне шабуылдайды. Егерде бір жағы жеңетін болса, онда тұтқынға алып кетеді» [123, с. 47-48].

«Трактат о двух Сарматиях» атты еңбектің авторы Матвей Меховский де ноғайларды қазақтардан осылайша ажыратады: «Татар ордасы төртеу, олардың императорлары да осынша. Бұлар Еділ бойы татарларының Ордасы, Перекоп (қырым) татарлары ордасы, Козан татарларының ордасы және ноғай ордасы. Тағы да бесінші, императоры жоқ орда бар, ол Қазақ ордасы» [111, с. 144].

Қазақтардың императоры жоқ орда аталуы, олардың «қазақ» – «елден қуылған, Ордадан тыс адам», яғни шындығында да «императорға» – ханға бағынбайтын деген атауына байланысты болса керек. Ал шын мәнісінде, сол уақытта қазақтардың билеушілері болған. Өйткені жаңа мемлекетті дүниеге әкелген Орыс хан мен Барақ хан ұрпақтарының билігі Ақ Орданың оңтүстік аудандарында XV ғасырдың 20-жылдарынан кейін де сақталып қана қойған жоқ, сондай-ақ, Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр хандығы кезінде де кейбір тайпаларға жүрген еді [124, с. 253].

Сондықтан Әбілхайыр ханның Жошы ұрпақтарымен билік

үшін тайталасы оның хандық құрған жылдарында бір сәтке болса да тоқтаған емес және осыған байланысты оның бүкіл Ақ Ордадағы билігіне үнемі қауіп төніп тұрды. Әсіресе, руаралық талас-тартыстар, көрші иеліктермен тоқтаусыз жүрген соғыстар Әбілхайырдың хандығын әлсірете бастады. Осындай жағдайға қарамастан Әбілхайыр хан 1446 жылы билік үшін онымен тайталасқа түскен Мұстафа ханды тізе бүктіреді де, Сырдария бойындағы Сығанақ, Созақ, Аққорған, Өзгент, Аркөкті басып алады да, солардың ішіндегі Сығанақты хандықтың астанасы етеді.

Сыр бойындағы қалаларды мемлекеттің құрамына қосуы Әбілхайырға хандығының шекарасын кеңейтіп қана қоймай, оның бүкіл Шығыс Дешті Қыпшаққа толық билік жүргізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Сыр бойындағы қалалардың Әбілхайырдың билігіне өтуі сол өңірге иелік жасаған Барақ ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандардың жағдайын қиындатып жібереді.

Өйткені Ақ Орда хандарының тікелей мұрагерлері болып табылатын Керей мен Жәнібек сұлтандарды билікке бәсекелес ретінде таныған Әбілхайыр хан оларды жоюға ұмтылады. Сол себептен де өздеріне қауіп төнгенін түсінген екі ханзада қарамағындағы жұртты алып Әбілхайырдан бөлініп кетеді. Бұл жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазады: «Әбілхайыр хан өзіне бүкіл Дешті Қыпшақты бағындырғаннан кейін Жошы ұрпақтарының кейбір сұлтандары Әбілхайыр хан тарапынан қауіп төне бастағанын түсініп, оның алдын алады. Осы мақсатпен Керей, Жәнібек және тағы басқа да сұлтандар аздаған адамдармен Әбілхайырдан қашып, Моғолстанға келеді» [4, с. 222].

Мұны келесі бір дерек көзі де растай түседі. Мәселен Махмұт бен Уәлидің еңбегінде Керей мен Жәнібек сұлтандардың кетуі туралы былай деп беріледі: «Әбілхайыр хан Дешті Қыпшақтағы ағаларының балаларын жеңгеннен кейін Жошының кейбір ұрпақтары, мәселен, Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілхайырдың билігінен шығып, Отанын

тастап кетуге шешім қабылдайды. Өздерінің ұлыстарынан бас тартқан олар бөтен елге жол тартты» [4, с. 352].

Яғни, бұл деректердегі мәліметтер Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр ханның Сығанақты басып алысымен-ақ оның билігін мойындамай көшкенін көрсетіп отыр. Ал Әбілхайырдан қашқан екі ханзаданың қанша уақыт далада қазақ болып жүргені туралы мәліметтер жоқ. Жалпы ол уақытта өзінің руы мен тайпасынан бөлініп кеткен кез келген ерікті адамға немесе тайпаларға қазақ сөзі қолданылатын [35, с. 68]. Осыған байланысты Керей мен Жәнібек және оларды қолдаушылар өз елінен кетіп қалып, Дешті Қыпшақтың шегінде көшіп-қонып жүргендіктен оларды өзбек-қазақтар немесе жай ғана қазақтар деп атады. Қазақ атауының оларға қалай берілгені жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегінде мынадай мәліметтер кездеседі: «Олар (Керей мен Жәнібек) алдымен өздерінің негізгі халқынан бөлініп шығып, қашқаннан кейін ұзақ уақыт бойы қорғансыз және көмекке зәру болып, қаңғып жүрді, сондықтан оларды қазақтар деп атады. Кейін осы атау оларға бекітіліп берілді» [4, с. 222].

Жоғарыдағы деректерге назар аударсақ олар қыпшақтың ұлан-байтақ даласында көп жылдар бойы көшіп-қонғаннан кейін ғана қарамағындағы рулармен бірге Моғолстанға қоныс аударып, Шу аңғарындағы Қозыбасыға орын тепкенін аңғарамыз. Бұл жөнінде алғашқы мағлұматтар «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде көрсетілді, осыдан кейін ол туралы басқа шығармаларда (Хондемирдің «Хабиб-ас-сийарында», Амин Ахмад Разидың «Хафт Иклимында», Махмуд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрарында» және т.б.) жазыла бастады. Мәселен, Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің шығармасында былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі және Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп барады. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбас аймақтарын берді» [4, с. 195].

Дегенмен олардың Моғолстанның иелігіне қай жылдары

келгені туралы да нақты мәліметтер жоқ. Тек Махмұт бен Уәлидің еңбегіндегі мәліметтерден қай жылдары келгенін болжай аламыз. Өз еңбегінде Махмұт бен Уәли былай деп келтіреді: «Ол уақыттары Моғолстанның аймақтарында Шыңғыс ханның ұлы Шағатай ханның ұрпағы Есен Бұқа билік құрды. Сол кезде Әмір Темірдің ұлы Мираншахтың немересі Әбу Саид мырза Ирактан Есенбұғаның ағасы Жүніс ханды шақыртып алып, оған қамқорлық көрсетіп, көмек береді де інісіне қарсы айдап салады. Осы себепке байланысты Жүніс ханның билігінде осалдық пайда болады. Сондықтан Жүніс хан Жәнібек пен Керей хандардың көшіп келгенін жақсылыққа жорып, оларды аса құрметпен күтіп алады да, Есен Бұқаның иелігі мен Жүніс ханның иқтасының арасындағы бейтарап (буфер) аймақ Моғолстанның батыс бөлігін береді. Бұл жер Шу және Қозыбасы деген атаумен белгілі [4, с.352]. Енді осы деректегі мәліметтерді талдайтын болсақ, Әбу Саид мырзаның Ирактан шақыртып алған Жүніс ханы мен Есенбұғаның арасындағы шайқас 1455/56 жылдары өтеді [4, с.196].

Шайқас кезінде жеңіліс тапқан Жүніс хан Моғолстанды тастап қашып, Әбу Саид мырзаға қайтып барады. Міне осы дерекке сүйене отырып Керей мен Жәнібек сұлтандар Моғолстанға 1456 жылдың аяғына дейін қоныс аударған деп жорамалдауға болады. Енді XV ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында Керей мен Жәнібек бастаған тайпалардың келіп қоныстанған Моғолстан мемлекетінің аумағына назар аударсақ, «Тарих-и Рашиди» атты еңбекте былай деп көрсетілген: «... қазіргі Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен көлденеңі 7-8 айшылық жол. Шығыс шеті (Моғолстанның) қалмақтардың жерімен шекаралас және Барыскөл, Емел және Ертісті өзіне қосады. Солтүстігінде оның шекарасы Көкше теңіз (Балқаш), Түркістанмен және Ташкентпен, оңтүстігінде Ферғана уәлаятымен, Қашғар, Ақсу, Шальш және Тұрфанмен шектеседі» [4, с. 219-220].

Моғол мемлекетіне Қазақстанның Оңтүстік және Жетісу аймақтары да кірген. Парсы тілінен аударғанда Моғолстан –

«Моғол елі» дегенді білдіреді. XIV ғасырдың орта тұсынан бұрынғы Шағатай ұлысының шығыс бөлігіндегі жергілікті хандардың әскери күшінің басым бөлігін құрайтын көшпелілер осылай аталды. Моғолдардың сол кездегі жоғарғы билеушісі Есенбұға хан Керей мен Жәнібекті, Жошы руының басқа да сұлтандарын құрметпен қабылдап, оларға Моғолстанның батыс бөлігіндегі Шу мен Қозыбасы атты елді мекендерді бергені белгілі. Алайда зерттеушілердің арасында Қозыбасы мекенінің орналасуына қарай әр түрлі пікірлер орын алып келуде.

Мұның мәнісі қазақ даласында Қозыбасы атаумен кездесетін бірнеше елді мекеннің болуында жатыр. Әсіресе, тарихшылардың бір бөлігі деректе көрсетілген Қозыбас атты елді мекен қазіргі Алматы облысында орналасқан деген пікірден танбай келеді. Алайда, бұл пікірдің қате екені деректерден көреміз. Онда біріншіден, Мұхаммед Хайдар Дулати «Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені мен Қозыбасыны берді», – деп нақты айтса, екіншіден, Махмұд бен Уәли де қазақ сұлтандарына Моғолстанның батыс бөлігін береді деп нақтылайды. Яғни, деректе жазылғандай Есенбұға қазақ сұлтандарына Моғолстан-ның батыс бөлігін берген. Ал Алматы облысындағы Қозыбасы болса ол Моғолстанның батысында емес дәл орталығында орналасқан. Үшіншіден, белгілі археолог М. Елеуұлының зерттеу еңбегінде Шу, Талас өңірлеріндегі ел аузынан жинаған тарихи аңыз-әңгімелері мен Мойынқұмға жасаған археологиялық экспедициясы баяндалады.

Археолог М. Елеуұлының халықтан жинаған аңыздарға сүйеніп, жасаған тұжырымдамасына назар аударсақ, сол тарихи аңыз-әңгімелер арасында Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты екі дерек кездеседі. Бірінші аңыз «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елімен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға кетіпті», – деп басталса, келесі бір аңызда «Қара күзде Сырдан

қопарыла көшкен қалың елді Керей мен Жәнібек сұлтандар Мойынқұмға бастап кетіпті», – делінеді. Ал аңыздарда кездесетін Жамбыл, Хантау, Майжарылған, Қойжарылған таулары мен Сұңқар шоқысы; Мойынқұм, Арқа, Тұлпарсаз, Жыланды сай, Қозыбасы сияқты жер-су атауларын экспедиция кезінде анықтап, кейін осының бәрін картаға түсірген [125].

Егерде рет-ретімен баяндасақ, Жәнібек пен Керей сұлтан бастағандар өздеріне қаны да, жаны да жақын Моғолстан мемлекетіне Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елімен ауа көшіп, Таразды айналып өтіп, Құлтан мен Меркіні, Аспараны артқа тастап, қыс түсе Мойынқұмға жетіп, Шу бойындағы Қозыбасыға келіп өз хандықтарының туын тігеді. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде көрсетілгендей, Қозыбасы қазіргі Мойынқұм ауданындағы Жамбыл тауында орналасқан. Бұл жерге қазақтар келіп ханның ордасын тігіп, туын көтерген соң «Хантау» деген атау алады. «Хан тауының» далалық бетіне жақын орналасқан «Ханның үлкен тағы», «Кіші тағы», «Ханның оры», «Ханның қорасы», «Ханның жолы», «Ханның өзені» – деген жер-су атаулары әлі күнге дейін халық арасында тарихи маңызын жоғалтпаған. Мәселен, әділ әрекетімен дана саясаттың арқасында ел жадында қалып, аты аңызға айналған біртума ханымыз Жәнібектің тұрақ жайы – Керегетас деген жерде. Күні бүгінге дейін «Хан қорасы» деп аталатын осы қасиетті мекен-жай Қарабөгет ауылынан 15, Ақбақайдан 50 шақырымдай жерде жатыр. Құмды қыстап шыққан ел көктемде Тұлпарсазда Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлап, өздерін қазақ деп атапты. Тұлпарсаз Шу өзенінің жағалауындағы саз. Аңыздарда Жәнібек сұлтан осы Тұлпарсазда өткен көкпарда тақымындағы көк серкені жан баласына алдырмаған шабандоз, әрі ат құйрығына ойнайтын адам болған көрінеді [125, 7 б.].

Осыдан кейін Керей хан мен Жәнібек сұлтан жаз жайлауы Қозыбасыға қарай өшіп бара жатқанда Бас Ақтөбеге шығады да төбе басында бір-біріне іргелес жатқан ескі қала жұртын көріпті, сонда Жәнібек сұлтан тұрып: «Алла тағала екеумізді

ажырамасын деп осы ескі жұртты бізге бұйыртқан шығар, қаласаңыз, біріне сіз, ал екіншісіне мен қоныстанып қала салайық», – деген екен. Сол кезде шығысқа қарап тұрған Керей хан бетін батысқа бұрып: «Уәде, бірақ біз бұл жерде ұзақ тұра алмаспыз, аллатағала сәтін салған күні батысқа – Түркістанға жол жүруіміз керек», – депті. Аңыздың айтуына қарағанда Керей мен Жәнібек сұлтан бастаған қазақтар Шудың бойында ширек ғасырдай мекендеп, жаз жайлауы Қозыбасы, Хан тауы мен Жамбыл тауларында, қыстауы Шудың бойы мен Мойынқұм, ал олар қоныс тепкен Шәрі мен Қойшыман үлкен қалалардың қатарына қосылған екен.

Аңыз бойынша Шудың бойында он жылдай хандық құрған Керей хан Хан тауына жерленсе, Шәрі мен Қойшыман қалаларын қалмақтар жойып жіберген. Дегенмен М. Елеуұлы өзінің көп жылғы қазба жұмыстарына сүйене отырып, Шәрі қаласын Қазақ хандығының алғашқы ордасы болуы мүмкін деген тұжырымдама жасайды [125, 11 б.]. Осылайша, Жаңа Тараз, Шәрі, Меркі, Аспара, ежелгі Баласағұн өңірінде қазақ ұлысы шаңырақ көтерді. Яғни, профессор М. Елеуұлы да қазақ сұлтандарының келіп орналасқан Қозыбасы, қазіргі Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында екенін дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, Қазақ хандығының қай жылы құрылғаны туралы деректерде нақты айтылмағандықтан тарихшылардың арасында ортақ пікірлер жоқ және бұл мәселе зерттеушілердің арасында әлі күнге дейін дау-талас туғызып келеді. Мәселен Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашидида» былай деп жазады: «Қазақ сұлтандарының билік етуі – сегіз жүз жетпісінші жылдан (870 жыл – б.ғ. 1465/66 жж.) басталды, ал оны Алла жақсы біледі». Отандық тарихнамаға Мырза Хайдар Дулатидың осы мәліметтерін алғаш рет 1864 жылы В.В. Вельяминов-Зернов «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты екінші кітабын жарыққа шығарған кезде енгізеді.

Осы уақыттан бастап тарихи әдебиеттерде 870/1465-1466 жылдарды – Қазақ хандығының негізі қаланған жыл деп

есептейтін пікір қалыптасады. Алайда бұл пікірге алдымен В.П. Юдин қарсы шықса, кейіннен оған Т.И. Сұлтанов қосылады. В.П. Юдин Хайдар Дулати Қазақ хандығының құрылған жылын моғолдардың арасында кең тараған ауызша тарихи әңгімелерге сүйенген десе [4, с. 189], Т.И. Сұлтанов Хайдар Дулати болған оқиғаларды болжаммен ғана көрсеткен деп, өз тұжырымын ұсынады [37, с. 126]. Бұлардан басқа Қазақ хандығының құрылған жылына байланысты басқа да зерттеушілер өз пікірлерлерін білдірген. Солардың бірі А.П. Чулошников Қазақ хандығы XV-XVI ғғ. шегінде құрылды деп жазса [31, с. 134-161], А.А. Семенов Керей мен Жәнібектің бөлініп шығуы өзбек-қазақ тарихындағы тек бір эпизод қана деп көрсетіп, дербес мемлекеттің пайда болу уақытын XVI ғасырдың 30-40-жылдары деп белгілейді. А.А.Семеновтің пікірімен келіскен С.К. Ибрагимов XV ғасырдың соңына қарай Керей мен Жәнібектің ұлдарының басшылығымен тек бірнеше феодалдық иеліктер ғана бөлініп шығып, жеке көшпелі мемлекет – Қазақ хандығының құрылуына негіз қалады десе [126, с. 126], орта ғасырдың маманы К.А. Пищулина ол XV ғасырдың 60-жылдарының орта тұсында Батыс Жетісуда құрылған деп есептейді [124, с. 263].

Ал Қазақ хандығының тарихын зерттеумен айналысып жүрген Б.Б. Кәрібаев өзінің монографиясында Қазақ хандығының құрылуы 1458 жылдың көктемінде жүзеге асқан деген қорытындыға келеді [43, 426 б.]. Дегенмен, осы авторлар тарапынан айтылған пікірлердің ішінен Т.И. Сұлтановтың Қазақ хандығы қай жылы құрылғаны туралы тұжырымдамасы шындыққа өте жақын келеді және жүйелі түрде дәлелін тапқан. Ол Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди» еңбегіне талдау жасай отырып, Керей мен Жәнібек сұлтандардың шайбанид Әбілхайыр ханнан қашып, Моғолстанға, шағатайлық Есенбұға ханға баруы, сол жерде оларға қазақ деген атаудың танылуы, содан кейін Әбілхайыр хан өлген соң берекетсіздіктер басталып, көпшілік халықтың Жәнібек пен Керейге қоныс аударуы және соның нәтижесінде біршама күшейген қазақ

сұлтандары Өзбек ұлысының басым бөлігінде өз биліктерін орнатты деп баға береді. Сондай-ақ, Т.И. Сұлтанов Қазақ хандығы Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін пайда болғанын Хайдар Дулатиға сүйене отырып былай дейді: «Осылайша, Мырза Хайдардың көрсетуі бойынша Қазақ хандығы Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін пайда болады, мұны басқа көптеген дерек көздері де қуаттайды. «Тарих-и Рашиди» мәтінінен Мырза Хайдардың Әбілхайыр хан 870 хижра жылына дейін немесе сол жылы өлді деп есептегендігі мәлім. Бірақ, көшпелі өзбектердің басшысы Әбілхайыр 870/1465-1466 жылдары қайтыс болған жоқ, ол біраз кейін 1468 жылы күзде (12 жылдық күнтізбе бойынша тышқан жылы) немесе 1469 жылы күзде (мұсылман күнтізбесі бойынша 874 х.ж.) қайтыс болған. Осы айтылғандарға сәйкес, Қазақ хандығы 1469 жылдың күзінен бұрын құрылуы мүмкін емес» [37, с. 127-128].

Шынымен де Әбілхайыр хан өлмей қазақ сұлтандары азғандай халықпен қазақ хандығын құруы мүмкін емес еді. Бұдан шығатын қорытынды Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын тек Әбілхайыр хандығы ыдырап, оларға Мұхаммед Хайдар Дулати жазғандай екі жүз мың адам қосылғаннан кейін ғана мемлекет ретінде құруға мүмкіндік алған. Мұны Фазаллах ибн Исфханидың шығармасындағы мәліметтер де растай түседі. Онда автор Қазақ хандығының қалай құрылғаны туралы былай деп келтіреді: «Жоғары мәртебелім Әбілхайыр хан о дүниеге аттанысымен оның иелігінде аласапыран басталып, Шайбан ұлысындағы хандық құрудың кезегі Шайх Хайдар ханға келеді. Қазақтардың ұлысында да сұлтандар Хандық билікке ұмтыла бастайды» [123, с. 66].

Рузбихан Исфханның берген мәліметі көрсетіп отырғандай Әбілхайыр хан өліп, оның орнына баласы Шайх Хайдар таққа отырған кезде, оның әлсірегенін пайдаланған Қазақ сұлтандары өз хандығын құрған. Ал Әбілхайыр хан болса 1468 жылы қайтыс болғаны белгілі. Яғни, жоғарыда көрсетілген деректердегі мәліметтерді талдау арқылы және Т.И. Сұлтановтың

пікірімен келісе отырып Қазақ хандығының құрылған уақыты 1470-1471 жылдар аралығында жүзеге асқан деп қорытындылауға толық негіз бар.

Ал енді Қазақ хандығының негізін қалаған билеушілер Керей мен Жәнібектің шығу тегіне тоқталсақ. Бұл мәселе жөнінде М.Қ. Әбусейтова өз еңбегінде былай деп анықтама береді: «Қазақ хандығының құрылуына Алтын Орданың ыдырауы тұсындағы Жошы ұрпақтарының арасындағы күрес себеп болғандығы белгілі. Осы тұста жоғары билікке тек Шайбан мен Тоқай Темірдің ұрпақтары өзара таласқандығы белгілі, ал Орда Еженнің ұрпақтары бұл уақытта тарих аренасынан кеткен болатын. Соңғы жағдай тарихи көздерде анық жазылмағандықтан кейде зерттеушілер қателесіп, XIV-XV ғғ. кейбір тарихи тұлғаларын Орда-Еженнің ұрпақтарының қатарына жатқызады» [38, с. 38].

Қазақ хандарының тарихын зерттеп жүрген Т.И. Сұлтанов осы Орда Ежен мен Тоқай Темір туралы мынадай мәліметтер береді: «Рашид ад-Динге сүйенсек, Орда Ежен Жошы ханның қоңырат руынан шыққан Сартақ атты үлкен әйелінен туған бірінші ұлы. 1227 жылы Жошы хан өлген соң Орда Еженнің қарамағына кезінде Шыңғыс хан бөліп берген әкесінің төрт мың жеке әскер де көшеді. Бұл төрт мың әскер XIV ғасырдағы тарихшы Вассафтың айтуынша, Орда Еженнің кезінде бір түменнен, яғни 10 000 әскерден асқан. Осы әскермен Орда Ежен өзінің басқа бауырларымен бірге 1236-1242 жылдардағы Батыйдың Батысқа жасаған жеті жылдық жорығына аттанады. Ол 1246 жылы Күйікті хан тағына отырғызған бүкілмоңғолдық құрылтайға да қатысады. Стэнли Лэн Пулдің «Мусульманские династии» (1899 ж.) және К.Э. Босводтың осы аттас (1967 ж.) еңбектерінде Орда Еженнің қайтыс болған уақыты 1280 жыл деп қате көрсетілген, кейіннен бұл қателікті көптеген авторлар қайталайды. Шындығында Орда Ежен 1247-1251 жылдар аралығында қайтыс болған. Өйткені 1246 жылы Плано Карпини өз серіктерімен Жошы ұлысының аумағынан өткенде ол тірі болса, ал 1251 жылы оның ұлысын төртінші ұлы

Күнқыран басқарған. XIII ғасырдың екінші жартысында, яғни Орда Еженнің алғашқы мұрагерлері тұсында Орда ұлысының орталығы Алакөл көлінің маңайынан Сырдария өзенінің жағалауына көшіріледі. Осы кезден бастап Жошы Ұлысының Сырдарияның төменгі және орта ағысы бойындағы аумақтары және оның маңайындағы облыстары Орда Ежен ұрпақтарының билігіне толықтай көшті. Тоқай Темірге келсек Рашид ад-Диннің көрсетуі бойынша ол Жошының он үшінші ұлы, ал Махмуд ибн Уали оны төртінші баласы дейді. «Муизз ал-ансабта» оның анасының меркіт тайпасының Кагри есімді әйелі болғаны айтылады. Басқа деректерде 1229 жылы Батый хан Моңғолиядағы Қарақорымға Үгедейдің таққа отыруына баратын кезде «өз хандығын кіші інісі Тоқай Темірге тапсырды» деп көрсетіледі. Тоқай Темір өзінің басқа да бауырларымен бірге моңғолдардың батысқа 1236-1242 жылдары жасаған жорығына қатысқан. Шайқас аяқталған соң Батый оған каучиндерден (артықшылықты әскер) минг, тархан, ушун, ойраттарды және енші ретінде ас облыстары (Солтүстік Кавказда) мен Маңғыс-тауды бөліп береді. Батый мен оның мұрагерлерінің қалауы бойынша Тоқай Темір оның ұрпақтары сонымен қатар, Хаджжи Тарханға (Астрахань), Қазанға, Кафа мен Қырым уәлайаттарына билік жүргізеді. Тоқай Темір 1246 жылы Күйікті және 1251 жылы Мөңкені таққа отырғызған бүкілмоңғолдық құрылтайдың жұмыстарына қатысқан. Әбілғазының көрсетуі бойынша Тоқай Темір өз ағасы Берке ханның үлгісімен мұсылман дінін қабылдайды» [37, с. 137]. Тоқай Темір ұрпақтарының тарихына қатысты XVII ғасырдағы Балх тарихшысы Махмуд ибн Уәли «Бахр ал-асрар» еңбегінде Тоқай Темірдің ұрпақтарын «Хан ұлдары» (Хан оглы) деп, ал Тоқай Темірдің үйін Ханедан-и Тукайтимурийан деп атаған [4, с. 329].

Тарих ғылымында осы екі тарихи тұлғаның қайсысынан қазақ хандарының ортақ атасы Орыс ханның шығуы туралы екі түрлі көзқарастан тұратын деректер қалыптасқан. Мәселен, «Мунтахаб ат-таварих-и Муини» немесе «Аноним Искандера»,

«Нусах-й-и джаханара», «Тарих-и Хайдари», «Джами ад-дувал» атты деректерде Орыс хан Жошы ханның үлкен ұлы Орда-Еженнің ұрпағы деп көрсетіліп, шежіреде Орыс хан – Шымтайдың ұлы, Ерзеннің ұлы, Сасы-Бұқаның ұлы, Ноқайдың ұлы, Құлидің ұлы, Орда-Еженнің ұлы деп беріледі. Осыған мүлдем қарама-қарсы «Муизз ал-ансаб», «Таварих-и гузида-йи нусрат наме», «Шаджара-йи турк», «Шыңғыс-нама», «Бахр ал-асрар» және тағы басқа да деректерде Орыс хан Жошының келесі ұлы Тоқай-Темірдің ұрпағы делінеді де Орыс хан – Бадақ баласы, Хожаның баласы, Әз Темірдің баласы, Тоқай Темірдің баласы делінеді [37, с. 140]. Осы көзқарастарға байланысты қай деректер дұрыс деген сұрақ туындайды. Орыс ханның тегін Орда Еженнен тарататын мұсылман авторлары ма, әлде Тоқай Темірден тарататындар ма? Олардың ешқайсысы өз ойларын дәлелдемейді және әрбір деректің авторлары бір-бірін қайталайды. Отандық тарихшылар тарапынан да осы сұраққа әлі күнге дейін негізді жауап бере алмай, оларда екі топқа бөлініп отыр. Мәселен Орда Ежендік көзқарасты жақтайтындар В.В. Вельяминов-Зернов, Стэнли-Лэн-Пуль, М. Тынышбаев, М.Г. Сафаргалиев, А.Ю. Якубовский, П.П.Иванов, К.И. Петров, Б.А. Ахмедов, Г.А. Федоров-Давыдов, К.Э. Босфорт, К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, З. Қинаятұлы, Б.Б.Кәрібаев болса, ал Тоқай Темірлік бағытты Ш.Ш. Уәлиханов, Ш. Құдайбердіұлы, Құрбанғали Халид, В.П.Юдин, М.Қ. Әбусейітова және басқалары ұстанады. Бізде осы деректерге талдау жүргізе отырып, өз ойымызды білдірсек. Бірінші көзқарастағы деректердің негізі дерлік Рашид ад-дин мен Муин ад-дин Натанзидың «Мунтахаб ат-таварих-и Муини» немесе «Аноним Искандера» атты еңбектеріне сүйеніп жазылған және олардың барлығы да Жошы ұрпақтарының тарихын сырттай ғана естіп білген негізінен парсы деректері болып табылады. Ал Натанзидың еңбегінде тарихи сәйкессіздіктер мен күмән туғызатын тұстары көп екенін Жошы ұрпақтарының генеалогиясын жасаған Ж.М.Сабитов өзінің мақаласында дәлелдеп кетеді. Мәселен, ол

Рашид ад-дин мен Муин ад-дин Натанзидың еңбегінде ел билеген хандардың ішінен басқа ешбір деректерде кездеспейтін сегіз ханды атап өтіп, олардың бәрін өз ойынан шығарған деп береді және хандардың билік құрған жылдарының басқа деректермен сәйкес келмейтінін дәлелдеп, Орда-Еженнің ұрпағы Сасы-Бұқаны Өзбек ханның кезінде Алтын Ордада хандық құруы, Едігенің әкесі Құтлықтың орнына Балтышақ деп көрсетуі және басқа да толып жатқан қателіктерді тізіп көрсетеді. Міне сондықтан да Рашид ад-дин мен Муин ад-дин Натанзидың «Мунтахаб ат-таварих-и Муини» атты еңбегін шынайы дерек деп айта алмаймыз. Сонымен қатар, бұл деректерге назар аударсақ жүз жылдың ішінде Жошы ханнан Орыс ханға дейін жеті ұрпақ ауысқан. Ал шежіренің тарихымен айналысатын зерттеушілер жүз жылда төрт ұрпақ, әрі кетсе бес ұрпақ дүниеге келіп үлгіреді дегенді алға тартады. Шынымен де, егерде есептейтін болсақ, онда жүз жылда жеті ұрпақ қалдыру үшін әр ата міндетті түрде 14-15 жасында ұрпақ қалдырып отыру керек екен.

Ал Орыс хан Тоқай-Темірден тарайды деген деректердің екінші тобына келсек, бұл авторлардың көбісі Шыңғыс ханның ұрпағы Шайбани әулетінен шыққандықтан, олар өз шежірелерін нақты білген және біздің пікірімізше олардың мәліметтері барлық деректерден сенімдірек болып табылады. Мәселен, Әбілғазы өзінің шежіресі туралы: «Шыңғыс ханның ұлы Жошы хан,оның ұлы Тоқай-Темір,оның ұлы Әз-Темір, оның ұлы Қожа, оның ұлы Бадақұл-оғлан, оның ұлы Орыс хан, оның ұлы Қойыршық хан, оның ұлы Барақ хан, оның ұлы Жәнібек хан аталып кеткен Әбу-Саид. Өз кезегінде оның тоғыз ұлы болған: Жиренше (Иранджи), Махмұт, Қасым, Етік, Жаныш, Қанабар, Теңіз, Үсек, Шуақ», – десе [Әбілғазы. Түрік шежіресі / Көне түрік тілінен аударған Б.Әбілқасымов. – Алматы, 1992. – 228 б. 119 б.], «Бахр ал-асрар» атты еңбекте Махмуд ибн Уәли қазақ хандары Керей мен Жәнібекті Тоқай-Темірдің ұрпақтары деп атай отырып: «Тоқай Темір ханның кейбір ұрпақтары, мысалы, әкелерінің аттары Тоқай-Темірдің

(одан тараған) қағандарының тізімінде тікелей көрсетілген Керей хан мен Жәнібек хан бағыну мен бой ұсынудан шығып, отанынан кетуді жөн көрді», – дейді [4, с. 330]. Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы Ш.Ш. Уәлиханов та «Ұрыс шыққан әулет, Әбілғазының айтуынша, Жошының кіші ұлдарынан тарайды, олардың аталары Тоқай Темір», – деп өзінің шыққан тегін сеніммен айтып кеткен [127, 162 б]. Қазақ шежіресінің білгір маманы Ш. Құдайбердіұлы да осы бағытты қолдап «Жошының төртінші баласы – Тоқай Темір, біздің қазақ осының қол астында болған және Әбілмансұр – Абылай ханның арғы атасы осы еді», – деген [30, 51 б]. Біз де жоғары да көрсетілген тұжырымдаларға сүйене отырып Орыс хан Орда Еженнің емес, Тоқай Темірдің тікелей ұрпағы екенін күмәнсіз қабылдаймыз.

Қазақ хандығының алғашқы билеушілерін талдай отырып, Керей мен Жәнібектің Орыс ханнан бастап бергі аталарына тоқтап кетейік. Орыс хан оның лақап аты, шын мұсылман есімі – Мұхаммад. Ортағасырлық иран және түркі тілдес авторлар оны «Урус-хан узбеки» немесе «Орыс хан» деп атаған. Орыс хан Өзбек ұлысын 1368-1377 жылдары билеген. 776/1374-75 жылдары ол Алтын Орданың астанасы Сарайды басып алады. Деректерде Орыс хан мазасыз, қатты мінезді «өте күшті және күдіретті» билеуші болған. Өз астанасы Сығанақ қаласын безендірген, елде қатаң тәртіпті сақтаған, әскерді жорыққа алып шыққан және хан билігінің беделін жоғары ұстауға ұмтылған. XVII ғасырдағы автор Қадырғали бектің мәліметі бойынша Орыс хан Қыштым деген жерде қаза табады, ал келесі дереккөзде оның қайтыс болған жері Үстірт даласы деп көрсетілсе, үшінші деректе – Сырдарияның орта ағысының оң жағалауы деп беріледі. Мұсылман деректері Орыс ханды нағыз мұсылман билеуші ретінде көрсетіп, өз мемлекетінің аумағында мешіттер, медреселер және басқа да қайырымдылық мекемелерін салдырғанын жазады.

«Муизз ал-ансаб» (XV ғ.) пен «Нусрат-намеде» (XVI ғ.) келтірілген Жошы ұрпақтарының егжей-тегжейлі шежіресіне

сәйкес, олар бір-біріне алыс туысқан болып келеді, олардың тек арғы бабасы ортақ – Орыс хан. Керейдің шежіресі: Орыс хан, Тоқтақия, Анике-Болат (Пулад), Керей. Жәнібектің шежіресі: Орыс хан, Құйыршық, Барақ, Жәнібек.

«Тарих-и Рашиди», «Нусрат наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Михман-наме-йи Бухара» еңбектерінде Керей қазақтың ұлы ханы ретінде аталады. Керейдің хандық құруының егжей-тегжейі бізге беймәлім. Соңғы рет оның есімі «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», «Шайбани-наме» сияқты деректерде 878/1473-74 жылдары кездеседі. Оның сол жылдары қайтыс болуы әбден ықтимал. Мырза Хайдар Дулати Керейдің ұлдары көп болғандығын жазады. Алайда ол бірде-біреуінің есімдерін атамайды. Ал «Нусрат намеде» Керейдің үш ұлы ғана аталады: Бұрындық, Қожа Мұхаммед, Сұлтан Әли. Өкінішке орай деректерде тек Керей ханның үлкен ұлы Бұрындық хан туралы ғана мәліметтер кездеседі.

Жәнібекке келсек, «Муизз ал-ансаб», «Нусрат-наме» мен Әбілғазының еңбегінде оны Әбу Саид деп, бірақ бізге бұл ханзада Жәнібек есімімен таныс деп көрсетілген. Жәнібек («Муизз ал-ансаб» бойынша үлкен, «Нусрат-намеге» сәйкес үшінші) Барақ ханның баласы, Орыс ханның төртінші ұлы Құйыршық ханның («Нусрат-намеге» сәйкес осылай, ал «Муизз ал-ансаб» бойынша Құйыршық Орыс ханның 15 баласының кішісі) немересі. Жәнібектің әкесі Барақ ханның өмірі туралы мұсылман тарихшы-лары оны өжет, жанқияр адам және жігерлі билеуші ретінде сипаттап, батыл, қайратты және табанды болған дейді. Барақ хан Едіге әмір балаларының қолынан 1428 жылы қаза тапқанын ескерсек, онда оның баласы Жәнібек 1429 жылдан кеш емес уақытта дүниеге келген. Мұсылман деректерінде оны өзбек-қазақтарының көсемі, ержүрек жауынгер, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі ретінде суреттейді. Сонымен қатар, деректерде оның есімі әрқашан Керей ханның атымен бірге аталады және хандық таққа бір уақытта отырғаны жөнінде көрсетіледі [123, с. 68]. Хандықта туысқан қос билеушінің болуы Азияның орта-

ғасырлық тарихында жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, VI ғасырдағы Түркі империясы да, XI ғасырдағы Селжұқтар мемлекеті де екі ағайындымен құрылған. Хиуа хандығы да XIV ғасырда Илбарыс пен Билбарыс деген ағайындылардың біріккен қызметі негізінде құрылған. Дегенмен Жәнібек хан туралы деректер өте аз. Сондай деректердің бірінде Жәнібек ханның шайбанид Әбілхайырдың ұлы Шайх Хайдар ханды өлтіруге қатысқаны жөнінде айтылады. Мәселен, «Шайбане-наме» атты шығармада былай делінеді: «Әбіл-хайырдың ұлы Шайх-Хайдардың хан болуын қаламаған Ибақ хан, Жәнібек хан, Бөреке сұлтан, сондай-ақ маңғыттардың әмірлері Аббас бек, Мұса бек және Жаңбыршы бек қарсы шығады. Нәтижесінде оны Ибақ хан Ахмет ханды әскерімен көмекке шақыру арқылы өлтіреді. Осыдан кейін Әбілхайыр хандығында үлкен дүрбелең басталып халқы жан-жаққа босып, көше бастайды» [4, с. 99].

Алайда Жәнібектің есімі бұдан былай бізге белгілі деректердің ешқайсысында кездеспейді. Яғни, 1474 жылғы қазақтардың шайбанидтермен болған шайқаста оның баласы Жиреншенің хан ретінде аталуына қарағанда ол Керей ханнан бұрын қайтыс болуы мүмкін. Жәнібектің ұлдарына келсек бұл жөнінде Әбілғазының «Түріктердің шежіресінде» (т. 1, 178-179 б.) былай деп жазылады. «Барақ ханның баласы Әбу Саидтың (Жәнібек хан) тоғыз ұлы болған: Жиренше (Иренджи), Махмуд, Қасым, Әдік (Айтик), Жаныш, Қамбар, Таниш, Үсек, Жадық». «Нусрат наме» авторы болса Жәнібек ханның ұлдарының атын былай көрсетеді: Жиренше (Иренджи), Махмуд, Қасым, Әдік (Атик), Жаныш, Қанбар, Тыныш, Уснак, Джадик [4, 42 б.].

Бабыр, Мырза Хайдар және тағы бірнеше авторлар Жәнібек ханның төртінші ұлының атын Жәдік деп көрсетеді. Жәнібек ханның үлкен ұлы Жиренше (Иренджи), деректерге назар аударсақ, XV ғасырдың 80-жылдары Сауранның билеушісі болған. «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» атты деректе былай делінеді: «Қысқа қарай Түркістанға Керей хан

шапқыншылық жасайды. Осы кезде Мұхаммед Мажит тархан қазақтардан қауіптеніп шайбанидтерді Бұхара мен Самарқанға жібереді. Осы уақытта Сауран бекінісіндегі Әлике сұлтанды Жәнібек ханның баласы Жиренше хан келіп, өлтіріп кетеді». Яғни, Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани Дешті Қыпшақтан Самарқанға бет алып, Сауранға жеткенде Жиренше (Ирендж) көп әскермен келіп шайқасқа түседі де, шайбанидтерді тас-талқан етеді. Осыдан кейін Мұхаммед Шайбани қалған әскерімен аттың басын Самарқанға емес, Бұхараға, Абу ал-Али тарханға қарай бұрады. Бұл мәлімет белгісіз автордың «Нусрат наме», Хондамирдің «Шейбани наме» мен «Хабиб ас-сийар», Махмуд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» еңбектерінде берілген. Алайда деректерде Жиренше (Иренджи) туралы және оның балаларына қатысты деректер кездеспейді. Дегенмен біздің ойымызша Жәнібек ханның осы үлкен ұлы мен қазақтардың пір тұтатын атақты Жиренше шешен екеуі бір адам болуы әбден мүмкін. Халық аузында жүрген аңыздарға сүйенсек Жиренше үнемі Жәнібек ханның жанынан табылып отырады. Сондай-ақ, аңыздарда ол Жәнібек ханның асырап алған баласы ретінде де айтылады. Жәнібек ханның екінші баласы Махмуд сұлтан XV ғасырдың соңғы жылдарында Қазақ хандығының әскери-саяси өмірінде негізгі тұлғалардың біріне айналған. Оның есімі белгісіз автордың «Нусрат намесінде», Шаидың «Фатх-намесінде», Бинаидың «Шейбани-намесінде», Хондамирдің «Хабиб ас-сийарында», Махмуд ибн Уалидің «Бахр ал-асрарында» Мұхаммед Шайбанидың қазақ сұлтандарымен соғысына байланысты кездесіп, онда ол Созақ қаласының билеушісі ретінде көрсетіледі. Ол көп әскерді басқарған даңқты қолбасшы-сұлтан, ержүрек жауынгер, әрі керемет батыр, шешуші шайқас алдында жаудың батырын жекпе-жекке шақырып отырған. Махмуд сұлтанның түр әлпеті де ортағасырдағы нағыз жауынгердің сипатында суреттеліп, мұрны, беті және ерні шайқаста қылышпен кесілген, денесінде жебеден, найза мен айбалтадан қалған жарақаттар болған [4, 105-107 бб.].

Өкінішке қарай деректерде оның кейінгі тағдыры да белгісіз күйінде қалған. Жәнібек ханның үшінші ұлы Қасым хан болғандықтан оған арнайы тоқталамыз.

Жәнібек ханның төртінші баласы Әдік Бинаидың (1512 жылы өлген) айтуы бойынша Дешті Қыпшақтың ұлы сұлтандарының бірі болған. XV ғасырдың соңғы ширегінде ол өзінің бауырларымен бірге, қазақтардың үлкен ханы Бұрындықтың шайбанидтерге қарсы ісі мен жорықтарына белсенді қатысқан. Ол моғол ханы Жүністің қызы Сұлтан Нигар ханымға үйленген және XV-XVI ғасырлар шебінде Ташкентте өмір сүрген. Ол кезде Ташкент моғолдардың иелігінде болып, моғолдардың үлкен ханы Сұлтан Махмудтың тұратын жері болды. 1503 жылы Шайбани хан Ташкентті жаулап алғанда, Әдік сұлтан «Тарих-и Рашиди» авторының айтуы бойынша «Әдік сұлтан қазақтарға бет алған, Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан ерген. Сол жылдары Адик сұлтан қайтыс болады және оның әйелін Қасым хан әйелдікке алады» [МИКХ, 222 б.]. Жәдіктің Сұлтан Нигар ханымнан екі қызы болады, оның үлкенін Көшім ханның баласы Абдолла сұлтанға ұзатқан, ол көп ұзамай қайтыс болады. Ал екіншісі – Шешек ханымды моғолдардың болашақ ханы Рашид-сұлтанға берген [40, с. 260-261].

Әдік сұлтанның ұлдары болғанымен олардың саны деректерде көрсетілмеген. Қадырғалидың шығармасында «Адик сұлтанның руын» Биш-Огул деп атаған деп көрсетіледі. Бұдан оның бес ұлы болғанын байқаймыз. Бізге Әдік сұлтанның мына балалары белгілі: Тахир, Абу-л Қасым, Бұйдаш, Бауш. Жәнібек ханның бесінші ұлы Жаныш Мырза Хайдардың көрсетуі бойынша 1513 жылы жасы алпыстар шамасында болған, ол басқа да қазақ сұлтандарымен бірге Шу алқабында моғол ханы Саидты қарсы алған [4, с. 225].

Ол туралы толығырақ мәлімет «Михман-наме-йи Бұхарада» келтірілген. 1509 жылы Бұхарадан шайбанидтер қазақ даласына қарай қазақтармен соғысу үшін шығады, деп жазады осы қысқы науқанға қатысушы Ибн Рузбихан. Ақпанда әскерлер

Өзгентке келіп, Сырдариядан өтеді. Шайбани ханның шеруі «10 күн жолдан кейін Қара Абдал деген жерге келіп тоқтайды, ол қазақтар қыстауының ортасына жақын орналасқан жер болатын. Ол қазақ сұлтандарының біріне бағынатын тайпаның жұрты болды. Олардың қазіргі уақыттағы жоғарғы билеушісі Джаниш сұлтан. Оның Таниш сұлтан есімді інісі бар, ол да осы сұлтанға жақын жерде орналасқан. Олардың әрқайсысының ұлыстарында елу мыңнан астам атақты қазақ бар, олардың әрқайсысы ержүрек жауынгер және даңқты батыр». Шайбани хан әскерінің бір жасағы «Джаниш сұлтан ұлысына» жорыққа аттанды. Жау әскерінің жақындап қалғандағы туралы хабар жеткенде, «Джаниш сұлтан ұлысының адамдары бір жерге жиналады. Олардың саны отыз мыңнан аспағанымен, соңдарында көптеген қызметшілері мен бағыныштылары болды, сөйтіп жалпы саны жүз мыңға жетті». Қарсыластардың алғы шептегі әскерлері бір-бірімен кездесіп, шайқас басталады. Джаниш сұлтан «ақсүйек қазақтармен» үлкен полкта тұрды, ал қазақтардың басқа тобы қорғаныс және тойтарыс беру шебінде болды. Ыңғайлы уақытты тандай білген Джаниш сұлтан, торыуылдан шығып, Убайдулла сұлтанның әскеріне тап беріп, жауды ығыстыра бастайды. Бірақ оған көмекке басқа шайбанидтер келіп үлгеріп, кескілескен шайқас басталады. Соңында Джаниш сұлтан жеңіліске ұшырап, талқандалған әскерімен Бұрындық ханның қыстауы аумағына шегінеді. Джаниш сұлтанның Ахмад сұлтан есімді ұлы болған, ол – «атақты қазақ сұлтандарының бірі», – деп жазады Ибн Рузбихан. 1508 жылы ол Мауреннахрға (Ортаазиялық өзен аралығы) жорыққа барады және Самарқан мен Бұхараға жақын орналасқан аумақтарды тонайды. Ал мында, Қара Абдалда Ахмад сұлтан қазақ ұлысын қорғаушылардың қатарында болды. Әкесі Джаниш сұлтанның жеңілісінен кейін, Ахмад сұлтан қашпақ болғанымен, ұстап алынады. Оны Шайбани хан Джаниш сұлтанның ұлысына шабуыл жасайтын әскердің басшысы етіп қойған Хамза сұлтанға алып келеді. Хамза сұлтан ертеректе Джаниш сұлтанның қолынан қаза тапқан

ағасы үшін кек алып, Ахмад сұлтанның басын алуды және оны жеңіс туралы хабармен бірге Шайбани ханның аяғының астына тастауды бұйырады. Оның айтқаны бұлжытпай орындалады. Қадырғали бектің айтуы бойынша Жәнібек ханның алтыншы ұлы Қамбар [24, с. 125] Қасымның бір туған бауыры болды және өмір бойы соның жанында болып, әскерінің алдыңғы шебінде жүрді. «Оның руы хандық құрмады». Балалары туралы белгісіз. Жәнібек ханның жетінші баласы Тыныш болса, Ибн Рузбиханның шығармасына сүйенсек ірі ұлысты басқарған. 1509 жылы наурызда оның ұлысына Шайбани ханның әскері шабуыл жасайды және Тыныш сұлтан өз әскерінің аз болғанына қарамастан шайқасқа түскенімен күші басым жаудың қысымына шыдамай кейін шегініп, барлық малы мен байлығынан айрылып қалады. Соңғы рет Тыныш сұлтанның есімі 1513 жылы кездеседі. Мырза Хайдардың айтуы бойынша, сол кезде жасы алпыстарға келген Тыныш сұлтанды Қасым хан басқа қазақ сұлтандарымен бірге моғол ханы Саидты қарсы алуға жібереді [4, с. 276].

Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдік және оның ұрпақтары туралы біздің білетініміз тек Қадырғали бектің шығармасына негізделген. Онда мынадай мәліметтер кездеседі: «Қасым ханның кезінде Джадик сұлтан да өмір сүрді. Ол өзінің ұлдарының бірімен Шигим мырзамен шайқаста Иланлы Төбеде қаза тапқан. Оның бейіті Үргеніштегі Бақырған Ата қорымында. Йадик ханның, – деп жалғастырады Қадырғали бек, – бірнеше әйелі болған. Тиісінше ұлдары да көп болған. Олардың бізге белгілісі мыналар: Тугум хан, Бөкей сұлтан, Шигай хан, Мәлік сұлтан. Соңғы екеуінің аналары Абайкан бегім болған. Тугум ханның баласы Токуз Сары. Тугум хан Мәліктің баласы Башибек сұлтанмен және Токуз Сары балаларымен – Джагат маңайында қаза тапқан. Олар отыз сегіз атақты сұлтандар болған» [24, с. 274].

Академик В.В. Бартольдтің көрсетуі бойынша Тоғым ханмен бірге 37 қазақ сұлтаны моғол ханы Рашид ханмен шайқаста 944/1537-1538 жылдары қаза тапқан [37, с. 230].

В.В.Бартольдтің қорытындыларын ортағасырдағы мұсылман дереккөздерінің ірі білгірі, петербургтік ирантанушы О.Ф.Акимушкин де қолдайды [40, с. 236-237].

Жәдік сұлтанның Қадырғали бек көрсеткен Тоғым, Бөкей, Шығай, Мәліктен басқа Ыанга Батыр сұлтан атты тағы бір сұлтан болған. Ол туралы әңгіме «Шараф-наме-йи шахи» еңбегінде айтылады. 1582 жылы көктемде, – деп жазады Хафиз-и Таниш, – шайбанид Абдолла хан Сауран маңында, Шатырма өзенінің жағасында лагерь құрып тоқтағанда, оның баласы Абд ал-Мумин аңға шығып, адасып кетеді. Абдолла хан қатты уайымдайды, сол кезде ол Джигдаликте тұрғанда, «Шығай ханның кіші інісі» Ыанга Батыр сұлтан лагерьге ханзадамен бірге келеді. Қуанып кеткен хан Ыанга Батыр сұлтанды қошаметтеп, «оған алғыс ретінде көп ақша береді» [4, с. 270].

Алғашқы Қазақ мемлекетінің негізін қалаушылар Керей мен Жәнібектің шежіресі жөнінде қазір қолда бар деректердегі мәліметтер осындай. Керей хан мен Жәнібек ханның қайда жерленгендері белгісіз. Бірақ олар туралы ізденістер жалғасып жатыр.

2.2 Бұрындық және Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі

XV ғасырдың 70-жылдарында Қазақ хандығы күшейе түседі. Оны қазақ хандарының көрші жатқан ұлыстарды өз ықпалына алуға ұмтылғанынан байқаймыз. Мәселен, Жәнібек хан ноғайлықтарды Батыс Қазақстан аумағынан оңтүстік-шығысқа көшіруді ойластырған. Алайда ноғайлар Барақ ханның ұрпақтарын емес шайбанидтерді қалап, Мұхаммед Шайбани, Жәдігер, Ибақ, Мамықты көкордалық билеушілер деп таниды. Сондықтан қазақ хандары Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбанидың соңына түсіп, оның Дешті Қыпшақтың тағына отырмауына және Ноғай Ордасымен бірігуіне жол бермеуге тырысты. Бұл кезде, дәлірек айтқанда 1470-1471

жылдары шайбанидтер Өзбек ұлысындағы жоғары биліктен айрылып, жан-жаққа тарап кетті. Алайда олар саяси күрестен бас тартпады. Өйткені шайбанидтердің осындай тобының басында Әбілхайыр ханның немересі, екпінді әрі ержүрек жас ханзада Мұхаммед Шайбани тұрды.

Әбілхайыр ханның ұлы және мұрагері Шайх-Хайдар 1470 жылы қайтыс болған соң, Мұхаммед Шайбани мен оның кіші інісі Махмудты жақындары Астраханға алып кетеді. Кейіннен жас сұлтандар Сырдария бойындағы алқаптарға қайта оралып, шағын топ құрып, Шығыс Дешті Қыпшақта Әбілхайыр әулетінің билігін қалпына келтіру үшін күресті бастайды. Осы күрес кезінде шайбанидтер маңғыт мырзалары мен тимуридтердің қолдауын үнемі пайдаланып отырады. Бірақ, Мұхаммед Шайбани атасы секілді Өзбек ұлысының басшысы болуды жүзеге асыра алмады. Себебі сол кездері негізгі күш қазақ билеушілерінің жағында еді, ал Мұхаммед Шайбанидің жақтастары тек шағын топпен шектелді. Мәселен, Қазақ хандары 30-50 мың әскерді басқарып отырса, шайбандар сондарынан бірнеше ондаған адамнан 300-400-ге дейінгі сарбаздарды ерте алды [36, с. 39-45].

Бұл кезде Қазақ хандығының тағына отырған Бұрындық алғашқы Керей ханның үлкен ұлы болатын. Хан билігінің Бұрындық ханның қолына көшу жағдайлары мен уақыты жөнінде нақты мәліметтер жоқ. XV ғасырдың 60-жылдарының соңындағы оқиғалар туралы жазған Ибн Рузбихан, Әбілхайыр ханның өлімінен кейін: «өзбек хандарының иеліктерінде бүлік туындап..., Қазақ сұлтандарының ұлысында да хан билігіне талас басталды. Хан атағы бірнеше тұлғаларға тиесілі болғаннан кейін билік ету Бұрындық ханға тиді» [123, с. 96], – деп көрсетеді. Бірнеше тұлға деп бұл жерде Керей мен Жәнібек айтылған. Бұл айтылғандар Қазақ хандығының негізін қалаған екі сұлтан арасында жоғарғы билікке талас болды ма, жоқ па, Керейден соң Жәнібек хандық құрды ма, жоқ па дегенді білдіреді деп айту қиын. «Тарих-и Рашидиге» сүйенсек, Бұрындық хан әкесінің тікелей мұрагері болған [4, с. 192].

Шайбанид аумағының деректерінде Бұрындық қазақтардың ұлы ханы деп XV ғасырдың 70-жылдарынан бастап, яғни әкесінің өліміне жақын уақыттан бастап аталған. Бұрындық хан билігі мазасыз, күрес пен өзгерістерге толы уақытқа сәйкес келді. Ол уақыт талаптарын ерлікпен қарсы алып, өз әкесі Керей мен оның серіктесі Жәнібектің аманаттарына – олар құрған мемлекетті сақтау мен күшейтуге адалдық танытты. XV ғасырдың соңғы ширегінде орын алған қандай да бір маңызды оқиғалар Бұрындық ханның қатысуынсыз өтпеді, ол әскерді шайқасқа өзі бастап шықты және бірнеше рет жараланды да. Шайбани ханның тарихшылары (Шади, Бинаи, Ибн Рузбихан, «Нусрат-наменің» белгісіз авторы) және Хондамир Бұрындық ханды Дештінің атақты қолбасшыларының бірі және күшті билеуші ретінде суреттейді. «Бұрындық хан Өзбек әулетінен болып табылады. Олардың бір бөлігін қазақтар деп атайды. Кез келген уақытта, – деп жазды Ибн Рузбихан, – егерде Бұрындық «Аттанамыз» деп жарлық жіберсе, онда төрт жүз мың жорыққа шығады. Олардың әрқайсысы он жігітке татитын еді. Олардың қойлары мен сиырларында есеп жоқ, жылқыларының табындарының санын тек жаратушы ғана біледі. Олар қыстауға тек қар жауғанда ғана жолға шығады. Әйтпесе малдарына су тауып беру өте қиынға түседі. Көшкен кезде олар үйлерін екі үлкен арбаның дөңгелегіне жасайды. Ал түйелер мен жылқылар оларды керуен тәрізді тізіліп бір тұрақтан екінші тұраққа апарады. Ең кедей деген адамның өзінде жылқы, түйе, қойлар мыңдап саналады. Осылайша құндыз, тиын және басқа терілерден жасалған тондар мен жібектен тігілген киіммен, сондай-ақ түрлі түсті әшекейлерді тағынған олар Қыпшақ даласынан Еділ өзенінің аумағына дейін көшіп барса, екі-үш айдан кейін осыншама байлықпен кері қарай қыстауларына қайтады. Олардың қыстаулары бүкіл Сыр бойының жағалауын алып жатыр. Өйткені Сыр бойындағы ну қамыс қазақтардың малдарына таусылмас азыққа айналады. Сыр бойына қоныстанған қазақ ұлыстарының әрқайсысында белгілі бір мекен бар. Әр ұлыстың Шыңғыс ханнан тарайтын өз

сұлтандары бар. Бұл жердегі сұлтандар Жошы ханның кезінен бастап-ақ Шыңғыс ханның жасағы бойынша иелік жасап келеді. Бірақ өзбек хандарының арасында үнемі тай-талас өтуде. Әсіресе, шайбан мен қазақ хандарының арасындағы күрес өте күшті. Әбілхайырдың ұлы Шайх Хайдар хан таққа отырғаннан кейін, қазақ ұлысындағы сұлтандар да жеке хандық билікке ұмтылды. Кейін бұл билік бірнеше адамдарға тиген соң кезек Бұрындық ханға тиеді» [123, с. 141]. Төрт жүз мың әскер деп бұл жерде әсірелеп айтылған, өйткені, орта ғасырдағы мұсылман авторлары қандай да болмасын билеуші өте көп әскерге басшылық жасаса, олар соны әсірелеп көрсететін [7, 22 б.].

Дегенмен сол кездегі Қазақ хандығының қуаттылығының өскені соншалықты, Бұрындық хан сол кездегі ең мықты жауынгер тайпалар маңғыттарды да бағындырғысы келеді. Бұған дәлел деректерде келтірілген 1473-1474 жылдары Бұрындық ханның Маңғыт Ордасындағы Мұхаммед Шайбанидың хан тағына отыруына кедергі келтіру мақсатында жасаған сәтсіз шабуылы. «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» атты шығармада бұл оқиға былай деп сипатталады: «Қысқа қарай Түркістанға Керей хан шапқыншылық жасайды. Осы кезде Мұхаммед Мажит тархан қазақтардан қауіптеніп шайбанидтерді Бұхара мен Самарқандқа жібереді. Осы уақытта Сауран бекінісіндегі Әлике сұлтанды Жәнібек ханның баласы Жиренше хан келіп, өлтіріп кетеді. Бұл жағдайда Мұхаммед Шайбани Бұхарадағы Абд ал-Али тархан Қыпшықтың ұрпақтарына барып паналайды. Мұхаммед Шайбан хан онда екі жыл тұрып, күш жинайды да, Дешті Қыпшаққа аттанады. Ол жаққа Мұса мырза да барып оған қосылады. Олардың бірігуін қаламаған Бұрындық хан 50 мың әскермен маңғыттарға жорыққа шығады. Мұхаммед Шайбани хан болса көмекке келген шағатайлықтармен қосылып, Қасым сұлтанның әскеріне бас салып, оны шегіндіреді де Бұрындық ханды талқандайды. Бұл шайқаста Уаққас сұлтанның ұлы Хорезми бек қаза табады. Жеңісті тойлау кезінде Мұса мырза

Сүйініш қожаға қызын беріп, күйеу бала етеді» [4, с. 21].

Осы шайқаста Қасым ханның аты алғаш рет кездесіп, онда ол Бұрындық хан әскерінің «Дешті Қыпшақтың белгілі сұлтандарының және ержүрек батырларының бірі және Бұрындық хан атты әскерінің қолбасшысы ретінде суреттеледі [4, с. 104].

Дегенмен Қазақ хандары қайтадан күш жинап, Созақтың түбінде Жәнібек ханның ұлы Махмұт сұлтанның әскері Мұхаммед Шайбани мен ноғайлықтардың біріккен жасағымен шайқасқа түседі. Шайқастың бастапқы кезінде Махмұт сұлтанның күші жетпей шегіне бастаған кезде, Бұрындық хан мол әскермен келіп, толық талқандалудан аман қалады. Нәтижесінде шайбанидтер мен ноғайлықтар Соғынлық асуында Бұрындық ханнан оңбай жеңіліс табады. Шайқас барысында Мұхаммед Шайбани ханның інісі Сахұт сұлтан Жәнібек ханның ұлы Махмұт сұлтанның бетін шапса, Бұрындық ханға екі жебе тиіп жараланады және Бұрындық ханның көкілташы Құдайқұлдың баласы Қожамқұл қаза табады [4, с. 22]. Осы шайқастан жеңіліске ұшыраған Мұхаммед Шайбани хан Хорезмге өтіп, Тирсақ қаласына келіп бекінеді. Өз үміттерінің құрдымға кетіп бара жатқанын көрген Мұхаммед Шайбани мен Махмұд сұлтан, өз жақтастарымен бірге жиылып, тимуридтерге қарсы жорыққа шығуды ұсынады. Олардың ұранына бірнеше жақын туыстары мен Шығыс Дешті Қыпшақтың бірнеше көшпелі тайпаларының билеушілері келіседі. 1500 жылы Мұхаммед Шайбани шағын топпен оңтүстікке бет алады, Самарқанды, Бұхараны, т.б. бірнеше қамалды жаулап алады. Көп ұзамай ол Самарқандты уысынан шығарып алғанымен, келесі жылы оны қайта басып алып, өз астанасы етіп жариялайды, ал Бұхараға билеуші етіп өзінің кіші інісі Махмұд сұлтанды қояды.

Осылайша, жаңа он алтыншы ғасырдың басында Орталық Азияда жаңа әулеттің, Шыңғыс ханның баласы Жошының баласы Шайбан ұрпақтарының әулеті – шайбанидтер әулетінің билігі орнығады. Ал тәуелсіздіктерінен айрылғысы келмеген ноғайлар қазақтарға әлі де табанды түрде қарсылықтар

көрсетеді. Тіпті негізгі қауіп қазақтардан келеді деп есептеген ноғай мырзалары ең басты күштерін Орда шекарасының шығыс бөлігіне орналастырып, Қырым мен Ресей мемлекеттеріне назар аударуға мұршасы келмей қалады. Ноғай мырзаларының бірі Алшағырдың III Василийге жіберген хатында ол оған қазақтар мол әскермен бізді бағындыруға келе жатыр, бірақ біз олармен соғысамыз деп жазады [84, с. 157]. Қазақтарға қарсы шыққан Алшағыр әскери күштерінің аздығынан Еділдің арғы бетінен көмекке қосымша жасақтарды да шақырады. Қазақ хандары болса ноғайлықтардың осындай қарсылықтарына қарамастан 1503 жылы олардың бір бөлігін бағындырып, бүкіл Жайық бойына билігін орнатады да, Бұрындық хан Сарайшықты Қазақ Ордасының астанасы етіп бекітеді [39, с. 56].

Осы аласапыран жылдары Әбілхайыр ханның ұрпақтары өз мемлекеттерінің солтүстігінде жаңа хандықтың негізін құрады. Бұл жаңа хандық бастапқы кезде Әмударияның төменгі ағысында орналасқан Хорезм (Хиуа) деген атаумен тимуридтер империясының құрамына кіретін. Бөреке сұлтанның ұлдары, ағайынды Елбарыс пен Билбарыс өз жақтастарымен Шығыс Дешті Қыпшақ-тан шығып, Иран шахының қойған билеушісін қуып шығып, Хорезмге келіп орналасады. Олар сол жерде тәуелсіз өзбек мемлекеттінің негізін қалайды, ол ғылымда Хиуа хандығы деген атпен белгілі [10, 194-206 бб.]. Бұл әулеттің (Жошы ханның баласы Шайбан ұрпақтарының ерекше тармағы) Хорезмде билік етуі 1106/1694-95 жылдарға дейін созылады. Атақты тарихшы Әбілғазы осы әулеттің өкілі, ол Хорезмде 1645-1663 жылдары билік еткен және өз ата-бабалары мен елінің тарихын өзі жазып қалдырған.

Тимуридтер мемлекетін Дешті Қыпшақтың өзбек деген жалпы атпен белгілі көшпелі тайпаларының жаулап алуы және Орталық Азияда екі тәуелсіз өзбек хандықтары – Бұхара (астанасы – Самарқан) және Хиуаның (орталығы Үргеніш, содан кейін Хиуа) құрылуы қазіргі қазақ және өзбек халықтарының этносаяси тарихындағы өте маңызды оқиғаға

айналды. Бұл жерде екі мәселені атап өту керек. Біріншіден, шайбанидтердің даладан кетуінің салдарынан Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының бір бөлігі Орта Азияның жаулап алынған облыстарына қоныс аударып, сол жерден екінші отандарын тапты. Осы мәселеге байланысты деректерге талдау жасасақ Орталық Азияға кеткен Дешті Қыпшақ көшпелілерінің жалпы саны 240-360 мың адам болған [37, с. 19-21]. Екіншіден, шайбанидтермен бірге көптеген адамдардың қазіргі Қазақстан аумағынан түпкілікті кетіп, Орталық Азиядағы жергілікті тұрғындармен араласуы Дешті Қыпшақта қалған қазақтардан тұрмыстағы, салт-дәстүрдегі, мәдениеттегі және т.б. өзгешеліктерге әкеліп соқты. Осы оқиға – шайбанидтердің басшылығымен Орталық Азияға көшпелі тайпалардың көп бөлігінің қоныс аударуымен туындаған Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының аумақтық-этникалық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық жіктелуі жаңа этникалық қауым – қазақ халқының қалыптасуында шешуші роль атқарды. Өзбек сөзі шайбанидтермен бірге Орталық Азия аумағына көшкен тайпа тобының аталуы болып қалды. Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуда көшіп-қонып қалған Жошының баласы Орыс хан ұрпақтарының билігімен біріктірілген түріктілдес рулар мен тайпаларға қазақ аты бекітіліп, олардың елі Қазақстан деп атала бастады.

Орталық Азияның шығыс облыстарында да осы кезеңде маңызды оқиғалар орын алып жатты. XV ғасырдың екінші жартысындағы моғолдардың билеушілері өздерінің бұрынғы иеліктері Моғолстанда емес, Мауреннахрда, Түркістан уәлайат-ында тұра бастады. Оларға сондай-ақ, Ташкент, Сайрам, Ұра Төбе, Шахрухия, т.б. камалдар бағынды. 1500-1501 жылдары Шайбани ханның Мауреннахрдың ірі орталықтарын жаулап алуына моғолдардың жоғарғы билеушісі (улуг хан) Сұлтан Махмуд көп әскери көмек көрсетті. Мырза Хайдар ханның бұл көмегін болашақта моғолдардың өздері үшін қауіпті болатындығын ескермеген «аңғырт әрекет» деп сипаттайды. Шындығында да, Орталық Азияның өзенарала-

ғында орнығып алған Мұхаммед Шайбани, көп ұзамай өз қаруын кешегі қамқоршысы мен одақтасы – Махмуд ханға қарай бағыттайды. Жұмсақ мінезді және ешқандай әскери қабілеті жоқ моғолдардың жоғарғы билеушісі Шайбани ханның күшіне шыдамай, ержүрек жауынгер және қалмақтардың тажалы атанған өзінің кіші інісі (кичик хан) Сұлтан Ахмадты көмекке шақырады. Қарсыластар шешуші шайқаста Акси маңында 908/1503 жылы кездеседі. Шайқаста Шайбани хан жеңіске жетіп, екі ағайындыны да тұтқынға алады. Хандар көп ұзамай Ташкенттен өз еркімен кетеміз деген шартпен бостандыққа жіберіледі. Олар Шығыс Түркістанға бет алып, 1503-1504 жылдары Ақсу қаласында тұрақтайды. Сол жерде Ахмад сұлтан қыс аяғында қаза табады. Махмуд хан Жетікентке кетеді. Осы кезде Қашқариядағы билік үшін шағатайлықтар мен дулат әмірлері арасында күрестің жаңа сатысы басталып, онда шағатайлықтар жеңіске жетеді. Нәтижесінде Сұлтан Саид хан орталығы Жаркентте орналасқан жаңа мемлекет – жергілікті авторлардың тарихи шығармаларында Могулийе, Мамлакат-и могулийе деп аталған – Моғол мемлекетін құрады [7, 89-92 бб.].

1512 жылы Қасым хан өзін шайбанидтерге қарсы соғысты жалғастыруға үгіттеген моғол ханы Сұлтан-Саидпен кездеседі. Бұл кездесудің Сұлтан Саид үшін ешқандай жақсы нәтиже бермегендігі мәлім. Мұхаммед Хайдар Дулатидің айтуынша, моғолдар ханы Сұлтан Саид Қасым ханның Ташкентке аттанғанын естіп, онымен бірлесіп қимылдау үшін қалаға жетуге асыққан. «Ферғана мен Ташкент уалайаттарының арасындағы» Кендірлік деген тау асуында Қасымның қайтып кеткені туралы хабар алған Саид хан Ташкентке жалғыз барудан бас тартып, кері қайтқан. Сол 1513 жылы күзге қарай ол Шу өзеніндегі Қасым ханға барып, қазақтар ханын шайбани ұрпақтарына қарсы жаңа жорық жасау қажет екеніне көндірмекші болды. Бірақ Қасым сыпайы түрде бас тартады. Көптеген зерттеушілер Қасым ханның Сұлтан Саид ханмен одақтасудан бас тартуын «Моғолстанға қатысты өзінің тәуелді

жағдайына қарамастан, сол кездегі қазақтардың барлық саясатының дербес және тәуелсіз болғандығының» дәлелі деп санайды [31, с. 126].

Осылайша, Орталық Азия халықтарының өмірінде XVI ғасырдың басы – мемлекеттік-саяси, этникалық тарих салаларында маңызды оқиғаларға толы кезең болды. Осы бетбұрыс уақытында қазақтардың мемлекетінде билік ету Бұрындық хан-нан Қасымға ауысады.

Бұрындық хан тағында ұзақ уақыт – 30 жылдан аса уақыт отырса да, жоғарғы билікті өлгенше ұстап тұра алмады. Тарихи деректерде Бұрындық ханның өмірінің соңғы жылдары туралы қайғылы әңгімелер сақталған. Мысалы, Мырза Хайдардың айтуы бойынша, 915/1509-10 жылдарға қарай Жәнібек ханның баласы Қасымның ықпалының күшейгені соншалық, ол кезде Бұрындық хан болғанымен, нақты хандық құру мен билік ету толықтай Қасым сұлтанның қолына жинақталды. Қасымның қазақтар арасындағы беделінің аяқ астынан күшеюіне Мұхаммед Шайбанидың Қазақ даласына жасаған жорығы ықпал етеді.

Тимуридтер иелігінің солтүстік бөлігін жаулап алған Мұхаммед Шайбани хан 1507 жылы мамырда өз әскери күштерімен Әмудариядан өтіп, Хорасан шегіне еніп, Гератты, Астрабат-ты, Гурганды және басқа қалаларды жаулап алады. Дегенмен XVI ғасырдың алғашқы онжылдығында бүкіл Дешті Қыпшаққа ғана емес, Сыр бойындағы қалаларға Қазақ хандығының ықпалы жүрген. Ибн Рузбихан Шығыс Дешті Қыпшақ даласын «өзбек-қазақтар жайлауының жері» деп атай келіп, «шілденің ыстығы мен қатты аңызак уақыты туған жаз кезінде қазақ ұлысы оның (Шығыс Дешті Қыпшақтың) шет аймақтары мен шет жақтарына барып қонады» және «мал санының көп, жайылымның қажет болуы себепті олар осы кең-байтақ даланы түгелдей иеленіп алды» дейді [123, с. 84].

«Михман-наме» авторы «әрбір сұлтан бұл елдің бір өлкесін (нахийя) қолында ұстап, билеп отыр» [123, с. 72], Шығыс Дешті Қыпшақта ұлы хан бастаған қазақ әміршілері мен

ұлыстардағы жекелеген сұлтандар, мысалы, Жаныш сұлтан, Таныш сұлтан және басқалар үстемдік етті деп атап көрсетеді. Алайда, Сығанақ, Отырар, Түркістан (Ясы), Сауран және басқа қалаларымен қоса Түркістанды уақытша болса да иелену XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығы билеушілерінің экономикалық күш-қуатын нығайтудың елеулі факторы болып қала берді. «Қыстыгүні, – деп жазады ибн Рузбихан, – қазақтар Дешті Қыпшақтан оңтүстікке, Сырдария жағалауына дейін көшіп барып, Сығанаққа дейін жетіп жүрді» [123, с. 73].

Қазақтарға қарасты жерлер – Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы қыстаулар Түркістан ауданына дейін созылып жатқан: «Көшіп-қонатын жеріне жеткен кезде (қазақтар), Сырдария өзенін бойлай орналасады. Олардың Сырдария өзенінің жағалауын бойлай орналасатын жер (көлемі) 300 фарсахтан асады. Сырдария жағалауына келген кезде, олар Түркістан аймағына жақындайды. Ол да Сейхун жағалауында орналасқан» [123, с. 73]. Басқа бір жерде Рузбихан Сығанақтан әріректегі Қара-Абдал деген жерді қысқы қоныстың орталығы деп атайды: «Шайбани хан жер қайысқан қолмен Самарқаннан шығып, Түркістанға беттеді. Ол қазақтар жерінің (билад-и қазақ) шегіне жеткен кезде, Сығанақтан өтіп, олардың қысқы қыстауларының орталығы болып табылатын Қара-Абдалға дейін жетті» [123, с. 73].

Шайбани ұрпағын дәріптейтін автор қазақтардың оңтүстік жаққа ойдағыдай ілгерілеуін қанағаттана отырып айта алмайтын еді, сондықтан да Рузбиханнан Түркістанның солтүстік бөлігінде қазақтар ірге тепкен аумақты анықтаудағы қайшылықтар аңғарылып тұрады, дегенмен де, осы автордың айтуынша, Сығанақ қазақ хандары иелігіне кірген. Бірақ, «Михман-наме» авторының мәліметтеріндегі бұл қайшылықтар Қазақ хандығының оңтүстік шекарасы жай-күйінің шын көрінісін көрсеткен, ол XVI ғасырдың алғашқы онжылдықтарында бұрынғыдай тұрақты емес еді.

Егер бұрын, XV ғасырда, қазақтардың кейде моғолдармен, маңғыттармен, Темір ұрпақтарымен одақтаса отырып, кейде

соларға қарсы күресе отырып, шайбани өзбектерімен Сыр өңірінің қалаларын иелену жолындағы күресі қазақ хандары үшін де, шайбани ұрпағынан тарайтын сұлтандар үшін де, Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі халқына билік жүргізуді қолға алуды мақсат етіп келген болса, енді Бұрындық пен Қасым хандар далалық аудандарды, Оңтүстік Қазақстанның отырықшы-егіншілік ауданын қалаларымен қоса Қазақ хандығына берік біріктірген кезде, ол хандықтың ішкі жағдайын нығайту үшін де, оңтүстік көршілері жөніндегі белсенді сыртқы саясат үшін де ең басты экономикалық негіз болатын.

Мұхаммед Шайбани хан Қазақ хандығының күшеюіне жол бермеуге тырысты және XV ғасырдың аяғындағы сияқты, қазақ билеушілерінің Сыр өңіріндегі билігінің орнығуына барынша кедергі жасап бақты. Мұхаммед Шайбани хан әр түрлі экономикалық шаралар арқылы, атап айтқанда, қазақ саудагерлерінің Түркістан (Сыр өңірі), Мауреннахр мен Хорезм өлкелеріне келуіне тиым салды. Сондай-ақ, қырға ең жақын тұрған қалалар халқының да қазақтармен сауда жасауына тиым салу арқылы, яғни, Түркістан тұрғандары қазақ көпестермен ешқандай да сауда мәмілесін жасамасын және олар (қазақтар) мен осы қалалар тұрғындарының арасында қарым-қатынас және саудагерлердің араласуы болмасын деп тиым салды. Мұхаммед Шайбанидың келесі бір амалы қазақтарға қарсы соғыс жорықтары арқылы да олардың Түркістан мен Мауреннахрға келуін тоқтатуға тырысты [123, с. 86].

Өз тарапынан қазақ хандары Оңтүстік Қазақстан аумағына шығуға табандылықпен ұмтылды, қалалармен тұрақты сауда қатынастарын орнатуға тырысты. Оңтүстіктегі Темір ұрпақтарының иеліктерін жаулап алуды мақсат еткен жорықтары кезінде Шайбани хан өзінің Хорасан мен Иранға бет алған жолынан талай рет кері оралып, қазақтардың кезекті тегеурініне тойтарыс беру үшін, солтүстікке, Мауреннахрға және одан әрі Түркістанға асығыс түрде қайтып келіп отырды. «Михман-наме» авторы Шайбани ханды оның Иранға

жорықтары кезінде «сол халықтың (яғни қазақтардың) Түркістан мен Мауреннахр жеріне шапқыншылығы мен шабуылы» осылайша үнемі қауіп төндіруі алаңдатып отырғанын жазады. Хижраның 909 жылында (1503-1504) Шайбани хан Түркістан арқылы жүріп өтіп, өздерінің көшкеруені мен малын тастап, Дештінің түкпіріне қарай шегінген қазақтарға қарай қырға бет алды. Өзбек ханы әскерлер қолға түсірген мол олжаны алып, кері қайтты, бұл жолы бәрі де шайқассыз өтті. «Бір жылдан кейін, – дейді Рузбихан, – Орта Азияның оңтүстігі мен Хорасандағы басқыншылық мақсаттарын жүзеге асыруға және өзіне тыл жасау үшін Мұхаммед Шайбани хан қазақтарға жаңадан жорық жасады». Хижа бойынша 910 жылғы (1504-1505 жж.) Бұрындық хан қазақтарына жасалған бұл жорықта да қазақтар дала түкпіріне шегініп кеткен, бірақ Рузбиханның айтуына қарағанда, Шайбани ханның қазақтарды азды-көпті дәрежеде талқандаудың сәті түспеген: «ол оңтүстікке кетісімен, қазақтар қайтадан Түркістан мен Мауреннахрға келді» деп хабарлайды Рузбихан. Қазақ сұлтандары жорықтар кезінде олжа түсіріп, тұтқындар алумен қанағаттанбай, жер алуға да ұмтылып отырды. XVI ғасырдың бірінші онжылдығының аяғына қарай Түркістанды Жәнібектің ұлы Жаныс сұлтан ішінара басып алды: «Олар (Жаныс сұлтанның ұлы Ахмет сұлтанның қазақтары) (Самарқан мен Бұхараны шапқаннан кейін) Сырдария өзенінен Үзкент бекінісі тұсынан өтіп, Түркістанға, қазақтардың ең жақын иелігі болып табылатын Жаныс сұлтанның иелігіне келді» [123, с. 94].

Жаныс сұлтанның Түркістандағы иеліктері шегінен Самарқан мен Бұхараға Ахмет сұлтанның бұл шапқыншылығы 1508 жылдың күзінде жасалған еді. Шайбани ханның Хорасаннан асығыс қайтып келе жатқанын білген қазақтар Сырдарияның арғы жағындағы Түркістанға қайтып, өздерімен бірге мыңнан астам тұтқын әкеткен. Шайбани хан қайтып келген кезде қазақтардың Сырдариядан өтіп те кетуіне, ал Хорасан істерінің тез арада қайтып оралуды керек етуіне

байланысты өзбек ханы қазақтарға қарсы жорықты бір жылға кейін қалдырып, оларға бір жылдан кейін, 1509 жылғы 28 қаңтарда ғана аттанды. Осы жорыққа қатысушы ибн Рузбихан Исфাহани нақ осы жорықтың мән-жайын мейлінше толық баяндайды. Оның қазақтар мен өзбектердің жауласуы туралы пікірі, 1509 жылғы жорықтың әзірлігі туралы, Мұхаммед Шайбани әскерлерінің Түркістан қалаларында азық-түлікпен жабдықталу тәртібі туралы мәліметтері ынта-ықылас туғызады. Өзбектердің Түркістанға баратын жолындағы алғашқы бекініс Шайбани ханның иелігіндегі Аркөк болатын, ол азық-түлік қорын толықтырып алу үшін үш күнге аялдады, мұнда оған өз әскерлерімен өзбек сұлтандары мен әмірлері келіп қосылады: Самарқан уалаятынан 30 мыңнан астам әскері бар баласы Мұхаммед-Темір сұлтан келіп жетті, басқа да «атақты өзбек әмірлері» мен сұлтандары келді. Аркөктің өзінен де, Түркістан-ның басқа жерлерінен де қазақтарға жорық жасауға қажетті көп мөлшерде азық-түлік пен жем-шөп жиналды: «Түрлі өлкелер мен шет аймақтардың шайқасқа аттанатын әскерлеріне Түркістан уалаятынан бір айға қажетті жабдық, өнімдер мен азық-түлік, салт мінетін ат пен жүк артатын көлікке арнап жем-шөп алып, өзбектер (қазақтар) жаққа аттануға ... жеңімпаз әскер қатарындағылардың бәріне ... Түркістанның шығыс жерлері шебінен көп мөлшерде жабдықтар, қару-жарақ заттарын, азық-түлік жинауға қасиетті бұйрық берілді» [123, с. 49]. Сырдария жағасындағы бекініс Үзкенттен өткен соң, Аркөктен төменіректе Шайбани ханның әскері 1509 жылғы ақпан айында Сырдариядан мұз арқылы арғы жағалауға шыққанда оған «Түркістанның, Ташкенттің, Әндіжанның өзге де ұлы сұлтандары және Ходжент, Шахрухия қалалары мен басқа елдердің әмірлері» [12], атап айтқанда, Түркістан уалаятының билеушісі Көшім сұлтан, Ташкенттің билеушісі Сүйініш-Қожа хан келіп қосылады. Әскердің негізгі орнын Ясыда (Түркістанда) қалдырып, Шайбани хан Жаныс сұлтанның қыста көшіп жүретін жері Қара-Абдалға жетеді.

Рузбиханның шығармасындағы мәліметтер бойынша,

Жаныс сұлтанның бүкіл ұлысында 100 мың адам болған, олардан ұрысқа жарамды 30 мың жауынгер шыққан. Жеңіліс тапқан қазақтар Шығыс Дешті Қыпшаққа тереңдеп, Бұрындық ханға қашқан. Жаныс сұлтанның ұлы Ахмет тұтқынға түсіп, өлтірілген. Қашқан Жаныс сұлтанның ұлысы толық талап-тоналады. Қолға түсірілген олжаның мөлшері көп болған – соның ішінде қазақтардың он мыңнан астам жылжымалы үйі, үй жабдықтары, мүлкі, салт мінетін аттар, сиыр, түйе, қой туралы Рузбихан келтірген мәліметтерге қарағанда, олардың саны «санауға сан жетпейтін қисапсыз көп» болып, оларды кейіннен бірнеше ай бойы тасуға тура келген, мұның өзі қазақтардың экономикалық күш-қуаты едәуір мықты болғанын да, оларды толассыз соғыстар көп шығынға ұшыратып отырғанын да аңғартады [123, с. 102].

Осы жорық кезінде Мұхаммед Шайбани ханның өзбектері басқа да қазақ ұлыстарын, атап айтқанда, Таныш сұлтанның ұлысын да талан-таражға салады. Жаныс сұлтанды талқандағаннан кейін Шайбани Бұрындық хан орналасқан аймаққа қарай бет алған кезде, қазақтар дала түкпіріне қарай шегініп, көшіп кетеді. Мол олжа түсірген Мұхаммед Шайбани болса Сығанаққа беттеп, сансыз көп олжаның бәрін теңдеп буады да, сонан соң Мауреннахрға жөнелтеді. Алайда Шайбани хан бұл жорығында Қасым сұлтанның ұлысына тиіспей кетеді. Келесі жылы Мұхаммед Шайбани тағы да қазақтарға қарсы аттанады. Оның осы соңғы жорығы туралы Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашидиінде» және Абдаллах ибн Мұхаммед ибн Ули Насруллахидің «Зубдат-эл-асарында» айтылады [4, с. 212].

Жорық хижра бойынша 915 жылдың қысында (1509 жылғы 21 сәуір – 1510 жылғы 12 наурыз) ұйымдастырылады. Бұл жолғы жорығын Мұхаммед Шайбани хан Қасым сұлтанға қарсы бағыттайды. Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтан сол кезге қарай қазақ сұлтандарының арасында ең күштісі еді. Сондай-ақ, 1509-1510 жылдың қысында Мұхаммед Шайбани хан өзінің қазақтарға қарсы осы жаңа жорығын олардың

Түркістанға қарай жылжуына жауап ретінде ұйымдастыруға мәжбүр болған еді. Мұхаммед Хайдардың атап өткеніндей, өзбек ханы «өз иеліктеріне көршілері тарапынан қатер төнбеуі үшін» қазақтарға тойтарыс беруді мақсат еткен. 1509 жылы Мұхаммед Шайбани өз әскерімен Ұлытау аймағындағы Қасымның иеліктеріне шабуыл жасап, қазақтардың қыстауларын құртып жіберген. Оның осы жолғы жорығы Мұхаммед Шайбани ханға жеңіліс әкелді. Ұлытау шайқасы – 1510 жылы қыс айларында Ұлытауда Қасым басқарған қазақ әскері мен Мұхаммед Шайбани хан әскерінің арасында өтеді. Шайбани хан үшін шайқастың мақсаты Қазақ хандығын толығымен бағындыру болды. Осы шайқастан кейін Қасым хан бүкіл қазақтың билеушісіне айналып, оның он жылға созылған хандықты басқару кезеңі басталады. Қазақ хандығы сол ғасырда өзінің ең шырқау шегіне, Қасым ханның билік құрған жылдарына әкеледі. 1525-1533 жылдары жазылған Абдаллах Балхидың «Зубдат ал-асар» атты шығармасында және 1541-1546 жылдар аралығында жазылған Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде жорық туралы айтылады. Жорық қыс айларында басталып, 1510 жылдың қысында шайбанилық билеуші көп әскерімен Дешті Қыпшақ аумағына басып кіреді. Ханның өзі Сыр бойындағы Көк Кесене деген жерде қалып, ұлы Темір сұлтан мен немере інісі Ұбайдаллах сұлтан бастаған барлық әскерді Ұлытау маңындағы Қасым ханның ордасына аттандырады. Шайбанилық тарихшы одан арғы оқиға барысын былайша баян етеді. «...Қасым ханның ордасына Темір сұлтан мен Ұбайдаллах сұлтан бастаған әскер кенеттен соққы берді. Қасым хан да оларға қарсы тұрарлықтай күш болмады. Сөйтіп, оның Ұлытаудағы Ордасы мен ел-жұрты сұлтандардың қолына түсті. Тәжірибесі аз жас сұлтандар жеңістерін бірнеше күн бойы Қасым хан ордасында тойлап, қарсыластарынан ешқандай қауіп күтпеді, жау бар екенін естеріне де алмады, күзет те қоймады». Одан арғы оқиғалар барысы Абдаллах Балхи мен Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінде былайша жалғасады:

«Қасым хан шайбанилық сұлтандардың қаннен-қаперсіз екенін білгеннен соң, жағдайдың бәрін анықтау үшін барлауға өзінің сенімді адамдарының бірі – Мойынсыз Хасен деген батырын азғантай адамдармен жібереді. Қасым ханның батыры қарауылы жоқ ордаға өте жақын келіп, Қасым хан келіп қалды деп қауесет таратады да, тікелей ұрысқа түспей алыстан қарасын көрсетіп отырады. Қатты қорқып қалған шайбанилықтар бір-біріне қарауға мұршалары келмей, бойларын үрей билеп, қаша бастайды. Ешкімнің ойына қарсылық көрсету туралы ой да келмейді. Шайбани ханның әскерлері, сірә Қасым ханның өзі келген екен деп ойлап, алған олжаларының бәрін тастап, Шайбани ханға қашып келеді». «Зубдат ал-асар» авторы «Жау тасадан шығып, ұрыс салды, ұрыс майданында көп адам қаза тапты. Сол ұрыста Шайбани ханның аға бегі Қамбар мырза қаза тапты. Әскердің барлық қару-жарағы қазақтардың қолына түсті. Қашқан шайбанилық сұлтандар аянышты күйде Шайбани ханға келіп қосылды. Олардың соңынан өкшелей қуған қазақтар тағы да Шайбани ханның көп адамының көзін жойды. Олардың ішінде ханның ең жақын серіктері көп еді».

Осы жеңістен кейін Қасым ханның беделі Қазақ елі ішінде одан әрі өседі, атақ-абыройы одан әрі тасыды. Осылайша хандықтың екі ықпалды адамдарының бәсекесі ақыр соңында күшті әрі жігерлі сұлтанның жеңісімен және өз беделін жоғалтқан ханның қуылуымен аяқталды. 1511 жылдың күзінде Бұрындық хан бір топ жақтастарымен «Самарқанға кетті, – деп жазылған «Тарих-и Рашидиде», – және жат жерде өлді» [4, с. 222-223].

Бұрындық ханның төрт ұлы мен бірнеше қызы болған. Шайхим, Санжар-Жақан, Жақан-Бақти атты ұлдары туралы еш мәлімет жоқ, ал Кімсін атты ұлы туралы мәлімет тек Қадырали бектің шығармасында ғана келтірілген. Оның көрсетуі бойынша, Бұрындық ханның баласы Кімсін сұлтанның Сүйім ханым атты қызы Жәнібек ханның баласы Жәдіктің баласы Шығай ханның баласы Ондан сұлтанға күйеуге шыққан. Басқа

жерде Қадырали бек былай деп жазады: «Бұрындық хан болған, оның руы хандық билікті жоғалтты». Бірақ Бұрындық ханның ұрпақтарының атын келтірмейді. Бұрындық ханның қыздарының бірі Тәттім ханым келешек қазақ ханы Жәнібек ханның немересі Шығай сұлтанға күйеуге шыққан [94, с. 164]. Оның тағы екі қызы 1494 жылдар шамасында шайбанидтерге күйеуге берілген: бірі – Шайбани ханның інісі Махмұд Сұлтанға, екіншісі Шайбани ханның баласы Темір сұлтанға [4, с. 18-19]. Михр Сұлтан ханым есімді екіншісі Самарқанда тұрған, үлкен беделге ие және ірі меншік иесі болған, оның ішінде Самарқан мен оның айналасында, Кеш, Несеф және т.б. аумақтарда ірі уақыптарға иелік жасаған [128, с. 5-35].

Өз хандығынан қуылған Бұрындық хан Самарқандағы осы қызына барған. Оның одан арғы өмір тарихы бізге белгісіз, тек өзге жерде қайтыс болғанын білеміз. Бұрындықтың орнына хан тағына отырған Қасым шамамен 1445 жылдары туған. Ол Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек ханның үшінші ұлы. Оның Джаган бегим атты шешесі, Шайбани ханның әкесі бір інісі Махмұд сұлтанның шешесінің туған сіңлісі болған [94, с. 163].

«Тарих-и Рашиди» авторы Мырза Хайдар Дулати 1513 жылғы күздегі оқиғаларды сипаттай келе, «Қасым ханның жасы алпыс-тан асып, жетпіске жақындап қалған» деп көрсетеді, бұл мәлімет-тен Қасым ханның 1445-1446 жылдар шамасында дүниеге келгендігі туралы толық қорытынды жасауға болады. Әкесі мен оның інісінің – Жәнібек пен Керейдің қазасынан соң, дәстүр бойынша алдымен Бұрындық ханға бағынып, соның бастауымен 1472 жылғы Мұса мен Шайбаниға қарсы жорыққа қатысады. «Сол уақытта, – деп жазады Мұхаммед Хайдар, – Қасым хан дәрежесін қабылдамаса да, оның мықтылығының күшті болғаны соншалық, ешкім Бұрындық хан туралы ойламады да. Бірақ ол Бұрындық ханның жанында болғысы келмеді, өйткені ол ханға тиісті құрмет көрсетпесе бұл ханға қарсылық көрсеткендік болар еді, ал оған бағынуға көңілі жақтырмады... Бұрындық

хан Сарайшықта орналасты; Қасым хан одан алыс кетіп, Моғолстан шекарасына жақындады және өзінің қыстауы ретінде Қараталды таңдады» [4, с. 274].

«Қазақ хандары мен сұлтандарының арасында, – дейді Захир ад-Дин Бабыр, – бірде біреуі бұл халықты Қасым хан сияқты бағыныштылықта ұстамаған дейді. Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адам болды» [7, 38 б.].

Осылайша, ол өзінің жастық шағын Моғолстанда қаңғырып жүрген қазақ еріктілері қатарында өткізген. Жалпы алғанда Қазақ хандығының XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси өмірінде Қасым ханның алатын орны ерекше. Табысты әскербасы, ықпалды ірі ұлысты сұлтан, кейіннен қазақтардың ханы, билеуші-реформатор – осылардың барлығы «Қасым ханға тән қасиеттер еді. Үлкенге құрмет көрсету дәстүрінде тәрбиеленген нағыз дала ұлы ретінде Қасым сұлтан өз әкесінің үлгісімен, алғашында барлық мәселе бойынша Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынышты болды», – деп жазады Мырза Хайдар Дулати [4, с. 221]. Хан лауазымын ол Бұрындық хан Самарқанға кеткеннен кейін, яғни 1511 жылдың күзінде қабылдауы мүмкін. Сол уақыттан бастап, деп айтылады «Тарих-и Рашидиде», «Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақтағы толық билеуші болды және Жошы ханнан кейін ешкім ие болмаған атақ пен күшке ие болды» [4, с. 222]. Қасымға мұндай жоғарғы бағаны тек Мырза Хайдар Дулати ғана емес, Бинаи, Ибн Рузбихан, Бабыр, Хондемир және басқа да қазақ ханының замандастары да берген. Мынау Қасым ханға айтылған мадақтаулардың бірнешеуі ғана: «өз руындағы жалғыз батыр және сол кездегі қазақтар арасындағы атақты әскербасы», «Қасым – қазақтардың көзі мен жарығы», сондай-ақ ол Қасым «Дешті Қыпшақтың көрнекті билеушілерінің бірі және сол уақыттағы атақты даруғашы»; ол «өзінің мықтылығымен атағы шықты және өзінің ержүректілігі мен өзіне бағынышты халқының саны жағынан Дештінің барлық билеушілерінен асып кетті», – дейді [123, с. 227].

Дешті Қыпшаққа аты шыққан батыр, шайқаста барлығын

артқа тастайтын, әскері соңынан от пен суға тайсалмайтын түсетін танымал көсем Қасым – шын мәнінде соғыс өнерінің білгірі болды. Оның қанша шайқастарға қатысқаны белгісіз. «Зубдат ал-асар» еңбегі авторының көрсетуі бойынша, кезекті шайқасы барысында оны атынан аударып түсіріп, ол жерде қалғанда Қасымның жасы алпыстан асып кеткен. Бірақ, соғыстың қызған шағында қарсыластарының оны танымай қалғандығы ғана өмірін аман сақтап қалады. Уәзірлерінің жедел қимылы арқасында ол қайта атқа қонады».

Қасым – туысқандық түйіндерін қадірлейтін, жоғары сері намысы рухы негізінде әрекет ететін адам болған. Бұл тұрғыда XVI ғасырдың басындағы хабарда Орта Азия тарихшылары – Шади, Бинаи, «Нусрат наменің» белгісіз авторының мына әңгімесі көңілге қонады [4, с. 116-117]. Қазақ билеушілері кезекті рет Сауранды жаулап алады және Шайбани ханның інісі Махмұд сұлтанды отбасымен қолға түсіреді. Ежелден келе жатқан жаулыққа байланысты Бұрындық хан оны өлтіруді бұйырады. Бірақ, Махмұд сұлтанмен жақын туыс Қасым сұлтан (олардың шешелері апалы-сіңлілі болған) хан шешімімен келіспейді. Ол тұтқынды өлтіруден бас тартумен қатар, Махмұд сұлтанды босатып, өз адамдарымен бірге, одан әрі ағасына жіберу үшін оны отбасымен Созаққа аттандырады. Қазақ сұлтанының бұл әрекеті Шайбани хан тарихшыларының таңданысын тудырады және олардың барлығы Қасымның кең пейілділігіне тәнті болады.

XV ғасырдың 80-жылдары Қасым Бұрындық ханның атты әскерін басқарады. Ержүрек жауынгер, табысты әскербасы, ізгі сұлтан атағы Қасымды XV-XVI ғасырлар шегінде-ақ қазақтардың нақты көшбасшысы етті. Шексіз өкілеттілігі бола отырып, Қасым хандықтағы дербес билікті тартып алу мүмкіндігін пайдалан-байды. Бұрындықтың хандық етуінің соңғы жылдары, Мырза Хайдардың сөзі бойынша, Қасым одан қашық болуды көздейді, өйткені, «жағында болып, тиісті құрметті көрсетпеу, ханға қарсы келгендік болар еді, оған бағынуға ары жібермеді» [4, с. 223].

Тек қартайған Бұрындықты барлық құрметтерімен Самарқанға, қызына шығарып салған соң ғана, Қасым мемлекетке билік ету мен хандық лауазымды қолына алады. Қасым өзі құрып нығайтқан мемлекеттің басшысы және Қазақ ұлыстарындағы жоғары билеуші ретінде ол хан билігін нығайтуда, елде салт-дәстүр мен заңдылықты сақтаудан көре біліп, осы істе ірі жетістіктерге жетті. Бабырдың көрсетуі бойынша, Қасым оған белгілі билеушілердің ішінде жалғыз өзі халықты қатаң бағыныштылықта ұстады [7, 22 б.]. Ал, Мырза Хайдардың айтуы бойынша Қасым ханның бодандарының саны бір миллион адамнан асқан. Қасым ханның таққа отыру уақыты, ағайынды Илбарыс және Билбарыстың Әмударияның төменгі ағысы бойында екінші тәуелсіз өзбек хандығын құруымен тұспа-тұс келді. Шайбанидтердің өздерін қолдаушылармен бірге Шығыс Дешті Қыпшақ жерінен біржола кетуі және көшпелілердің одан кейін жалғасқан қоныс аударуларының ел үшін жалпы салдары болды: өз руларынан қалған, жекелеген рулардың бөліктері қандай да бір этникалық ұжымға қосылуға ұмтылды. Осы қосылулар, өз кезегінде бұрынғы ру-тайпалық атаулардың жоғалуына, бұрын белгісіз және қосарланған атаулы жаңа ру-тайпалық топтардың қалыптасуына алып келі. Сонымен бірге Қазақ хандығында ұлыстардың сұлтандар арасында қайта бөлінуі орын алды. Ұлы Далада өмір қызып жатты. Қоғамдық және мемлекеттік өмір нормаларын бүлдірмес үшін, Қасым реформатор болады: ол ескі заңдарды жойып, басқаларын жаңартады және осы тарихи жағдайдағы қазақ қоғамының өмірлік талаптарына бейімделген — «Қасым ханның қасқа жолы» атты жаңа құқықтық нормалар шығарады. Кейін тарихта Қасым ханның заңнамасы халық есінде осы атпен сақталды.

Мұсылман тарихшыларының әңгімелері мен пікірлері бойынша Қасым хан жеке батырлығы, әскери таланты, соңынан басқаларды ерте білу сияқты көптеген жоғары қасиеттерге ие адам ретінде көрінеді. XV-XVI ғасырлардың шегінде Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси тарих пен

этникалық процестер арасындағы байланыс осындай болған. Қазақ елін Қасым хан басқарған кезде соғыс пен шапқыншылықтар ішкі реформалармен қатар жүріп отырды.

Қасым ханның екі ұлының аттары белгілі: Мамаш және Хақназар: екеуі де хан болған; әрқайсысының өмірлері туралы жеке баяндалады. Халық ауыз әдебиеті материалдарына сәйкес Қасым ханның бір қызы атақты ноғай мырзасы Шейх Мамайға күйеуге шыққан [24, с. 336].

Оның тағы бір қызы (аты айтылмайды) 1512 жылы Махмұд сұлтанның баласы, Шайбани ханның інісі шайбанид Убайдулла ханға тұрмысқа берілген. Дереккөзде бұл туралы былай деп жазылады. 918/1512 жылы Темірдің ұрпағы Бабыр (өмір сүрген уақыты 1483-1530 жж.) парсылармен одақтасып, Әмударияның оң жағалауына соғыспен келген уақытта, ол кезде жас Қожа Ислам (Ишани Калан) Қасым ханның билігінде болған қазақтар иелігіне қарай қашады. Имам Абу Бәкір Ахмед ибн Саадтың (360/970-71 жж.) ұрпақтарының бірінің келгенін естіген, хан оның алдынан шығып, өз сарайына әкеледі және ұзақ уақыт қонақ болуына қарсылық білдірмейді. Тек, Бабырдың шайбанидтерден жеңіліс тауып, Әмударияның арғы бетіне өткенін естіген соң ғана, Қожа Ислам Бұхараға қайтуға жиналады. Осы кезде Бабыр мен парсыларды жеңген Убайдулла ханнан Қасым ханға елшілер келіп, оның қызын Бұхараның билеушісі болып бекітілген өз билеушілеріне күйеуге беруді сұрайды. Қасым хан келісім беріп, Қожа Исламның қамқорлығына Бұхараға жіберілетін қызын тапсырады. Ол Қожа Исламға былай дейді: «Мен өз қызымды сіздің елге жіберіп жатырмын. Сіз біздің пірлеріміздің ұлысыз. Менің қызымның жағдайы туралы үнемі біліп тұрыңыз» [129, с. 6-7].

Дегенмен XVI ғасырдың басына дейін қазақтардың негізгі күшімен алдымен Мұхаммед Шайбани жаулап алған Мауреннахрға қарай жорыққа шығуы, оларға қарсы Мұхаммед Шайбанидің ғазауат жариялап Мауреннахрдан қатарынан төрт рет шапқыншылықтармен жауап беруінің нәтижесінде

ноғайлықтар қазақ хандарының билігін мойындамады.

Алайда 1510 жылы Мұхаммед Шайбанидің Исмаилдің қолынан қаза табуы шайбанидтердің Қазақ хандығына жасалған жорықтарын тоқтатуға алып келеді де, қазақ билеушілері Бұрындық пен Қасымның ноғайлықтардың мәселелерімен айналысуға мүмкіндік алады. Халқы көп, әскері мықты ноғайлықтарды бағындыруды көздеген қазақ хандары өз мақсаттарына соғысу арқылы жетуді ұйғарады [130, с. 172].

Қазақ хандары ноғайлықтарды бағындырған кезде маңғыт мырзаларының Қырым хандығымен соғысып жатқанын да тиімді түрде өз мүдделеріне пайдаланады. Мәселен, Мұса мен Жаңбыршы өлгеннен кейін олардың балалары Ағыс пен Жидектің және қырық шақты мырзаның Астрахань ханы Абдікәріммен одақ құрғанын естіген Қырым ханы 1509 жылы Мұхаммед Керей сұлтан бастаған ірі әскери жасақты шапқыншылық жасау үшін Ноғай Ордасына аттандырады. Бұл кезде ноғайлықтардың жартысы Еділдің арғы бетінде, қалған бөлігі бергі бетінде болғандықтан нақты тойтарыс бере алмай жеңіліске ұшырайды да, нәтижесінде ноғайлардың көпшілігі қырымдықтардың билігін мойындайды. Ал өз тәуелсіздігін сақтап қалғандары қырымдықтар мен қазақтардың ортасында қыспаққа түсіп, қиын жағдайда қалады.

Әсіресе, 1511 жылы таққа отырған Қасымның кезінде Ноғай Ордасын бағындыру Қазақ хандығының сыртқы саясатының ең басты бағытына айналды. Сонымен қатар, Қасым ханның кезінде қазақтардың билігі ноғайларға ғана емес, Сырдария бойындағы қалаларға да жүрді. Қазақтар мен ноғайлардың біріккен қолын басқарған Қасым хан Ташкент пен Түркістанға жорықтар жасайды [131, с. 272].

Ноғайлықтардың атты әскері қазақтардың қатарында жүруі Қасым ханның көрші жатқан ұлыстардың алдында дәрежесін өсіріп жібереді. Шынында да, Қасым сұлтанның билігінің күшеюін 1503 жылы Шайбани ханның Ташкентті жаулап алуынан көп ұзамай орын алған Әдік сұлтанның қайтыс болуымен байланыстыратын Мырза Хайдар, Жәнібек ханның

үшінші ұлының жағдайын күшейткен себептерді айтпайды. Бұл деректерді Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» еңбегінен табамыз. Ол 1504 жылдың көктеміндегі Шайбани ханның Әндіжанға жорығын суреттей отырып, былай деп жазады: «Бұл кезде Қасым хан маңғыттардың көмегі және қолдауымен Қыпшақ даласындағы билікті жаулап алды және Ташкент пен Түркістан шекарасына жорықтар мен шапқыншылық жасау мүмкіндігі болды» [123, с. 178].

Осы кезде шайбанилердің аяусыз жеңіліс табуы және ең бастысы, қазақ әміршілерінің жауап ретінде басып кіру қаупі Шайбани ханды қазақтар көшіп жүретін қоныстарына шекаралас иеліктерін күзету үшін жауынгерлік қосындар ұстауға мәжбүр етті, олар тіпті мемлекетке қатерлі қауіп төнген кезде де өздеріне сеніп тапсырылған аудандардан кетпейтін еді. Мәселен, Хорасанда болған кезде Шайбани хан жаңа парсы мемлекетінің негізін қалаушы Исмаил шахтың аттанысқа шыққаны туралы хабар алып, дереу Түркістанға, Ташкентке, Әндіжанға және басқа аймақтарға жаушылар жіберіп, облыстардың билеушілері мен сұлтандарын өз қосындарымен бірге күш қосу үшін дереу Мервке келуді талап еткен. «Бұйрыққа сәйкес әрқайсысы өз иқталарынан аттанып кетті, – деп жазады «Бахр-әл-асрардың» авторы, – бұған Көшім хан қосылған жоқ, ол қазақ Қасым ханның шабуыл жасау қаупін төндіруі себепті Түркістанда қалып қойды». Иран шахы Исмаил әскери айлакерлікпен қолға түсірген Мұхаммед Шайбани ханның Мерв түбінде қаза табуының (1510 жылғы қараша) егжей-тегжейі және содан кейін өзбек ханы әскерлерін қызылбастардың толық талқандағаны, Бұхарада, Самарқанда және Түркістанның бірқатар қалаларында биліктің бірсыпыра уақыт Темір ұрпағы Бабырдың қолына көшкені, Әбілхайыр хан ұрпақтарының Ясыға кеткені жақсы мәлім.

Бұл жағдайларды Қасым хан өзінің Оңтүстік Қазақстандағы билігін нығайту үшін пайдаланып қалуды қалт жіберген жоқ. Көп кешікпей Сыр өңірінің ең оңтүстіктегі қаласы Сайрам қазақ ханының қол астына көшті, сөйтіп ол Ташкентті қаратып

алу үшін әрекет жасады. Бұл мынадай жағдайларда болған еді. 1512 жылы Шайбани ханның немересі Убайдолла сұлтан Құл-Мелик маңындағы шайқаста Бабырды жеңіп шықты; Бабыр Кабулға қайтып барып, сонан соң одан әскерімен Үндістанға аттанды, ол онда «Ұлы Моғолдар» мемлекетінің негізін қалады. Қашып кеткен Бабырдың Сайрамдағы әкімі Қаттабек шайбанилер әскеріне қарсылық көрсетті. Алайда қаланы ұстап тұруға күші жетпей, оны қазақ ханына бермекші болып шешті.

1513 жылы ерте көктемде, Қасым хан Қараталда (Жетісуда) болған кезінде оған Сайрамның бір топ атақты қала тұрғындары барып, оны Қаттабектің атынан қалаға кіруге шақырды. Ұсыныс қабыл алынды. Қасым хан «Моғолстан шекарасындағы» өз қонысынан ірге көтеріп, Талас алқабы арқылы Түркістанға асығыс аттанды да, өз жақындарының бірін бұрынырақ жіберді, Қаттабек Сайрамды соған берді. Қаттабек Қасым ханды Ташкент билеушісі Шайбани ұрпағы Сүйінші-Қожаға қарсы аттануға көндірді.

«Қасым хан, – деп жазады бұдан әрі Мырза Хайдар өзінің «Тарих-и Рашиди» деген еңбегінде, – сансыз көп әскермен Ташкентке аттанды. Сүйінші хан Ташкент бекінісіне бекінді. Қасым хан Ташкент бекінісіне барып, оның алдында бір күн тұрды. Сонан соң ол Ташкент төңірегін тонап, қолға түскеннің бәрін алып кетті. Одан әрі ол Сайрамның төңірегіне жақындап, мүлік пен мал санын есептеумен айналысты» [4, с. 223].

«Зубдат әл-асардың» Шайбани ұрпағына ниеттес авторы Қасым хан мен Сүйінші-Қожа хан қақтығысының басқа бір нұсқасын келтіреді. «Қасым хан, – деп жазады ол, – Дешті Қыпшақтың әміршісі болатын. Ол қазақтар мен маңғыттардан тұратын әскерімен Түркістан мен Ташкентке жорық жасап, бірнеше қорғансыз адамды тұтқынға алды. Қасым хан Ташкентке жақындап келгенде, Сүйінші-Қожа хан оған әскерімен қарсы шықты. Қиян-кескі шайқас болды; Қасым хан атынан құлап түсті, бірақ қызу шайқас үстінде қарсыластары ханды танымай, оның өмірін осы жағдай сақтап қалды. Нөкерлері оған дереу ат тауып берді; Қасым хан тізгінін Дешті

Қыпшақ жағына бұрды». Алайда Қасым ханның Ташкент қаласын ала алмауы қазақтардың құрамында шайбанидтерге қарсы соғысқа қатысқан ноғайлықтарды қайтадан Қазақ хандығының билігінен шығуға итермеледі. Сондықтан Қасым хан 1519 жылы ноғайларға өз билігін түпкілікті орнатуды шешеді. Өйткені Қасым ханға Түркістан аумағындағы жайылымдар мен қалалар үшін шайқасты жалғастыру үшін қол астындағы барлық ұлыстар мен елдерді, соның ішінде ноғайларды бір орталыққа жинақтау қажет болды. Бірақта Қасым ханның жоспары жүзеге аспады. Ноғайлардың мырзасы Шейх Мұхаммед қазақтардың билігінен құтылу мақсатында Қырым ханынан Еділдің арғы бетіне өтуге рұқсат сұрайды.

Ал І Мұхаммед Керей болса ноғай биінің өтінішін қанағаттандырып, «Еділдің бетіне өтуге» рұқсатын береді. Мұндай шақыруды қабыл алған ноғайлар жаппай көше бастайды. Ноғайлардың қашқанын көрген Қасым хан да қарап қалмай өз әскерлерімен маңғыттардың соңына түсіп өткелден өтуге кедергі жасайды. Нәтижесінде 1519 жылы маусымда Астраханның түбінде ноғайлармен қазақтардың арасында ірі шайқас өтіп, қазақтар жеңіске жетеді. Шайқас кезінде екі жақ та көптеген шығынға ұшырайды. Тіпті шайқастың үлкен қантөгіске ұласқаны соншалықты ноғайлықтардың мырзасы Шейх Мұхаммед өлсе, қазақтар жағынан Қасым ханның жиені Болат, Жәдік хан мен оның ұлы қаза табады [84, с. 158].

Деректерге назар аударсақ, Қырым хандығының иелігіне ноғайлардың аз ғана бөлігі ғана қашып бара алған. Олардың қатарында ноғайлардың көптеген мырзалары Алшағыр, Саид Ахмед балаларымен және Мұсаның баласы Жанмұхаммед болған [132, с. 207].

Өз кезегінде ноғайлардың қазақтардан жеңіліс табуы және бір бөлігінің Қырым хандығын паналауы Еділдің шығысындағы аймақтардың Қасымның билігіне көшуіне жағдай туғызды. Оған дәлел Қазақстанның орта ғасырдағы тарихын зерттеушілер Қасым ханның кезіндегі Қазақ хандығының шекарасын батыста Еділге дейін созылғанын жазады [133, с.

Мұны 1520 жылдардың басында Шығыс Еуропадағы мемлекет аралық шекараның орналасуын өзінің «Запискларында» С. Герберштейн де көрсетеді. Ол Қазан хандығының шығыс көршілері деп «шайбанидтер мен қазақ деп аталатын татарларды», яғни Сібір бұрынғы Ордасының татарлары шайбанидтер мен қазақтарды айтады [134, с. 170].

Еділ бойындағы алқаптардың ноғайлардың жері болып есептелмегені Қырым ханы I Мұхаммед Керейдің Осман сұлтаны Сүлейман Кануниға 1521 жылы көктемде жазған хатында да көрініс тапқан: «Ноғай халқы мекендеген және біз аз уақыт бұрын басып алған жерлерде қазақ деген көп адамдық тайпа өз ханының басшылығымен орналасты. Олар сол жерге орналасып, енді бізден көз айырмай бақылап отыр. Егер біз король еліне (Польшаға) шабуылдайтын болсақ, олар біздің ежелгі жауымыз Қажы Тарханмен бірігіп, біздің елді тасталқан етеді» [84, с. 160].

Осылайша өздерінің ежелгі Ордасына билігін жоғалтқан ноғайлар әлсіреп қана қоймай, біржолата ыдырап кетеді. Сондықтан сол жылдарды ноғайларға Мұхаммед Керейдің қамқорлығының аясында өткізуге немесе қазақ хандарымен жақындасудан басқа амалдары қалмайды. Қасым хан болса өз иелігіндегі тұрғындардың санын көбейтуді ойлағандықтан, ноғайларды қуғындауды тоқтатып, олармен достық қатынас орнатуға кірісіп, көшпей қалып қойған немесе көшуге үлгіре алмаған кейбір мырзаларды ноғай ұлыстарындағы лауазымында қалдырады. Деректерге сүйенсек тіпті ол өз қыздарының бірін ең мәртебелі маңғыттардың бірі – Мұсаның ұлы Шейх Мамайға ұзатады [38, с. 66]. Ноғай Ордасының астанасы Қасым ханның Ордасына айналды. Өз әкесі Жәнібек пен оның інісі Бұрындықтың үлгісімен ол Сарайшықты иемденді және осы қалада қайтыс болып, сол жерде жерленген [94, с. 163].

Қасым ханның өзі 1522 жылы қайтыс болған. Алайда парсы және осман авторлары – ал-Гаффари, Хасан бек-Румлу, Мунаджим-баши және т.б. көрсетуі бойынша Қасым хан 930

хижра жылы (1523-1524 жж.) дүниеден өткен делінеді. XVII ғасырдың басындағы авторлардың бірі Қадырғали бектің айтуы бойынша Қасым хан Сарайшық қаласында қайтыс болған; «ол жерде қазірдің өзінде оның бейіті бар» [94, с. 163].

Бірақ, Қадырғали бектің мәліметі түсіндіруді қажет етеді. Жайықтың сағасындағы Сарайшық қаласының негізі XIII ғасырда қаланды және Жошы ұрпағы үшін екінші орталық ретінде маңызды болды, Жошы руынан шыққан хандар сол жерге жерленетін болған, сол жерде, Әбілғазының көрсетуі бойынша Жәнібек пен Бердібек Алтын Орда хандары ретінде таққа отырып, сол жерде Алтын Орда хандары Тоқтағұл мен Жәнібек (Қазақ хандығының билеушісі Жәнібекпен шатастыруға болмайды) жерленген [10, 174-176 бб.]. Бірақ, 1580 жылы Сарайшықты орыс казактары жаулап алып, жермен жексен етеді, тіпті молалардан өліктерді де шығарып алып тастаған [135, с. 395]. «Сарайшық форпостының» үйінділері жөнінде айтылғанымен, хан мазары туралы ештеңе жоқ. Қасым ханның алғашқы Қазақ хандығының аса көрнекті билеушілерінің бірі екендігі сөзсіз. Өзінің игілікті істері, берік еркі мен саяси данагөйлігінің арқасында ол қазақ мемлекетінің күшті болуына қол жеткізді, онда жақсылық үстемдік құрды және басқа елдер оған құрметпен көз тікті. Қасым хан болса қазақ тағын иеленеді де, он жыл бойы хандық құрады. 1511-1521 жылдар аралығында Қазақ хандығы Қасым ханның басқаруымен сол ғасырдағы өзінің ең шырқау шегіне көтерілді.

2.3 Қазақ хандығындағы аласапыран және оның салдары

XVI ғасырдың 20-50-жылдары қазақ хандығы ерекше аласапыран кезенді басынан өткізді. Атап айтқанда, қазақ хандығының көрші ұлыстармен жиі-жиі әскери қақтығыстары, үздіксіз тонаулар мен зорлық-зомбылықтар өз шегіне жетті. Тіпті сол уақыттары билеушілердің бір-бірімен өзара жүргізген толассыз соғыстарының ақыры тұтас сұлтандар әулеттерінің қырылып қалуына алып келетін. Мұның бәрі айналып келгенде

Қазақ хандығын әбден әлсіретіп жіберді. Қазақ хандығында өткен бұл үрдіс тарихи заңдылық қана еді. Өйткені, кез келген мемлекет гүлдену мен құлдырауды бастан кешіреді. Сондықтан әрбір мемлекетте табиғаттағы айналып келетін қозғалыс сияқты аласапыран кезең болған және қайталанатын да. Осындай уақытта билікті сыртқы күштердің озбырлықпен тартып алу әлеуетінің мүмкіндігі немесе іштегі тақ талас ең биік шыңға жетеді және елде көп билік жүйесі пайда болады. XVI ғасырдың 20-50-жылдарында Қазақ хандығының тарихында осындай жағдай орын алды. Аласапыран кезеңдегі Қазақ хандығының тарихы ортағасырлық деректерде нашар қамтылған және сол тарихи оқиғалардың егжей-тегжейі ашылмаған күйінде қалып отыр. Дегенмен сол кезеңдегі Қазақ хандығының әскери және саяси тарихының бір бөлігі айтарлықтай белгілі [24, с. 325-333].

Бұл уақытта Қазақ хандығының шығысында шектесіп жатқан Ноғай Ордасы қайтадан күшейе түседі. Олар күштерін ақырын жинап, анда-санда ғана батысқа қарай әскери жорықтар жасап тұрады да, ақырында XVI ғасырдың екінші ширегінен бастап қазақ ханы Қасымның қазасынан кейінгі ноғайлардың жылдам әрі өте сәтті қарымта қайтаруы қазақтарды ұзақ уақытқа дейін әлсіретіп тастады. Сол дәуірдегі Дешті Қыпшақтағы саны жағынан ең көп екі халықтың қарама-қарсылығы негізінде жайылым, пайдалы қоныстар мен сауда бағыттары үшін күрес көрші аймақтарға саяси ықпал жасаудан туындаған [39, с. 24].

1520-1540-жылдары Ноғай Ордасы шығыс Дешті Қыпшақ даласында анық және талассыз үстемдік құрғаны соншалық, оның қарсыластарының олармен таласуға күші де, шамасы да келмеді. Егер ноғайлар соғыс арқылы өздерінің билік аумағын кеңейтуді көздесе, қазақтар тарапынан Жайықтан Ертіске дейінгі аумақта өз билігін қалпына келтіру мақсатында жүргізілді. Қазақ хандығы мен Ноғай Ордасының этникалық жақындығы мәдени және генетикалық туыстыққа қарамастан бір-біріне саяси қарсылас болуға кедергі келтірмеді. Сонымен

қатар, Маңғыт басшылары шығыс аумақтағы қазақ хандарының билік құқығын ешқашан даулаған емес. Сарайшықтан жіберілген құжаттардың ресми атауларында Қазақ хандығы – Қырым (Тоқтамыс хан Ордасы) мен Астрахань (Темір Кутлуев хан Ордасы) сияқты құрметпен және ондағы билік құрып отырған әулеттің арғы аталарының атымен (Қазақ Ордасының Барақ ханы) және (Орыс хан Ордасы) аталады. Осыған байланысты жергілікті билеушілер де «Барақ (немесе Орыс) хан» ұлдары, бауырлары деп көрсетілді [84, с.201].

Осыған қарамастан, 1520-жылдар бойы ноғайлар қазақ ұлыстарын оңтүстік-шығысқа ығыстырып шығарды. Бұл өлкеде де Қазақ хандығы үшін қолайлы жағдай қалыптасқан жоқ. Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткендей, Есенбұға ханнан (1439-1462) бастап, Рашид хан (1533-1560) заманына дейін моғолдар мен қазақтар арасында достық қатынастар болып келгені белгілі. Тіпті Махмұд хан (1508 ж. өлген) мен Ахмет хан (1504 ж. өлген) кезінде орын алған азын-аулақ қақтығыстарға қарамастан олардың арасында тіпті туыстық байланыстар жалғаса берді, ал мұның өзі мырза Хайдар Дулатидың жазуына қарағанда «елеулі іс болған». Ал қазақтардың бір кездері аталарына Қозыбасы жайлауынан жер беріп, қанатына алған моғол хандарының ұрпақтарымен араздығының басталуы моғол ханы – Жүніс ханның үлкен ұлы Сұлтан Махмұдтың (1487-1509 жж.) қазақ хандарының саяси қарсыластары шайбаниліктерге Түркістанда билік тізгінін алуға мүмкіндік беруінен басталды.

М.Х. Дулати: «Қазақ хандары – Керей мен Жәнібек хан балалары бір жағынан, Сұлтан Махмұд хан екінші жағынан арасында ежелден келе жатқан достық осының салдарынан дау-дамайға айналды. Себебі, олар «Шаһибек ханның (Мұхаммед Шайбани. – Авт.) біздің жауымыз екенін біле тұра оны Түркістанға неге әмір етіп тағайындайсың?», – деп наразылық білдірді. Сөйтіп, осы керістің салдарынан Сұлтан Махмұд хан мен өзбек-қазақ арасында екі рет шайқас болды.

Екеуінде де Сұлтан Махмұд хан жеңіліске ұшырады», – деп көрсетеді [136, 142 б.].

Моғол ханы өзінің арамза кеңесшілерінің тіліне еріп, Мұхаммед Шайбаниге Самарқан мен Бұқараны да алуға жәрдем береді. Мұның қате екенін айтқан дулат әмірлерінің сөздеріне құлақ аспай, ақыры 1509 жылы Мұхаммед Шайбани ханның бұйрығымен кәмелетке толмаған 5 баласымен бірге Ходжент өзенінің иіріміне тасталып, өлтіріледі. Дегенмен қазақ-моғол қатынасының түпкілікті бұзылуы Жаркент тағына Саид ханның үлкен ұлы Абд ар-Рашид хан отыруына (1533 жылғы шілде) байланысты басталады.

Моғолдың жас ханы (ол 915/1509-1510 жылдары туған) өзі билік еткен алғашқы жылдардан бастап-ақ, өзінің мұраға алған жұрты деп қараған Жетісу аумағынан қазақтарды аластауға және бұл аумаққа өзінің басым ықпалын таратуға бағыт ұстады. Осындай саясат ұстанған моғол ханы, Мырза Хайдардың айтуына қарағанда, «ежелден (моғолдарға), бұдан бұрын айтылғанындай, дұшпан болып келген өзбек-шайбанилермен достық пен татулық негіздерін қалап, ежелден дос болып келген өзбек-қазақтарды қыра бастады». Жаркент хандығы билеушісінің саяси бағдарын бұлайша күрт өзгертуі, тегінде, бір жағынан, толып жатқан сәтсіздіктер салдарынан Қазақ хандығының әлсіреуіне, екінші жағынан, шайбанилердің күшейіп, XVI ғасырдың 30-жылдарында Орта Азиядағы күшті саяси факторға айналуына байланысты болса керек.

Ақылды билеуші және шебер дипломат ретінде Рашид ханның қазақтарды моғол хандарына тиесілі аумақтан қуып шығу үшін мұның қолайлы уақыт екенін, ал бұрынғы дәстүрлі одақтастарына қарсы бағытталған бұл істе ең жақсы әріптес тек шайбанилер ғана бола алатынын көрмеуі мүмкін емес еді. Оның үстіне бұл шайбанилерге де тиісті болды; олар моғол және қазақ билеушілерінің арасындағы ертеден келе жатқан одақтастық қатынастарды күйретті және күш қоса отырып, осы кезге дейін өздеріне қатерлі де қауіпті саяси күш болған қазақ әміршілерін бұрынғысынан да әлсірете түсті.

Сөйтіп, нақты жағдайды шебер пайдалануға негізделген өз саясатын басшылыққа алып, Рашид хан қалыптасқан дәстүрлерді елемей, қазақтарға аяусыз соғыс жариялады және өзбек билеушілерімен одақтаса отырып, олармен бірнеше рет ірі шайқастар жасады. Көрнекті ирантанушы О.Ф. Акимушкиннің өте мазмұнды және түпнұсқа деректемелерге негізделген мақаласында оларға, сондай-ақ Абд ар-Рашид хан мен оның мирасқорлары билік еткен кездегі қазақтардың моғолдармен өзара қатынастарына талдау жасалған. «XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі материалдарға» кіріспе мақала-анықтамалары мен ескертулерінде осы бағалы жинақты құрастырушылар тобы жетекшілерінің бірі В.П. Юдин XVI ғасырдың 30-50-жылдарындағы қазақ-моғол өзара қатынастары туралы бірқатар маңызды пікірлер айтқан. Қолда бар деректемелер мен зерттеулер бойынша XVI ғасырдың 30-50-жылдарындағы қазақтардың моғолдармен өзара қатынастары мынадай түрде болып көрінеді.

Абд ар-Рашид алғыр әрі тапқыр билеуші болған. Нақты жағдайлар қалай өзгерген бойда, ол да қазақ әміршілеріне бұрынғы көзқарасын өзгертті, сөйтіп 1533-1537-жылдар аралығында өзбек ханы Убайдолламен одақ жасасып, 944/1537-38-жылдарда болса керек, қазақтарға жорық жасады, ол туралы әңгімені Зайн ад-дин Васифидің көлемді еңбегінен табамыз. «Қасиетті мухаррам айының (жылы көрсетілмейді) алғашқы күнінде, – деп жазады осы оқиғалардың замандасы Васифи, – Убайдолла хан қазақтарға жорық жасауға дайындалып, өз әскерін Қазығұрт тауының етегіне (Сайрам ауданындағы Бадам өзенінің бас жағына) шоғырландырды. Сол кезде моғол ханынан хабар алып жаушы келді, онда Абд ар-Рашид өзбек ханына бұрын Ақ-Боғыз тау асуының етегінде жасалған бірлескен қимылдар туралы шарт негізінде қазақтарға қарсы біріккен күшпен аттануды ұсыныпты. Ұсыныс қабылданды да, Убайдолла хан Сайрам өзенінің жағасынан көтеріліп, «Қазақстан жағына» бет алды. 16

сафарда, Убайдолланың жауынгерлері Ұзынқұлақ өзенінің жағасында тұрған кезде, Рашид ханның жақындап келгені туралы хабар алынды, ал 17 сафарда Ыстықкөл ауданындағы Сан-Таш деген жерде екі әскер қосылды. Сол күні кешке өзбектер мен моғолдар қазақтар өздеріне пана және аялдайтын орын етіп алған кең әрі терең сайда жауына жетті. Келесі күні таңертең болған аяусыз шайқаста қазақтар жеңіліс тапты, «сөйтіп олардың мүліктері мен аттардан тұратын керек-жарақтарының барлық түрлері де, малы да, малайлары да, отырғандары да, тұрғандары да, сөйлемейтіндері де, еркін жайылып жүргендері де жеңген әскердің иелігіне көшті». Сөйтіп, Абд ар-Рашид хан мен Убайдолла ханның арасында бірлесіп қимылдау туралы шарт және келісім жасалуына байланысты қазақтар мен қырғыздардың XVI ғасырдың 20-жылдарында қалыптасқан саяси бірлестігіне моғолдар мен Мауреннахр өзбектерінің одағы қарама-қарсы қойылды, ал моғолдар ханы осылайша «ежелгі достарына» қарсы өз семсерімен ғана емес, сонымен қатар өздерінің «ежелгі дұшпанының» және қазақтардың бұрынғы туыстарының семсері-мен де аттануға мүмкіндік алды. Абд ар-Рашид осы сыртқы саяси бағытты, сірә, өзі билік еткен барлық уақытында ұстанған болса керек. Бұл кезде Қасымның мұрагерлері – оның ұлы Мамаш, Тахир, Бұйдаш Жетісу аумағында үлкен емес иеліктерге билік жасаған. Осы хандардың билік құруын рет-ретімен талдасақ, Қасым хан өлгеннен кейін Мырза Хайдардың айтуы бойынша таққа оның ұлы және мұрагері Мамаш отырады [4, с. 224]. Бұл ханның қалай билік құрғанын баяндайтын мәліметтер белгісіз. Алғаш рет оның есімі деректерде 1513 жылдар шамасында аталады. Ол уақытта оның жасы елулер шамасында болған. Сол жылдың күзінде Мамаш басқа қазақ сұлтандарымен бірге Қасым ханның бұйрығы бойынша моғол ханы Саидты қарсы алған [4, с. 225-227].

Мамаш хан өз әкесі сияқты ержүрек жауынгер және тапқыр қолбасшы қасиеттерін игерген, ол әскери сипаттағы хандық билікте уақыт талабына сай қасиеттер болатын. Бірақ ол билік

басында ұзақ отырмады. Ол бір шайқас кезінде кездейсоқ сауыт-тың ауырлығынан тұншығып өледі [4, с. 222].

Оның өзі және балаларының бар жоғы туралы ешқандай дерек жоқ. Өкінішке орай, Мамаш ханның кенеттен келген осы оғаш өлімі жақындап қалған сұрапылдың алды болатын. Оның өлімінен кейін хан тағына Тахир отырады. Тахир хан, шамамен, 1523-1533 жылдары билік құрған. Ол Жәдік сұлтанның ұлы, әз-Жәнібек ханның немересі болатын. Тахирдің ата-анасы ұзақ жыл бойы Ташкентте тұрғандықтан мұсылманша сауат ашқан, көзі ашық, көкірегі ояу сұлтан болуы да ықтимал [37, с. 174].

Себебі, XVI ғасырда Фазаллах Рузбиханның көрсетуінше, қазақ хандары мен сұлтандары өз балаларын медреселерде оқытуды жөн көретін [123, с. 63]. Тахирды жақсы білген Мырза Хайдардың айтуы бойынша, ол табиғатынан ызақор, қатал, өте секемшіл адам болған [4, с. 227]. Деректерге назар аударсақ, хандық билікті Тахир сұлтан кездейсоқ оқиғаға байланысты алған. 1523 жылы Мамаш хан қайтыс болуымен, хандықтағы жоғарғы билік үшін өзара талас-тартысқа Тахир сұлтан бастаған Жәдіктің тайпалары қатысады. Бұл жерде Тахирдың жолы болып, басқа сұлтандармен бақталастықта ол жеңіп шығып, хан тағына отырады. Парсы тарихшысы Хайдар ибн Али Хусайни Рази бұл тұрғыда былай деп жазады. Мамаш хан өлген соң қазақ хандығында «үлкен келіспеушіліктер басталып, Дешті Қыпшақтың қазақ сұлтандары бір-бірімен көп соғысты. Ақыр соңында Тахир сұлтан хан деп жарияланды» [4, с. 228].

Қырғыздарды тәртіпке көндіру үшін жіберілген (Сұлтан Саид ханның тапсырмасымен) тарихшы әрі Рашид ханның тәлімгері Мұхаммед Хайдар Дулати өз еңбегінде Тахир ханды өте қатал әрі ашушаң болды деп сипаттаған. Мырза Хайдардың жазуына қарағанда Тахир ханның барлық әрекеті қиыншылықтардан құралған және оның барлық бастамалары да жүзеге аспаған. Тахир ханның әскери де, мәмілегерлік шеберлігі болмағандықтан, ол үнемі әскери жеңілістер мен мәмілегерлік

сәтсіздіктерге ұшырап отырған. Мысалы, Тахир хан билік құрған алғашқы жылдарында-ақ ірі әскери күші бола тұра бейбіт қатынасты бұзған маңғыттардың шапқыншылығына төтеп бере алмай, ноғайлардан бірнеше рет жеңіліске ұшырап, батыстағы Жайық өзенінің бойындағы жерлерінен айрылып, өзінің соңына ерген 200 мың жақтастарымен Шығыс Дешті Қыпшақтан Моғолстанға қоныс аударады. Сондай-ақ, 1525-26-жылдардың қысында ол қазіргі Түркістан маңайында Ташкент билеушісі шайбанид Келді Мұхаммедтен жеңіліс табады және ол қаншама жыл моғолдарды соғыспен қорқытса да, олармен ашық шайқасқа түспейді [123, с. 218-219].

1523-1524 жылғы қыстың ортасында Тахир Қашқарға барды. Моғолдар ханы, сол кезде ордасы сонда болған Сұлтан Саид оған барлық күткендегіден асып түскен қабылдау жасады; Тахирдың қарындасы Саид ханның ұлы Абд ар-Рашид сұлтанға ұзатылды, сөйтіп қазақтар мен моғолдар арасында формалды одақ жасалды. Алайда, сол 1524 жылы олардың арасы алшақтап, Тахир сол кезде моғол ханына қарайтын қырғыздардың бір бөлігін өз жағына шығарып алды. Қазақ ханы «Моғолстанның арғы шетіне» кетті.

Бірақ, бұл Қасым ханның алғашқы мирасқорлары кезінде Қазақ хандығының үлесіне тиген үлкен саяси қиыншылықтардың басы ғана болатын. Деректемелер көрсетіп отырғандай, Тахирдың маңғыттарға ғана емес, шайбанилерге қарсы соғыстары да сәтсіз болып қойған жоқ, оның үстіне бұл жағдайда да жеңіліс салдарынан қазақтардың негізгі иеліктерінің бір бөлігінен айрылды. Мәселен, Махмұд ибн Уәли Ташкент билеушісі Шайбани ұрпағы Сүйінші-Қожа хан өлгеннен кейін (1525 жылы шілдеде қайтыс болған) көп ұзамай орын алған оқиғаларды баяндай келіп, былай деп жазады: «Бұл кезде Әдік ханның ұлы, Қасым ханнан кейін бүкіл Қыпшақ даласы мен Моғолстанның кейбір облыстарына билік ете бастаған Тахир хан өзінің мінез-құлқының дөрекілігі себепті тайпалар мен жауынгерлерді өзінен бездіріп, елдің әскер бастықтары мен атақты адамдары оны тастап кетті де», Келді-

Мұхаммед сұлтаннан көмек сұрады. Сүйінші-Қожа ханның ұлы және мұрагері оған көмек беруге келісіп, олар бірнеше рет елшілер алмасты, оларды екі жақ та барынша құрметпен қарсы алды. «Хан (қазақ ханы) ұлы мәртебелі сұлтаннан көмек сұрағаны туралы және ол оған достыққа уәде беріп, онымен одақ жасасқаны туралы хабар оның жауларының құлағына тиген кезде, олар қатты үрейге бөленді», сөйтіп олар Тахир ханға бағынатындығын білдіріп, қайтадан оның туы астына жиналды. Келді Мұхаммед ханның жағдайы нығайғанын және «жаңадан сәттілікке» ұшырағанын білген кезде, ол құттықтап, Дешті Қыпшаққа елшілік жіберген. «Бірақ арамзалық пен тұрақсыздық бойын билеген Тахир, – деп жазады Махмұд ибн Уәли қазақ ханының іс-әрекетін айыптағандай болып, – шайбани ұрпағының елшілерін тұтқынға алады, «сөйтіп қайғы-қасірет қақпасын ашып, бүлік пен бүлдіргі туын ұстап», сұлтанның иеліктеріне жорыққа шыққан». «Бұл күйінішті хабар патшалық қосынға тараған кезде», Келді-Мұхаммед қатаң қыс пен қатты аязға қарамастан, Тахир ханға қарсы шықты. Бірнеше күннен кейін сұлтан әскерінің оң қанатының карауылдары қазақ ханының бірнеше жауынгерін қолға түсірді, олар қинап, азаптағаннан кейін: «Біздің Тахир ханнан кеткенімізге бүгін төрт күн болды, біз өз мекенімізге бара жатырмыз, ал Тахир хан Карналық арқылы Түркістанға кетті», – деп хабарлады. Ханның қайда бара жатқанынын біліп алған Келді-Мұхаммед Түлкібас пен Айша өзені арқылы тез жүріп өтіп, Түркістан маңында қазақ ханын қуып жетті. Алыстан Тахир әскерін көріп, сұлтан өз әскерін сапқа тұрғызды. Оң қанатқа қолбасшылық етуді ол өз жақындарының біріне, ал сол қанатты Көшім ханның ұлы Абдаллах сұлтанға тапсырды да, өзі ортаға орналасты. Тахир хан да «көпшілік бөлігі қырғыздардан тұратын» өз әскерін шайқасқа әзірлей бастады. Қанға бөккен айқастан кейін Тахир хан талқандалып, «бірсыпыра атақты және жай адамдарымен қасірет иірімі мен өлім оқпанынан құтқаратын жағалауға шығып, жараланған ол асыға қашты», оның иеліктерінің кейбір аудандары

жеңімпаздардың қолына көшті. Оларды басқаруды Абдаллах сұлтанға тапсырып, Келді-Мұхаммед Ташкентке оралды. «Бахр-әл-асрар» авторында жорық мерзімі көрсетілмейді: барлық жағынан қарағанда, Тахир хан мен Келді-Мұхаммед арасындағы шайқас 1525-1526 жылғы қыстың бас кезінде болған. Рас, осы жеңілістен кейін де Тахир қырғыздар мен қазақтардың бір бөлігін өз жағына шығарып, тіпті Жетісуды өз ықпалына бағындырып алған. Бірақ, бәрін де замандасы және сол тарихи оқиғаларға қатысушы Мұхаммед Хайдар Дулатидың айтуындай ретімен келтірейік.

1525-1526 жылдың қысында Тахир (сірә, өзі жеңіліс тапқаннан кейін болса керек) Моғолстанға барып, Қашқарға жақын жерге қосынын орналастырады; оған жақын маңайдағы қырғыздардың жартысы қосылды. Саид ханның ұлы Рашид сұлтан Тахирдан қауіптеніп, қыс ортасында Қашқардан Ат-Башиге кетіп қалады. «Бұл хабар жоғары мәртебелінің құлағына тиген кезде» Сұлтан Саид ханның өзі 1526 жылғы қыс аяғында Қашқардан Ат-Башиге аттанды. Көктемде Тахир бастаған қазақтар Моғолстанның шығыс жағына кетіп, Хасс пен Кункаш маңына орналасты. Сонда Саид хан болашақтағы «Тарих-и-Рашиди» авторы Мырза Хайдар-ға өтініш жасап, оған: «Моғолстанға барып, менің аса құрметті апайым Сұлтан-Нигар ханымға (Тахир ханның өгей шешесі) бар, ол мені мен Тахир ханның аразыма түсіп, ізгі достықпен жолға қойсын», – деді. «Мен Жаркентке барып, – деп жазады Мырза Хайдар, – ханымды өзіммен бірге Моғолстанға апардым». Саид хан Ақсайда болатын. Бұл келіссөздің нәтижелері туралы хабар жоқ. Саид хан қырғыздарды жазаламақшы болып, оларға қарсы аттанды. Көп кешікпей Ақ-Құяшқа жетті; хан Рашид сұлтан мен Мырза Хайдар бастаған әскерді қырғыздар орналасқан Арышларға жіберді. Сол жерге келгенде моғолдар «өлі адамдар мен көптеген аттардың өліктерін» көрді, сөйтіп осыдан бірнеше күн бұрын бұл жерде үлкен шайқас болып, қырғыздардың Құсаннан келген Бабашақ сұлтанның қосынын талқандағанын анықтады. Одан әрі жүргенде моғолдар

қырғыздардың 100 000-ға жуық қойын тауып, оны айдап әкетті, соның салдарынан жорық халық арасында «қой үшін жорық» деп аталып кетті. Осы оқиғалардан кейін көп ұзамай моғолдар Оңтүстік-Шығыс Қазақстаннан көтеріле көшіп, Қашғарияға кетті; Жетісу мен Ыстықкөл өңірі қазақтар мен қырғыздардың қолында қалды.

Жетісудың қазақтар қолына көшуі қазақ әміршілерінің моғол хандарымен және қалмақтармен қақтығыстарын бастап берді, ол қақтығыстар бірнеше жыл өткен соң, осы өлкені иелену жолындағы табанды да қантөгіс күреске ұласты. Сонымен қатар, Жетісу өлкесінің қазақтардың қолына өтуіне байланысты, олар әскери қимылды қалмақтарға да қарсы жүргізе бастады. Өйткені қалмақтар елдің шығысында орналасқан болатын. Осы кезде моғол билеушілері мен ойрат-қалмақ шапқыншылықтарына қарсы күресте қазақ-қырғыздың байланыстары одан әрі беки түседі. Деректерге сүйенсек, Тахир қазақ хандарының арасынан бірінші болып қалмақтармен соғысқа кірген. «Бадаи ал-вакаи» авторы және Тахирдың замандасы Васифидің айтуы бойынша, қазақ ханы таудың етегіне қалмақ әскерінің шабуылын тойтаратын «Жатан бекінісін» салған. 944/1537-38 жылдары моғол ханы Абд ар-Рашид шайбанидтермен одақтасып, қазақтарға қарсы соғыс ашқанда, қазақ әскері осы Жатан қамалына бекінген [4, с. 181-182]. Жатан бекінісінің нақты орналасқан жері белгісіз. Бекіністің қай жерде салынғанын әр ғалым әрқалай топшылайды. Ғалымдардың кейбірі оны қазіргі қырғыз жеріндегі Қашқар өңірінде салынған десе [137, 52 б.], екіншілері Ыстықкөл маңында тұрғызылған деп көрсетеді [4, с. 179]. Ал белгілі ресейлік тарихшы Т.И. Сұлтанов болса бекіністің орналасқан жері белгісіз деп атап өтеді [37, с. 250-251]. Ол оның себебін деректерде дәл көрсетілмеуімен негіздейді. Расында да Жатан бекінісі туралы бізге дейін жеткен бір ғана мәлімет бар. Оны ортағасырлық автор Зайнидин Васифи өзінің «Таңғажайып оқиғалар» (Бадаи ал-вакаи) атты еңбегінде береді [4, с. 181]. Бекіністі бір таудың

етегінде Тахир хан салды деп жаза отырып, Васифи оның сырт келбетін биіктігі ұшқан құстың қанатын, қараған жанның көзінің қарын талдыратындай заңғар екенін, ал бекініс тұрған таудың салмағы жерді мүйізімен тіреп тұрған өгіздің белін қайыстыратындай, таудың шыңы жұлдыздарға жетіп жығылатындай деп әспеттеп суреттейді. Бұл Жатан бекінісінің өз заманында айтарлықтай зәулім де берік архитектуралық құрылыс болғанын аңғартса керек. Табиғатынан мейірімсіз Тахир өзінің ағасы Әбілқасымның өліміне де себепкер болады. Осы қайғылы жағдайға әкелген оқиға былай өрбіген. Хандық таққа отырған Тахирдың табиғатынан қаталдығы мен секемшілдігі 1526 жылдың ортасына қарай тіптен күшейе түскен. «Осыған байланысты, – деп жазады Мырза Хайдар Дулати, – ақылды сұлтандар одан теріс айналды; оның Әбілқасым сұлтан атты ағасы болған, халық Тахирдың қаталдығы содан басталған деп санаған. Жеңіске жеткен соң Тахир сұлтан оны өлтірген. Осыдан кейін барлық халық одан бірден бөлініп шығып, оны тастап кетті» [4, с. 230-231].

Осылайша шексіз қаталдығы және әділетсіздігімен ерекшеленген және мемлекеттік қайраткерлік қабілеті болмаған Тахир хан өз билігімен жалпының өшпенділігін тудырды және өз халқының одан безінуге алып келді. Өз кезегінде бұл жағдай Тахирдың қол астындағы халық санының азаюына ықпал етті. «Тахир ханның қол астында екі жүз мыңға жуық адам болғанына қарамастан, оның билігі әлсірей бастады. Әскер қатары он лектен екі лекке дейін азайды», – деп жазады сол кездегі деректер [4, с. 230]. Яғни, Тахир хан өз халқы мен дала ақсүйектерімен ортақ тіл табыса алмағандықтан, Қазақ хандығының күші біршама әлсіреп кетеді. «Өйткені ол өте қатал болатын, төрт жүз мыңға жуық адам бір мезгілде одан бас тартты» [4, с. 222].

Жалпы алғанда көшпелілердің қоғамында Хан билігінің беріктігі оның ағымдағы саясатының көшпелі қоғам ақсүйектері өкілдерінің мүддесіне сәйкес келуіне тәуелді болғандығы туралы мысалдар көп. Мәселен, Хан билігі дала

ақсүйектерінің мақсаттарына қайшы келіп, олардың құқықтарын қатты бұзған жағдайда, олар өз билеушілерін тастап кететін немесе тақтан тайдыратын. Әрбір жекелеген билеушінің билігінің беріктігі оның билігінің сипатымен ғана анықталып қойған жоқ. Көшпелілер басқарушыларының саяси өмірінде олардың жеке дара қасиеттері де айтарлықтай орын алды. Жоғарыда атап өткендей, ортағасырлық тарихшылар билеушілердің батылдық, қолы ашықтығы, әділеттілігі мен мейірімі, «жаудың опасыздығын әшкерелеуге көмектесетін ақыл», «пайда үшін ыңғайлы жағдайды есептеуге көмектесетін көрегендігі» сияқты қасиеттерін мақтайтын болды. Керісінше, мемлекет ісіне кесірін тигізетін, мастық, қаталдық және менмендік қасиеттері ханды тастап кетуге ықпал ететін. Сонымен, халқының басым көпшілігі тастап кеткен соң Тахир хан өзінің жақтаушылармен бірге шайбанидтер мен ноғайларға қарсы күресте Моғолстан ханының көмегіне жүгіне бастады. Моғолстан ханымен болған кездесуде оның қарындасы Абд ар-Рашидке ұзатылады [28, с. 93].

Бұл кезде қырғыздардың көпшілігі Тахирға қосылып, қазақтармен салыстырғанда қырғыздар Тахирдың сенімді қызметшілеріне айналады. Қырғыздардың мұндай әрекетке баруы моғол хандарының оларға қажет кезінде көрсеткен жақсылық-тарын тез ұмытып кетуінде жатты. Мысалы, Мұхаммед Қырғыз бастаған қырғыздар моғолдардың 1514 жылы Қашқарды, Жаркентті, Хотанды алуына үлкен жәрдемін тигізді. Алайда моғол ханы – Жүніс ханның немересі, Сұлтан Ахмед ханның (Жүніс ханның кіші баласы) 18 ұлының үшіншісі Сұлтан Саид (1487-1533 жж.) бұл жәрдемнің маңызын елеусіз қалдырып, Мұхаммед Қырғызды 1517 жылы тұтқынға алып, 5 жыл бойы ұстайды. Себебі, Мұхаммед Қырғыз шайбанилік Абдолла ханды тұтқынға алып тұрып, сый-сыяпатын жасап, қайта босатып жіберген болатын. Сұлтан Саид хан Мұхаммед Қырғыз шайбаниліктермен кұпия келісімге келді деген күдікпен 1517 жылы қырғыздарға жорық жасап, Барскун деген жерде өткен шайқаста жеңіске жетеді.

Сұлтан Саид хан Мұхаммед Қырғызды өз жағына тартпақ болып, 1522 жылы оны қамаудан босатып, қырғыздардың басшысы ретінде қайта таниды. 1521-1522 жж. Саид ханға Қашқардағы иелігі мал жайылымына тарлық қылып, оны кеңейте түсу үшін Моғолстанды басып алуға, ондағы қырғыздарды бағындыруға бар ынта-жігерін жұмсайды [136, 404-405 бб.].

Саид хан әскерге 13 жасар ұлы Рашидті (Абд-ар Рашид) басшы етіп, оған тұтқыннан босатылған Мұхаммед Қырғызды қосып, Моғолстанға аттандырады. Қырғыздар жас Рашид ханды еркелетіп Эреше хан деп атаған [138, 81 б.]. «Рашид сұлтан Моғолстанға қарай кеткен кезде, Мұхаммед Қырғыз алға озып кетіп, қырғыздың көп бөлігін алып, оның алдынан шықты. Қырғыздардың аз бөлігі Моғолстанның шалғай аймақтарына қашып кетті», – деп жазады сол заманның куәгерлерінің бірі М.Х. Дулати [136, 407 б].

Міне, сондықтан қашқан қырғыздар қазақ ханы Тахирді пана тұтады. Қашқарға жақынырақ келіп қоныстанған қазақ ханы Тахир өзіне келіп қосылған қырғыздарға көрші тұруға қоныс береді. Осы кезде қазақтармен әскери одақ құру жөнінде жасырын келіссөздер жүргізуге Мұхаммед Қырғыз да кіріскен болатын. Бірақ оның бұл әрекеті Сұлтан Саид ханға мәлім болып, Мұхаммед Қырғызды қайта ұстап алып, тұтқындап Қашқарға алып кетеді. Қазақтар мен қырғыздардың бірлескен қимылынан секем алған Рашид сұлтан да қайта Қашқарға оралады. Мұхаммед Қырғыздың моғол ханының тұтқынына түскеніне карамастан, қазақ-қырғыз әскери соғыс одағы құрылып, оның басында Тахир хан тұрды. Қырғыз зерттеушілері арасында Мұхаммед Қырғызды Тағай би деп қабылдайтындар да және ондай пікірмен келіс-пейтіндер де бар. Ал қазақ ханы Тахир қырғыздардың шығу тегі туралы аңыздардың бірінде айтылатын Дайырмен теңестіріліп жүр [139, с. 184]. Тахир хан қалай дегенде де XVI ғасырдың 20 жылдары қазақтар мен қырғыздардың басын қосып, Сұлтан Саид хан мен оның баласы Рашид сұлтанға қарсы күресте

саяси және экономикалық дербестікті сақтап қала алды [139, с. 184].

Сұлтан Саид ханның 1526 жылғы Жетісудағы қазақтарға жасаған жорығы сәтсіз болып, қазақ-қырғыз қайтадан Тахир ханның жанына топтасады. Тахир хан да қазақ-қырғыз әскери одағын одан әрі нығайтып, Жетісуды уысынан шығармай, Іле алқабындағы Күнес, Қас өзендерінің бойына дейін көшіп-қонып жүрді [140, 250 б.].

Жетісудан айрылу Тахир хан үшін аса қауіпті еді, себебі, қарсыластарының күшеюінен одан басқа табан тірер жері де қалмаған еді. Сұлтан Саид хан 1533 жылы өз қызметінде жүрген тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатиді Моғолстандағы халықты тыныштандыруға жібереді. Тарихшының өзі де: «Қырғыздарды басуға қанша тырыссам да, олар бой бермей, қайтадан Моғолстанның шалғай аймақтарына кетіп, Тахир сұлтанға қосылды, қалған аз бөлігі сол орнында қалды», – деп көрсетеді [136, 414 б.].

Дегенмен Тахир ханның билік етуі кезінде Қазақ хандығының тарихында маңызды орын алған оқиға – 1526 жылы барлық Жетісудың қазақ билеушілерінің қолына көшуі болды [131, с. 279-280].

Сондай-ақ, 1529-1530 жылдары Тахир хан қазақтардың бір бөлігіне өзінің билігін қайтадан орната алды. «Тарих-и-Рашиди» авторының айтуы бойынша, 1529 жылы қыркүйекте моғолдар ханы Саид Әндіжанға жорыққа аттанады, ал өзінің үлкен ұлы Абд ар-Рашид сұлтанды Жаркентте қалдырып, оған Тахир ханның іс-қимылын бақылап отыруды тапсырады. Бұл кезде Тахир ханның жанына жиырма мыңдай қазақ жиналып, ол «солармен бірге анда-мында соқтығысып жүрген болатын» [24, с. 219-220].

Жалпы алғанда, Тахир ханның тағдыры қайғылы аяқталған. Оның тағдыры ғылымда қалыптасқан, көшпелі қоғам билеушісінің тағдырын оның таққа деген құқығының заңдылығы емес, оның жүргізген саясаты анықтайды деген ережеге лайық жасалды. Мырза Хайдар Дулатидің жазуы бойынша, ол 1531-

32 жылдар шамасында қырғыздар арасында бейшара күйде өлген [4, с. 223].

Тахир ханның ұлы болған, бірақ деректерде оның аты аталмайды. 1526 жылы Тахир ханды көпшілік сұлтандар мен әскерлер тастап кеткенде, оның ұлыс әкесінен бас тартпаған, онымен бірге Ат Баши ауданына көшіп, қырғыздарға қосылған [4, с. 224]. Тахир ханның баласының одан арғы өмірі туралы ақпарат жоқ.

Міне осылайша Тахир ханның жүргізген кертартпа саясатының салдарынан хандықтың ішкі және сыртқы саяси жағдайы нашарлап кетеді. Оның үстіне 1533 жылы моғол ханы Сұлтан Саид қайтыс болып, таққа оның үлкен баласы Абд ар-Рашид отырғаннан кейін, ол дәстүрлі достықты бұзады, Орыс ханның тұқымдарымен туыстық қатынастарды үзеді және Мауреннахрдың «өзбек-шайбандарымен» «анттық келісім» жасап, қазақтар мен қырғыздарға қарсы соғыс соқпағына тұрды. Сол уақыттан бастап ондаған жылдар бойы Сырдария мен Ертістің арасында үнемі соғыстар туындап, тыныш күндерді көрмеді десе де болады. Мырза Хайдар Дулатидың көрсетуі бойынша Тахирдың өлімінен соң билік «оның інісі Бұйдаштың қолына көшеді» [4, с. 223]. Тиісті мәліметтердің жоқтығына байланысты бұл ханның тұлғалық қасиеті мен өмірін тарихи тұрғыдан сипаттау мүмкін емес. 1533 жылы қазақтарға қарсы шайбанидтермен одақтасқан Моғол ханы Абд ар-Рашид шешуші жеңіліске жетеді. Осыдан кейін көп ұзамай Кадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағында» жазылғандай Наурыз Ахмет ханның баласы Дарвиш ханмен болған соғыста Бұйдаш хан және оның туысқандарынан 24 сұлтан өлтіріледі [24, с. 274-275].

«Қасиетті» Лутфаллах Чустидің өмірбаянына арналған Убайдулла Самаркандидың «Сирадж ас-саликин ва латаиф ал-арифин» еңбегінде бұл шайқас былай деп көрсетіледі: «қазақтардың төрелері, барлығы жиырма төрт сұлтан өз әскерімен Мауреннахрды жаулап алу мақсатында жорыққа шығып, Сайрамға дейін жетеді. Ол жердегі барлық халық

қарсылық көрсету мүмкіндігі болмай, абыржып, дүрбелеңге түседі. Шейх Лутфулла бұл уақытта қатты ауырып жатады, бірақ жалпы қайғы мен үрейді естіп, халықты тыныштандыруға ұмтылады. «Маған өз таспиғымды беріңдер, – деді қасиетті қария, – мен шапқыншылар мен жаулар жеңіліс тауып, мұсылман еліне өте алмау үшін тосқауыл қоюға тырысамын». Осыны айтқан шейх бірнеше күн бойы дұға оқиды. Осы кезде қазақ және өзбек сұлтандары арасында қантөгіс шайқас болды деген хабар келеді. Алғашында жеңіс қазақтар жағына болып, шайбанидтер әскері қашуға бет бұрған кезде, кенеттен қазақтар жағына қарай ұйтқыған қатты құмды дауыл тұрады «және оларды шаң тұманмен жауып, олар кейін шегініп, жеңіс толықтай отырықшы халық жағында болды». Деректерде осы қантөгіс шайқаста шейхтың дұғаларының арқасында, ішінде Бұйдаш хан бар, жиырмаға жуық қазақ сұлтаны бастарынан айрылды [141, с. 378-380]. Осылайша, Бұйдаш шайбанидтермен болған соғыста қаза тапқан, ол өзінің соңғы сағаттарын жауынгерлікпен ерлікпен және хандық намыспен қарсы алады. Мұхаммед Хайдардың көрсетуі бойынша: «тоғыз жүз қырқыншы жылдан кейін Бұйдаш хан да болмады және қазақтар да жоқ болып кетті» [4, с. 195]. Осылайша, Бұйдаш хан тарих сахнасынан 940 жылдарда – 1533/1534 жылдарда кеткен. Ұлы дала көшпелі малшылары көрші отырықшы егіншілер жеріне өздерінің әскери жорықтарын әскери аттары бабында болып, ұзақ жүріске шыдайтын, ал дихандар егіндерін толық жинап алған кезде жасайтындықтарын ескерсек, Бұйдаш ханның қаза тапқан уақыты 1533 жылдың соңы деп сеніммен айтуға болады. Бұйдаш ханның баласы бар-жоғы белгісіз. В.В.Вельяминов-Зерновтың «Бұйдаштың Бауш атты ұлы болған» дегені, тексере келгенде нақты болмаған [24, с. 274]. Шындығында, Бауш сұлтан Бұйдаш ханның шешелері бір бауыры болған, сонымен қатар ол моғол ханы Абд ар-Рашидтің апасы Бади ал-Жамал ханымға үйленген, кейіннен бұл неке моғол ханының талабы бойынша бұзылады. Қазақтардың «толық жоғалып кеткендігі» туралы жазу кезінде Мұхаммед

Хайдар тек Тахир мен оның інісі Бұйдаш иеліктері туралы айтқан болса керек. Бұйдаш қазақтардың жалғыз билеушісі болмағанына қарамастан, қазақтың жоғарғы билеушісі деп құрметтелген. «Жами ат-тауарихтың» («Шежірелер жинағы») авторы Жалайыр Қадырғали бидің мәліметтеріне қарағанда, ол елде Бұйдаштан басқа ұсақ хандар болған, олардың есімдері дәл мәлім емес. Сол кездегі деректерде, хижра бойынша 940-944 жылдардағы (біздің заманымыздың 1535-1538 жж.) хан атағы болған қазақ сұлтандары арасында Тоғым хан, Ахмет хан, Хақназар хан, Наурыз Ахмет хан айтылады. Яғни, 1530 жылдың бірінші жартысында қазақтарды бірнеше хандар басқарған. Сол кездегі хан атағы болған қазақ сұлтандары арасынан Ахмат хан мен Тоғым хандарды атап өтуге болады. Ахмат хан (ата тегі белгісіз) ұзақ уақыт хандық құрмаған, Вельяминов-Зерновтың келтірген мәліметі бойынша ноғай Сейдақ бекпен шайқаста қаза табады [24, с. 275, 325]. Нақтырақ мәліметтер келтіретін болсақ, Ноғай Ордасына жақын жерде қоныстанған қазақ хандарының біреуі Саид Ахмед биге толықтай тәуелді болады. 1535 жылы көктемде би ол жөнінде былай деп жазған: «Қазақ ханы Қожа Махмет хан он бес ұлымен бізде тұрады» [142, с. 131], «Терме» жинағындағы қазақ шежіресінде, Сейтек (Саид Ахмед) 1535 жылы қазақ ханы Қожахметті он бес ұлымен тұтқынға алады деп көрсетілген. Кейін осы Қожахметті Орақ батыр өлтіреді [85, с. 445].

В.В. Вельяминов-Зернов «Ахмат хан Шидакпен соғыста Орақ мырзаның қолынан қаза тапты» деп көрсеткен Саид Ахмедтің хабарламасы мен Қадырғали бектің мәліметтерін салыстырады [24, с. 237]. Т.И. Сұлтанов осы аталған «Қазақ ханын» Наурыз-Ахмед хан деп санайды, ол сол уақытта Хақназармен бір уақытта хандық құрған [37, с. 117].

Шындығында, Хақназар хан біршама кейінгі уақытта билік етсе керек, ал 1530-жылдың бірінші жартысы мен орта тұсында ноғайлардың арасында тұрған. Ал енді Тахирдың бауыры Тоғым ханға келсек. Ол Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы

Жәдік сұлтанның баласы болатын. 1537-38 жылы Шағат деген жерде моғол ханы Абд-ар-Рашидпен болған соғыста қаза тапты деп есептеліп, онымен бірге ұрпақтары, оның жиені Басшыбек сұлтан бар барлығы 37 сұлтан да қаза тапқан [24, с. 274].

Соңғы кездері бұл оқиға кеңінен зерттелуде және Мұхаммед Хайдар Дулатидың қазақтарды Абд ар-Рашидтің «толық жойғандығы» туралы пікірінің қателігін дәлелдейтін мәлімет ретінде ұсынылуда [4, с. 405-408].

Алайда олардың қаза тапқандығы туралы тек «Джами ат-таварих» авторы Қадырали би ғана айтады. Ол соғыс уақытын, қарсыластар мен жеңімпаздардың аты-жөнін келтірмегендіктен, кейіннен бұл мәлімет әртүрлі түсіндірілді. Мысалы, В.В. Вельяминов-Зернов Тоғым хан шағаттармен соғыста қаза болды деген пікір білдіреді, ол «шағат» сөзін «шағатайдан» қысқарған сөз деп есептейді. Осылайша, зерттеуші Тоғым хан шағатайлықтармен болған соғыста қаза тапты деген тұжырымға келеді, ал шағатайлықтар XVI ғасырда тек Шығыс Түркістанды билегендіктен, ол Тоғым ханның соғысын 1537 жылғы қазақ-моғол шайқасымен теңестірген [4, с. 407].

В.В. Бартольд те бұл оқиғаны 1537 жылғы қазақ-моғол шайқасы деп есептеген. В.П. Юдин «шағат» деп Тоғым хан қаза тапқан шайқастағы халықты атаған деп түсіндіреді (оның қонысы Сібір шекарасында болса керек) [4, с. 407]. Бірақ, О.Ф.Акимешкиннің ойынша, Шағат – белгілі бір жер атауы және «Джами ат-таварих» авторының мәліметін ол былай деп келтіреді: «Тоғым хан мен 37 сұлтан бар-жоғы Шағат деген жерде қаза тапқан» [4, с. 377].

Біз де Тоғым ханның шайқасы қазақтардың оңбай жеңіліске ұшыраған шайқастардың бірі болуы мүмкін, бірақ оның 1537 жылғы қазақ-моғол шайқасына ешқандай қатысы жоқ дегенге тоқтай отырып, оқиғаны кеңірек талдасақ, 1520 жылдары қазақтардың басты қарсыласы ноғайлардың мырзасы Саид Ахмед болған. Дегенмен 1530 жылы оған қарсылас табылып, Ноғай Ордасы Шейх Мамайдың басқаруына өтеді. Алайда бір-біріне қарсы тұрғанына қарамастан осы екі билеуші 1530

жылдың екінші жартысында Қазақ хандығына жойқын соққы береді. Өйткені қазақтардың саны көп еді, ал олардың кейбір басшылары өте жаужүрек болатын. Мұндай хандар мен сұлтандардың көршілігінен Хорезм мен Мауреннахрдың өзбек билеушілері басқалардан көбірек зардап шекті. Ноғайлардың арасында болған мемлекеттік елші Данил Губиннің 1535 жылғы хабарламасында былай деп көрсетіледі: «Ал қазақтар, билеушім, өте күшті, Ташкентпен соғысқан және ташкенттік билеушілер олармен екі рет соғысқан, қазақтар оларды жеңген» [23, с. 147].

Хорезм мен Бұхара иеліктерінің солтүстік шектерінде орналасқан қазақтарға қарсы көмек іздеген олардың назары бір кездері Сібір шайбанидтері әулеттерінің солтүстік тармағының мықты тірегі болған Ноғай Ордасына түседі. Осылайша, 1530 жылдың ортасында қазақ хандарына қарсы бағытталған одақ қалыптаса бастады. Бұл одақтың негізі Саид Ахмедке Ташкент билеушісі Сүйеніш Қожаның баласы Барақтың қазақтарға шабуыл жасау ұсынысымен келген елшілігін қабылдаудан басталады. Қабылдау кезінде елшілік егерде қазақтар Ташкентті алса, онда келесі кезек ноғайларға келеді деп, ноғайлардың мырзаларын көндіреді [142, с. 149].

Мұның үстіне Ноғай мырзаларына қазақтарға қалмақтардың бір бөлігі қосылды деген қауіпті хабарлар жетеді. Талқандалған Қасым ханның мұрагерлері қатаң кек алудан өзді-өзіне келе бастаса керек. Сол қанатта көшіп-қону белгіленген Шейх Мамай, Жүсіп және басқа да мырзалар бүкіл қыс бойы шабуылды күтіп «Жайықтың ар жағындағы, Ембі өзеніндегі бекетте» тұруға мәжбүр болған [142, с. 128].

Қазақ шапқыншылығының қаупі 1535 жылы сәуірде Саид Ахмед пен Шейх Мамай ақсүйектер съезін шақыруы себептерінің бірі болуы әбден мүмкін. Ұзаққа созылған келіссөздер нәтижесінде 1536 жылдың жазына қарай Ноғай Ордасы, Бұхара хандығы мен Хорезмнің саяси және әскери одағы құрылды. Убейдолла ханмен Моғолстан билеушісі Аб ар-Рашид те қазақтарға қарсы келісім жасайды [89, с. 446].

Мұны соғыс барысы туралы жазылған барлық деректерді келтіре отырып А.И. Исин талдайды. Осы одақтың нәтижесінде қазақтар сұрапыл жеңіліске ұшырайды. Қантөгіс шайқаста олардың ханы Тоғым ханмен бірге отыз жеті ханзада-сұлтандар қаза табады. Мұхаммед Хайдардың көрсетуі бойынша, шешуші шайқас 1537-38 жылы болды. Мұны 1537 жылы қыркүйекте Мәскеуде оқылған Мұсаның баласы Жүсіптің грамотасы да растайды. Онда дәл сол жылы қазақтармен соғыстар жүргені жазылады [142, с. 202], яғни Ноғай шайқасы, Қадырғали бектің айтуы бойынша 1537 жылы жазда орын алған [39, с. 48-49]. Ұзақ уақыт бойы ноғайлар өздерінің кезекті жеңістеріне масаттанып, оны кез келген жерде алға тартатын болды: «Қазақ Ордасындағы Барақ патшаның алдында барлығы жүрді. Ал қазір олар өздерінің Ордаларына келді», – деп Қажы Мұхаммед мырза ұлы князь Иван Васильевичпен өз естеліктерімен бөліседі [142, с. 209]. Ал Келді Мұхаммед соғыстан кейінгі екі жылдан соң былай деп жазды: «Орыс ханның Ордасы Құдайды ұмытты және біздің сөзімізді ұмытты, берген серттерін бұзды және Құдай бізге соны да берді» [142, с. 211].

Сондай-ақ, кейбір қазақ елінің билеушілері өздеріне бағынышты руларымен бірге жеңімпаздардың билігіне өтеді. Мұны А.И. Исиннің келтірген бір мысалынан көруге болады. 1537 жылы қыркүйекте орыс астанасына қазақ ханы Қожа Ахмедті өлтірген Орақ мырзадан елші, «қытай князы Байкөбек» [142, с. 204], яғни қытай елінің биі келеді. Қазақ халық шежіресінде шынында да, XVI ғасырда өмір сүрген найман тайпасының қытай руынан шыққан Байкөбек деген ру басшысы болған [39, с. 14]. Осылайша, XVI ғасырдың 30-50-жылдары ішкі қақтығыстар және сыртқы жаулармен болған соғыстар нәтижесінде мындаған көшпелілер қаза тапты, бірнеше сұлтан тектері жойылып кетті, бірақ осыған қарамастан, Қазақ хандығының негізгі халқы өздерінің дәстүрлі кәсіптері – жайылымдық мал шаруашылығы мен дәстүрлі жол бағыты бойынша көшіп-қонуды жалғастыра берді.

3 XVI ҒАСЫРДЫҢ II ЖАРТЫСЫНДАҒЫ – XVІІ ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КҮШЕЮІ МЕН ҚҰЛДЫРАУЫ

3.1 Хақназар ханның кезіндегі Қазақ хандығының қайтадан күш ала бастауы

Тахир мен Бұйдаш хандардың кезінде басталған аласапыранның салдарынан бірнеше иеліктерге бөлініп кеткен Қазақ хандығы Хақназардың тұсында қайтадан бір орталыққа бірігіп қана қоймай, күшейе түседі [94, с. 163]. Қасым ханның Ханым Сұлтан атты әйелінен туған Хақназар ханның қай уақытта дүниеге келгені жөнінде нақты мәліметтер жоқ болғандықтан оны тек болжаммен ғана белгілей аламыз. Осыған байланысты мырза Хайдар Дулатидың жазуына сүйенсек, Хақназар хан 1522 жылға дейін дүниеге келген. Өйткені оның әкесі Қасым хан 1522/23 жылдары қайтыс болған. Хақназар ханның билігі 30 жылдан аса уақытқа созылды. Кейбір мәліметтерге сәйкес, Тахир мен Бұйдаштың билік етуі барысында Хақназар ноғайдың Шейх Мамай атты мырзасының үйінде тұрған. Өйткені, Қасымның ноғай ұлыстарына қатысты жүргізген саясатының нәтижесінде олардың арасында өзара дұшпан тәуелсіз билеуші мырзалар билік жүргізген. Сондықтан, көптеген ноғайлар бітпейтін руаралық жанжалдан әбден қиындық көргендіктен қазақ ханының қол астына қашып келетін. Өз кезегінде Қасым хан да оларға үнемі қолдау көрсетіп отырған. Сондай мырзалардың бірі Шейх Мамай болатын. Ол ноғайдың басқа мырзаларымен күресте және маңғыттардың арасында өз билігін сақтап қалуда Қасым ханнан жан-жақты қолдау тапқан еді. Міне, сондықтан да Шейх Мамай Қасым хан өлгеннен кейін Хақназарды өз қанатының астына алады. Оның үстіне Орыс ханның ұрпағы болып табылатын Хақназарға Шейх Мамайдың өз есебі бар болатын. Жалпы алғанда, Хақназар ханның ноғайлар мен башқұрттардың арасында қалай болғаны жөнінде бірнеше

халық ауыз әдебиетінен мәліметтер сақталған. Башқұрт ақсақалы Қыдырғияз Моллақасов 1734-1737 жылдарда Орынбор экспедициясының бастығы П.И. Рычковқа ертедегі ноғай дәуірін жырлаған кезде башқұрттардың бірінші «ноғай ханы» Алшағырды «сол жердегі ежелгі хандардың ұрпағы», «бір ғана ноғайлар мен башқұрттарды ғана билемеген», сонымен қатар, татар және орталық азия хандықтарын да билеген Ақназар сұлтан деген өлтірген, ол өз қызын атақты ноғай мырзасы Шейх Мамайға берген деген [143, с. 69].

Сонымен қатар, Р.Г. Игнатьев жазып алған басқа да башқұрттардың аңызында кездесетін мәліметтерді жүйелесек: 1) ноғай билеушісі Хақназар (Алкадар) хан әулетінен шыққан (яғни, маңғыт-ноғай мырзасы болмаған); 2) ол жергілікті билеушілер қатарынан болған; 3) ол бүкіл башқұрттарға билік еткен; 4) онда салық салуды енгізген; 5) Ақназар Шейх Мамайдың қайын атасы болған; 6) оның иелігінің шекарасы Белая өзені бойымен өткен; 7) оның ордасы Имен-калада, болашақ Уфада орналасқан; 8) ол башқұрттарға Сібірден келген; 9) ол жерге келер алдында сұлтан атағын иеленген [144, с. 336].

Мәтіндердегі тікелей этникалық белгілердің болмауынан Н.А. Мажитов пен А.Н. Сұлтанова Ақназарды ноғай ханы, «ноғай-лардан шыққан жергілікті башқұрт хандарының бірі» болған деген қорытынды жасаған. Сонымен қатар, оның Еділ бойы мен Орталық Азияға билік жүргізуі оның «өз мемлекеті шегінде» башқұрттардың барлығын немесе оның басым бөлігін билегенін дәлелдейді [145, с. 319-321].

А.П. Чулошников Ақназарды «ноғай мырзаларының ұрпағы» деген және оны хан деп емес, «бас мырза» деп атаған [31, с. 54]. Яғни, бұл авторлар неге екені белгісіз Ақназарды қазақтардың ханы Хақназармен өзара ұқсастықтарға қарамастан бір адам ретінде қарастырмаған. Ноғай әдебиетін зерттеген келесі бір ғалым А.Н. Усманов болса XVI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Хақназар мен «ноғай ханы» Ақназар туралы ақпараттар халық арасында араласып кеткен деп

есептейді [97, с. 66-70].

Тек Р.Г. Кузеев ғана аңыздарда Хақназар хан туралы айтылған деп дұрыс тұжырым жасайды [146, с. 103-104]. Алайда ол қазақ ханзадасының ноғайлық башқұрттардың арасында қалай пайда болғаны жөнінде түсінік бермейді. Сондықтан оны біз талдап көрсек. Қазақ фольклорынан жас кезінде Хақназардың ноғай мырзаларының бірінде болғаны мәлім [38, с. 49]. А. Миллердің пікірінше, ноғайлардың арасында жас ханзада өзінің бірегей әскери қолбасшы талантын ұштап, әскери дағдысын жетілдіреді [21, с. 51].

Башқұрт аңыздарында Хақназар өз апасының күйеуі Шейх Мамайдың қонысында Батыс және Орталық Қазақстан аймағында орналасқаны туралы көрсетіледі. Хақназар сөзсіз хан әулетіне жатқандықтан, әрі атақты Алтын Орданың билеушісі Орыс ханның тікелей ұрпағы ретінде ноғай мырзасы Шейх Мамайдың қазақ сұлтанымен туыстық қатынас орнатуына мүдделі болғанын байқатады. Хақназардың башқұрттарды билеуге Сібірден келді деген пікір де дұрыс. С. Герберштейннің көрсетуі бойынша, Ноғай Ордасы ұлыстық-қанаттық болып бөлінгендіктен «Сібір облысының бір бөлігі мен оның айналасындағы барлық жерді» Шейх Мамай басқарған.

Ал XV ғасыр мен XVI ғасырдың басында Сібір аймағына Тобыл мен Ертіс өзендерінің аралығы кірсе онда Сібір толығымен Шейх Мамайдың иелігінде болған деп есептеу қажет. Дәл осы уақытта Алтын Орда тарағаннан бергі уақыттан бастап башқұрттардың арасында ноғайлардың билік құру жүйесі толығымен қалыптасып, Шейх Мамай башқұрттарға билік жүргізуге өзінің қайнағасы Хақназарды жібереді. Екі башқұрт аңызында Хақназар сұлтан ретінде башқұрттарды Қазақ хандығының тағына отырғанға дейін басқарған.

Башқұрт дереккөздерінде Хақназарға башқұрттардан басқа Қазан, Астрахань, Бұхара, Хиуа бағынышты болған деген мәліметтер де бар. Осы деректерге сүйенген Рычков былай деп жазады: «Хан болып сайланған Ақназар тек ноғайлықтар мен башқұрттарды ғана билеп қойған жоқ, одан басқа Қазан, Сібір,

Астрахань хандықтарын, Бұқараны, Хиуаны, Ташкентті және басқа да көптеген қалаларды өзіне бағындырып, олардан алым-салық жинады... Ақназар ханға дейін башқұрттарды сібірлік Көшім хан, Жайық бойындағыларды қазандықтар, таулықтарды ноғай хандары билеген болатын. Ақназар олар үшін қатаң талаптар қойды, көптеген алым-салықтар жинады, осының әсерінен олар кедейшілікке ұшырады» [143, с. 69]. Осылайша, XVI ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақ хандығында басталған аласапыранның салдарынан ыдырап кеткен қазақтарды бір орталыққа біріктірген Хақназар хан өзінің саяси қызметін ноғайлардың ордасынан бастайды. Оның Қазақ тағына отыру мерзімі туралы да әртүрлі көзқарастар бар. Парсы тіліндегі деректердің көпшілігінде, Қасым хан 1522-1523 жылдары өлгендіктен Хақназар әскерінің орнына таққа сол уақыттары отырды деп көрсетілгендіктен [54, с. 183], кейбір зерттеушілер осы жазбаларға сүйеніп Хақназар хандық таққа отырған уақыт ретінде қабылдайды [40, с. 264]. Алайда, бұл тұжырымдамалар шындыққа сәйкес келуі мүмкін емес, өйткені, Қасым хан өлісімен таққа Мамаш, одан кейін Тахир мен Бұйдаш отырғандығын дәлелдейтін деректер жетерлік. Сондай-ақ, ешқандай дәлелдемелерге жүгінбеген кейбір авторлар Хақназардың таққа отыру уақытын 1538 жыл деп көрсетеді [4, с. 536].

Сондықтан Хақназар ханның билік құрған уақытын анықтау үшін мына деректік жұмыстарды зерттеп, сондағы мәліметтерге назар аударуымыз қажет. Мәселен: Хасан бек Румлудың «Ахсан ат-таварих» шығармасындағы мәліметтерге сүйенсек: 1548-49 жылдары Хақназар оғлан қазақпен Пул-и Хатун түбінде шайқасып, жеңіліске ұшырағандығы және одан әрі, оның Амудариядан бір топ өзбекпен өткендігі айтылады [54, с. 338].

XVII ғасырдың бірінші жартысындағы тарихшы Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» еңбегінде де Хақназар оғланның Мұхаммед ханның балаларымен, Қазақ сұлтанмен және Уайс сұлтанмен Пул-и Хатун түбіндегі шайқасы туралы жан-жақты

жазылған [4, с. 343].

Яғни, бұл екі шығармада да Хақназарды оғлан немесе ханзада деп аталса, ал 972/1564-65 жылдары аяқталған ал-Гаффаридің «Джахан-арасында» атты еңбегінде «қазіргі уақытта Дешті Қыпшақтың билеушісі Қасым ханның ұлы Хақназар хан» екендігі көрсетілген [45, с. 271].

Осы мәліметтерді талдай отырып, Хақназар хан 1549 жылдан бастап 1564 жылға дейінгі аралықта хандық билікке келген деп қорытынды жасауға болады. Таққа отырған Хақназар хан іргесі шайқала бастаған жас мемлекеттің күшін нығайтуға қажырлы қайрат жұмсайды. Ол мемлекет мүдделерін Ұлы Дала көшпелілерінің күнделікті өмір шындығымен біріктіре білген ақылды және епті билеуші бола білді. Оның барлық билігі өз халқын шоғырландыруға, өз елін сыртқы жаулардан қорғауға ұмтылумен өтті. Ол саяси жағдайды жете түсініп, өз уақытының артықшылығын шебер қолданды. Ол алдыңғы хандардың ізі бойынша қазақтардың оңтүстіктегі көршілері – қырғыздармен достық қатынаста болып, қазақ-қырғыз одағын одан әрі дамытады. «Хафт иклим» мен «Бахр ал-асрар» еңбектерінде Хақназар «қазақ және қырғыз ханы» деп те аталады. Хақназар ханның мұндай атаққа оның қырғыздарға жасаған қамқорлығынан туындаса керек.

Нәтижесінде XVI ғасырдың орта тұсында қазақтар тек Сырдарияның орта ағысы бойын иеленіп қана қоймай, Моғолстанда да көшіп-қонып жүрді. Моғол ханы Абд ар-Рашидтің оларды Моғолстаннан ығыстырып шығаруға ұмтылуы қазақ-моғол күресіне алып келді. Хақназар хан тұсында қазақ-моғол қатынастары шиеленісті болғандығы соншалықты Моғолстан билеушілерімен табан тірескен шайқастар басталады. Алайда бұл шайқастардың басым бөлігінде моғол хандары жеңіске жетіп отырады. Деректерге назар аударсақ, XVII ғасырдың бірінші жартысындағы тарихшы Махмұд ибн Уәлидің шығармасында Жаркент ханы Абр ар-Рашидтің (1533-1560) билігі кезінде, әкесінің Ақсудағы өкілі оның үлкен ұлы Абд ал-Латиф сұлтан қырғыздар мен

қалмақтарға бірнеше рет шабуыл жасаған және «тонау мен талан-таражға салу арқылы халықтың мал-мүлкін жоқ қылады». Моғол сұлтанының әрекеті шектен шығып кеткені соншалықты Абд ал-Латиф қырғыздарға бесінші рет шапқыншылық жасап, мол олжамен Ақсуға қайтып келе жатқанда, қырғыздар қазақтардан көмек сұрайды және олармен бірігіп тұтқиылдан шабуылдап моғол әскерін талқандайды да Абд-ал-Латиф сұлтанды өлтіреді. Бұл шайқас шамамен 1556 жылдары өткен және деректерде осы оқиғадан кейін моғолдардың «қазақ және қырғыз ханы» Хақназар ханмен шайқаста жеңіліске ұшырағандығы көрсетіледі. Ұлының қазасы туралы естіген Абд ар-Рашид хан оларды жазалау үшін Наурыз-Ахмад ханнан көмек сұрап, жедел жорыққа шығады. Қазақ-қырғыздардың біріккен әскерін өз әскерімен жиырма күнде қуып жеткен Абд ар-Рашид шешуші шайқаста жеңіске жетеді, ал қазақ ханы қалған әскерімен «атының жүйріктігі арқасында аман қалады» [4, с. 330-331].

Бұл оқиғалар Шах Махмұд Шорастың «Хроникасында» жақсы суреттеледі. Оның көрсетуі бойынша, Абд ар-Рашид ханның баласы Абд ал-Латиф сұлтан Хақназар ханды жеңіп, көптеген байлық пен тұтқандарға ие болған. Бірақ көп ұзамай Хақназар хан қазақтар мен қырғыздардың біріккен күшімен Абд ал-Латифтің әскеріне күйрете соққы береді. Абд ал-Латиф осы шайқаста қаза табады. Осы кезде Абд ар-Рашид хан өте көп әскермен қазақтарға қарсы шығып, Емелде Хақназар ханды жеңіліске ұшыратады [3, с. 155-156].

Ал белгісіз автордың түрік тілінде жазған «Тазкира-йи Ходжа Мухаммад Шариф» атты еңбегінде, қазақтар мүлдем аталмайды, онда Абд ал-Латиф сұлтанға қырғыздардың (қырғыздар туралы олардың Қара Тегінде өмір сүргендігі айтылады) шабуыл жасағандығы және сол шайқаста сұлтанның толық жеңіліске ұшырап, кейіннен өлтірілгендігі айтылады [4, с. 235].

Деректерде осы шайқастың өткен жерін Махмуд ибн Уәли Ыстықкөл, Шах Махмуд Шорас – Емел, «Тарих-и Қашқардың»

белгісіз авторы – Ертіс деп көрсетеді. Шығармаларда аталған қазақ хандарының аттары бір-біріне сәйкес келмейді. Шах Махмуд Шорастың көрсетуінше қазақтардың ханы Хақназар хан, ол осы шайқаста қаза табады. Бірақ бұл мәлімет шындыққа жанаспайды, өйткені, Хақназар ханның атын Хафиз Таныш көп кейінірек – 1580 жылдары атайды [4, с. 255-256], ал Ертіс түбінде жеңіске жеткен Абд ар-Рашид хан 1559 жылдары қайтыс болған. Егер Хақназар хан осы шайқасқа қатысқан болса да, онда қаза тапқан ол емес, басқа қазақ ханы болуы мүмкін. Өйткені Хасан-бек Румлу «Ахсан ат-таварих» атты еңбегінде 963/1556 жылы Барақ ханның (Наурыз-Ахмад) өлімінен кейін Хақназардың Ташкентке жасаған жорығы туралы жазады [54, с. 397]. Ал бұл айтылғандар Шах Махмуд Шорастың қазақ ханының Абд ар-Рашид ханмен болған шайқаста 1556 жылы қаза тапқан деген пікірін жоққа шығарады [3, с. 156]. Осы оқиғаларға байланысты «Тарих-йи Қашқарда» қазақ ханы деп Хақназар ханды атайды, бірақ сонымен бірге Наурыз-Ахмадты (Барақ) да қазақтардың ханы деп те көрсетеді [4, с. 406]. Осыған байланысты әдебиеттерде «бұл анық қате, өйткені Наурыз-Ахмад, ол Барақ хан ешқашан қазақ ханы болған емес» деген пікірлер берілген [130, с. 212]. Бірақ, отандық тарихнамада бұған қарама-қарсы да пікірлер де орныққан: «Бұл пікір шындыққа сәйкес келуі де мүмкін, өйткені Барақ хан Ташкентті және Сырдария маңындағы аудандарды ұзақ уақыт биледі. Осы маңға көшіп-қонатын кейбір қазақтар шайбанидтердің билігін мойындауы ықтимал, кейіннен Шығай, Тәуекел, Тұрсын-Мұхаммед хандар, Абылай сұлтан және басқа да қазақ билеушілері осылай жасаған» [4, с. 405-406].

Осыған байланысты егер де «Тарих-и Кашғардағы» мәлімет шындыққа сәйкес келетін болса, онда Қазақ хандығының кейбір бөлігінің Сырдария маңындағы шайбанидтердің билігін мойындағанын және солардың мүддесіне сәйкес әрекет жасағандығын мойындауға тура келеді. Ондай болса, деректегі мәліметтер екінші пікірдің, яғни Барақ ханның билігінің

қазақтардың бір бөлігіне тарағандығы туралы тұжырымның дұрыстығын дәлелдейді. «Бахр ал-асрарға» сүйенсек, осы шайқастағы қазақтардың басшысы Бұйдаш сұлтан болған. Ал «Тарих-и Рашидиге» сәйкес Бұйдаш сұлтан өмірден 1533-1534 жылдары кеткен. Сонымен қатар, «Джами ат-таварих» авторының пікірінше, Бұйдаш хан Наурыз Ахмад ханның баласы, Ташкент билеушісі Дарвиш ханмен шайқаста қаза тапқан. Махмұд ибн Уәли шайқас болған уақытты көрсетпейді, бірақ оның әңгімесінен тек Абд ал-Латиф сұлтанның қазақтар мен қырғыздарға қарсы бес рет шапқыншылық жорық жасағандығы белгілі. Қазақ билеушілеріне қарсы Абд ар-Рашид ханның (1533-1560 жылдары билік құрған) өзі де қазақтар мен қырғыздарды бірнеше рет шапқан. В.П. Юдин мен О.Ф. Акимушкиннің арнайы зерттеулерінен кейін, Абд ар-Рашид ханның қазақтармен үш ірі соғысқа түскені белгілі, біреуінде, моғолдар ханына Бұйдаш хан, екіншісінде – Тоғым хан, үшіншісінде – Хақназар хан қарсы тұрған [40, с. 264-269].

Деректерге сүйенсек, осы шайқастардың барлығында да Абд ар-Рашид хан жеңіске жетіп отырған. Бірақ оның жеңістері моғолдардың Жетісудағы билігін толық қалпына келтіре алмай, тек жекелеген аудандарда ғана билігін жүргізе алды. Оның өзінде ол аудандар, қазіргі Қырғызстан аумағында орналасқандықтан кейін қазақтармен бірге соғысқа шыққан қырғыз тайпаларының қолына көшті. Сонымен барлық шығармаларда шайқастың нақты болған уақыты көрсетілмеген, оларда тек: 1) онда Абд ар-Рашид ханның жеңіске жеткендігі; 2) қазақтар мен қырғыздардың біріккен күштерінің талқандалғандығы; 3) осы күштердің басшысы Хақназар хан (Махмуд ибн Уәли бойынша Бұйдаш сұлтан) болғандығы атап көрсетіледі [40, с. 266].

Осыған байланысты әр түрлі деректерде кездесетін Абд ар-Рашид ханның қазақтармен өткізген шайқастарын бір шайқас деп санау қажет [4, с. 407]. Дегенмен XVI ғасырдың 50 жылдарының соңына қарай Қазақ хандығы Моғол ханынан бірнеше рет жеңілістер тапқанымен ноғайларға, Сібір ханы

Көшімге және Орта Азия хандықтарына айтарлықтай қауіп төндіре бастайды [21, с. 45]. Дегенмен сол кездері Хақназар үшін ең қауіптісі қазақтардың мықты көршісі Орталық Азияны билеген шайбанидтер болды. Көрсетілген кезеңдегі қазақтардың шайбанидтермен ара қатынасы тығыз және әртүрлі сипатта қамтыды. Әскери қақтығыстар достық пен ынтымақтастық кезеңімен ауысып отырды, тіпті некелік байланыстарда жасалып тұрды. Бұл кезде Мауреннахрды билеген шайбанидтердің басшысы Наурыз Ахмад 1556 жылы күзде Самарқанға жақын жердегі Рабат Қожа деген жерде қайтыс болғаннан кейін елде қалыптасқан саяси жағдайды ұтымды пайдалана білген Ескендір сұлтанның баласы Абдолла хан тағына өзінің әкесін отырғызды және оның билігін күшейту үшін өз қарсыластарымен, жекелеген ұлыстардың билеушілерімен сәтті шайқастар жүргізеді. 1583 жылы әкесі қайтыс болған соң Абдолла хан тағына отырып, 1598 жылы өлгенге дейін билік жүргізді. Алайда, Абдолла таққа отырғаннан кейін көп ұзамай-ақ шайбанид ақсүйектерінің арасында оның билігіне наразылық пайда болды. Өйткені Абдоллаға дейін билік еткен хандардың барлығын шайбанид сұлтандары сайлайтын, ал Абдолланы сайлау кезінде шайбанидтер шеттетіліп, оған тек әмірлер ғана қатысқан. Таққа отыруға заңды құқығы болмаған Абдолла Ескендірдің өлтірілгенін білген сұлтандар таққа басқа үміткерді отырғызады деген қауіппен, хан сайлауын тездетіп өткізеді және оған тек өз жақтаушыларын ғана қатыстырады.

Абдолла өз туысқандарының барлығын басып-жаншып, өзбек ақсүйектерінің ықпалды өкілдерін өз бақылауына алады. Билік үшін күресте Абдолла сондай-ақ, мұсылман дінінің беделді тұлғаларының көмегіне сүйенді. Таққа отырғаннан кейін де Абдолла хан өзінің билігін күшейту жолында біршама істер атқарды. Мәселен шайбанидтердің жекелеген ұлыстарын бірік-тіру мен елде орталық билік жүйесін нығайтуға күш салды. Оған Ташкент пен Түркістан уәлайатының аумағында жиырма жылға жуық билік еткен Барақ ханның (1556 жылы

қайтыс болды) ұлдары Баба мен Дервиш сұлтандардың бас игілері келмейді.

Осыған қарамастан, Абдолла хан өз билігіне тек Мауреннахрдың өзбек иеліктерін ғана емес, Хорезм мен Қорасанды да кіргізіп, күшті хан билігінің негізін қалайды. Мемлекеттік билікті орталықтандыру өте қатал шаралармен жүзеге асырылады: мойынсұнғысы келмеген әулеттер мен уәзірлер «келмейтін жаққа жер аударылды». Осы саясаттың негізінде көшпелі өзбек ақсүйектері хан қызметінде біршама беделдерінің болғанына қарамастан, дербес саяси рөлдерінен айрылып, «қызметші адам» деңгейіне түсіп қалды [147, с. 65].

Дегенмен шайбанид II Абдолла хан Қазақтың ханы Хақназар-мен байланыс жасауға келгенде одақтас болуға аса мүдделілік танытты. Оның себебі Абдолла хан қазақтардың әскери-саяси күшін көре білді және оны өз билігін нығайтуға, әсіресе қазақтарды саяси қарсыластары шайбанидтер орналасқан аудандарда пайдалануға тырысып бақты. Осы мақсатта ол Хақназар ханмен «анттық одақ» құрды, оған сәйкес екі жақ та бір-бірімен тек бейбіт қатынасты қолдауы керек болды. Келісімнің толыққанды мазмұны бізге белгісіз болғанымен, ондағы «Біз қазірдің өзінде де ұлы мәртебелім мен жасаған келісім мен одаққа адалмыз», – деген сөздер қазақтардың Бұхар ханымен тығыз байланысы кейін жылдары да өз жалғасын тапқандығын көрсетеді [4, с. 247].

Осылайша Абдолла Мауреннахрдағы өзбек иеліктерін өз билігіне біріктіріп, күшті мемлекет құрған соң, Хақназар хан онымен амалсыз достық пен әскери одақ туралы «анттық келісім» жасауға барады. Өйткені аласапыран кезеңдегі Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайындағы қиыншылықтардың салдарынан әлі құтыла алмағандықтан және сол кезде Орталық Азияда қалыптасқан саяси жағдайдың ықпалы Хақназар ханды XVI ғасырдың екінші жартысының басында Бұхара хандығын өздеріне қарсыластан күшті одақтасқа ауыстыруға мәжбүрледі. Мәселен, Моғол ханы Абд ар-Рашид өлген соң, Жаркенттегі хан тағына отырған оның баласы Абд ал-Кәрім билік құрған

барлық кезеңде қазақтарға деген қатынасында өз әкесінің дәстүріне сүйеніп, үнемі жасақтарын Жетісуға жіберіп, қазақ сұлтандары мен қырғыз билеушілерімен шайқасып отырды [40, с. 242-243].

Сонымен қатар, бұл кезде Хақназарға қарсы үнемі соғыс жүргізген Сібір ханы шайбанид Көшім де өте қауіпті саяси қарсыласқа айналды. Өйткені Москва патшалығына Қазан және Астрахань хандықтары қосылғаннан кейін (XVI ғасырдың 50-жылдары) Сібір хандығы олардан оқшауланып қалды. Сондықтан ендігі кезек өзі екенін түсінген Көшім хан Орталық Азияның билеуші күштерінің көмегі мен қолдауын қажет етті. Мұндай жақындық Сібірдің күш-қуатын арттырып қана қоймай, Орталық Азиямен сауда-саттықтың дамуын да қамтамасыз етті, ал бұл Сібір хандығы үшін өте маңызды болды [148, с. 19].

Алайда, Көшімнің бұл мақсатына жетуге Қазақ хандығы кедергі келтірді. Біріншіден, сібірліктер Орталық Азияға баруы үшін Қазақ даласын кесіп өтсе, екіншіден, Хақназар Сібір хандығын өзіне қосып алуға үміттенді. Сол себепті Қазақ хандығы Сібір хандығының Орталық Азиямен арадағы кез-келген қатынасына тосқауыл қойды. Дегенмен, Көшімге қарсы күресте Хақназарға саяси одақтас табылады. Ол XVI ғасырдың екінші жартысында, 1552 жылы Қазанды, 1556 жылы Астраханды жаулап алған Мәскеу патшалығы еді. Бұл кезде Мәскеу XVI ғасырдың 70-жылдарында қарым-қатынасы нашарлай бастаған Көшім ханды бағындыру үшін одақтас іздестіріп жатты. Ал сол уақыттары Көшімге Қазақ хандығы ғана қауіп төндіре алатын [149, с. 42].

Оның үстіне XVI ғасырдың екінші жартысында Орталық Азиямен ірі сауда қатынастарын жүргізген ағайынды Строгановтардың экономикалық мүдделері қазақ билеушілерімен байланыс орнатуды талап етті. Міне осы себептерге байланысты IV Иван Қазақ хандығымен одақ құруға ұмтылып, оларға елші Третьяк Чебуковты жібереді. Бірақ, ол өз міндетін орындай алмай, 1573 жылы шілдеде Көшімның жиені

Мұхаммедкүлдың қолына тұтқынға түседі.

Осыған қарамастан 1574 жылы 30 мамырда Иван Грозный Строгановқа қазақтармен алымсыз сауда жасау грамотасын тапсырады. XVI-VII ғасырлардағы қазақ даласындағы ішкі сауда туралы көрнекті саяхатшы П.И. Рычков былай деп жазады: «Азиялық көпестер, хиуалықтар, бұхаралықтар, ташкенттіктер болсын, олар Қырғыз-қайсақ даласынан асып, Ресейге жақындаған жоқ, олар тек ұлыстарда сауда жасады, көйлектік маталарды жылқылар мен қойларға айырбастады, оларды Хиуаға айдап апарып, жоғары бағаға саудалады» [150, с. 225].

Нәтижесінде Хакназар хан тұсында Қазақ хандығы Мәскеумен сауда және саяси қатынастарын орнатса, мәскеулік көпестер қазақтардың делдалдығымен Түркістандағы хандықтармен байланыс орната бастады [151, с. 63].

Қызығы сонда Мәскеу билігі сол кездің өзінде-ақ далаға аттанған барлық елшілеріне Қазақ хандығындағы саяси жағдайларды бақылау, ханның орталықазия хандықтарымен ара қатынасының қандай екендігін анықтау туралы тапсырма берген [152, с. 11]. Орыс елшілері өздерінің жазбаларында қазақ дала-сындағы әскери жағдайға басты назар аударған. Себебі, Еділ бойындағы жерлерге иелік жасауда Мәскеу патшалығы ноғайлықтармен күреске түскендіктен қазақ-ноғай соғыстары көп мәселені шешетін еді. Бұл кезде Хакназар ханға Алтын Орда құлағаннан кейін Ноғай Ордасы құрамына енген батыстағы жерлерді Қазақ мемлекетінің құрамына қосуы қиынға түсті, әрі ұзаққа созылды.

Өйткені XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап Ноғай Ордасы бірнеше қауіпті күйзелістерді бастан өткеріп жатты. Маңғыттар жұртында бірнеше жылдар бойы екі ағайындының – Исмаил мен Жүсіптің жақтаушылары арасында өзара руаралық тартыстар жүріп, оның аяғында 1555 жылы Жүсіп өлтіріледі. Алайда қақтығыс мұнымен тоқтамай, Ноғай Ордасындағы билік үшін талас Жүсіптің балалары мен Исмаилдың арасында өтеді. Осы жағдайды пайдаланған

Мәскеу мемлекеті 1556 жылы Астраханды жаулап алады да, ноғай ұлыстарында өз өктемдігін жүргізе бастайды. Оның үстіне маңғыттардың басты бөлігін билеген Исмаил Мәскеуді жақтаса, оның саясатын қолдамаған мырзалардың бір бөлігі Орданы тастап Қырым жағына өтеді. Ал екіншілері болса Жайықтың ар жағына қазақтарға қарай көшіп кетеді.

Осылайша Ноғай Ордасының бірлігі бұзылып, ол әскери-саяси күш ретіндегі байырғы маңызын жоғалтады. Алайда, осындай тосқауылдарға қарамастан Хақназар ханға Сырдариядан, Арал маңынан Ембіге дейінгі жерлерді және ноғай ұлыстарының бір бөлігін өз билігіне қабылдап, тіпті Жайықтың сол жағалауын өз бақылауына алудың сәті түсіп, «қазақтар мен ноғайлардың ханы» аталады. Бұл жөнінде Ноғай мырзалары орыс патшасына ұлыстардың Ноғай Ордасынан шығып қазақтарға қосылғандығы туралы хабарлап отырған.

Мысалы, 1557 жылы ноғай мырзасы Исмаил IV Иванға былай деп шағымданған: «Менің жиендерім менің қол астымнан Жайықтың ар жағына кетіп, қазақ ханының қол астына кірді және әруақыт менімен соғысуды іздеп жатыр». Бұл хабарламалар біріншіден, Хақназар хан бастаған қазақтардың саяси белсенділігінің арта бастағанын дәлелдесе, екіншіден, ноғай мырзаларының арасында күрестің қызу жүріп жатқанын және соның нәтижесінде екі партияның пайда болғанын көрсетті. Бұл күрестің негізінде саяси тартыспен қатар экономикалық сипаттағы себептер де жатты. Яғни ноғай ұлыстарының бір бөлігі (батыс) Мәскеумен тығыз сауда қатынастарын орнатса, екіншілері – Орта Азиямен байланыстарын дамытуға ұмтылды. Нәтижесінде Ноғай Ордасының шығыс бөлігіндегі Жайық өзенінің жағалауында орналасқан мырзалар 1557 жылы Мәскеулік бағытты қолдайтындармен шайқаста ауыр жеңіліске ұшыраған соң амалсыздан өз ұлыстарымен шығысқа, қазақ даласына көшеді [153, с. 28].

Сол уақыттарда Англия жаңа нарықтарды іздеу барысында парсылармен және Азияның басқа да мемлекеттерімен сауда

катынастарын орнатуға тырысқаны белгілі. Осы мақсатта ағылшын көпес Антони Дженкинсон 1557 жылы Ресейге жіберіледі [154, с. 3].

Өз саяхаты туралы жазбаларында Дженкинсон сол кездегі азып-тозған ноғай ұлыстарының күнделікті өмірі туралы қалдырған мәліметтерінде өзара тартыстардың кесірінен барлық ноғайлықтар қатты жұтаған, осының әсерінен болған аштық пен әр түрлі аурулардан 100 000 жуық адам қырылғандығы көрсетілген [18, с. 185].

Құнарлық жайылымдық жерлердің көптігіне қарамастан, Дженкинсон болған елін жапан далаға ұқсатқан. Дәл осы уақытта қазақтардың ханы Хақназардың күш-қуатының артқан кезі болатын. Мәселен, 1558-1559 жылдары Орталық Азияда болған ағылшын көпесі А. Дженкинсон аймақтағы күшті және саны жағынан көп «Мұхаммед дініндегі қассақтар» туралы жазады және ол өзінің осы өңірге келерінің алдында қазақтардың үш жыл бойы Ташкентті ығыстырып келгендігін және өздерінің шабуылдарымен керуеннің еркін жүруіне кедергі келтіріп отырғандығын көрсетеді [18, с. 135].

Яғни, орталықазиялық хандықтарға дүркін-дүркін шабуылдарды ұйымдастырған Хақназар ханның қазақтары еді. Өз кезегінде Хақназар хан Үлкен Ноғай Ордасынан ығысқан Шейх Мамайға бағынышты ұлыстарға өмірінің соңына дейін қамқоршысына айналды. Бүкіл ноғай мен қазақты біріктіруді алдына мақсат етіп қойған Хақназар хан Мәскеумен ауыз жаласқан ноғайларға қарсы жорыққа дайындалады. Бұл жорықты А.И. Исин өз билігін күшейткен Хақназар ханның ноғайлар мен Сібір Ордасын иелену жолындағы іс-әрекетінен туындаған деп түсіндіреді [39, с. 22].

Мұны деректерде көрсетілгендей Хақназар ханның Жайық бойына жасаған шапқыншылықтарынан байқауға болады. Мәселен, 1569 жылы қаңтарда поляк-литва королі Сигизмунд-Августің елшісі Ф.А. Мясоедовтың 1568 жылы ноғайлардың жағдайы жөнінде берген мәліметінде былай делінеді: «Күзде ноғай адамдарына Қазақ Ордасының патшасы келді» деген [88,

с. 37].

1569 жылы IV Иван патшаның ноғай мырзаларына жіберген елшісі Семен Мальцов: «Ақназар ханның, Шығай ханзаданың, Жалым ханзаданың қазақ ордалары және олармен бірге 20 ханзада Ноғайларға келді және соғыс болды», – деп хабарлама жасаған [13, с. 93].

Бұл деректерге ұқсас мәліметтерді Қырымдағы елші А.Нагойдың хабарламасынан да табамыз: «Қазақ Ордасы Хақназар хан мен Шығай ханзада және Жалым ханзада көптеген ханзадалармен тұтқиылдан бізге бас салды». Сондай-ақ ол «Ақназар хан пен Шығай ханзада және Жалым ханзада, олармен бірге жиырма ханзаданың ноғайларға келгенін және олардың шайқасын», – жеткізген [38, с. 55].

Мәліметте көрсетілгендей ноғайларға қарсы жорыққа Хақназар хан, Шығай мен Жалым сұлтандар және жиырма шақты сұлтандар қатысқан [37, с. 118-119]. Олар 1568 жылы Хақназар ханның одақтасы әрі туысқаны Шейх Мамайдың ұрпақтары қоныстанатын Ембі өзенінің бойынан Жайықтың арғы бетіне өтеді. Алайда астрахандықтардың ноғайларға дер кезінде жеткен көмегі ғана оларды тоқтата алады. Осы жорықтан кейін 1570-1580 жылдарда қазақтардың Үлкен Ноғай Ордасымен арадағы қатынасы шиеленісіп, аяғы бітіспес дұшпандық өшпенділікке ұласады. 1570 жылдардың аяғына қарай Үлкен Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы арасындағы шиеленіс шегіне жетіп, Хақназар хан ноғайларға «Жайық пен Еділ бойында көшіп-қонуға» тыйым саламын деген кезде, Дінахмет мырза оған ашуланып, Қырым ханына Хақназар «біздің Сарайшық Ордамызды өзінікі деп санайды» деп хат жазуға мәжбүр болады [84, с. 368]. Сол жылы ноғайлар мен қазақтардың арасында шайқас өтіп, ноғайлар тағы да жеңіліске ұшырайды. Бірақ осы жеңіске қарамастан Хақназар хан белгісіз себептерге байланысты одан әрі батысқа барудан бас тартады. 1570 жылдарға қарай Хақназардың мемлекеті оңтүстігінде Сырдариядан, солтүстікте башқұрттардың жеріне дейін және Ертістен Ембіге қарай созылады [39, с. 22].

Дегенмен Хақназар ханның атты әскері ноғайлардың қоныстарына жорықтар ұйымдастырып, табын малдарды айдап әкетіп, ұлыстағы көптеген адамдарды тұтқынға алуын тоқтатпаған. Бұл туралы Ноғайдағы орыс елшісі Борис Доможиров Иван Грозныйға 1577 жылы былай деп жеткізген: «Татар Асан Илибабаевтың айтуы бойынша, көктемде Қазақ Ордасынан Ақмырза мен Бекмырзаға адамдар келіп, олардың табындарын айдап, бес адамды тұтқынға алып кеткен» [84, с. 369]. Яғни, қазақтар тұтқынға түскендердің бесеуін ноғайлардың мырзасы Дінахмет биге қайтарып беріп, былай дейді: «Біздің патша Хақназар ұлы князбен, ташкенттіктермен және үргеніштіктермен де бейбіт қатынаста, бірақ сіздермен соғысамыз» [84, с. 369].

Сонымен қатар Дінахметке бұл хабармен қатар оған қарсы Хақназардың Қырым және Мәскеумен құпия байланыс орнатып жатқаны жөнінде де мәліметтер келіп түседі. Осылайша қиын жағдайда қалған Дінахмет мырза қазақтардан келетін қауіптің алдын алу және көршілерінің қоршауынан шығу үшін дипломатиялық белсенділікті арттыруға мәжбүрленеді. Алдымен Дінахмет Қырым ханына Хақназардың Сарайшықты жаулап алған соң кезек «Қырымға келеді», сондықтан Мұхаммед Керей хан ноғайларға көмектесуі керек, осы арқылы ол өз иеліктерін де қорғап қалады деп хат жазады [84, с. 369].

Осымен бір уақытта Дінахмет Мәскеумен де келіссөз жүргізіп, Ноғай Ордасының билеушілері IV Иванның шын берілген жақтастары және Қырым хандығының қарсыласы ретінде көрсетуге тырысады. Келіссөз кезінде олар «Ал Ақназар хан және оның атасы Орыс патшамен біздің бабамыз Едіге әмірші бір-біріне дұшпан болған, – деп жазды ноғай мырзасы IV Иванға, – Олар біздің ежелгі дұшпанымыз. Ал сен осындай дұшпанымыз Ақназар патшамен достықтасын және жыл сайын елші жібересің... Біз бір дінде болсақ та мен Даулет Керей патшамен сөйлеспеймін, ал Ақназар сенімен басқа діндесіндер, сондықтан достық дұрыс болмауы мүмкін» [84, с.

369].

Осыған ұқсас хаттар 1577-1579 жылдарда да жолданып тұрған. Дегенмен ноғайлардан сескенген Мәскеу патшасы Хақназармен ешқандай байланыста, достықта жоқ деген жауап хат жіберіп құтылады. Хақназар хан тек бір-ақ рет өз елшілерін Бұхарадан келген керуенмен жіберген, – деп ақталады IV Иван, – егер Ақназар Сізге дос болмаса, онда бізге Ақназар дос болмайды» [84, с. 370].

Алайда бұл кезде Хақназар ханның батыстағы жағдайға назар аударуға мұршасы келмей қалады. Оның себебі XVI ғасырдың 70-жылдарында қазақтарға сәтсіздік әкелген бірнеше ірі оқиғалар орын алды. Мұның басы Абдолла хан мен Барақтың ұлы Баба сұлтанның арасында күрестен шығады. Оған Бабаның Ташкентті басып алып, онда Абдолла ханның атынан билік жүргізіп отырған өзінің ағасы Дарвишті өлтіруі себеп болды [54, с. 201]. Абдолла хан болса Баба сұлтанға қарсы соғысты бастамас бұрын қазақтардың қандай бағыт ұстанатындығын білу арқылы қимылдауды жөн көрді. Абдолланың мұндай қадамға баруы, біріншіден, қазақтардың Баба сұлтанды қолдауынан қорықты, екіншіден, өз күшіне сенбеді. Оның үстіне оған бүлікшілер қазақтармен бірігіп, өздерінің заңды билеушілеріне қарсы шығуды жоспарлап жатыр деген қауесет жетеді. Бірақ, өз мүдделерін басшылыққа алған Хақназар хан «анттық одаққа» адалмын дей отырып Абдолланы қолдайды.

Яғни, Абдолла ханды қолдау арқылы Хақназар XV ғасырдан бастап шайбанидтер мен қазақтардың арасындағы қақтығыстарға себеп болған Сырдария өзенінің орта шенінде орналасқан Ташкент пен басқа да қалалардың мәселесін шешіп алуды көздеді. Өйткені Сырдария бойындағы қалалар әскери мақсат үшін немесе жеңіліс жағдайында таптырмайтын қорған ретінде рөл атқарса, екіншіден Сыр бойындағы қалалар Жібек жолымен өтетін қалалар болғандықтан Қазақ хандығының экономикасы мен қазынасы үшін таусылмайтын байлық еді [155, с. 41-42].

Алайда XVI ғасырдың екінші жартысында Түркістанның отырықшы-егіншілік аудандары Отырар, Сауран, Сығанақ, Созақ, Ясы қалаларымен бірге және Сырдарияның орта ағысы бойын-дағы Түркістан облысы шайбанидтердің билігінде болғанын атап өту керек. Егер XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында қазақ хандары мен сұлтандары осы қалалар үшін тимуридтермен, шайбанидтермен, шағатайлықтармен кейде табысты шайқастар жүргізген болса, шайбанидтердің мемлекеті құрылғаннан кейін қазақтар бұл қалалардан ығыстырылып шығарылды.

Алайда бұл сәтсіздіктерге мойымаған қазақтар айрылып қалған қалаларға қайта-қайта жорықтар жасап, олар үшін үздіксіз күрес жүргізіп отырды. 1510 жылы Мұхаммед Шайбани хан өліп, шайбанидтер мемлекеті ыдыраған кезде және оны II Абдолла хан қайта біріктіргенге дейін де Түркістанның қалаларын шайбанидтер өз билігінде мығым ұстады. Мысалы, Барақ (Наурыз-Ахмад) хан және оның мұрагерлері тұсында да осындай болды. Сондықтан осы қалаларды қандай жолмен болса да қайтаруды көздеген қазақ хандары мен сұлтандары Абдолла ханға белсенді түрде қолдау көрсету қажет деген шешімге келеді.

Абдолла ханға деген шын көңілдері мен адалдықтарын білдіру үшін Қазақ ханы Хақназар оған елші жіберіп, Абдаллахқа «Баба-сұлтанның баласы Убайдаллах-сұлтан, оның әмірлері Жанмұхаммад-аталық найман мен Шах-Ғази би бастаған бірнеше ақсүйектерден тұратын» тұтқындарды беруге ұсыныс жасайды [4, с. 247].

Абдаллах-хан елшімен бірге қазақтарға атақты әмір Сұрқи-аталықты қоса жіберіп, оған мынадай жолдауды тапсырады: «сол жақтағы барлық хақандарға құлшылық жасағаннан кейін, оларға Түркістан уалайатындағы төрт ауылды береміз» [4, с. 247].

Нәтижесінде қазақ сарбаздарының қолдауына сүйенген Абдолла хан Баба сұлтанның бүлігін оп-оңай басып, 1579 жылы Ташкент маңайында оны жеңіліске ұшыратады. 1579

жылы тамызда Абдолла хан Баба сұлтанмен бітімгершілік келісімін жасасады. Алайда қазақтармен бетпе-бет қалған Баба сұлтанның «қазақтардың әскеріне қарсы тұруға күші мен мүмкіндігі жоқ болғандықтан олармен келісімге келеді де, айып ретінде Йасы мен Сауранды береді және Абдолла ханға қарсы одақ құрады» [4, с. 249]. Өзара өткен кеңесте Сарбан сұлтан Сырдариядан өтіп Бұхара аймағына, ал Бозақор сұлтан басқаларымен бірге Самарқанд уалайатына шабуыл жасау жөнінде шешімге келеді. Шынында да, бірінші болып Бозақор сұлтан шабуыл жасайды: ол Сырдариядан өткен бойда жолында кездескендердің барлығын қырып-жойып, Кенбай деген жерге дейін жетеді де үлкен олжаға кенелгеннен кейін кері қарай қайтады [4, с. 250].

Осы кезде Сарбан-сұлтан да Сырдария өзенінен өтіп, Бұхараға шапқыншылық жасап, ол жақтың барлық малын айдап әкетеді [4, с. 251]. Дегенмен қазақтардың Баба сұлтанмен арадағы одағы берік болмады. 1580 жылы сәуірде Ташкент билеушісі қазақтарға бірігіп күш жинап, Абдолла ханға қарсы шығуға ұсыныспен Жанқұлы биді елшілікке жібергенде, ішінде Хақназар хан, Баба сұлтанның әйелінің әкесі Жалым сұлтан бар қазақ сұлтандары Баба сұлтанды өлтіруге астыртын сөз байласады.

Астыртын әрекет кездейсоқ ашылып қалады. Елші Жанқұлы биді өлтіру тапсырылған адам, оны аяп босатып жібереді. Ажалдан құтылған Жанқұлы болса Баба сұлтанға ескертіп үлгіреді. «Бұл жөнінде хабары жоқ Жалым сұлтан өзінің екі баласы және Хақназар ханның екі ұлымен бірге көптеген топпен Баба сұлтанға барады» [4, с. 254].

Қазақ сұлтандары сол жерден Хақназар ханға бару үшін Шарабхан өзенінің жағасына жиналғанда, Баба сұлтанның әскері оларға күйрете соққы беріп, барлығын қырып тастайды. Осыдан кейін Баба Сұлтан Бозақор сұлтанға Хақназар ханды қуып жетіп, оны өлтіруге бұйрық береді. Алайда бір де бір деректе Хақназар ханның өлгендігі туралы ақпарат жоқ. Тек, Баба сұлтанның өзін өлтіргісі келетіндігін естіген Бозақордың

қашып кеткендігі белгілі. Оның соңынан қууға Баба сұлтан Бөлтірік бидің баласы Достым биді жібереді. «Олар кездейсоқ Хақназар ханның мүлкі мен малын тонап, оған қосылуға келе жатқан Бозақор сұлтанның тобын жолықтырады» [4, с. 254].

Бұл оқиғалардың барлығы 1580 жылдың мамыр айына дейін болған, өйткені осы кезден бастап бізге белгілі деректерде Хақназар хан туралы ешқандай хабар жоқ және қазақ ханы ретінде оның немере інісі Шығай-сұлтанның аты ғана атала бастайды. Осылайша шамамен 1580 жылдың мамырында Хақназар ханның Ташкент билеушісі Баба сұлтаннан жеңіліс табуы Дешті Қыпшақтағы саяси күштерге өзгерістер әкеліп, соның ішінде ноғайлардың жағдайын жақсартып жібереді [37, с. 118].

Нәтижесінде ноғайлардың мырзасы Орыс Шейх Мамайдың баласы Бектің басқаруымен сол қанат әскерін қазақ ұлыстарын талқандауға жібереді. Алайда, бұл кезде Хақназардың қазасынан кейін қазақтарда тағы да ыдыраушылық басталып, жан-жаққа тарап кеткен болатын. Сондықтан 1581 жылы «Қазақ ұлыстарында адамдар аз қалған», – деген ноғайлардың биі Бек өз әскерін алады да кейін қайтады [84, с. 370]. Қазақтардың жан-жаққа тарап кеткені жөнінде Орыс мырзаға жіберілген Мәскеу елшісі В. Перепелицынде растап былай деп жазады: «Ал Қазақ ордасындағылар қазір бір біріне бөтен. Қазақ Ордасында билеуші жоқ, тек ханзада ғана бар, оның өзі таққа отырғызылмаған» [84, с. 370].

Сонымен Хақназардың қазасы Қазақ хандығының әлсіреуіне, аяғы Ноғай Ордасындағы халықтың көбеюіне алып келді. Мәскеу елшісі Перепелицын Хақназардың қазасынан соң «Қазақ Ордасының көптеген адамдары басқа жерлерге – ноғайларға, Бұхараға кетіп қалғанын» және жазда Електегі жайлауда отырған Орыс мырзаның өзіне жаңадан жиырма мың қазақ қосылғанын, қалғандары жаңа басшылары ханзаданың басқаруымен Ертіске қарай шегінгенін жазады [84, с. 371]. Тіпті Шейх Мамай баласы Бектің қазақ иеліктеріне жасаған жорығынан кейін-ақ, оның ұлысындағы адамдардың саны он

мың адамға көбейген [84, с. 371].

Бұдан басқа, қазақтарға солтүстік жақтан башқұрттар, оңтүстіктен моғолстандықтар және өзбек шайбанидтер жан-жақтан қысым көрсете бастайды. Нәтижесінде XVII ғасырдың басына қарай қазақтардың басым бөлігі қайтадан Жетісуға қарай ығыстырылады [38, с. 73]. Сол уақытта ноғайлар тағы да шығысқа қарай жылжып, тек Батысты ғана емес, Орталық Қазақстанның аумағын да басып алады [38, с. 59-60].

Осылайша, XVI ғасырдың соңына қарай Қазақ хандығы Түркістандағы отырықшы-егінші аудандардан толығымен айрылды. Тіпті оның аумақтық жағдайы XVI ғасырдың басындағы жағдаймен салыстырғанда әлдеқайда нашарлап кетті. Түркістан-ның бай егіншілік, қолөнерші, сауда-саттық орталықтарынан айрылу Қазақ хандығының экономикасына кері әсерін тигізді.

3.2 Шығай және Тәуекел хандардың тұсындағы Қазақ хандығының өрлеуі

Қазақ хандығының XVI ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай саяси және әскери күшке ие болып, біршама табыстарға жеткеніне қарамастан, XVI ғасырдың соңына қарай ол біршама қиындықтарға тап болды және көршілері (ноғайлар, шайбанидтер, моғолдар және т.б.) оларды Шығыс Дешті Қыпшақтан қарулы жолмен ығыстырып шығарады. XVI ғасырдың ортасында кезінде Ноғай Ордасының иелігінде болған Қазан мен Астраханды, кейін башқұрттар мен Сібір хандығын Мәскеу патшалығы жаулап алған соң бүкіл Еділ өзенінің бойы солардың билігіне көшеді [156, с. 114].

Нәтижесінде өз иеліктерінен айрылған ноғайлар оңтүстік пен шығысқа қарай қоныс аударады. XVII ғасырдың басына қарай олардың көшіп-қонатын аумақтары Еділден Ертіске дейін созылып жатты. Сондай-ақ, оларды қазақ даласына келе бастаған башқұрттар мен сібірлік татарлар да ығыстыра бастады. Өйткені, олар бір-бірімен Башкирия мен Сібір

хандығы Ресей мемлекетінің құрамына кірмей тұрып-ақ қақтығысып жататын. XVI ғасырдың аяғында одақ құрған II Абдолла мен Көшім хандар Қазақ хандығына қарсы өз әрекеттерін үйлестіріп, айтарлықтай қауіп-қатер төндіреді [148, с. 84].

Осылайша көрші мемлекеттер тарапынан Қазақ хандығы жиі-жиі шапқыншылыққа ұшырап тұрды. Мәселен, XVI ғасырдың аяғында қазақ даласын ноғайлар иеленгені жөніндегі мәліметтерді көптеген деректерден көреміз. 1604 жылы Үлкен ноғайлардың басшысы Естерек Астрахан әскер басы Степан Годуновқа: «Исмаил Жүсіп князь өлтіргеннен кейін Смаил князь мырзалары мен ұлыс адамдарын бастап Жайықтың бойына және оның ар жағына, Ырғыз пен Сыр өзендерінің бойына көшіп-қонуға кетті» [38, с. 60], – деп жазған.

1582 жылы шайбанид II Абдолла хан ноғайларға қашып кеткен Ташкент пен Түркістанның билеушісі Баба сұлтанның соңынан қуып, Сырдарияның орта тұсындағы Йассы, Сауран, Сығанақ, қалаларынан солтүстікке қарай жүріп, Сарысу өзенінен өтіп, Ұлытауға дейін жетеді және одан әрі қарай солтүстікке қарай жүрген кезде ол жолда ешқандай қазақтарды кезіктірмеген. Тіпті Шығай хан мен оның ұлы Тәуекел сұлтан бастаған қазақ тайпаларының бір бөлігі Абдолла әскерінің құрамына кіріп, осы жорыққа белсенді түрде қатысқан. «Шараф-наме-йи шахиде» кездесетін дерекке назар аударсақ, Орталық Қазақстан ноғайлардың жеріне айналған. Сондай-ақ Абдолла ханның әскері Баба сұлтанды осы ауданнан Арал теңізіне дейін, одан әрі солтүстік-шығысқа қарай, Ақкөл көлінің маңайында іздестірген [4, с. 269-300].

Шайбанидтер осы жерлердегі маңғыттардың арасынан Баба сұлтанның жекелеген топтарын тапқандығына «Шараф-наме-йи шахида айтылады». Осылайша, ертеректе өте кең алқапты жайлаған Қазақ хандығы XVI ғасырдың соңына қарай Жетісудың даласы мен тауларын, соның ішінде қазіргі Қырғызстанның аумағын ғана иеленуге мәжбүр болды. Ол кезде қырғыздар қазақтармен бірге әрекет етті, ол Қазақ

хандығын аз да болса күшейтті. Сол шақта Түркістан шайбанидтердің қол астында болды. Қалалардың болмауы бір жағынан, хандықтың экономика-лық жағдайына апатты әсер етсе, екінші жағынан – жергілікті билеушілердің бытыраңқылығы мен тәуелсіздігін атап айту керек, бұл өз кезегінде мемлекеттің ұсақтығын ұлғайтты. Аталғандардың барлығы қазақ хандарын XVI ғасырдың екінші жартысында Сырдария аумағы үшін кескілескен күрес жүргізуге мәжбүрледі. Ол жерлерді қазақтар тек 1598-1599 жылдары ғана басып алды. Бұл кезде өзбек мемлекеті ішкі тұрақсыздық салдарынан сыртқы саяси жағдайда да әлсіреген болатын.

Яғни 1580 жылдардан кейін деректерде Хақназар ханның орнына қазақ ханы ретінде оның немере інісі Шығайдың есімі аталады. Шығай ханның шығу тегі мынадай мәліметтер бар. А.Левшин құрастырған қазақ хандарының шежіресінде ол Жәдіктің баласы деп көрсетіледі [23, с. 60-62].

Ораз-Мұхаммедтың шежіресінде де ол Жәдік сұлтанның баласы деп аталады: «Орыс хан, оның баласы Құйыршық хан, оның баласы Барақ хан, оның баласы Жәнібек хан, оның баласы Жәдік сұлтан, оның баласы Шығай хан, оның баласы Ондан сұлтан, оның баласы Ораз-Мұхаммед хан» [24, с. 274].

Мұхаммед Хайдардың пікірінше Жәдік сұлтан 1503 жылдан кейін қайтыс болады. Шығай туралы ең кеш естелік Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи-шахи» еңбегінде 1582 жылғы оқиғаларға байланысты айтылады. Шығай хан 80 жасқа дейін ұзақ өмір сүрген, бірақ оның өмірі туралы тек үзік-үзік мәліметтер сақталған. Г.Ф. Миллер ескі татар аңызын еске түсіріп, онда Сібір ханы Көшімнің інісі Ахмад-Гирей «Бұхария князы» Шығайдың қызына үйленген. Бірақ Шығай онымен жауласып, бір күні адамдарын жіберіп, Ахмад-Гирейді алдап шақырып алады да Ертістің жағасында өлтіреді [21, с. 57].

В.В. Вельяминов-Зернов осы аталған «Бұхария князы» басқа емес, қазақ билеушісі Шығай деп көрсетеді [24, с. 324]. Шығай хан жөніндегі маңызды ақпараттар Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи-шахи» және Мухаммадиар ибн Араб

катағанның «Мусаххир ал-билад» еңбектерінде де бар. «Шараф-наме-йи-шахида» сондай-ақ, «Шығай көптеген жылдар бойы дала мен шөлдің билеушісі болды» деп те айтылады [4, с. 257].

Шығай хан атағын иеленгенге дейін де сұлтан ретінде қазақтардың бір бөлігін басқаруы мүмкін. Шығай хан болып таққа кездейсоқ отырған. Үлкен гаремі бар, сансыз рудың басшысы болған ол биліктің шыңына жасы келген кезде шайбанид Абдолла ханның көмегімен отырады. Хафиз Таныштың көрсетуінше, Шығай өз ісіне мығым және көпті көрген адам болған [4, с. 275].

Хан болғанға дейін Шығай Хақназар ханмен бірге әрекет жасаған. 1569 жылы Ноғай Ордасына орыс патшасы жіберген Семен Мальцевтың хабарламасында Шығай Хақназар хан басқарған 20 ханзадамен бірге ноғайларға жорық жасағандардың арасында айтылады [4, с. 323].

XVII ғасырдың басындағы автор Қадырғали бектің айтуы бойынша Шығай хан мен оның ерлігі туралы аңыздар «халық есінде әлі күнге дейін сақталған» [94, с. 164].

Хақназар хан өлген соң Шығай Баба сұлтанға жеке өзі қарсы шыққан. Осы арқылы ол өзінің келешегін байланыстырған Абдолла ханға деген адалдығын дәлелдеуге тырысады. Шығай мен Абдолланың арасында қандай да болмасын байланыс болуы мүмкін, өйткені Хафиз Таныштың айтуы бойынша, Шығай хан «ертеден бастап өзін ұлы ханның жақтасы ретінде көрсетіп келеді» [4, с. 243].

XVI ғасырдың екінші жартысында қазақ ханы Шығайдың Орталық Азия билеушісі шайбанид II Абдолла ханның қол астына ресми түрде өтуі Қазақ хандығында орын алған ірі саяси оқиғалардың біріне айналды. Ал бұл өз кезегінде қазақ хандары тарапынан Дешті Қыпшақты билеу үшін күресте шайбанидтердің ежелгі және ымыраға келмес қарсыластары ретінде уақытша болса да жеңіліс тапқандығы мойындалғандығын көрсетті.

1581 жылы маусымда Шығай хан өзінің баласы Тәуекел

сұлтан және басқа да билеушілермен Абдолла ханның қонысына келеді. «Мемлекеттің бірнеше ақсүйектері арқылы ол әділетті ханмен кездесу құрметіне ие болды. Жоғары мәртебелі өзіне тән кең пейілділік және рақымшылықпен Шығай ханға құрмет пен ізет көрсетті. Оған ерекше құрмет көрсеткен Абдолла хан Шығайға иқта ретінде Ходжент жерін сыйлады. Оны көмек көрсетуге сендіріп, патша сый-сияпатын көрсетті» [34, с. 113].

Шығай ханның Мауреннахрға жақындау себебі бұрындары түсініксіз болған еді. Кейбір зерттеушілер оның себебін Абдолланың күшінің нығаюы мен өз әлсіздігін сезінген Шығай ханды Абдолла ханнан сүйеніш іздеуге мәжбүр етті деп түсіндіреді [31, с. 311].

Ал басқа зерттеушілер болса қазақтардың Талас өзенінің жағасында Баба сұлтанмен күресте орасан жеңіліске ұшырауы оларды сыртқы саясатта әлсіретіп, екі жақты қауіп-қатерде – бүлікшіл Баба сұлтан мен моғол хандары шағатайлықтардың ортасында қалдырды [4, с. 243] деп санайды.

Осыған байланысты Шығай сұлтан Абдолла ханнан қорған іздеп барған делінеді. Шын мәнінде Шығай ханның Абдолла ханға кетуіне бірнеше себеп болса керек және оны кешенді түрде зерттеу арқылы ғана қазақ ханының мұндай саяси қадамын түсіндіруіміз мүмкін. XIV ғасырдың соңы мен XVI ғасырда шайбанидтер мен қазақ хандары-тоқайтемірліктер – Дешті Қыпшақ жеріндегі көшпелілерге билік пен әскери үстемдік жүргізу үшін қатал шайқас жүргізгендерін ұмытпағанымыз жөн. Сондықтан саяси жағынан шайбанидтерге бағыну туралы Шығай ханның шешімі алғашында мүмкін емес.

Алайда XVI ғасырда Дешті Қыпшақта қазақтар үшін өте қолайсыз жағдайлар туындайды: орыстардың Сібір мен Еділ бойымен Астраханға дейін жылжуы, Ертіске дейінгі барлық қазақ даласына көшпелі ноғайлардың таралуы, башқұрттардың оңтүстікке ығысуы, ойраттардың шығыстан батысқа қарай қарсы қозғалысы, оңтүстіктен моғол хандары – шағатайлық-

тардың қысымы, Түркістанда шайбанидтердің билік етуі және қырғыздардың тәуелсіздікке ұмтылуы, міне осылардың барлығы қазақтарды қайтадан өздерінің алғаш ту тіккен жерлері Шу мен Таластың өңіріне қарай ығыстырды [4, с. 242-243].

Осындай қиын жағдайдан шығу жолдарын іздестірген Қазақ билеушілері өз назарын Орталық Азияға аударды. Біріншіден, Абдолла ханның жағына Шығай бастаған бір бөлігі ғана өтті. Хафиз Таныш оларды «қазақтар әскерінің бір ой-пікірдегі тобы» деп атаған [4, с. 257].

Қазақтардың қалған тайпалары басқа хан мен сұлтандардың қол астында қалды. Хақназар ханнан кейін қазақтардың қалған бөлігін оның ұлдары Маңқытай сұлтан мен Дінмұхаммед сұлтан басқарса керек. Осыған байланысты 1588 жылғы Ташкент көтерілісіне қатысқан осы сұлтандар туралы Хафиз Маныштың естелігі қызығушылық тудырады. Бұдан басқа деректерде Шығай хан Абдолланың қол астына 1581 жылы өткен, ал Абдолла бүкіл өзбектердің ханы болып тек 1583 жылы, яғни Шығай хан оның қол астына өткен соң ресми түрде жарияланған. Өйткені таққа талас кезінде Абдолланың күшті қарсыластары көп болды, сондықтан да ол өзі көмегіне сүйенетін Шығай ханның өз жағына өтуіне мүдделілік танытты. Абдолла ханға қызмет еткен Тәуекел қазақ топтарын басқарып, Абдолла ханның басқа шайбанидтерге қарсы күресіне белсенді түрде араласады [157, с. 110-111].

Абдолла ханның жаңа одақтастарға мүдделілігі Шығай хан мен Тәуекел сұлтанға Мауреннахрдан қалалық иеліктер мен ауылдарды сыйға тартуынан көрінді. Алғашында, Баба сұлтанмен күресте Абдоллаға Хақназар хан көмек берсе, ол өлген соң Абдолла Шығай ханға көп үміт артады. Шынында да, Шығайдың, Тәуекелдің және басқа да қазақ сұлтандарының көмегімен ол Баба сұлтанды жеңіп шығады. Шығай хан өз адамдарымен басқа өзбек сұлтандарының арасында үлкен беделге ие болғандығын айтып өту керек. Хафиз Таныш жазғандай, «Абдолла хан Жизаққа келгенде оның әскеріне бір

топ қазақ және әскерімен оның «ерекше ықыласына» ие Шығай хан қосылды». Абдолла хан әскерінің оң қанатындағы алдыңғы шепке Шығай ханның көпті көрген сұлтандарының бірі және батылдығы мен ержүрек-тілігімен бүкіл әлемге және Дешті Қыпшаққа әйгілі оның баласы Тәуекелді тағайындайды [4, с. 275].

1582 жылдың басында Абдолла хан Баба сұлтан мен оның жақтастарына қарсы кезекті Ұлытау жорығына аттанған сапары сәтті аяқталады. Шығай хан да осы жорыққа қатысады. Өкінішке орай бұл жорықтағы шайқасы оның соңғысына айналды. Шығай ханның аты соңғы рет деректерде 1582 жылдары аталады. Қадырали бектің мәліметі бойынша, хан жалғыздықтан өлген, оны Али-Ата панасына жерлеген, бейіті Бұхарадан онша қашық емес Қымызкентте орналасқан [94, с. 164].

Шығай ханнан көп ұрпақ қалады. Оның толыққанды шежіресін Қадырали бек көрсетеді. Ол Шығай ханның көп әйелі болғандығын, олардың ішіндегі белгілісі – Баим бикем, Жақсым бикем және Бұрындық ханның қызы Тәттім бикем болғанын жазады. Бірінші әйелінен Шығайдың үш баласы болған: Саидкүл сұлтан, Ондан сұлтан және қызы Алтын ханым; екіншісінен – Тұқай (Тәуекел) хан, Есім хан және қызы Сұлтан Сабырбек ханым; үшінші әйелінен – Әли сұлтан, Зұлыс сұлтан, Ибрахим сұлтан, Шахим сұлтан [24, с. 362-365].

Сонымен Шығай мен Тәуекелден қашқан Баба сұлтан ноғайларды паналайды. Онда ол ноғай мырзаларын өлтіріп, олардың жерлерін иемдену үшін астыртын әрекеттер ұйымдастырады. Бірақ ойлаған арам пиғылы жүзеге аспаған соң ол Ташкентті иелену жолындағы күресін жалғастыру үшін Түркістанға қарай беттейді. Баба сұлтанның бұл әрекетін Тәуекел сұлтан оның қолға түсірген жансыздары арқылы біліп қояды да оған қарсы тез әскер жинайды. Шешуші шайқас кезінде Тәуекел Баба сұлтанды өлтіріп, оның басын кесіп Абдоллаға әкеледі [4, с. 311].

Тәуекелге риза болған Абдолла хан «Тәуекел ханға хандық

құрмет көрсетіп, оған түрлі марапаттар жасап, атағын өсіріп, көпшіліктің қызғанышын тудырады. Оған құрметпен алтын шапан жауып, көп ақша сыйлады. Осылардың барлығына қоса, оған сыйақы ретінде Соғда мен Самарқанның көрікті жері – Африкент уалайатын береді» [4, с. 309-311 бб.]. 1582 жылы Шығай хан қаза тапқан соң оның орнына хандық таққа Тәуекел отырады. Жалпы алғанда оның билік басына келу жолы оңай болған жоқ. XVI ғасырдың 80-жылдарының басында ол өзінің жеке жасағымен Бұхара ханы Абдолланың нөкерінде болады. Бұл туралы әңгімелер «Шараф-наме-йи шахи», «Мусаххир ал-билад», «Бахр ал-асрар» және басқа да мұсылман деректерінде сақталған. Хафиз-и Таныштың көрсетуі бойынша Тәуекел сұлтан 1581 жылы маусымда Қаратау бойына келген Абдолланың қасына барады, тартымды қазақ сұлтаны ұнап, Абдолла оны өз нөкерінің сапында қалдырады [4, с. 257-262].

Шайбанидтер сарайында Тәуекелді барлығы жақсы көреді, Абдолланың өзі оны құрмет тұтады, бірнеше рет оған әскери ерлігі үшін «алтындаған шапан, бөрік пен белбеу» сыйлаған. 1583 жылдың жазында Тәуекел Абдолланың Әндижан мен Ферғанаға жасаған жорығына қатысады. Қазақ сұлтаны бұл кезде де әскери табысқа жетеді: ол шайбанид Махди сұлтан мен Баба сұлтанның баласы Абд ал-Гаффарды тұтқынға түсіріп, өлтіреді. Осыған байланысты Тәуекел әскерінде қуаныштың шегі болмайды. Бірақ Бұхараға жасалған жорықтан қайтып келе жатқанда, Хафиз Таныштың көрсетуінше, Абдолла ханның опасыздығынан күдіктеніп, оны тастап өзінің Дешті Қыпшағына кетіп қалады [24, с. 339].

Тәуекелдің мұндай қадамға бару себебін деректер түсіндірмейді. Осыған қарамастан, осы мәселеге қатысты кейбір тұжырымдарға назар аударсақ. Абдолла хандық тақты «заңды» иемдену негізінде емес, өзінің дипломатиялық ептілігі мен әскери шеберлігінің арқасында алған және ол өз қарсыластарын ығыстырып емес, олардың барлығын өлтіріп тастаған. Үміткер-лердің көпшілігін Абдолла хан Тәуекелдің қолымен жойған [4, с. 242].

Ақырында Абдолла хан бүкіл Мауреннахрды шайбанидтердің мемлекеті деп біріктіргенде, Тәуекелдің өміріне қауіп төне бастайды. Өйткені ол Жошы әулетінен, соның ішінде атақты Орыс ханның тікелей ұрпағы болып табылатын. Сол себепті ол да Абдолла секілді Орталық Азияның билігіне ұмтылуы мүмкін еді (1598 жылғы оқиғалар оның билікке ұмтылғандығын дәлелдейді). Сондықтан да Тәуекелдің күдігі негізсіз болмауы да мүмкін. Оған қоса Тәуекел Абдолладан күткен нәрсесін ала алмауы да мүмкін.

Абдолланың қазақтарға Түркістандағы төрт қаланы беруге уәде еткені белгілі, ал ол кейін өз қарсыластарын жойған соң уәдесін орындамаған. 1586 жылы Абдолла әскерінің басым бөлігі оңтүстікке жіберілгенде, Тәуекел хан Дешті Қыпшақтан мол күшпен келеді де Сырдария бойындағы қалалар үшін шайқасты бастап, Бұхара ханының иеліктеріне басып кіріп, Мауреннахрдың солтүстік облыстарына шабуыл жасайды. Оның шабуылы Түркістан, Ташкент және Самарқан сияқты орталықтарға қауіп төндіреді. Соның ішінде Ташкентті басып алуға әрекет жасайды. Екі жақтың әскері Ташкент округіндегі Шарабханада кездеседі. Қазақтар нашар қаруланған болатын: «тон мен сырмақтар олардың қалқандары мен сауыттарының орнына жүрді». Бұны көрген ташкенттіктер еш сақтықты ойламай дештіліктерге дүрсе қоя береді, бірақ олар тас талқан боп жеңіледі. Ташкенттен Самарқанға төнген қауіп туралы тез арада осы қаланың билеушісі Абдулланың інісі Ибадолла сұлтанға хабар жіберіледі. Абдолла жедел түрде бүкіл Самарқаннан әскер жинап, Сырдариядан өтіп, Ташкентке келеді. Тәуекел бұл кезде Сайрам маңайында болған. Қарсыласының жақындап қалғанын естіген ол, әскерін алып, дала түкпіріне қарай кетеді [4, с. 339-340].

Осылайша, Тәуекелдің Ташкентті басып алудағы бірінші әрекеті сәтсіз аяқталды. Тәуекел ханның Ташкентті жасаған осы жорығынан кейін 1588 жылы Ташкент облысында Абдоллаға қарсы көтеріліс болады. Ол туралы қызықты және егжей-тегжейлі мағлұматтар Хафиз Таныштың «Шараф-наме-

йи шахи» және Мукимидің «Зафар-наме» атты еңбектерінде кездеседі. Хафиз Таныштың көрсетуі бойынша бұл көтеріліс Ташкент аймағының билеушісі Абдолла ханның інісі Өзбек сұлтанға қарсы бой көтерген. Абдолла хан Гератта соғысып жатқандықтан оның жоқтығын пайдаланған «Ташкент облысы, Шахрух пен Ходженттің бай және құрметті адамдарының бір тобы рахымсыз қаралардың тобымен бірігіп, орындалмайтын үміт пен іске аспайтын арманның жетегінде Пскентте жиын ұйымдастырады және олар өзара келісімге келген соң оны бекітеді» [4, с. 243-244].

Көтерілісшілерді Абдолла ханның әмірлері мен атақты адамдары басқарды. Бұлай болуы түсінікті еді. Оның себебін алдыңғы тараушада талқылаған едік. Сонымен, оппозицияда қалған шайбанид ақсүйектерінің көпшілігі бүлік бастады. Бүлікшілер сырт келбеті Баба сұлтанға ұқсайтын қазақ сұлтаны Жаналиді хан етіп жариялайды. Бұл хабар тарасымен-ақ, көшпелі тайпалар мен әскерлер топ-тобымен бүлікшілер лагеріне ағыла бастайды. Көп ұзамай олардың қатары 30 мың адамға жетеді. Көтерілісшілер өз қолбасшысы етіп Шахназар биді сайлайды және Пскеттен Ходжақатқа қарай бағыт алады. Бірақ, Шахназар бүлікке қатысудан бас тартады, сол кезде «жаулар оны өздерімен шарт жасауға мәжбүр етеді, Назаршахқа алтын жинауға барған Өзбек сұлтанның бірнеше адамын өлтіреді» [4, с. 245].

Раджаб айының алғашқы күндері бүлікшілер сол кезде Абдолла ханның інісі Өзбек сұлтан басқаратын Ташкентке бет алып, оны қоршауға алады. Мұны естіген Өзбек сұлтан көп кешіктермей өз адамдарын Ферғанадағы Асфандияр сұлтанға, Ахсикаттағы өз баласы Хазар сұлтанға, Самарқандағы Хаджибиге, Сагирдж пен Жизақтағы жалайыр Есім би мен Әли биге көмек сұрауға жаушыларын жібереді. Ол Гераттағы Абдолла ханға да орын алған жағдай туралы хабаршы жіберіп, одан көмек көрсетуін сұрайды. «Бұл маңызды оқиға туралы білген жоғары мәртебелі, кешірім беріп, алауыздыққа жол бермейді... Оның жүрегін жаралаған реніштерді де жоққа

шығарады. Інісіне ол ерекше белгі мен бүкіл Соғды облысын басқару жөніндегі құрмет грамотасын беріп, Мийанкалға Болат сұлтанды, одан кейін Жармұхаммед сұлтанды жібереді. Кезінде Абдолла хан тағына отырғанға дейін олардың арасында келіспеушілік туындаған болатын (1551 жылы Өзбек сұлтан Бұхараны билеуге үміттенеді, алайда оның орнына таққа ағасы Абдолла хан болып кетеді) [129, с. 9-10]. Алайда бүліктің шығуы Абдолла ханның да жағдайына да қауіп төндірді. Сондықтан ол Өзбек сұлтанға көмек беруді ұйғарады. Ташкенттің қоршауы бір айға жалғасып, өзіне көмек әскер келе жатқанын білген Өзбек сұлтан қоршауды бұзып шығып, бүлікшілерді қашуға мәжбүрлейді. Шахназар өз тобымен Сайрамға, Тұрсын Таразға, Дурман Қара Саманға, келесі бір топ – Қаратауға қарай қашады. Ташкентке жеткен Асфандияр сұлтанның, Хазар сұлтанның, Есім бидің, Әли бидің әскерлері Өзбек сұлтанмен қосылып бүлікшілерді Сайрам маңайына дейін қуып жетіп, кескілескен шайқасқа түседі. Ұрыс кезінде бүлікшілер жеңіліс тауып, майдан даласынан қашып шығып, Дешті Қыпшаққа қарай кетеді. Осылайша, Өзбек сұлтан бүлікшілердің алғашқы қарсылығын тойтарады. Алайда бүлікшілердің көтерілісі мұнымен тоқтамайды. Біршама уақыт өткен соң көтерілісшілерге қазақтардың бір бөлігімен Дешті Қыпшаққа көшіп келген Хақназар ханның балалары Мұнқытай сұлтан мен Дінмұхаммед сұлтан қосылады [4, с. 245].

Олар Абдоллаға қарсы шығатын оңтайлы сәтті күтсе керек. Бүлікшілер мен оған қатысушылардың саны туралы білген қазақ сұлтандары көтерілісшілерге елші жіберіп өздеріне қосылуға шақырады. Хафиз Таныштың көрсетуі бойынша: «Дешті Қыпшақта оларға батырлығы жағынан тең келер ешкім болмаған соң және өздерінде қолайлы қолбасшы болмағандықтан әмірлер оларға келісіп, сұлтандарға қарай баруды көздейді». Сығанақ аумағында бүлікшілер қазақ сұлтандарына қосылады да, солармен бірге Өгіз таудан Йассыға, содан кейін Сауранға бет алады.

Абдолланың билігіне қарсы шыққан қазақ сұлтандары

өздеріне сәтті уақыт туды деп есептейді. «Шараф-наме-йи-шахи» еңбегінде: «Осы оқиғаларға дейін Абдаллах ханның жеңімпаз әскері қатарынан қашып, қырғыздарда жасырынған Амин сұлтанның балалары – Әділ сұлтан мен Қади сұлтан, енді қырғыз Хусейн бимен бірге көтеріліске шығып, Фаракат уалайаты мен Ходжката аулына дейін жетеді» [158, с. 180].

Бұл сұлтандардың көтерілгенін естіген Өзбек сұлтан әскерінің басшылығын өз қолына алады. Осы кезде көтерілісшілерді қоршаудан шығарып, олардың жағында шайқасқа қатысу үшін Шахназар мен басқа әмірлерден Тәңірберді қазақ келеді. Бірақ шайқас басталмай-ақ бүлікшілердің одағы ыдырап, жан-жаққа тарап кетеді. Қади сұлтан Хусейн бимен бірге қайтадан қырғыздарға келсе, Әділ сұлтанды Тәңірберді қазақ құтқарып, Дешті Қыпшақтағы әскерге алып келеді, Шахназар басқа бүлікшілермен бірге Йассының маңайында қалады. Осы кезде Сауранның билеушісі Есенкелді отаршы мен Наурыз би құсшы өзбек әскерлерін бастап өздеріне қарсы астыртын әрекет дайындап жатқан қазақ сұлтандарына қарсы шығып, шайқаста кезінде жеңіске жетеді. Осылайша үш айға созылған көтеріліс толық жеңіліспен аяқталады. Көтеріліс кең ауқымды және көпшілік сипатта қамтыды. Сондай-ақ, 1588 жылғы көтеріліс 1598-1599 жылдардағы Бұхар хандығындағы биліктің шайбанидтер әулетінен аштарханидтер әулетіне ауысуы секілді маңызды оқиғалардың алға шартына айналды.

Өкінішке қарай, Ташкенттегі көтеріліске 1586 жылы-ақ Абдоллаға дербес қарсы шыққан Тәуекел қатыспады. Қазақ сұлтандары ұйымдастырған бұл көтеріліс белгілі бір табыстар әкелетіндігіне қарамастан Тәуекелдің қатыспауына бірнеше себептер болуы мүмкін. Біріншіден, Шығай ханның, Тәуекел мен олардың жақтастары Абдолла жағында жүрген кезде Маңқытай мен Дінмұхаммед сияқты қазақ сұлтандарының басқа бір тобы оларға қарсы тұруы мүмкін. Екіншіден, 1582 жылы Шығай хан өліп, оның орнына таққа таласқан Тәуекел сұлтанға Хақназар ханның осы балалары қарсы шыққан болуы

керек. Осы қарсылықтан кейін Тәуекел сұлтан 1583 жылы жазда Мауреннахрды тастап, өзінің ерекше өмір сүріп жатқан Ұлы Даласына келеді. Тәуекелдің бұл әрекетінің басты мақсаты қайратты, тапқыр және атаққұмар сұлтан Абдолланың қамқорлығында болған кезде өз халқының тәуелсіз билеушісі болмайтындығын жете түсінді. Екінші жағынан, Баба сұлтан мен оның ағасы Дервиш сұлтанның балаларымен болған соғыс жеңіспен аяқталған соң Абдолламен арада ортақ мақсат та қалмады. Яғни, Сырдарияның оң жағалауындағы қазақ көшпелілеріне жақын орналасқан аудандар толық Бұхара билігін мойындады, осыған байланысты Абдолла тек пайдалы әскери одақтас ретінде санаған қазақ сұлтандарының қолдауы қажеттілігі де жойылды. Өз кезегінде Сырдария бойындағы қалалар мен Ташкентті жаулап алуды көксеген қазақтар үшін Абдолла енді одақтастан қарсыласқа айналды. Өзін Бұхара ханы жанында құқықсыз сезінген Тәуекел билікке жетудің жаңа жолдарын іздеп, Ұлы Даладан күш жинап, Абдолланың өзіне қарсы шығу үшін Мауреннахрды тастап кетеді.

Дешті Қыпшаққа барған Тәуекелдың онда немен айналысқаны жөнінде ешқандай мәліметтер жоқ. Оның қашан және қалай хан болғандығы жөнінде де бізге беймәлім. Осман авторы Сейфи Челебидің 1590 жылы аяқталған шығармасында Тәуекел хан деп аталады: «Олардың (қазақтардың) Тәуекел есімді ханы бар» [159, с. 14]. Ал Ескендір Муншидің мәліметінше, Тәуекел «өзіне хан атағын иеленіп алған» [24, с. 242-243].

Бірақ хан атағын заңсыз тартып алғандығы туралы «Тарихи аламарай-й Аббаси» авторы ештеңе айтпайды. Тәуекелдің хандық ету кезеңі қиын уақыттарға тап келеді. Бір жағынан, қазақ хандары шайбанид Абдолланы тастап кетті және күшті одақтас-тың орнына қаһарлы қарсыласқа айналды, екінші жағынан, қазақтардың моғолдар және ойрат билеушілерімен қатынастары ширыққан күйде қала берді. Бірақ, Тәуекел өзінің соғыс білгірі ғана емес, епті саясаткер екенін көрсетіп дәлелдей алды. Шынында да ол даладағы өз билігін нығайтып қана

қойған жоқ, сонымен қатар, қазақ иеліктерінің шекарасын кеңейтіп, хандықтың маңызын халықаралық істерде көтере білді. Осылардың барлығына Тәуекел сәтті әскери жорықтар мен шебер дипломатия негізінде қол жеткізді. Мәселен, ол өз ұлдарының бірін қырық қарақалпақ руына билеуші етіп тағайындайды [14, с. 3].

Жалпы қарақалпақтар XVI ғасырдың екінші жартысында Орталық Қазақстан мен Сырдарияның төменгі жағында пайда болады. Жеткен аңыздарға қарасақ: «қарақалпақ руларының 40 өкілі «ақсақалдар кеңесінің шешіміне сәйкес» қазақ ханы Тәуекелге жерлері жоқ қарақалпақтар үшін Ұлытау қойнауынан жер бөліп беруді өтінген. Тәуекел бұл өтінішті орындайды, бірақ қарақалпақтарға билеуші етіп өзінің баласын жібереді. Бірнеше жылдан кейін қарақалпақтар қазақ хан-билеушісін өлтірген соң, Тәуекел оларға сыйға берген жерлерді тартып алып қояды және қарақалпақтарды жан-жаққа таратып жібереді. Бұл аңыздан қарақалпақтардың бір кездері қазақ хандары мен сұлтандарына тәуелді болғанын көреміз. Мұнымен қатар, XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында қарақалпақтар белсенді сыртқы саясат жүргізгенін Мұхаммед Жүсіп Муншидің «Тазкира-йи Муким-хани» атты еңбегінен табамыз. Онда қарақалпақтар мен қазақтардың Бұхара ханы Бақымұхаммедке (1599-1605 жж.) қарсы көтерілісі суреттеледі және қарақалпақтардың Бұхараның айналасына бірнеше рет жасаған жорықтары туралы айтылады. Тәуекел хан тек қарақалпақтарға ғана емес өз ағасы арқылы ойраттарды да билеген. Ол өз ағасы «Шахмахмұт сұлтанды ойраттардың тағына отырғызады» [14, с. 3]. Тәуекелдің өз ағасына ойраттарға билік жүргіздіруі мына жағдайдан туындаған болатын. Шығыстан, Балқаштың ар жағынан Орталық Қазақстан мен Жетісуға ойраттардың қарсы шабуылы басталады. Мәселен, Сейфи Челебидің айтуы бойынша XVI ғасырдың аяғында Тәуекел хан ойраттарға жорық жасайды [159, с. 15], «осының салдарынан қазақ елі ойраттардың қарсы жойқын шапқыншылығына ұшырайды»

[159, с. 15]. Ойраттар Тәуекелді Ташкентке дейін қуып барып, оны талқандап, елін талан-таражға салып кетеді. Тәуекел Ташкент билеушісі шайбанид Барақ ханды жауға қарсы шабуыл жасауға үгіттейді, бірақ ол ойраттарды жеңу мүмкін еместігін айтып, келіспейді. Кей кезде қазақ хандары бұл соғыста жеңіске жетіп отырды.

XVI ғасырдың екінші жартысында ойраттардың қазақтарға ықпалы өте күшті болды, сондықтан осы кезеңдегі қазақ-ойрат қатынастары терең зерттеуді талап етеді. Шорастың «Хроникасы» бойынша Тәуекел Моғол мемлекетінің Чалыш пен Турфандағы саяси істеріне белсене араласқан. Онда, В.П. Юдиннің бағалауынша, Тәуекел ханның ұстанған жолы «бұл иеліктің тағына кім отыру керек деген мәселені анықтауда шешуші болды» [4, с. 377]. Тәуекелдің солтүстіктегі сыртқы саяси байланыстары Мәскеуге дейін созылып жатты. 1594 жылы ол Мәскеуге Құлмұхаммедтің басшылығымен елшілер жібереді [14, с. 3-5].

Елшіліктің негізгі мақсаты Ондан сұлтанның баласы Ораз Мұхаммедті тұтқыннан босатудан тұрды. Ораз Мұхаммедтің әкесі Ондан сұлтан ержүрек жауынгер, атақты мерген болған. Ол әрқашан алдыңғы саптан табылатын және кез келген жорықтарда ерекше көзге түсетін. Ондан қалмақтармен болған соғыста қаза тапқан, бейіті Түркістандағы Ахмет Яссауи мазарында. Қадырали бектің мәліметтерінің негізінде В.В.Вельяминов-Зернов Ондан сұлтанды 1585 жылы қаза тапқан дейді. Ораз Мұхаммед Онданның Жәнібек ханның баласы Үсек сұлтанның ұлы Болат сұлтанның қызы Алтын ханым атты әйелінен туған [24, с. 365-399].

Ораз Мұхаммед 1580 жылы Сібір хандығында жүргенде тұтқынға алынады. Кейін қазақ сұлтандарының арасынан Мәскеудің жанында құрылған Қасым хандығының билеушілігіне тағайындады, яғни Ресей аумағында хан болған жалғыз сұлтан; Оның таққа отыруы туралы толық түрде ерекше шығармада жазылған, ал ол өз кезегінде қазақ халқының өкілі мұсылман тарихнамасы дәстүрінде жазып қалдырған орта

ғасыр дәуіріндегі жалғыз ғана тарихи еңбек. Сондықтан Ораз Мұхаммедтің өмір тарихы туралы егжей-тегжейлі айтылады. В.В. Вельяминов-Зернов өзінің «Исследования о Касимовских царях и царевичах» еңбегінде шығыс және еуропалық деректердегі Ораз Мұхаммед жөніндегі барлық мәліметтерді қамтыған [24, с. 97]. 1594 жылы Тәуекел Федор патшаға Құлмұхаммед елшіні жіберіп, оны Мәскеу мемлекетінің құзырына қабылдауды сұрайды. Елшілер «орыс тұтқынынан Тәуекелдің жиені Ораз Мұхаммедты шығарып алу» мақсатында жіберіледі. Алайда қазақ елшілігіне орыс патшасы егер Тәуекел хан «оның орнына аманат ретінде өз баласы Хусейн ханзаданы» жіберсе ғана босататынын айтқан [14, с. 9]. Құлмұхаммед елшілігіне жауап ретінде 1595 жылы наурызда Мәскеуден Тәуекел ханға тілмаш Вельямин Степанов жіберіледі. Осылайша, қалыптасқан жағдайларда қолдау мәселесі бойынша келісімге келу мүмкін болмаса да, Мәскеу мемлекетімен дипломатиялық қатынастар мен сауда-саттық байланысы XVI ғасырдың кейінгі жылдарында да жалғасын табады. Қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының дамуы керуен саудасының одан әрі кеңеюіне ықпал жасады. Қазақтар нарыққа өз тауарларын, малды, мал шаруашылығы өнімдерін және т.б. шығарды. Қазақ хандығының аумағынан Ресейден Орталық Азия мен Сібірге жол өтті. Тобылдан Орта Азияға сауда жолы Ертіс өзені арқылы Есіл өзенінің жоғарғы жағына, ал одан әрі Ұлытау бойымен Сарысуға Түркістанға дейін, одан әрі Сырдария өзені арқылы Бұхараға қарай жүргізілді [160, с. 27].

Қазақ хандығы арқылы орталықазиялық хандықтарына апаратын басқа да бағыттың болғаны белгілі. Оның қысқаша жазбасы орыс елшісі Вельямин Степановтың Федор патшаға 1595 жылдың 20 мамыры мен 3 қазанындағы жолдауында көрсетіледі. Бұл жол Қазаннан Кама өзеніне қарай, одан әрі башқұрттардың жері арқылы Уфа қаласына немесе оған соқпай Жайық өзенінің жоғарғы бөлігіне қарай жүрді. Одан әрі жол Ырғыз өзеніне қарай және қазіргі Қазақстанның сусыз даласы

арқылы Талас Алатауына өтеді.

«Мен Қазаннан Таласқа дейін 9 апта жүрдім, аттардың көбісі шөлден қырылып қалды және Қазақ ордасына шамалысы жетті» деп хабарлады Вельямин Степанов патшаға [161, с. 193]. 1598 жылы Тәуекел шайбанидтер мемлекетіне жаңа жорық жасайды, бұл туралы Ескендір Муншидің «Тарих-и аламара-йи Аббаси» еңбегінде толықтай жазылады [139, с. 124].

Тәуекелдің шабуыл жасауына Абдолланың өз баласы Абд ал-Момынмен жанжалы себеп болған. Мауреннахрдағы шайбанид-тер әулеті осы уақытта терең саяси дағдарысқа түседі: Абдолла ханға оның жалғыз ұлы және мұрагері Абд әл-Момын қарсы шығады, оны тайпа көсемдері билер қолдайды. Хан әулетінің ішіндегі бүліктер Мауреннахрға шабуыл жасаудың басталуына белгі береді. «Әкесі мен баласының арасындағы дау мен жаулық жөніндегі хабарлар Түркістанға таралған кезде», – деп жазады Ескендір Мунши, Тәуекел бастаған қазақ сұлтандары көптеген әскермен Ташкентке жақындайды. Ескендір Муншидың айтуынша, бұл жорыққа аса мән бермеген және Тәуекелді өзіне сай қарсылас деп санамаған Абдолла хан оған қарсы шекаралас облыстардың сұлтандары мен әмірлерінің әскері мен өз әскерінің бір бөлігін жібереді. Шайқас Ташкент мен Самарқандтың арасында орналасқан жерде өтеді. Абдолланың әскеріне жойқын соққы беріліп, «әмірлер мен әскер басыларының көп бөлігі, бірнеше сұлтандар қаза табады, тірі қалған әскерлер Бұхараға қарай қашады». Алайда бұл жеңіліске мойымаған Абдолла хан жаңадан әскер жинақтап, оған өзі басшылық жасайды. Сондай-ақ, ол Гераттағы Құлбаба көкілташқа қосымша әскер жіберу туралы жаушысын аттандырады [54, с. 379]. Абдолланың жақындап қалғанын білген Тәуекел уақыт ұту үшін далаға шегініп кетіп, қолайлы жағдайды күтеді. Тәуекелдің күткен сәті көп күттірмейді. 1598 жылы Абдолла хан қайтыс болады. «Құлбаба келген соң әскерлер жиналып, Абдолла хан Тәуекелді жеңіп, кек қайтару үшін Самарқанға қарай жорыққа шығады,

бірақ, баласының тілазарлығы мен қазақтардың әрекетінен оның денсаулығы нашарлап, ол көп ұзамай қаза табады» [54, с. 379].

Абдолла өлген соң билік оның баласы Абд әл-Момынның қолына көшеді. Алайда жаңа ханның жағдайы тұрақты болмай хандық саяси дағдарысқа түседі де ол көп ұзамай 1599 жылы бүлікшіл әмірлердің қолынан қаза табады. Оның қазасынан кейін шайбанидтер әулетінде ерлерден тек Абдолланың ағасы Пірмұхаммед қана қалады, ал қалғандарының барлығын: «Абдолла хан мен Абд әл-Момын өздеріне ең қауіпті және саяси қарсылас ретінде құртып жіберген болатын» [162, с. 56].

Абд әл-Момынның қазасымен шайбанидтер әулеті жойылды. Деректер мен ғылыми әдебиеттерге көз салсақ, бұл әулеттің Абд әл-Момын хан билігінен кейін аяқталғанын көреміз. Зерттеулердің бірінде былай деп тұжырымдалады: «Шайбанидтер әулетінің билігі 1599 жылы Абд әл-Момын қаза тапқан соң тоқтады. Бұхар тағына Жәнібектің баласы және Шайбанның мұрагері аштарханид Бақымұхаммед отырды» [38, с. 83]. Кейіннен бұл тарихи дерек «Тарих-и Кипчак-хани» еңбегіндегі мынадай қызықты мәліметтердің арқасында өзгерістерге ұшырайды: «Абд әл-Момын хан өлген соң бұхарлықтар Балхтан Пірмұхаммед ханды шақыртып, мың жетінші жылдың (1598-1599 жж.) жазында оны хан тағына отырғызады. Ол үш жыл билік етті». Осы көрсетілген маңызды мәліметке сүйенген Э. Хуршаттың қорытындысы бойынша шайбанидтер династиясы өмір сүруін 1599 жылы емес, шамамен 1601-1602 жылдары тоқтатқан [164, с. 9].

Шайбанидтер мемлекетінің әртүрлі бөлігінің билеушілері мемлекетті бір биліктің астына біріктіре алмай, тарих сахнасынан кетіп жатты. Бұхарада Пірмұхаммед хан болды. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» еңбегіне сүйенсек, ол Абдолланың туысқаны және «Жәнібек руының ханзадасы» [54, с. 407], Бұхарадағы Абд әл-Момынның мұрагері болды. Оны өзбек ақсүйектері хан деп жариялап, Тәуекелге соққы беру үшін Пірмұхаммед ханның төңірегіне жиналды.

1598 жылғы Тәуекелдің Орталық Азияға жасаған жорығы парсы және тәжік тілінде шыққан Ескендір Муншидың «Тарих-и аламара-йи Аббаси», Мұхаммад Аваздың «Зийа ал-кулуб», Мұхаммадияр ибн Араб катағанның «Мусаххи ал-билад», Кипчакханның «Тарих-и» еңбектерінде берілген. Жорыққа келетін болсақ Абд әл-Момынның өлтірілгенін естіген Тәуекел 1598 жылы тамызда шайбанидтерге қарсы белсенді қимыл жасауға кірісіп, Алатау маңына ірі әскери күштерді жинақтайды. Ескендір Муншидың көрсетуі бойынша ағайынды Тәуекел мен Есім сұлтанның әскер саны жүз мың адамға жеткен. Олардағы әскер санының осынша сарбазға жеткенін «Зийа ал-Кулубтың» авторы Мухаммад Аваз да көрсетеді [164, с. 75].

Оқиғаның қалай өрбігенін Ескендір Мунши былай бейнелейді: «Мауреннахр мен Түркістанның Ахси, Андижан, Ташкент, Самарқан, Мийанкалға дейінгі уалайаттарын басып алған Тәуекел хан Самарқанда жиырма мың адаммен Есім сұлтанды қалдырып, өзі одан әрі 70-80 мың әскермен Бұхараны бағындыру үшін жылжиды. Бұхарада бар болғаны 10 000-15 000 әскер болғандықтан Пірмұхаммед хан мен Бұхараның әмірлері ашық соғысқа қатыспай, қаланың мұнаралары мен қабырғаларын бекітіп, бар күштерін орасан көп әскердің шабуылын тойтаруға дайындайды. Тәуекел хан болса қаланы қоршауға алады. Қала түбіндегі шайқас 12 күнге созылып, Тәуекелдің әскері жеңіліске ұшырап, кейін қарай қашады.

Бұған ашуланған Есім сұлтан ағасына ұланғайыр әскердің Бұхараның бейшара әскерінен жеңіліс тауып, қашқандары масқара екендігін айтып, қажет болса өзінің әскерімен көмекке келетінін айтады. Тәуекел хан інісінің айтқанына көніп кейін бұрылады. Ал Есім сұлтан оған келіп қосылады да қайта ұрысқа әзірленеді. Пірмұхаммед хан мен оның жақтастары болса Тәуекел хан қашқан соң, тартып алған жерлерін қайтару үшін Бұхарадан шығып, қазақтардың соңынан қуады.

Нәтижесінде Ұзын Сақалда (Мийанкөлде) екі жақ кездесіп, кескілескен шайқас өтеді. Бұл кезде Пірмұхаммед ханға Пул-и

Салар шайқасында қызылбас әскерінен жеңіліс тапқан Дінмұхаммед ханның інісі Бақы сұлтан қашып келіп қосылады. Тәуекел әскерімен шайқаста Бақы сұлтанның әскері шешуші рөл атқарып жеңіске жеткізеді. Алайда шайқастың өзі бір айға жуық уақытқа созылады. Өзінің Пірмұхаммед ханға шын берілгендігін дәлелдеу үшін Бақы сұлтан ер жүректілік көрсетеді. Барлық күші сарқылған Тәуекел Пірмұхаммед ханның әскеріне қарсы үлкен түнгі шабуылға шығады.

Бірақ Пірмұхаммед ханның әскері де оларды күтіп алып қатты қарсылық көрсетеді. Түнгі шабуыл кезінде Тәуекел ханның әскері Пірмұхаммед ханның туысы Сайид Мұхаммед сұлтанды, Мұхаммед Бақы аталық-диванбегін өлтіреді. Бірақ Тәуекелдің өзі де жараланып, табысқа жете алмай Ташкентке қарай кейін шегінеді. Сол жерде қаза табады» [54, с. 408].

Біршама уақыттан соң Накшбендий ордені шейхтарының делдалдығымен қазақтар мен шайбанидтер бітімге келеді: қазақтар Самарқаннан бас тартады, бірақ Ташкентті, Сайрамды, Түркістанды және басқа да бірқатар бекіністі өз қолдарында қалдырады [24, с. 347-352].

Осылайша, аз ғана уақыт ішінде Тәуекел ханның ажал құшқанына қарамастан Қазақ хандығының иелігіне Түркістан, Ташкент, Ферғана өтеді. Тәуекел ең күші тасыған және өз саяси салтанатының шарықтау сәтінде қайтыс болады. Оның балалары туралы мәлімет өте аз. Қазақ елшісі Құлмұхаммед өзі Мәскеуде болған 1594 жылы тұтқын-ханзада Ораз Мұхаммедтің Тәуекел ханның балалары туралы сұрағына, былай деп жауап берген: «Ханның үлкен баласы Қожа Үсейін ханзада 10 жаста, екіншісі 8-де, үшіншісі 4-те» [14, с. 4].

Тәуекел ханның ұлдарының өмірлері туралы мәліметтер жоқ. Тәуекел сымбатты адам болған, өзінің әдемі келбеті және асқан мүсінімен ерекшеленген. Оның әскери және дипломатиялық таланты көркіне сай екен. Табиғат ақылды да, сыртқы келбетті, ақындықты да берген ол, сол уақытта «ер жүректілігімен, батылдығымен және батырлығымен әлемдегі жалғыз адам болды және Дешті Қыпшаққа аты шықты».

Тәуекел туралы қазақ ханының замандасы, шайбанид Абдолланың сарай тарихшысы Хафиз Таныш осылай жазады. Шынында да ол қаруды жақсы пайдалана білді, әскери істі ақылмен түсінді және соғыста үлкен жеңістерге жетті. Бұл жерде «Шараф-наме-йи шахидағы» әңгімелерді айта кету керек.

1581 жылы қазанда Тәуекел Бұхарада Абдолла ханның ұлы және мұрагері Абд әл-Момынның жанында болады. Жаңа ай толуына байланысты Абдолла биік таяқтың ұшына байланған алтын-күміс шарларды садақпен ату сияқты дәстүрлі ойын-сауықтары бар кеш өткізеді. Жарысқа көптеген сұлтандар мен әмірлер қатысады, бірақ Тәуекел жеңіске жетеді. 1582 жылы көктемде Абдолла осы уақытта өзінің жақтастарымен Орталық Қазақстанға бет алған шайбанид Баба сұлтанға қарсы кезекті жорығын бастайды.

Ұлытаудың маңайына келген Абдолла өзі аңға шығуды көздеп, жаудың соңынан қууға Асфандияр сұлтанды әскерімен жібереді. Шайбанид сұлтанының жанында өз жеке жасағымен Тәуекел да болады. Қазақ сұлтаны жаудың әскерін бірінші болып байқап, «бірінші шабуылдың өзінде қарсыластың адамдарын жояды». Келесі жолы Тәуекел Баба сұлтанның інісі, Наурыз Ахмадтың баласы «ұсталмайтын Тахир сұлтанды» тұтқынға алады, ал оны Абдолланың інісі Ибадолла сұлтанның адамдары ұзақ уақыт бойы қолға түсіре алмаған. 1582 жылы жазда Тәуекел Баба сұлтанның өзін тұтқынға алып, Абдулланың жиырма жылдан астам уақыт бойы саяси қарсыласы болған адамның басын алады. Шығайдың ұлы Тәуекел сұлтан ержүрек және табысты жауынгер болды. Сонымен қатар, ол жақсы ұл да болған. Өз әкесін тірі кезінде үлкенге тән құрметпен сыйлайды. Оның әрекетінен қандай да бір кемшіліктер іздемей, оның сын сағатта тастап кетпейді. Тек оны Али Атаның түбіне жерлеген соң ғана Тәуекел өз жолымен кетеді. Бұл жол оны алдымен таққа, содан кейін Түркістан мен Мауреннахрдың басты қалаларын жаулап алушы даңқына әкелгенін білеміз. Сонымен қатар, онда парыз сезімі жақсы

дамыған; шайбанид Абдолланың нөкерінде болған уақытта оған адал қызмет жасаған. Ол шешуші әрекеттерді жасауға да қабілетті болған: ханның опасыздығынан күдіктенген ол Бұхара сарайын-дағы барлық жақсылықтардан бас тартып, Мауреннахрды тастап, Дештіге кетеді.

Ол жағдайды өзіне бағындыра білген: ағасын қалмақтарға, баласын қарақалпақтарға билеуші етіп қояды, ал өзі Мәскеу ханымен бейбіт келіссөздер жүргізіп, Бұхар ханымен соғысқа дайындалады.

1598 жылы ол Мауреннахрға қарсы соғыста 120 қазақ сұлтаны мен 90 мыңдық әскерді бастап шығады. Ең маңыздысы – Самарқан маңайындағы Кан-и Гил деген жерде барлық 120 қазақ сұлтаны ханның жеке үлгісімен софы шейхы Қожа Исхактың мүридтерінің қатарына кіреді [164, с. 75].

Сол үшін «Мусаххир ал-билад» бойынша Ферғананы Тәуекелге жергілікті дін иелері берген: «Жүсіп қожа Сейіт-Ата сенімсіз адамдармен бірігіп, Әндіжаннан шығып, Мұхаммед Құлисұлтанды тұтқынға алады. Оны Тәуекел ханға апарып, мәртебелі шахзаданы өлімге тастайды» [63].

Жүсіп қожа Сейіт-Ата атақты шейх Сейіт-Атаның ұрпағы және діни тұлға болуы мүмкін. Орта Азияғы жорығы кезінде Тәуекел тек өз әскеріне ғана сеніп қойған жоқ, оған Орталық Азияның белгілі бір діни күштердің өкілдері қолдау көрсетіп отырды. Тәуекелдің Нақшибандиа орденінің ортаазиялық сопылық пірлерінің ниетін жаулап алуға және болашақта олардың қолдауына сүйенуге ұмтылуын Мұхаммад Аваз жазады. Оның Орталық Азия діни өкілдерімен байланысы әкесі Шығаймен бірге II Абдолла ханда қызметте болған кезде басталса керек.

Көптеген мамандар XV-XVI ғасырларда қазақтар арасында әлі де болса шаманизм мен пұтқа табынушылық сақталды, ал ислам кеңінен тарала қойған жоқ деп есептейді. Бірақ, исламның ең алдымен қазақ хандары мен сұлтандарының арасында таралғанын ескеру қажет. Исламды қабылдау қазақ хандарының мұсылман дінбасылары мен софылық одақтар

арасынан өзіне мықты әлеуметтік тірек іздегенін жоққа шығара алмайды [164, с. 73].

Әдебиеттерде көшпелі қазақтардың арасында исламды таратуда қазақ хандары мен сұлтандарының белсенді қызмет атқарғандығы айтылады, оған негіз қазақ хандары мен орталықазиялық дін өкілдерінің идеологиялық және мемлекеттік мүдделерінің ортақтығы болды [164, с. 72-73].

«Зийа ал-кулуб» шығармасында сопы пірлерінің өз діни қағидаларының көшпелі қазақтардың арасында белсенді түрде насихаттап, оларды өз мүридтерінің қатарына тартқан. Тәуекел хан Орталық Азияда тек дін басыларына ғана сеніп қойған жоқ. Ескендір Муншидың мына хабары аса қызығушылық тудырады. Оның көрсетуі бойынша Тәуекел ханның әскері қатарында «Түркістан тайпалары мен далалық өзбектерден шыққан» сарбаздардан тұрған. Олардың қатарына ең алдымен қазақтармен қатар Тәуекел Түркістанда тұратын өзбектерді де кіргізген. Әскери әрекеттерді суреттеулерге қарағанда аталғандардың оның жағында белсенді түрде шайқасқанын көреміз және олардың Пірмұхаммед хан мен Бақы Мұхаммед сұлтан жағына қашып кеткендігі жайлы ешқандай мәлімет жоқ. Демек, олардың Тәуекел хан әскерінің қатарында өз еріктерімен қосылғанын байқаймыз. Өйткені Ескендір Мунши Самарқан түбіндегі шайқаста жекелеген әскер басыларының Пірмұхаммед хан мен Бақы султанның қашып, қарсыластар жағына өткендігі туралы да айтады. Керісінше, Ескендір Мунши Тәуекелдің жағына шайбанидтер мемлекетінің белсенді әмірлерінің бірі Абд ал Васи бидің өткендігін көрсеткен. Ол «Абд әл-Момын ханды өлтіруге қатысқандардың бірі болған, осы әулеттің жақсылығын білмей, Тәуекел ханға қызмет етуге кетіп қалып, оны Мауреннахрды жаулап алуға үгіттейді» [54, с. 408].

Тек Абд ал Васи би ғана емес, шайбанидтер мемлекетінде жоғарғы билікке Абдолламен бірдей құқықтары болған кейбір ықпалды адамдар да, Түркістан мен Мауреннахрдағы билікті Тәуекелмен бөлісуге қарсы болмаған. Мысалы, «Мусаххир ал-

билад» бойынша, Өзбек сұлтан Тәуекелмен Абдоллаға қарсы астыртын әрекет жасау үшін келісім жасап, оған өзінің балаларын жібереді, өйткені ол балаларын Абдолланың кегінен қорғауды ойлаған. Тәуекел оған: «Түркістанда немесе Мауреннахрда қандай да болмасын уалайатты жаулап алса, онда тең бөлетіндігі» туралы уәде береді [165, с. 215].

1551 жылдың өзінде-ақ Өзбек сұлтанның Бұхарадағы билікке таласқандығы, оның қарсыласы ІІ Абдолла хан болғандығын жоғарыда айтып өткенбіз. Алайда ақсүйектердің басым бөлігі мен мұсылман дінбасылары Өзбек сұлтанды қолдамады. Оған күдіретті Қожа Мұхаммед Ислам да қолдау көрсетпейді. Джуїбарыс шейхтарының өмірбаяншылары Мұхаммад Тахир мен Бадр ад-Дин Кашимирдің мәліметтері бойынша Балх билеушісі Пірмұхаммед хан Бұхар тағына өз адамы шайбанид Рустам сұлтанның баласы Омарғазы сұлтанды (Өзбек сұлтан) отырғызуға тырысады. Осыған байланысты «Раузат ар-ризан» еңбегінің авторы былай деп жазады: «Бір күні көрнекті әмірлер Шыңғыс ханның йассыларына сүйеніп, Өзбек хан үшін өтінішпен жоғары мәртебеліме (Қожа Мұхаммад Ислам) жүгінеді, бірақ ол І «Дервиштер Шыңғыс ханның заңына бағынбайды, олар тек Аллахтың еркіне бағынады» деп жауап береді. Әмірлердің Өзбек ханды Пірмұхаммед ханның қолдайтынын, оның басқалардан үлкен, ержүрек екендігі туралы ескертуіне Қожа Мұхаммад Ислам «Егер Өзбек сұлтанды Пірмұхаммед хан қолдайтын болса, Абдолла ханды Аллах қолдайды» деген [166, с. 82].

Сондықтан Тәуекелдің Орталық Азияға келуіне жоғары шайбанид ақсүйектері қарсылық білдірмегендіктен оның Орталық Азияға жорығы кездейсоқ және күтпеген жерден болған жоқ. Оны Мауреннахрда күтті, көмек көрсетуге уәде етті және шынында да көмек көрсетті. Ол әртүрлі топтардың – дінбасылары мен қызметкерлердің, шайбанид Жошы ұрпақтарының қолдауын пайдаланды. Осылайша, Мауреннахрда шайбанидтер әулетін қазақ хандарының әулетімен ауыстыру

бағытының болғандығын айтуға болады.

Жекелеген шайбанидтер билікті бөлісуге, бірлесіп билеуге де қарсы болмады. Дереккөздерді одан әрі тыңғылықты зерттеу осы саяси бағытты анықтауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Қазірдің өзінде белгілі бір қорытындылар жасауға болады.

1598 жылғы Тәуекел хан мен Есім сұлтанның Орталық Азияға жорығын Мауреннахрдағы бүліктерді отырықшы-егінші жерлерді ойрандаушылық пен тірі тауарды жаулап алуға ыңғайлы сәт ретінде пайдаланған көшпелілердің көптеген басқа жорықтары қатарында қарауға болмайды. Бұл жорық ерте бастан жоспарланған. Ол Тәуекелдің көп жылғы қызметімен әзірленді және алдына ұзаққа созылатын мақсаттар қойды. Құрамына шайбанидтер мемлекетінің аумағы да кіретін жаңа мемлекет құруға талпыныс жасалды. Осылай ғана Тәуекел Қазақ хандығының шаруашылық-экономикалық және әлеуметтік-саяси оқшаулығын жоя алатын еді.

Осы оқиғаға дейін 100 жыл бұрын Мухаммед Шайбани хан бүкіл Мауреннахрға билік құруды жүзеге асыра алды. Орта Азияның бұған дейінгі көп ғасырлық тарихында да ұқсас оқиғалар болды. Дегенмен Тәуекел алдына қойған міндетін орындай алмады – Мауреннахр қазақ хандарының билігіне көшпеді. Бірақ Түркістан, Ташкент, Ферғана белгілі бір уақытқа Қазақстан құрамына кірді. Олардың кіруі қазақ және орталықазия хандары арасындағы бітімгершілікпен бекітілді. Оның жасалуына сопылық Накшбандий орденінің шейхтары делдал болды. Осылайша, Қазақ хандығының құрамына жаңа облыстардың кіруі осы облыстардың тарихи жағдайын анықтап қана қойған жоқ, сонымен бірге жаңа тарихи кезеңнің басталуын білдірді.

1598-1599 жылдардағы оқиғалардың Қазақ хандығы үшін терең салдары болды: олар Орталық Азиядағы билеуші әулеттің ауысуына мүмкіндік жасады. «Тарих-и аламара-йи Аббасида» Тәуекел хан мен Есім сұлтанға қарсы күрестегі аштарханид Бақы Мұхаммед сұлтанның еңбегі ғана оған Самарқан пен Самарқан уалайтында билік етуге ықпал жасады

деп көрсетілген.

Орталық Азиялық Жошы ұрпақтары өзара қарым-қатынасының сипатын білгендіктен, Ескендір Муншидің шайбанид Пірмұхаммед ханның Самарқанды Бақы Мұхаммед сұлтанға көрсеткен көмегі үшін алғыс ретінде берді деген мәліметін шындық ретінде қабылдауға болмайды. Бақы Мұхаммед сұлтан күшті болғандықтан Пірмұхаммед хан онымен санасуға мәжбүр болды. Бұдан басқа, Тәуекелді жеңгеннен соң табысты да жігерлі Бақы Мұхаммед сұлтанның айналасына көптеген мемлекеттік адамдар жиналса керек. Ол өзі билік ететін облыстардың пайдасын өз жағына атақты ақсүйектер мен мемлекеттік адамдарды тарту үшін аямай жұмсады.

Бақы Мұхаммед сұлтан Самарқанға көптеген шеткері облыстарды қосып алып, осының көмегімен күшейе түсті. Жоғарыда аталған қасиеттерімен ол Орталық Азияның ықпалды топтарына көшпенді қазақтарға қарсы шыға алатын адам болып көрінсе керек.

Осылардың барлығы оған аштарханидтер (джанидтер) әулетінің негізін қалауға мүмкіндік берді. Түркістан, Ташкент, Ферғананы жоғалту аштарханидтер әулеті үшін елеулі болды. Сондықтан олар XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында бұл қалаларды өз билігіне қайтару үшін үнемі жорықтар жасағанымен, олар ешқандай табыс әкелмеді. Олар тек Ферғананы ғана қайтара алды. Жоғарыда қазақ билеушілері мен аштарханидтер арасында келісім болғандығын айтып өткенбіз, оның шартына сәйкес Түркістан, Ташкент, Ферғана қазақ хандарында қалды және аштарханидтер Ташкенттің ісіне араласа алмады. Шарттың басқа талаптары туралы ешқандай мәлімет жоқ.

Осыған қарамастан бұл мәселе бойынша қандай да бір қосымша мәлімет айтылуы мүмкін. «Тарих-и аламара-йи Аббасида» аштарханидтермен келісім жасаған Ташкенттің қазақ билеушісі «уәли», яғни уалайаттың билеушісі деп аталған. Бұдан қазақ хандарының билігіне көшкен және оның ісіне аштарханидтер араласпауға міндеттенген Ташкент шын

мәнінде уалайат, яғни аштарханидтер мемлекетінің облысы мәртебесінде болған деген қорытынды жасауға болады.

Бұл сонымен қатар, 1600-1601 жылы Ташкентте аштарханид Жани Мұхаммед аты жазылған монетаның жасалуымен де дәлелденеді. Хан атының монетаға жазылуы оның билігін мойындау болып табылатынын ескерсек, онда Ташкентке аштарханидтер егемендігінің таралғанын көреміз. Құжаттардан, жазбаларда аштарханидтер Түркістанға, Ташкентке өз егемендіктерін атап көрсеткендігі белгілі. Сухайлдың «Имамкули-хан-наме» еңбегінде қазақ хандары ішінен өз атынан монета ақшасын Ташкентте Тұрсын Мұхаммед соға бастағандығы айтылады және ол осымен бір мезгілде Аштарханид Имамқули ханға (1611-1642 жж.) бадж бен харажды, яғни Ташкент уалайатынан салықтарды жіберуден бас тартқан және құтба да өз атын егемен тақсыр ретінде жариялаған [167, с. 67-68].

Осылайша, 1598-1599 жылдары Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілері Мауреннахрды жаулап алу үшін соңғы талпыныс жасады. Тәуекел бүкіл Орталық Азияға билік жүргізе алмады, бірақ осы кезден бастап Қазақ хандығының құрамына екі жүз жылға Ташкент, белгілі бір уақыт аралығына Ферғана және бүкіл Түркістан, яғни Сырдарияның орта ағысының екі жағалауындағы бұған дейін шайбанидтер билігінде болған отырықшы-егінші аудандар енді.

Аталған облыстардың қосылуы Қазақ хандығының экономикасына, қоғамдық және саяси құрылымына үлкен ықпал жасады, мемлекеттік шекараның тұрақтануына мүмкіндік берді, қазақ-орталықазия саяси және экономикалық қарым-қатынасының жүйесін бекітті, тайпалар мен халықтардың Сырдария өзенінің бойында орналасуын реттеді және осылайша кеңестік кезеңде қазақ-орталықазия аумағында ұлттық межелеудің негізіне алынған келешектегі ұлтаралық шекараның бөлінуінде шешуші мәнге ие болды.

3.3 Есім мен Тәуке хандардың билігі және Қазақ хандығының саяси жағдайы

XVII ғасырда Қазақстанның халықаралық жағдайы біршама өзгерді. Қазақ иелігінің шығыс шекарасында Орталық Азия тарихындағы соңғы күшті көшпелілер мемлекеті – Жоңғар хандығы (1635-1758) құрылды. Қазақ хандығында хандар мен сұлтандар арасындағы өзара талас-тартыстың қайта басталысымен, ойраттар бұрынғы жорықтары үшін кек ретінде қазақтарға шабуылдарын жандандырды. Олар Тәуекел хан өлгеннен кейін Есім хан уақытында қазақтарды Жетісудан ығыстыра бастады. Елдің оңтүстік-батысында да ірі өзгерістер болды. Бұхар ханы Абдолла 1598 жылы қайтыс болғаннан кейін оның құрған мемлекеті де құлады, көп ұзамай Мауреннахрдағы шайбанидтер әулетінің үстемдігі де тоқтады, Бұхарадағы билік басына жаңа әулет – джанидтер немесе аштарханидтер әулеті келді. Жаңа джанидтер әулетінің бірінші ханы кім болды – Джани Мұхаммед сұлтан ба, әлде оның баласы Бақы Мұхаммед сұлтан ба деген мәселе бойынша айтыс ұзақ уақыт жүргенімен, әлі күнге дейін анықталмай отыр [24, с. 345-362].

Жаңа әулеттің негізін қалаушы Джани Мұхаммед сұлтан (Жәнібек сұлтан) Шыңғыс ханның баласы Жошы ханның баласы Тұқай Темірдің ұрпағы. Олар Астраханда Қажы Тархан, аштархан – мұсылман деректерінде) билік жасаған. XVI ғасырдың екінші жартысының басында Астрахань хандығы Ресейге қосылғанда, Джани Мұхаммед Мауреннахр шайбанидтеріне қашады, Жошы ұрпағы сұлтанын Абдолланың әкесі Ескендір құрметпен қарсы алып, оған қызын да береді. Бұл некеден Бақы Мұхаммед есімді ұл туады. Бұхарада әулеттер ауысымы болғанда, жаңа әулет джанидтер (Джанид Мұхаммед сұлтанның атына байланысты) немесе аштарханидтер (шыққан жеріне байланысты Астраханнан – Аштарханнан) деген атқа ие болады. Джанидтер әулеті Мауреннахрда 1200/1785-86 жылдарға дейін билік құрады.

Шайбанидтер әулеті құлап, джанидтер әулетінің келуімен Бұхара хандығының шегі біршама азаяды. «Бахр ал-асрар» авторының көрсетуі бойынша джанидтер таққа отырғанда мемлекет тек алты үлеске бөлінген: Бұхара, Самарқан, Сагардж, Ұратөбе, Шахрисябз, Хузар. XVII ғасырда Ташкент, Түркістан, Сайрам, Әндіжан және Орта Азияның бірқатар мәдени облыстарының үлкен бөлігі қазақ хандары мен сұлтандарының иелігінде болды. Мемлекетте өзбек тайпаларына мығым тірегі болмаған алғашқы аштарханидтердің билігі маңызды болмады, ол сондай-ақ, осы әулеттің ішіндегі өзара шайқастармен әлсіреген болатын.

Бұхараның саяси күшінің әлсірегенін пайдаланған қазақ хандары мен сұлтандары өздеріне пайда табу мүмкіндігін жібермеді. Олар джанидтер иеліктеріне басып кіріп, өз шапқыншылықтарымен Орталық Азияның шекаралас және орталық аудандарын талан-таражға салды, кейде олар ішкі партиялардың күресіне де қатысты, біресе бүлікшілер, біресе заңды билеуші жағына шығып отырды. Кейде, Қазақ хандары мен Бұхара хандары өзара одақ құрып, ортақ жаулары – ойраттарға қарсы соғысқа шығып отырды. Өйткені, олардың батысты жаулап алуынан Қазақ хандығының да, Мауреннахрдағы джанидтер мемлекетінің де тәуелсіздігіне қауіп төндіре бастады.

Өз кезегінде қазақтар да көмегін беріп тұрған. Мәселен, Есім хан бастаған 5 мың қазақ 1611 жылы Иранға қарсы күресінде Имамқұл ханға көмек береді. Алайда, бұл одақ уақытша сипатта көрініс тапты және Имамқұл хан қазақтарға қарсы бірнеше рет жорықтар жасады. «Тарих-и аламара-йи Аббасиде» атты шығармада Имамқұл қазақтардың билігіндегі Ташкентке екі жорық жасаған. 1611 жылдың басында өткен бірінші жорықта Имамқұл хан Ташкентті ала алмай қазақтармен келісімге келсе, 1613 жылғы екінші жорықта Имамқұл хан Балх әскерін басқарған Нәдір-Мұхаммедпен бірігіп Ташкентті қазақтардан тартып алады. Осы жеңістен кейін ол өзінің ұлы Ескендір сұлтанды Ташкент билеушісі етіп

тағайындайды [168, с. 495].

Дегенмен Ташкент Бұхара ханының билігінде ұзақ болған жоқ. Қазақ әміршілерінің Бұхара хандығымен өзара қатынастарының мән-жайы «Тарих-и аламара-йи Аббасиде», «Бахр әл-асрарда» және Иван Хохловтың «Статьялық тізімінде» суреттеледі. Бұл деректерде Имамқұл хан мен Ташкентте отырған қазақ ханы Тұрсын-Мұхаммед арасындағы соғыс туралы (1030/1620-1621) айтылады. Ескендір Муншының айтуына қарағанда, екі рет тас-талқан болып жеңілген Имамқұл қазақтармен татуласуға мәжбүр болған [54, с. 678].

Бұл туралы Иван Хохловтың «Статьялық тізімінде» мынадай мәліметтер бар: «Бұхараның Имамқұл патша Ташкенттің Тұрсын сұлтанымен соғысы болды, мұның себебі: осының алдында сол Тұрсын сұлтанды өз адамдары қуып шығып, Имамқұл патшаның аяғына жығылған; сонда Имамқұл патша оған жақтасып, оны мемлекет басына отырғызған; ал оның мемлекеті – Ташкент қаласы, ал оның адамдары көшпелі, ол Қазақ Ордасы деп аталады, ал қазақ Ордасында ханзадалар көп дейді, ал Тұрсын үлкені болған, сондықтан олардың заңы бойынша патшалық соған жеткен» [169, с. 421].

XVII ғасырдың алғашқы үш онжылдығында Қазақ хандығының ішіндегі саяси жағдай тұрақты болмады: елде билік үшін таласқан түрлі сұлтан тектері арасында күрес жүріп жатты. Бірақ өзара тартыстар хандықтың күйреуіне әкеп соқпады. Өзара таласқа түскен қазақ хандары Есім мен Тұрсынның мұрагерлері Қазақ мемлекетінің саяси тұтастығын сақтап қана қоймай, бірқатар реформалар жүргізіп, ішкі саяси жүйені айтарлықтай нығайтуға қол жеткізді.

XVII ғасырда Қазақ хандығының қоғамдық саяси өмірінде маңызды өзгерістер орын алды. Деректерде дала билеушісін әрқашан кеңесшілердің, көмекшілердің, әскербасылардың көптеген тобы мен жеке жасағы мен күтушілер қоршап жүретіндігі белгілі.

Осыған қарамастан, XVII ғасырға дейін хан сарайы, қазақ хандарының тұрақты тұратын орындары туралы деректерде

ештеңе айтылмайды. XV-XVI ғасырлардағы қазақ хандарының билігі даладағы қоныстардың арасында жүрумен өткен.

Бұл жағдай XVI-XVII ғасырдың шегінде, қазақ билеушілерінің қолына Ташкент пен Түркістан көшкенде өзгере бастады. XVII-XVIII ғасырдың басында бұл қалалар кезекпен қазақ хандарының тұратын орны және хандықтың саяси орталықтарына айналды. Ол жерде хандардың «ерекше сарайлары» болды және хандар өз ордаларымен далаға көшкен кезде, астанада басқару үшін олардың сенімді адамдары қалатын.

Есім хан болып 1598 жылдың күзінде, өзінің бірге туған бауыры Тәуекел қайтыс болғаннан кейін жарияланады. Өлген ханның балалары әлі кәмелеттік жасқа толмады. Ал Есім сол кезде Ташкенттің билеушісі және қазақтардың мыңдаған әскерінің қолбасшысы болатын. Сонымен қатар, ол даңқты сұлтан, ержүрек жауынгер, ысылған мемлекет қайраткері, әскери өмірге бейімделген қолбасшы еді. Осыған байланысты сұлтандар мен әскердің көпшілігі хан етіп Шығайдың баласы Есім сұлтанды жариялайды.

Шығай ханның кем дегенде он екі ұлы болғанын, Мауреннахрға 1598 жылғы күздегі соғысқа 120-дан астам қазақ сұлтанының қатысқанын ескерсек, жаңадан сайланған Есімнің қазақ сұлтандары арасында қарсыластарының аз болмағанына таң қалуға болмайды.

Есім ханның саяси қарсыластары арасынан деректер екі сұлтанды – жалған Абд ал-Гаффар мен Тұрсын Мұхаммедты ерекше атап көрсетеді. Оның біріншісі жайлы Мұхаммед Йара ибн Араб Қатағанның «Маусаххир ал-билад» еңбегінде айтылады.

Мұхаммед Йара көрсетіп отырған оқиға шайбанид Абдолла мен оның мұрагері Абд ал-Момын қайтыс болып, Мауреннахрда Джанид Бақы-Мұхаммед, ал Қазақстанда Есім хан билік құрған кезде орын алған. 1012/1603 барыс жылының күзінде Түркістандағы қарақалпақ халқы бір адамды Абд ал-Гаффар (шайбанид Баба сұлтанның баласы) деп атап, оны

таққа отырғызады.

Қарақалпақтардың XVI ғасырдағы сыртқы саяси тарихы туралы мәліметтер жоқ, бірақ деректерде осы ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында қарақалпақтардың уақытша Сырдария өзенінің бойы мен Ташкентті иеленіп, қазақтарды ығыстырып шығарғандығын айтады.

Мысалы, «Мусаххир ал-биладта» былай деп көрсетіледі: «Абдолла хан мен Абд әл-Момын хан өлгеннен кейін Түркістандағы қарақалпақ халқы Абд ал-Гаффар сұлтанға ұқсайтын адамды Абд ал-Гаффар деп, оны билік тағына отырғызады. Бахадүр хан мен Есім хан және қазақ сұлтандары Ташкент пен Сайрамнан әскермен келіп Абд ал-Гаффар сұлтанмен он екі күн соғысады. Он үшінші күні қазақтар жеңіліс табады, ал Абд ал-Гаффар Түркістан, Сайрам, Ташкент, Ахсыкент, Әндижан уалайаттарын жаулап алып, Ташкентті астана етіп жариялайды. 1012 барыс жылы ол жорыққа шығады. 1013 қоян жылы ол Ташкентті тастап шығып, оның қақпаларынан жарты фарсах жерде орналасқан Қара Қамыс алаңқайына шатыр тігеді. Бахадүр хан мен Есім хан Ташкентке Алатау жағынан Абд ал-Гаффарға шабуыл жасау мақсатымен көптеген әскермен келеді, бір адамды тұтқынға алып, одан Абд ал-Гаффардың жағдайы туралы сұрастырып, одан барлығын біліп алады да таң ата Қара Қамыстағы оның шатырына шабуыл жасайды. Бұл кезде Абд ал-Гаффар ұйықтап жатады. Ат тұяғының дүбірінен шошып оянған ол шатырдан атып шығады. Осы кезде Есім хан үлкен қылышпен оның қарнын жарып жібереді» [38, с. 61-62].

Есім ханның тағы бір саяси қарсыласы Тұрсын хан онымен салыстырғанда табыстырақ болды, ол хан билігін 1022/1613-14 жылдары қолына алып, он үш жылдай билік еткен. Оның толық аты Тұрсын Мұхаммед сұлтан. Оның шығу тегі әлі күнге дейін толық анықталмаған күйде қалып отыр. Кейбір орыс деректерінде Тұрсын хан Есім ханның інісі деп көрсетіледі [168, с. 136].

Ал Англияда сақталып тұрған «Бахр ал-асрардың» 6-

томының 4-бөлімінде, ол Жалым сұлтанның баласы деп айтылған [170, с. 119]. Жалым сұлтанның аты мұсылман деректерінде де, орыс деректерінде де көрсетілген. Атап айтқанда, ноғай Орыс мырзаға жіберілген Мәскеу патшалығының елшісі Семен Мальцевтың хабарында, 1569 жылы қазақ ханы Хақназардың 20 қазақ сұлтанымен, ішінде «Шығай ханзада мен Жалым ханзада да бар» Ноғай Ордасына келіп, ол жерде ойран салғандығы айтылған [24, с. 323].

Хафиз Таныштың көрсетуі бойынша, 1580 жылы сәуірде Ташкент билеушісі шайбанид Баба сұлтан қазақтардың билеушісімен күш біріктіріп, Бұхара ханы Абдоллаға қарсы шығу ұсынысымен Жанқұли би есімді елшісін жібереді. Хақназар хан, Жалым сұлтан және басқа да қазақ сұлтандары алдымен Жанқұли биді, содан кейін Баба сұлтанның өзін өлтіру мақсатында астыртын сөз байласады. Бірақ, астыртын әрекет кездейсоқ ашылып қалады. Жанқұли биді өлтіруге тиіс адам, оны аяп босатып жібереді, ал ол өз кезегінде Баба Сұлтанға қастандық туралы ескертіп үлгереді. Ал бұл кезде, Ташкент билеушісін өлтіруге тиіс Жалым сұлтан «ештеңеден күдіктенбей, өзінің екі ұлымен және Хақназардың екі ұлымен көптеген адаммен Баба сұлтанға барады. Кездесу Шарапхана өзенінің жағасында өтеді. Кеңескеннен кейін Баба сұлтан олармен бірге Хақназар ханға барады, Хақназар хан қалай айтады, солай болады деген шешімге келеді. Осыған келіскен олар өз аттарына мінген кезде, Баба сұлтан оның атының тізгінін ұстап, өз әскеріне Жалым сұлтан мен оның қасындағы төрт ханзадаға бас салуды бұйырады. Жалым сұлтан мен оның қасындағылар қылышын қындарынан суырып үлгермей-ақ қаза табады. Қан судай тасып, дала қып-қызыл болады» [4, с. 253-254].

Жалым сұлтанның шығу тегі белгісіз. Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шахи» шығармасының үзінділерінің аудармасына келтірілген ескертулерде алынған дереккөздері көрсетілмей, Хақназар ханның інісі, яғни Қасым ханның баласы деп беріледі [4, с. 536]. Жалым сұлтанның қызы Баба

сұлтанның әйелі болған [4, с. 253].

Оның екі баласы, жоғарыда көрсетілгендей жас кезінде Жалым сұлтанның өзімен бірге Баба сұлтанның қолынан қаза табады. Ал, оның үшінші ұлы – Тұрсын Мұхаммед өз ағаларынан кейін 47 жыл өмір сүріп, хан тағында қайтыс болады. Тұрсын сұлтанның хан тағын озбырлықпен тартып алуы бізге белгілі деректердің ешқайсысында айтылмайды. Тек хан тағына таласта Тұрсын сұлтанды Джанид Имамқұл хан (1611-1642 жылдары билік еткен) қолдағаны белгілі. Ол Бұхара хандығының бұрынғы шығыс облыстарының билеушісі өз отбасының мүшесі болмаса да, қазақ хандарының ішінен өз жақтасы болғанына аса мүдделі болған. Махмұд ибн Уәлидің айтуы бойынша, 1612 жылы Тұрсын сұлтан Бұхараға «кейбір қазақ сұлтандары қырғыз және қалмақ тайпаларымен бірігу туралы келісім жасап, Сырдария жағасындағы Тұрсын сұлтанның ұлыстарына қауіп төндіріп, талан-таражға салуда» деген шағыммен хабаршы жіберген. 1613-1614 жылдары Имамқұл хан Ташкент пен «басқа да шығыс уалайат-тарына» қарай жорыққа шығады. Олар Сырдарияда өткен соң, оның лагеріне аз ғана нөкерімен «Ташкент пен сол аумақтағы басқа да уалайаттардағы билік тізгінін өз қолына алған» Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын сұлтан келеді. Бұхара ханы билікті жаулап алуды мақұлдаған соң, ол өзіне қарай кетеді [170, с. 119]. 1616 және 1620 жылдардағы орыс құжаттарында, Тұрсын хан «Бұхара ханы Имам Құлидың қойған адамы» деп тікелей көрсетіледі [168, с. 105]. Қазақ ханы болған ұлыс сұлтаны Тұрсын Мұхаммед Ташкентте орналасып, өзінің дербес билігінің белгісі ретінде, XVII ғасырдағы орталықазия авторларының айтуы бойынша, жеке монета ақшасын соғып шығара бастаған және халықтан «баж бен харадж», яғни жер салығын жинаған [4, с. 315].

Тұрсын хан кезінде Түркістанның отырықшы аудандарындағы қазақтар билігі Ташкентке, Бискентке, Түркістан қаласына, Сығанаққа, Созаққа, Сауранға, Шахрухийаға, Әндіжанға және т.б. тараған. Алайда осы қалалар үшін Бұхара

ханы мен қазақ сұлтандары арасында үнемі соғыс болып тұратын. Кең байтақ және көп адамдық ел тек соғысып қана қойған жоқ. Орыс деректеріне сүйенсек, Тұрсын хан кезінде хандықтың «сауда адамдары» Қазан және Сібір қалаларымен табысты сауда жасаған [168, с. 140].

Тұрсын Мұхаммед хан күшті және көрші билеушілерге қорқыныш туғызатын билеуші ретінде танылған. Мәселен ойрат билеушілері Тұрсын ханнан қорқатын болған: «өйткені Тұрсын хан оларға күшті» [168, с. 136].

Ол бірнеше рет Бұхара ханын жеңген. Тұрсын хан, оның замандасы Махмұд ибн Уәлидің айтуынша, қажет болғанда жүз мыңға дейін әскер жинай алатын, мысалы 1621 жылы аштарханилердің әскерлері мен біріккен қазақ және қырғыз күштерінің арасында ең ірі шайқастардың бірі болады. Тұрсын хан 100 мыңдай жауынгер жинаса, олардың 10 мыңын қырғыз тайпаларының көсемдері берген. Махмұд ибн Уәлидің мағлұматы бойынша, Имамқұл хан әскерінің саны 160 мыңға жеткен [4, с. 332].

Аштарханидтерге Әндіжанның билеушісі және Имамқұл хан қойған қазақ сұлтаны Абылай өз әскерімен келіп қосылады. Қарсыластар Шахрухйиа бекінісіне жақын жерде кездеседі. Абылай сұлтан басқарған жауынгерлер шайқастың ұрыс алаңын тастап кете бастаған кезде Бұхара әскерінде үрей туып, Имамқұл хан шегінді. 1623 жылы Мауреннахрға Имамқұлдың біріккен әскеріне қарсы жорыққа шыққан кезде де қазақтар жеңіске жеткен [131, с. 300].

Жоғарыда айтылғандай, Тұрсын Мұхаммедтің хан ретіндегі өмірі шиеленістер мен тартысты жағдайлардың өрбуі негізінде өткен. Тұрсын Мұхаммедтің бұрынғы хан Есіммен ара қатынастары әрқалай қалыптасқан. Бірде олар ширығып, соғысқа дейін жетсе, кейіннен хандар «бір-бірін кешіріп, достық түйінін байласатын». Тіпті Тұрсын сұлтанға қарсы өзара қырқысқан күрестен кейін Есім хан өзінің қол астындағы қазақ және қырғыз ұлыстарымен бірге Қырғызстанға, кейін 1618-1619 жылдары өзінің жақын туыстарымен Шығыс

Түркістандағы Абд ар-Рақым ханға кетуге мәжбүр болып, бес жылдан астам уақыт бойы сонымен бірге жүреді. Махмұд ибн Уәли Ақсу мен Бай ауданында күреске Есім ханның белсене қатысқанын мейлінше егжей-тегжейлі баяндайды. «Сол арада Абд ар-Рақым хан Шалыштан және Есім сұлтан Ташкенттен Ақсуға аттанды. Шынтемір оғлан деген жерде олар бір-бірімен кездесті. Осы жорық кезінде Абд ар-Рақым хан мен Есім сұлтан құдандалық және жақын туыстық (қатынастармен) достық байланыс орнатты: Абд ар-Рақым хан Есім сұлтанның бауыры Күшік сұлтанның қызымен неке құрып қосылды, ал Есім сұлтан Абд ар-Рақым ханның қызымен некеге тұрды» [6, с. 252]. Есімнің Абд ар-Рақымның қызына үйлену себебін «Тарих-и Кашғар» авторы былай деп жазады: «моғол Абд ар-Рахим хан қызметке шақырады. Бірақ Есім хан оған: «Мен қызмет істеуге келдім. Менің достарым мен жауларым бар. Олар: «Есім Абд ар-Рахим ханға нөкерлікке тұрды» деп айтады. Мен осы адамды құрметтеп, оны күйеу бала жасайсыз деп сенемін» деп жауап қайтарады. Оның бұл сөзі Абд ар-Рахимға ұнап, ол өзінің қызы Ай ханым падишахты әйелдікке беріп, өзіне күйеу бала етеді» [4, с. 417-418].

Шах Махмұд Шорас көрсеткендей, Абд ар-Рахим хан Есім ханға одан кейін де «тиісті сый-құрмет көрсетеді». Жалпы қазақтар мен моғолдар арасындағы саяси одақтар үнемі әулеттік некелер арқылы бекітіліп отырған. Шорастың «Хроникасында» Абд әл-Латиф ханның анасы Тұрсын ханның қарындасы Ханым-падишах болған. «Бахр ал-асрар» авторының мәліметінше, Есім хан 1033/1623-24 жылдары Шығыс Түркістанды тастап, Ташкентке келеді. 1624 жылы ол Тұрсын ханның Әндіжанға жасаған жорығына қатысады. Әндіжанның сол уақыттағы билеушісі қазақ сұлтаны Келді Мұхаммедтің баласы Ханзада сұлтан болатын, ол Имамқұл ханнан көмек сұрайды, хан оған көмекке әскер жібереді. Көмекші жасақ қазақ сұлтандары Ахси бекінісін қоршауға алған кезде келіп жетеді. Шайқас кезінде Бұхара ханының әскері жеңіліп, кейін шегінеді. Қазақ сұлтандары болса

бірнеше бекіністі басып алып, оларды тонап, Ташкент пен Түркістан жағына қарай кетеді [4, с. 331].

Есім Түркістанда тұрған кезінде 1625 жылы оған шайбанид Әбілғазы Хорезмдегі өзінің саяси қарсыластарынан қашып келеді және сонда Есім ханның жанында үш ай тұрады. «Мен қазақтарға қарай кеттім, – деп жазады болашақ Хиуа ханы және тарихшысы Әбілғазы, – Түркістанда, Есім ханның жанында үш ай болдым. Сол кезде қазақтардың ханы Тұрсын хан болатын. Ол Ташкенттен Түркістанға келді. Есім хан онымен кездесуге кетті, мен үйде қалдым. Кездесуден келгеннен кейін, Есім хан мені ханға алып келді де: Мынау Жәдігер ханның руынан Әбілғазы. Осы уақытқа дейін бұл рудан ешкім бізге қонаққа келген емес, ал біздікілер оларда көп қонақ болды. Сондықтан оның Сіздің қасыңызда болғаны жөн болар еді деді. Жарайды, – деді Тұрсын хан, солай-ақ болсын. Ол мені Ташкентке алып келді. Ташкентте, Тұрсын ханның жанында мен екі жыл болдым. Екі жылдан кейін Есім Тұрсын ханды өлтіріп, оның адамдарының көбін қырып тастады. Сонда мен Есім ханға былай дедім: «Мен сендерге өздеріңнен, екі ханнан, маған әлдебір пайдасы тиер деген үмітпен келген едім, ал сендерде мынадай болды. Мені Имамқұл ханға (Бұхараға) жіберіңдер». – «Жақсы, бара ғой», – деп жауап қайтарды Есім. Мен Имамқұл ханға кеттім [10, 189 б].

Қазақ сұлтандары арасындағы өзара тартыстар мен Тұрсын ханның қайтыс болуы «Бахр ал-асрардың» алтыншы томының төртінші бөлімінде толық айтылады [170, с. 119-120]. Толыққанды болу үшін XVII ғасырдың бірінші жартысының тарихшысы Махмұд ибн Уалидің әңгімесінен қысқаша үзінді келтірейік. Көрсетіліп отырған кезеңде (1036/1626-27 жылдары), – деп жазады Махмұд ибн Уәли, Есім хан қалмақ жұртына жорық жасауды ұйғарады. Ол өз туының астына «алаштың барлық әскерін» және басқа да ұлыс тайпаларын, сондай-ақ, қатағандардың бір бөлігін жинап, «Моғолстанның шеткі аймақтарына» барып, оларды талан-таражға салады. Осы кезде, Тұрсын хан опасыздыққа барып, туысқандық

зандылықтарын ысырып тастап, ол Түркістан аумағында орналасқан Есім ханның ордасына әскер жіберіп, ол жерде қорғаусыз қалған адамдарды өлтіруді тапсырады. Әскерлер Ордаға келіп, көптеген адамдарды қырып тастайды, ал Есім ханның әйелдері мен балаларын қызметшілерімен бірге Ташкентке алып келеді. Мұндай табысқа қуанған Тұрсын хан, Есім ханның көзін жоймақ болып, «жолда қапыда оны ұстап алып, өлтірмекші болады». Осы оймен ол әскерін алып, Есім ханның алдынан шығады. Қарсыластар Сайрам маңында кездеседі, екеуінің арасында қырғын шайқас болып, Тұрсын ханның әскері жеңіледі де, Ташкентке қарай шегінеді. Бірақ, әскерінің қалдығымен Ташкентке жеткен кезде, Тұрсын хан қайтадан Есім ханға қарсы жорыққа аттанады. Екі қазақ билеушісі әскерінің шайқасы Ташкент маңайында өтеді. Соғыстың қызған шағында қайғылы оқиға орын алады. Тұрсын ханның жақтастары оның өмірін қорғайтын адамдар, кенеттен оның бағыныштылығынан шығып, оның өзіне бас салып, оны өлтіреді. Басын денесінен бөліп алып, Есім ханға әкеледі, ал ол өз кезегінде қарсыласының басын Имамқұл ханға жібереді. XVII ғасырдағы мықты қазақ билеушілерінің бірі осылайша, өз опасыздығының нәтижесінде қаза табады. Тұрсын ханның шежіресі жөніндегі мәліметтер үзік-үзік. Хан қайтыс болған соң, Шах Махмұд Шорастың айтуы бойынша, оның ұлы Ташкенттен Жаркентке қашады. Моғол ханы Абд ал-Латиф Мырза Құрбаннан Қашқар хакімі лауазымын алып қойып, оны Тұрсын ханның баласына береді. Бірақ, Қашқар халқы қазақ сұлтанын қуып шығады [3, с. 205].

«Бахр ал-асрарда» Тұрсын ханның үш ұлының ата аталады: Мұхаммед сұлтан, Шах Саид сұлтан және Бақы сұлтан [170, с. 120]. Соңғысы Имамқұл ханның адамдары қолынан 1048/1638 жылдың басында қаза табады. Тұрсын Мұхаммед ханның бір немересінің аты белгілі – Мұхаммед Йар сұлтан: ол 1635 жылы Ташкентті қазақ сұлтандарының қоршауына қатысады [4, с. 351].

Шах Махмұд Шорастың «Хроникасында» Абд ал-Латиф

ханның анасы Тұрсын ханның қарындасы Ханым падишах, «өз заманының аса ақылды әйелі» болғандығы атап өтіледі. Тұрсын хан қазасынан соң Есім хан екінші рет ұлы қазақ ханы атанады. Осы кезде Есім хан, Әбілғазының көрсетуі бойынша Тұрсын ханның сүйеніші болған қатаған тайпасының басым бөлігін жойып жібереді. Қатағандардың аман қалғандарының бір бөлігі Ауғанстанға кетсе, қалғандары Қырғызстанда қалып, кейіннен қырғыз ұлтының құрамына енген. Осы оқиғадан кейін Есімнің де хандық құруы да ұзаққа созылмайды. Есім ханның замандасы және аштарханидтердің тарихшысы Махмұд ибн Уалидің айтуы бойынша, ол өз ажалынан 1628 жылдың қыркүйек-қазан айларында қайтыс болады. Ол Түркістанға, Қожа Ахмет Яссауи мазарының жанына жерленген, сол кезде ханның бейітінің басына «ерекше, үлкен, қазіргі уақытта толық жойылып кеткен мазар» салынған. Есім хан деректерге назар аударсақ, жеке және қоғамдық өмірінде ашық және адал әрекет еткен билеуші және ашық жарқын, қарапайым адам. Басқаша айтқанда, Есім мемлекетке қажет лайықты хан еді. Бірақ оның өмір жағдайы жоғарыда айтып өткендей, басқаша қалыптасты, ол он екі жылдай елді басқару ісінен шет қалды. Осы он екі жылдың тең жартысын Есім қалмақтардың, қырғыздар мен моғолдардың арасында өткізді. Шет жерде жүргенде де ол өзін, лайықты сұлтан ретінде көрсетіп, үлкен құрметті иеленді. 1616 жылғы желтоқсандағы құжатта былай деп жазылған: «Есім ханзада қазір қалмақтар жерінде тұрады және солармен бірге көшіп-қонады. Ал қалмақтар оны құрмет тұтады. Ал оның қасындағы өз адамдары тек 15 шақты ғана» [171, с. 49-50].

Тұрсын ханмен ол алыстан сыйласып, Сарай шарттарын бұзбауға тырысқан. Өзінің ержүректілігін мен батырлығына қарамай, Есім хан мінезі жұмсақ, барлығына кешіріммен қараса керек. Көптеген жақсы қасиеттерге ие Есім хан өзі жайлы жақсы естеліктер қалдырған. XIX ғасырдың басындағы орыс ғалымы Г.И. Спасскийдің айтуы бойынша Есім ханға «әлі күнге дейін құрмет көрсетіледі» [172, с. 168-169].

Халық аңызына сенсек, оның есімімен «Есім ханның ескі жолы» деген атпен белгілі Ережелер байланысты. Есім ханның көп әйелі болған. Оның бірі – моғол ханы Абд ар-Рахимның қызы болса, екіншісі ойрат билеушісі Хо-Урлюктің қызы [4, с. 418].

Оның нақты неше баласы болғаны белгісіз. Махмұд ибн Уәлидің айтуынша, оның Жәнібек сұлтан есімді үлкен ұлы болған. 1611 жылы Есім хан уақытша болса да Орта Азияның жаулап алғанда, Жәнібек сұлтан Сагардж облысының билеушісі болып тағайындалған [4, с. 332].

Есім ханның тағы бір ұлының аты Жаһангир (Салқам Жәңгір). Махмұд ибн Уәлиге сүйенсек, Жаһангир сұлтан таққа әкесінен кейін бірден отырмаған. Оның билік етуінің нақты уақыты белгісіз. «Бахр ал-асрар» авторының әңгімесіне сәйкес, 1634 жылы күзде қазақ билеушілері – Жаһангир сұлтан, Назар сұлтан және Махмұд Жарсұлтан – әскерімен келіп, Ташкентті қоршауға алғанымен, табысқа жете алмай кейін шегінген. Есім хан билік еткен кездің өзінде-ақ оның ұлы Жәңгір көзге түскен болатын. Ол өз билігін ойрат қоныстары бір бөлігінің мойындауына мәжбүр етті. А.И. Левшиннің айтуынша, Жәңгір әкесімен бірге жоңғарларға қарсы соғыстарға қатысқан [23, с. 57-58].

Осы кезеңде жоңғарларда маңызды саяси оқиғалар болып өтті. 1635 жылы Жоңғар хандығы қалыптасады. Соның қарсаңында жоңғар ханы Қара-Құла өліп, хандық басына оның қонтайшы атағын қабылдаған ұлы Батыр келген еді. Енді қазақтарға өздері сияқты жай көшпелі қауымдар емес, Оралдан Алтайға дейінгі ұлан-байтақ кеңістікті қамтыған неғұрлым ұйымдасқан саяси күш – Жоңғар хандығы қарсы тұрды.

Нақ сол 1635 жылы қазақ-жоңғар соғысы басталды. Шабуыл жасаушы жақ Батыр қонтайшы бастаған Жоңғар хандығы еді. Қазақтар жоңғарлардың атты жасақтарының тегеурінінен қорғануға мәжбүр болды. Алайда, түрлі сұлтандар арасында қалыптасқан жағдай туралы әр түрлі пікірлер мен ұсыныстар орын алды. Жоңғарларға қарсы кезекті күресті басқаруға

қабілетті, қазақ жасақтарын біріктіріп, оларды бастай алатын тарихи тұлға қажет болды. Оқиғалар Жәңгірді осындай қатерлі де батыл қадамға жетеледі. Жәңгір бастаған қазақ жасақтары жоңғар тайшыларына қарсы шайқасқа шықты. Бұл оқиғалар туралы замандастары – Сібір татарлары мынадай мағлұмат береді: «Қара қалмақ тайшы, Талай тайшы, Қонтайшы да, Құжы тайшы да, Торғыша тайшы да, барлық қара қалмақтармен бірге, осы қыста Қазақ ордасына аттанды, ал Қазақ ордасының адамдары қара қалмақтарға қарсы шықты. Сөйтіп, қара қалмақтар Қазақ ордасының адамдарымен кездесті де, оларда жойқын соғыс болды. Ал қара қалмақтар Қазақ ордасының адамдарын қырып салып, олардан Есімнің ұлы Жәңгір ханзаданы тұтқындады, ал Есім Қазақ ордасында, әлгі ханзада қара қалмақтарда патша болған еді» [168, с. 278].

Сөйтіп, 1635 жылы ойраттармен болған соғыста Жәңгір тұтқынға түсіп, қалмақтардың арасында біршама уақыт болады. Осы тұтқыннан кездейсоқ қашып шыққан Жәңгір, өмір бойы ойраттардың қас дұшпанына айналды және оларға жиі-жиі шапқыншылық жасап тұрды. Қалмақтармен соғыста қазақ ханы Қашқария моғолдарының қолдауына сүйенсе керек. Қанша дегенмен де, Жәңгір мен моғол ханы Абдолла жақсы қарым-қатынаста болады және елшілермен алмасып отырады. Шах Махмұд Шорастың хабарламасы бойынша: «Сол кезде Жаһангер ханнан Шайх Хаванд Тахур ұрпақтарынан шыққан Жүніс-Қожа деген елші келді. Бұл жақтан Қожа Сеиид Мұхаммед-халифаның ұлы Софы-Қожа жіберілді – оларға (Алланың) рахымы жаусын. Жаһангер хан Софы-Қожамен бірге өзінің ұлы Тәуке сұлтанды жіберді. Хан монархтық ізгілік көрсетіп, оған патшаға лайықты мейірбандылық көрсетті және оған Қошқар бекті ертіп жіберді. Сол кезде Жаһангер хан Ахунд Молла Жақыпты және Қожа Жанқожаның ұлы Уап қожаны өлтірді – иә, оларға (Алланың) рахымы түсіп, қайырымын берсін. (Жаһангер) ханға Қошқар бекпен өзінің үлкен ұлы Абақ сұлтанды беріп жіберді. Жолбарыс ханға өзінің қызын ұзатты» [4, с. 385].

Қазақ елшілерінің бірінің басшысы Жәңгір ханның баласы – Тауке сұлтан болса, екіншісін – оның үлкен баласы Аппақ сұлтан басқарған [3, с. 226]. Жәңгір Бұхара және Хиуа хандарымен арадағы қатынастарға да ерекше назар аударған. Нәтижесінде Жәңгірдің беделі тез өсті. Уақытының көп бөлігін Түркістан қаласында өткізген ол өз бәсекелестерін және жоңғарлардың қозғалуын бақылап отырды. Күш-жігерді ғана емес, ақыл-ойды да қоса жұмсауды қажет еткен Жәңгір өзін белсенді қайраткер ретінде көрсете алды. Жәңгір Бұхара хандығының әйгілі қайраткері, Самарқанд сарайларын салғызушы Жалаңтөспен жақсы қатынастар орнатады [173, с. 83-88].

Бұл кезеңде қазақтар Бұхара хандығымен тығыз байланыста болды және қазақ руларының көп бөлігі онда тұрақты түрде орнықты. Осы қазақтарға сүйенген Жалаңтөс Баһадүр (1576-1656) Бұхара хандығында маңызды рөл атқарды. Шежіре бойынша ол Сырдарияның төменгі ағысында Кіші жүздің Әлім тайпасының төртқара руының қазақтары арасында туған. Шығай ханның ауылдарымен бірге Жалаңтөстің үй-іші Нұрата тауларына, Бұхара маңайына көшіп барған. Бұхара ханы Имамқұл 1612 жылы қазақ хандығымен достық пен өзара түсіністікті сақтау мақсатында Жалаңтөсті Самарқан қаласының әмірі етіп тағайындаған. Жалаңтөс көрнекті әскербасы болып қана қоймай, сонымен қатар архитектура мен өнер тарихында да елеулі із қалдырды. Оның тұсында Самарқан қаласында Орталық Азия халықтарының мәдени мұрасында маңызды орын алатын, «Самарқан сәулетінің таңғажайыбы» саналатын орасан зор Тилля Қара мешіті мен Шир-Дор медресесі салынды. Жалаңтөстің есімі Шир-Дор қасбетінің ішкі жағына құрылысшылар жасаған жазбамен мәңгілікке қалдырылған. Жалаңтөс жас кезінен-ақ батыр деп танылған еді. 1625 жылы жоңғар қалмақтарымен ұрыста көзге түсіп, құрметті «аталық» атағына ие болды. Осы кезеңге арналған деректер қазақтар мен ойраттардың арасындағы кішігірім жорықтардан басқа, ірі шайқастардың да өткенін

жазады. Олардың бірі – 1643 жылы орын алған «Орбұлақ шайқасы». Яғни, осы жылдың қысы аяқтала бере, жоңғарлардың мыңдаған әскері Қазақ хандығының аумағына басып кіреді. Жалпы Батыр 50 мың адамдық әскер жинай алды. Бұған негізінен түрлі топтардағы жоңғарлар және олардың одақтастары – Орталық Азияның моңғол халықтары кірді. 1643 жылы Батыр қонтайшы Тянь-Шаньның оңтүстік сілемдеріндегі жерлердің бір бөлігін басып алды, бірнеше мың қазақтар мен қырғыздарды тұтқынға түсірді [174, с. 239].

Сонда Жәңгір Бұхара жандығының ықпалды төресі әйгілі әмір Жалаңтөстен көмек сұрады. Тянь-Шань қырғыздарының әміршілерімен де уағдаластыққа қол жеткізді. Олар көмек көрсетуге уәде берді. Жағдай жедел қимылдауды талап етті. Жиналған жасақпен Жәңгір Жоңғар Алатауына, Орбұлақ деген жерге жетті. Қазақ ханы сол жерде жоңғарлардың беталысын бақылап жатты. Шабуылдың тұтқиылдан болғаны соншалық, Жәңгір хан тек 600-дей адам жинап үлгереді. Бірақ, бұлар таңдаулы жасақтар болатын. Олардың арасында Шапырашты Қарасай, Арғын Ағантай, Алшын Жиёмбет, Қаңлы Сарпық, Найман Көксерек, Дулат Жақсығұл, Суан Елтынды батырлар болды. Ол таулы жерді жақсы пайдаланып, өзінің аз ғана әскерін ақылмен басқара отырып, бұл шайқаста керемет жеңіске жетті. Өз әскерінің жартысын тау арасындағы тар өткелге жасырған ол, қалған жарты әскерімен тау-тастардың арасына тығылады. Жоңғарлардың әскерлері өткелге келгенде оларды қарша бораған оқтар қарсы алады, ал Жәңгір олардың ту сыртынан тап береді. Жоңғарлар жеңіліп және екі шайқаста он мыңдай әскерінен айрылып, кейін шегінеді. Көп ұзамай қазақтарға атақты Жалаңтөс би жиырма мыңдай әскерімен көмекке келеді. Қонтайшы «осы жауынгер халықты көрген соң кейін қайтты, ал Қонтайшы Жәңгірден алған адамдарды өзімен бірге әкетті» [175, с. 444-445].

Фольклорлық материалдарға сүйенсек, жеке батырлығы мен әскери жеңістері үшін қазақтар Жәңгірді – Салқам деп атап кеткен [176, с. 46]. Жоңғар Алатауындағы оқиғалардың

баяндалуы қазіргі күндерде мұрағат құжаттарында расталып отыр. Оларда Жәңгірдің өз адамдарының жартысын шағын окоптар немесе редуттар желісін салып, тауларға орналас-тырғаны айтылады. Деректемелерде олар шанцтар деп аталады. Жоңғарияға жіберілген орыс елшісі, Тобольскідегі атаман Гавриил Ильин былай деген: «Сөйтіп Жәңгір тастар арасынан шанцтар қалдырып, сол шанцтарға ұрыстарға талай кіріп, майдандарда шындалған 300 адамды отырғызған, ал өзі тастың арғы жағында үш жүз адамымен жасырынып тұрған. Тайшы жауынгерлерімен шанцтарға кіргенде, жасырынған әскерлер қонтайшының көп адамдарын қырып салған» [174, с. 239].

Жартастар арасында жоңғарлар бірнеше мың адамынан айрылды. Сөйтіп шайқас сол маңдағы сай-салалы жерлерде өтетіндей жағдай қалыптасты. Күші басым жоңғарлар жеңіске жете алатын еді, алайда қазақ жасақтарына көп күш келіп қосылды. Әр жерден жиналған жасақтармен Самарқаннан Бұхара хандығында әмір болып жүрген қазақ батыры Жалаңтөс келіп жетті, Жәңгірге қырғыз жасақтары да көмекке келді. Қазақ жауынгерлерімен бірге қырғыз батырлары Көтен мен Табайдың иық түйістіре қатысқаны мәлім. Жаңа шайқаста Жәңгір бастаған қазақ жасақтары жеңіске жетті. Алайда Батыр қонтайшы Қазақ хандығына қарсы күресу үшін тағы да бар күш-жігерін салып, қазақ даласына жорық жасауға дайындық бастады. Одан кейінгі жылдарда соғыс қайта жалғастырылды. Бұл жөнінде Ш.Ш. Уәлиханов былай деп жазды: «XVII ғасырдың екінші ширегінде, нақ сол Есім хан тұсында, қырғыз-қазақтардың күшейіп алған қалмақ әміршілеріне қарсы күрес басталды. Есімнің ұлы Жаһангердің 1643 жылғы Батырхан тайшымен соғысы туралы Фишер баяндаған» [87, с. 200].

Яғни, 1646 жылы Батыр өзінің бұрынғы жеңілісі үшін жаңа жорық жасады. Бұл жөнінде тобыл бояры Данила Аршинский былай деген: «Ал олар жолдастарымен бірге Данила келгенге дейін қонтайшы Қазақ ордасына Жәңгір ханзадаға қарсы соғысып, көптеген адамдарды қырыпты, оның үстіне

Жәңгірдің інісін әйелімен, балаларымен және көп адамдарымен бірге тұтқынға алыпты» [174, с. 277].

1647 жылы Жоңғар елшісі Хорохай Далдин Томскінің өкімет орындарына былай деп хабарлаған: «Қонтайшының қара қалмақтармен Күнделен Убашымен соғыстары болды. Иә ол Қазақ ордасымен де шайқасты және кейін олармен солар жағынан бұзықтық болғанға дейін бітісті» [174, с. 306].

Осымен соғыс қимылдары аяқталып, бейбітшілік орнады. Бұған «Жәңгірмен достық байланыстары бар Күнделен тайшы Батырға белгілі бір қысым жасаған болуы мүмкін», – деп В.А.Моисеев дұрыс баға береді [176, с. 46]. 1643-1647 жылдардағы қазақ-жоңғар соғысының қазақ қоғамы үшін зор маңызы болды. Қоғамдық санада жоңғар жаулап алушыларына қарсы ұзаққа созылған күресте жасақтарды дұрыс ұйымдастыру, бір орталықтан басшылық жасау, өзара қол ұшын беру қажет деген идея орнықты. Алайда бұл соғыстың ойрат қоғамы үшін де өз зардаптары болды. Онда өзара қырқысқан күрестің жаңа дүмпуі басталды. Бұрыннан келе жатқан ішкі қайшылықтар айқын көрінді.

Сөйтіп, жоңғарлардың XVII ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоныстары аумағына басып кіруі қазақтардың, қырғыздардың, башқұрттардың, ноғайлардың, қарақалпақтардың қалыптасқан шаруашылық бағыттарын бұзды. Қазақтың Есім ханы жоңғар тайшыларымен өзара қатынастарды шешуге көп күш жұмсады. XVII ғасырдың екінші ширегінде қазақ халқының жоңғар жаулап алушыларына қарсы күресін Жәңгір хан басқарды. Ол ортақ жауға қарсы күресте әр түрлі қазақ руларының бірлігіне қол жеткізе алды.

Ханның дипломатиялық қызметі Шығыс Түркістанның, Бұхараның, Тянь-Шань қырғыздарының билеушілерімен одақ жасасуға бағытталды. 1643-1644 жылдардағы соғыс қимылдары Жәңгірдің әскери өнерін, жағдайға қарай дұрыс бағдар алуға, шешуші сәтте жауынгерлерді жігерлендіруге, соғыс қимылдарына жеке өзінің қатысуы арқылы жәрдемдесуге шеберлігін көрсетті. Осы қасиеттің бәрі Орбұлақ

маңындағы шайқаста айқын көрінді. Қазақ жауынгерлері өздерінің батылдығымен және жанқиярлығымен өз жерінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғай алатынын байқатты. Жәңгірдің кезінде Қазақ хандығы мен Бұхараның ара қатынасы жалпы алғанда бейбіт сипатта өрбиді. Деректерде тек кішігірім қақтығыстар ғана көрсетіледі. Бірақ, кейде олар да маңызды зардаптарға әкеліп соққан. Мысалы, аштарханид Имамқұлдың мұрагері Нәдір Мұхаммедтің билігінің (1642-1745) үшінші жылы, қазақтар Мауреннахрға жасаған жорығында Ходжентке дейін жетіп, Абд ал-Азиз сұлтанның таққа отыруына жанама себеп болады.

«Тарих-и Муким-хани» еңбегі авторының көрсетуінше бұл оқиға былай өрбіген: «1645 жылы қазақтар Ходжент облысын және осы аты бекіністі жаулап алады. Бұл жағдайды Нәдір Мұхаммедтің саясатына наразы сол уалайаттағы кейбір ықпалды тұлғалары өз мақсаттарына пайдаланады. Олар Бұхара ханына қарсы астыртын әрекет ойластырып, Нәдір Мұхаммедтың үлкен ұлы Абд ал-Азиз сұлтанды қазақтарға қарсы соғысатын әскери күштің басшысы етіп тағайындайды. Қазақтар Ходжентті тастап кеткенде, олар бекініске Абд ал-Азиз сұлтанды кіргізіп, оны хан етіп жариялайды. «Бұл ханзада әкесінің баласына қатысты құқықтарын ескере отырып, хан болудан бас тартады. Ол осы халықтың (астыртын әрекет жасаушылардың) айтқанын тыңдамаса өлетіндігін білгенде билікті қолға алады» [119, с. 94].

Жәңгір хан 1680 жылы қайтыс болды деп айтылып жүр. XVII ғасырдағы ойрат ғалымы Зай-Пандиттың өмірбаяндық жазбаларындағы мәліметтерге қарасақ, ол 1652 жылы қайтыс болады. «Осы қыста (Айдаһар жылы – 1652 жыл), – деп жазылған өмірбаянда, – Цяцянь хан Буруттарды бағындырды. Сол шайқаста 17 жастағы Галдан Жәңгір ханды өлтірді» [170, с. 121].

Жәңгірдің неше баласы болғандығы белгісіз. Шах Махмұд Шорастың айтуы бойынша оның бір қызы әкесінің көзі тірісінде моғол ханы Абдолланың баласы Жолбарыс сұлтанға

күйеуге берілген [40, с. 248].

«Силсалат ас-салатин» еңбегіне сүйенсек, Жәңгір ханның Қазақ ханым есімді тағы бір қызы XVII ғасырдың 40 жылдарының басында кейіннен Бұхара ханы болған аштарханид Абд ал-Азизге тұрмысқа шыққан. Оның екі ұлының аты белгілі. Үлкені – Аппақ сұлтан. Ол 1638-1652 жылдар аралығында, яғни әкесі тірі кезінде, моғол ханы Абдоллаға елші болып барған [3, с. 226].

Оның баласы бар-жоқтығы белгісіз. Жәңгірдің екінші баласы – Тәуке сұлтан. Тәуке ханның уақыты жазбаша деректерде нашар суреттелген. Мұсылман авторларының шығармаларында оның басқаруының тек жекелеген оқиғалары ғана берілсе, қытай деректеріндегі Қазақ хандығы жөніндегі мәліметтерде ол кездейсоқтық сипатта жазылған. Ал орыс мұрағат қорларында Тәуке ханның атымен байланысты тек бірнеше құжат қана бар. Есесіне, Тәуке ханның аты қазақтардың халық ауыз әдебиеті ескерткіштерінде жиі кездеседі. Аңыздарда оның хандық құрған кезеңі Қазақ мемлекетінің «Алтын дәуірімен» теңестіріледі, ол кезде «халық тыныштықта өмір сүрді, тәртіп болды, заң мен әділ сот болды», – делінеді [23, с. 169-170]. Тәукенің толық аты оның жеке баспасөзінде сақталған аңызға сәйкес – Тәуекел-Мұхаммед-батыр хан. Ол хандықты әкесінен кейін бірден иеленді ме, жоқ па, ол жағы белгісіз. Ол өте ұзақ уақыт билік етіп, түрлі оқиғаларды өткізген. 1718 жылы қартайып қайтыс болады [23, с. 67]. XVII ғасырда Тәукенің хандық билігі күшейіп, барлық үш жүзге тарайды. Оның билігі кезінде қазақтарға бағынышты Сырдария бойындағы «қалалар» саны 32-ге жетеді [161, с. 263-266]. Түркістан қаласы оның негізгі тұратын жеріне және Қазақ хандығының орталығына айналған. Тәуке көреген саясаткер, ақылды дипломат, құдіретті хан ретінде өз мемлекетінде ерекше әлеуметтік топты құрайтын, дала ақсүйектерінің өкілі билердің көмегімен өзінің үстемдігін нығайтуға тырысып, дәстүрлі қазақ қоғамында билерге ерекше маңыз пен құқықтар берді. Яғни, билер шаруашылық, әдет-құқық, әскери және

идеологиялық міндеттерді атқаруда ерекше рөлдерді иеленді. Тәукенің билерге соншама құқықты беруінің мәнісі олар Шыңғыс ұрпақтарына жатпайтын еді.

Төңірегіне беделді билерді топтастырған Тәуке «билер кеңесінің» қолдауына сүйене отырып, хан билігіне ашық түрде қарсы шығушы Шыңғыс ұрпақтарына қарсы күрес жүргізді. Билер кеңесінің қызметін ретке келтірген Тәуке бірқатар шаралар қабылдап, билер съезінің өтетін жері мен уақытын белгілеп, билер кеңесін Түркістан қаласы жанындағы Битөбеде, Сайрам қаласының маңындағы Мартөбеде және Сырдария облысының Ангрен қаласына жақын жердегі Күлтөбеде өткізіп отырған [177, с. 18].

Сонымен қатар ол даулы істерді шешуде билер сотының беделін арттырып, билер кеңесін кесімді үкім шығаруда ерекше органға және Қазақ хандығының ішкі, сыртқы саясатындағы аса маңызды мәселелерді шешетін тұрақты жүйеге айналдырды. Билер кеңесінің шешімі міндетті түрде жүзеге асырылды және оның бірде бір шешімін немесе үкімін келесі билер кеңесінің мәжілісіне дейін ешкім де өзгерте алмады. Сондай-ақ Тәуке хандық биліктің бір бөлігін билер Кеңесіне беру арқылы ықпалды билерді мемлекеттік істерге тартуға бағытталған саясат ұстанды. Әсіресе, ол қазақтың үш жүзінің ең беделді билерінің қатысуымен билер кеңесін сәтті ұйымдастырып, Ұлы жүзде Төле бидің, Орта жүзде Қазыбек бидің, Кіші жүзде Әйтеке бидің беделдерін ерекше арттырды. Олардың даналығы мен кемеңгерлігі жоңғар басқыншыларына қарсы қазақ халқының күшін біріктіруге, сондай-ақ, хандықты ауыр сындардан аман алып өтуге бағыт-талды.

Осылайша Үш жүздің басын құраудағы саяси оқиғада билер кеңесі үлкен рөл атқарды. Сонымен қатар, Тәуке хан өзінің билігі мен саясатында «би-батырлар тірегін» кеңейтуге тырысып, Кеңеске барлық рулардың қатардағы билері мен әскербасыларын және батырларын көптеп қатыстырады. Билердің мүддесін көздеген Тәуке өз билігін нығайтуға да күш салып, қазақ тайпалары мен көшпелілер арасында жоғарғы

билікті күшейтуге мүмкіндік алды.

Бұл Тәуке ханның қазақ қоғамын ішкі саяси қайта құрулар арқылы хандық өкімет билігін орталықтандыруға ұмтылған әрекеті еді. Тәуке ханның билік еткен кезеңінде қазақ-ойрат қатынастары шиеленісті. Галдан-Бошокту (1670-1697) билеген кезде, әсіресе, оның мұрагері Цеван-Рабтан (1697-1727) өкімет басына келгенде қазақ-қалмақ қатынастары қатты шиеленісіп кетті. 1698 жылдан жоңғарлар мен қазақ әміршілері арасындағы қарулы қақтығыстардың жаңа кезеңі басталды. Жоңғардың әскери шонжарлары маңызды сауда жолдары өтетін және ірі сауда орталықтары орналасқан Оңтүстік Қазақстанның аумағын басып алуды көздеді. Қазақтың Сығанақ, Түркістан, Отырар, Сайрам, әсіресе Созақ қалалары жоңғарлармен күресте өзіндік стратегиялық тірегіне айналды. Тәуке ханның жоңғарлармен арадағы кейбір сәттіліктері оған үлкен жеңістер әкелмеді, көп жағдайда табыстар жоңғарлар жағында тұрды. Әсіресе, жоңғарлар 1711-1712, 1714, 1717 жылдары қазақтарға аса қатерлі қауіп төндірді. Тәуке тереңнен ойлайтын саясаткер ретінде мемлекет деңгейінде реформалар жүргізген. Ол Күлтөбе деген жерде өзінің Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты данышпан билерін жинап «Жеті Жарғы» атты заңдық актіні құрастырады, Ғылыми әдебиетте ол «Тәуке ханның Заңдары» немесе «Тәуке ханның Ережелері» деп те аталады [131, с. 15-324].

«Жеті Жарғыға» негізінен XVII ғасырдағы қазақ қоғамының әскери-саяси және әлеуметтік өміріндегі қажеттіліктерге жауап беретін ережелер енгізілген. «Тәуке хан ережесінің» негіздері туралы қандайда бір тиянақты пікір айту қиын; кейбір ғалымдар оның негіздерін Шыңғысханның Ясасынан іздейді, енді біреулері Жеті жарғы Ясадан мүлдем тәуелсіз жазылған деседі. Яса әдеттегі құқықтың жемісі болғандықтан, өз кезінде Ясаның құрамына кіріп, XVII ғасырдың аяғындағы қазақ қоғамы жағдайында өз маңызын жоғалтпаған оның дәстүрлі нормаларын Жеті жарғыны жасаушылардың ескергені, бірақ өз заманының талаптарына сәйкес пайдаланғаны табиғи нәрсе.

Тегінде, Жеті жарғының негізгі көзі деп бәрінен бұрын қазақтардың әдеттегі байырғы құқығын, сондай-ақ Тәукеден бұрын өмір сүрген қазақ хандарының жазылмаған заң ережелерін мойындаған жөн. Заңдарға, негізінен алғанда қазақ қоғамының XVII ғасырдағы әскери-саяси және әлеуметтік өмірінің қажеттеріне сәйкес келетін ережелер енгізілген. Жеті жарғыны жасау қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларын қазақтың феодалдық қоғамының жаңа қажеттеріне бейімдеу, бұл орайда ол нормалардың феодал шонжарлардың мүдделеріне сай келетіндерін ғана сақтау мақсатын көздеді.

Сөйтіп, Тәуке ханның «Ережесінде» сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік және құқықтық нормалары заң жүзінде баянды етілді. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары қамтылған.

Жеті жарғы бойынша, жоғарғы билік ханның қолында шоғырланып, ол адамдарды қылмысы және теріс қылықтары үшін соттап, жазаға тартқан және шағымдарды қарап, салық салу тәртібін белгілеген. Жеті жарғы тармақтарының бірінде сұлтандар мен ру-тайпа ақсақалдары арқылы хандықты басқару тәртібі белгіленіп: «Халық істері туралы пікірлесу үшін ханның өзі, сондай-ақ барлық сұлтандар, рулардың ақсақалдары мен билеушілері қазақ даласының ортасындағы бір жерге күз келгенде жиналатын болсын», – делінген. «Халық жиналысына» олардың бәрі де қару-жарағымен келуге міндеттелген және бұл талаптың қатаң болғаны соншалық, құрылтай жиналысына қарусыз келген адамның дауыс беруге құқығы болмаған, тіпті барлық әдет-ғұрыпқа қарамай, жасы кішілер қару-жарағы болмаса үлкендерге отыратын орын да бермеген. Жеті жарғы хан мен билердің пайдасына түрлі алымдар жинауды заңдастырып берген. Ондағы тармақтың бір ережесінде: «Сұлтандардан басқа қару асына алатын әрбір адам ханға және халық билеушілеріне жыл сайын өзінің мал-мүлкінің жиырмадан бір бөлігі мөлшерінде салық төлеп

отыратын болсын», – делінген. Жеті жарғыда қылмыстық іс-құқық нормаларына орын беріліп, оған мыналар енгізілген: кісі өлтіру, мертіктіру, әйелді зорлау, соққыға жығу, қорлау, баланың әкеге ілтипатын сақтамау, ұрлық істеу, некебұзарлық және басқалары. Жеті жарғыда адамның жеке басына қарсы, мал-мүлік қатынастарына қарсы жауапкершілік, отбасынеке қатынастары мен дін саласындағы, т.б. қылмыс жасағандығы үшін жауапкершілік көзделіп, жасаған қылмыстары үшін кінәлілер түрлі жазаларға тартылған. Жеті жарғыда «қанға қан, жанға жан кек қайтару» заңы сақталған. Бірақ, билердің үкімі бойынша немесе талапкерлердің келісуі бойынша жаза жеңілдетіліп, қылмыскер кез келген қылмысы үшін тек қана белгіленген құн төлеп құтыла алған. Талапкерлердің келісуі бойынша, тіпті кісі өлтірген адамдар да құн төлеу арқылы өмірін сақтап қала алған. Қылмыскердің және өлген адамның әлеуметтік тегіне байланысты құн мөлшерінің өзгеріп отырған. Мәселен, өлтірілген қатардағы ер кісі үшін кісі өлтіруші оның туыстарына 1 000 қой, әйел үшін 500 қой төлесе, ал сұлтан мен қожаны өлтіргені үшін жеті адамның құны алынып, құлдың құны бүркіттің немесе аң аулайтын тазының құнына теңелген. Дене мүшелеріне зақым келтіргені үшін де белгілі мөлшерде мал төлеген: бас бармақ – 100 қой, шынашақ – 20 қой, т.б. тұрған. Ұрлық жасаған кезде ұрлаған заттың құны иесіне егер мал ұрланған болса, бұған кінәлі адам «түйе үшін – бір тұтқын, жылқы үшін – бір түйе, қой үшін – бір жылқы қосып берген. Жүз түйе – 300 жылқыға немесе 1 000 қойға теңелген». Алайда құн төлеп құтылу мүмкіндігі әрдайым бола бермеген. Мәселен төрт жағдайда: 1) егер әйелі күйеуін өлтірсе және күйеуінің туыстары оны кешірмейтін болса; 2) егер «әйел көлденеңнен тапқан баласын ұялғанынан өлтіретін болса»; 3) егер өз әйелінің көзіне шөп салғанына күйеуінің көзі жеткен болса; 4) егер құдайға тіл тигізгені анықталса, өлім жазасына кесу заңдастырылған. Жеті жарғыда өлім жазасы мен құн төлеуден басқа да жазалар: мал-мүлкін тәркілеу, елден қуу және жұрт көзінше масқаралау қолданылып, жазаның бірінші түрі

христиан дініне кірген адамдар жөнінде, екіншісі күйеуін өлтіргені үшін екіқабат әйелдер жөнінде, үшіншісі ұлының ата-анасы алдындағы парызын бұзғаны үшін қолданылған. Жеті жарғы бойынша қылмысты жауапқа әдетте тікелей кінәлі адам ғана тартылған, алайда өз кісісі үшін туыстас топтың ұжымдық жауапкершілігі принципі де сақталып, жауапкер сотқа келмей қалса немесе тиесілі құнды төлей алмаса, әлгі құн оның туыстарынан немесе оның «аулынан» өндіріп алынған. Мұндай жағдайда ағайындары мен ауыл тұрғындарының қылмыскер адамға не істесе де хақысы болған. Жеті жарғыда азаматтық қатынастар жеткілікті дәрежеде талданбаған. Бәлкім, бұлай болу себебі, Жеті жарғының қолда бар мәтіндерінің үзік-үзік болып келетіндігінен ғана емес, тіпті одан да гөрі азаматтар арасындағы көптеген қатынастардың әдеттегі құқық бойынша реттеліп, барша жұртқа белгілі болғандығынан, сондықтан да Тәуке хан ережесінің бұл қатынастарға ішінара тоқталғанынан болса керек. Отбасы-неке қатынастары саласында ата-анасының өз балаларының өміріне құқығы орнықтырылып, әйелдің тең құқықсыздық жағдайы нығайтыла түскен. «Ата-анасы өз балаларын өлтіргені үшін ешқашан жазаға тартылмайды» делінген заңда. Күйеуінің немесе әкесінің қылмысын біле тұра айтпаған әйелі немесе баласы жазаға тартылмаған, «өйткені отбасындағы үлкеннің сыртынан сөз айтуға болмайды». Мұрагерлік құқық мәселелерінде Жеті жарғы, сірә, әдеттегі құқық нормаларын баянды еткен сияқты. Баласы жоқ бөлек тұрған ұлы қайтыс болса, оның мал-мүлкі әкесіне берілетін болған. Ата-анасы қайтыс болса, жас балалары ең жақын туыстарының, ал ондай туыстары болмаған жағдайда, «бөгде сенімді адамдардың» қамқоршылығына берілетін болды. Соттау құқығы тек ханның, билер мен рубасыларының қолында ғана болды. «Дауды шешу және кінәлі адамға үкім шығару ханның өзі болмаса, талапкер мен жауапкер тұратын ауылдардың билеушілерінің не ақсақалдарының қолында болып, істі қарауға екі жақтан да сайланған арада жүруші тағы да екі адам шақырылуға тиіс».

Істі шешкені үшін билер мен арада жүрушілерге өтелетін есенің оннан бір бөлігі берілуге тиіс болған. Айқын айғақтары болмай, қылмыс істеді деген күдікпен айыптау үшін екіден жетіге дейін куә керек етілген. Куәлар болмаған жағдайда ант беру талап етілген, бірақ талапкер де, жауапкер де емес, өзінің адалдығымен белгілі адам ант беруге тиіс еді. «Билерге күдігі» бола қалса, айыпкердің олардың ауыстырылуын сұрауға құқығы болды.

Сот үкімін орындау дауды жеңіп шыққан жаққа жүктелген. Атқарушы органдардың болмауынан туып, кінәлі адам мен ағайындарын сот үкімін орындауға күштеп көндірудің кең тараған әдістерінің бірі болған мұндай тәсіл іс жүзінде Жеті Жарғыда барымтаны басбұзарлық әрекет деп қарамай, сол кездегі қазақ қоғамының жөн-жобалы құбылысы ретінде қарастыруға әкеп соқты. «Егер айыпталған адам соттың үкімін орындамайтын болса немесе ауыл басшысы істі қараудан әдейі жалтаратын болса, сол арқылы қылмыскерді қорғаса, талапкер өз ақсақалы-ның рұқсаты бойынша барымта жасауға, яғни өзінің туыстарымен немесе ең жақын көршілерімен бірге жауапкердің аулына барып, оның малын жасырын түрде айдап әкетуге құқық алады; бірақ үйіне қайтып келгеннен кейін ол барымталанған малдың саны талапқа мөлшерлес болу үшін бұл істі қадағалап отырған өз басшысына айтуға тиіс». Бұдан жергілікті жерлердегі сот және әкімшілік биліктің бір-бірінен бөлінбегені де көрінеді. Бидің бір басында кем дегенде үш міндет болған: ол рубасы да, би де, жергілікті әкімшілік биліктің өкілі де еді. Бірқатар реттерде, тегінде әдеттегі құқық нормаларын іс жүзінде қолдану орайында жекелеген адамдардың: қожайынның өз құлы жөнінде, шешесінің өз қызы жөнінде, күйеуінің өз әйелі жөнінде жазалау құқығы болған. Жеті жарғыда қылмысты тексеру мен сот процестерінің сипаты мүлдем көрсетілмеген. Сот процесінің жалпы жұрттың көз алдында жүргізілгенін басқа деректемелерге қарап қана аңғаруға болады. Жеті жарғының біздің заманымызға дейін жеткен мәтіні мазмұнының жалпы сипаты осындай. Ондағы

нормалар бүкіл Қазақ хандығы шегінде қолданылатын болған. Осылайша, Тәуке хан жүздер арасындағы шаруашылық-саяси байланыстарды нығайтып, Қазақ хандығының саяси ыдырауын тоқтатып, елдің барлық күшін мықты сыртқы жау – ойраттардан қорғануға біріктіре алды.

Тәуке белсенді сыртқы саясат жүргізді. Әкесі Жәңгірдің тапсырмасымен Қашқарияның моғолдарына барған елшілікті басқарған. Ал XVII ғасырдың 90-жылдары хан болған кезде, Чалыш пен Турфандағы Моғол мемлекетінің саяси істеріне араласып, осы мемлекеттің тағына кім отырады деген мәселені шешуге қатысқан [3, с. 226]. Тәуке хан кезінде Сырдария бойындағы қалалар үшін кішігірім соқтығыстар болып тұрғанымен, Бұхара хандығы мен Қазақ хандығы арасында ірі соғыс болмаған [24, с. 380].

Керісінше, қазақтар мен ойраттар арасындағы әскери қимыл-дар ұйымдасқан және тоқтаусыз соғыстар сипатында қамтыған. Осы ұзаққа созылған соғыста Тәуке хан «сексен мыңдық» әскерді шебер басқарған, әскери өнер білгірі атанып, шайқаста батыл, қауіптен қорықпайтын атаққа ие болып, өз жақтастары арасында батыр деген лауазым алады [176, с. 47-76].

Батыр лауазымы жекелеген адамдарға шайқастағы ерлігі пен әскери қимылды шебер басқарғаны үшін берілетін. Жоңғарлармен ұзақ та табан тірескен соғыс елде ауыр саяси және экономикалық жағдай қалыптастырды және Қазақ хандығының Ресеймен жақындасуына ықпал етті. Тек 1686-1693 жылдары ғана Тәуке хан Ресейге маңызды дипломатиялық тапсырмалармен бес елшілік жіберген. Тәуке ханның I Петрге 1694 жылы қазанда жазған хаты сақталған, онда хан Ресеймен достық қатынасты қолдауға ұсыныс білдірген. XVIII ғасырдың бірінші онжылдығында қазақтардың Ресеймен қатынасы жандана бастады. 1717 жылы Тәуке хан қазақтардың Ресей боданы болуға өтінішін қозғады. Бірақ бұл тұрғыдағы келіссөздер 1718 жылы Тәуке ханның қайтыс болуына байланысты үзіліп қалды [23, с. 66-67].

Тәуке билігін бүкіл мемлекет мойындаған соңғы қазақ ханы еді. Оның өлімінен кейін, келте хандар бас көтерді және барлық үш жүздің әрқайсысының өз хандары шықты. Сол уақыттан бастап әрбір қазақ жүзінің өз тарихы бар. Тәуке ханның Қазақстан тарихындағы алатын орны көп жағдайлармен анықталады: оның арасынан ең маңызды екеуін атап өтейік: 1) ол бізге дейін жеткен хан дәуіріндегі қазақтар құқығының ескерткіші «Жеті Жарғының» бастамашысы және басты жасаушысы болды; 2) хан мен айналасындағылардың шешуші қимылы, ақылды саясаты, дәстүрді жаңалықтармен біріктіре білуі, принциптілігі мен ептілігі, өмір шындығы мен идеялары ойраттармен соғысқан ауыр жылдары Қазақ хандығының бірлігін, мемлекеттің негізгі аумағының тұтастығын сақтап қалуды қамтамасыз етті. Тәуке хан табиғатынан билеуші болатын: ол айналасындағылардан ақылымен, батырлығымен, даналығымен, алдығы қатарлы істерімен биік тұрды, қарапайымдылығы және әділдігімен ерекшеленді. Осылардың барлығы оған тірі кезінде үлкен құрмет, ұрпақтарына атақ-даңқ әкелді. 1748 жылы жазылған құжатта, Ресей дипломаты және аудармашы М. Тевкелев оны былайша сипаттайды: «Тәуке хан ақылды адам және қырғыздарда (қазақтарда) үлкен құрметке ие» [14, с. 406].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ортағасырлық Қазақстан аймағында қазақ мемлекеттігінің өмірге келіп, дамуы қазақ этносының өркен жаюындағы ұзақ жолында оның бірегей құралып қалыптасуы мен бірігіп нығаюы тұтастығын сақтап қалуы үшін аса зор маңызы болды. Қазақ хандығының құрылуы екі – Көшпелі өзбек хандығы және Ноғай Ордасымен тарихымен тікелей байланысты. Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы – Қаратау қойнауларындағы, Сырдария сағаларындағы, Түркістанның солтүстік бөлігіндегі олардың едәуір бөлігі 40-50 жылдардың өзінде-ақ Керей мен Жәнібектің төңірегіне топтасты, Әбілқайыр хан даладағы өз билігін нығайту жолындағы күреспен айналысып жүргенде Ақ Орда хандарының мұрагерлері Қазақстанның оңтүстігінде өздерінің күшті билігін қамтамасыз ете алды. Қазақ хандығы алғашқы уақыттары Батыс Жетісу жерін, Шу мен Талас алқаптарын иеленді, Ол Орталық және Оңтүстік Қазақстаннан қоныс аударған қазақ рулары мен тайпалары сияқты жергілікті тұрғындарды да біріктірді. Моғолстанның басқарушысы Есенбұғаның мұнда жылжыған қазақтарды тоқтатуға нақтылы күші болмады. Әбілхайырдың, Темір әулетінің территориялық талаптарына, қалмақтардың шапқыншылығынан Моғолстан шекараларының, қауіпсіздігін солардың көмегімен сақтап қалуға үміттеніп ол қазақ қолбасшыларымен одақтасты. 1462 ж. Есенбұға дүние салғаннан кейін Моғолстанда іс жүзіндегі толық бас аламандық, өкіметсіздік орын алды. Мұндай жағдайда Жетісу жерінде Қазақ халқының өмірге келіп, нығаюы әбден заңды құбылыс болған еді. Қазақ хандығының шығуы Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісудың және Түркістанның (Оңтүстік Қазақстан) кең байтақ жерінде етек алған әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің заңды қорытындысы болды. Қазақ халқының бір бөлігінің әр түрлі мемлекеттік бірлестіктерге бытырап кетушілігін, саяси жағынан бастарының бірікпеушілігін жеңу Жәнібек және Керей есімдерімен

байланысты. Алғашында Қазақ хандығының аумағы батыс Жетісу жері, Шу және Талас өзендерінің алқабы еді. Қазақ хандығының алдына қойған мақсаты өріс-қонысты кеңейту. Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Яссы (Түркістан) және т.б. қалаларды Қазақ хандығына қарату. Бұл қалалардың саяси-экономикалық және стратегиялық маңызы зор болды. Қазақ хандары Әбілқайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күресте олардың ішкі-сыртқы қайшылықтарын толық пайдаланып, Әбілхайыр хан қырық жыл билеген Шығыс Дешті Қыпшақты және ондағы көшпелі тайпаларды бір-бірден өзіне қосып алды. XV ғасырдың 70-жылдары қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратау өңірінің бірсыпыра аумағын басып алды. Бірақ, Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани ханмен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Яссыны (Түркістанды), Сығанақты біресе қазақ хандары, біресе Мұхаммед Шайбани басып алып, жеңістер мен жеңілістер жауласушы екі жақтың да үлесіне тиіп отырды. 1470 жылы қыста Қазақ ханы Керей қол бастап Түркістанға шабуыл жасады. Қазақ ханы Жәнібектің үлкен баласы Жиренше Сауранды иемденді. Сауран қаласы түбіндегі шайқаста Мұхаммед Шайбани жеңіліп, Бұхараға қашады, ал Созақ және Сауран қалалары Қазақ хандығының құрамына кіреді.

Сырдария қалалары мен оның алқаптары үшін күрес Керей ханның баласы Бұрындық хан (1480-1511 жж.) тұсында да жалғасады. XV ғасырдың 80-шы жылдарында Моғолстан ханы Сұлтан Махмұдтың қолдауымен Мұхаммед Шайбани тағы да Аркөк, Сығанақ қалаларын басып алды. Бірақ, Бұрындық хан қырдан келіп Сығанақ қаласын қоршады, қаланың тұрғындары қақпасын ашып, Бұрындыққа өтті. Үш жыл бойы қазақтармен соғысқан Мұхаммед Шайбани, Бұрындық хан мен Қасым сұлтан бастаған қазақтардың қысымына төтеп бере алмай, 1486 жылы Түркістанды тастап, Хорезмге кетуге мәжбүр болды. 1482-1485 жылдары Моғолстан ханы Жүніс Ташкент пен Сайрам қалаларын басып алды. XV ғ. аяқталар тұсындағы

күрестің қорытындысы – Қазақ хандығы құрамына Созақ, Сығанақ, Сауран қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі болды, Отырар, Яссы, Аркөк, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниға қарады. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд биледі. Далада билік жасау үшін күресуге Мұхаммед Шайбанидің нақты күші болмады. Іс жүзінде ол тек Сырдария маңындағы жерлер үшін күресумен шектелуге мәжбүр болды.

Қазақ хандығына Сырдария алқаптарының бір бөлігін қосып алу қазақ хандарының елді тұтас біріктіру жолында табысқа жетуінің кілтіне айналды. XV ғ. аяғында мемлекеттерінің әуел бастапқы шекаралары кеңейе түсті. Оған Батыс Жетісумен, Оңтүстік Қазақстандағы жоғарыда көрсетілген қалалармен бірге далалық өңірлерімен Қаратау аймағы, Сырдария мен Солтүстік Арал алқаптары, Орталық Қазақстанның едәуір бөлігі енді. Қазақ хандығы өзінің ең жоғары қуаттылығына XVI ғ. бірінші ширегінде, әсіресе Қасым хан (1511-1521 жж.) тұсында жетті. Іс жүзінде ол елді Бұрындық кезінде-ақ басқара бастады. Оның басқаруынан бастап билік жүргізу Жәнібек ұрпақтарының қолына көшті. Қасым хан қазақ жерінің кең байтақ далалық кеңістігінде өз үстемдігін нығайтты. 1514 ж. Сұлтан Саидтың Шығыс Түркістанға кетуі қазақ ханының Жетісудағы билігінің нығая түсуіне себепші болды. Батыста оның қол астына Ноғай Ордасының дағдарысын бастарынан кешірген рулар мен тайпалар топтары көшіп келді. Хандықтың шекарасы Жайық өзені алабына дейін кеңейді, Оңтүстікте Қасым ханның иеліктері Сайрам уәлаятын қоса Сырдарияға дейін жетті, Солтүстік пен солтүстік-шығыста Қасымның иеліктері Ұлытау мен Балқаш көлінен ары аса алысқа созылып жатты. Қасым ханның тұсында қазақтардың саны миллион адамға жеткен. Қасым дәстүрлі әдет-ғұрыптарды ұстанған хан болатын. Осы дәстүрлі әдет-ғұрыптарды заңдар жинағы етіп, елді басқаруда кең қолданған. Халық арасында бұл заңдар «Қасым ханның

қасқа жолы» деп аталады. Қасым қайтыс болғаннан кейін, оның ұрпақтары арасындағы билік үшін күрес 20-жылдары Жошы әулетін әлсіретті. Ол туралы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қазақ сұлтандары арасында дау-араздық басталды», – деп жазды. Өзара тартыста Қасымның мирасқоры Мамаш хан қазаға ұшырады.

1523-1533 жж. Қасымның немере інісі Тахир хан биледі. Оның билеуге деген қабілеті төмен болды. Тахир хан феодалдық қырқыстарды тыя алмады, Шайбани әулетімен, Ноғай Ордасы және Моғолстан хандарымен жауласты. Осының нәтижесінде, Сырдария бойының қалалары қолдан кетті, Түркістан уәлаяты Шайбани Убайдаллах сұлтанның қол астына өтті. Оның ықпалы тек Жетісуда ғана сақталып қалды. Қазақ ханы Тахир (1523-1533 жж.) Ноғай Ордасымен шайқаста сәтсіздікке ұшырады, Сырдария бойы қалаларын қайтарып алмақ болған оның әрекетінен түк шықпады. Ұрыс-талас Тахирді Жетісуға қашуға мәжбүр етті, мұнда ол қырғыздармен одақтасып, моғол ханы Сұлтан Саидтың осы өңірде өз билігін қайта қалпына келтіру әрекеттеріне тойтарыс беріп отырды. Оның тұсында мемлекеттілік билік құлдырап, мемлекеттің шекара аумағы қысқарды. Тахирдың інісі Бұйдаш хан қазақ-қырғыз бірлестігінің басшысы болды. Оның тұсында билік үшін күрес тоқталған жоқ. Бұл кезеңде Қазақ хандығы оңтүстігінде тек Сырдария және Қаратау алқаптарының бойымен ғана тұйықталған болатын. XVI ғасырдың отызыншы жылдарында Бұйдаш ханмен қатар өзге де қазақ хандары, Қазақстанның батыс өңірінде Ахмет хан, Жетісуда Тоғым хан болған. Бұл жағдай Қазақ хандығының бытыраңқылыққа ұшырағандығын көрсетеді. Қасым ханның баласы Хақназар (1538-1580 жж.) тұсында Қазақ хандығы қайта бірігіп, дами түсті. Ол хандық билікті нығайтуға және күшейтуге қажырлы қайрат жұмсады. Ол қазақ – қырғыз одағын одан әрі нығайтты, сол заманның деректерінде оны «қазақтар мен қырғыздардың патшасы» деп атады. Оның тұсында қазақ даласы шекараларына Қазан, Астрахань, сонан соң Сібір хандықтарын жаулап

алғанынан кейін Орыс мемлекеті жақындай түсті. Қазақ далаларына ноғайлықтар, башқұрттар, Сібір татарлары қаптап келе бастады; Сырдария бойында қарақалпақтар пайда болды. Осы аралықта Жетісу жерлерін, ондағы Ұлы жүз қазақтарын ығыстырып, ойраттар (жоңғарлар) жайлай бастады. Алтын Орда құлағаннан кейін Ноғай Ордасы құрамына енген батыстағы жерлерді Қазақ мемлекетінің құрамына қосу қиын болды, әрі ұзаққа созылды. XVI ғ. орта шенінде Ембіде құлдырау мен алауыздық жағдайында болған Ноғай Ордасынан Алты ауыл Ордасы бөлініп шығып, іс жүзінде XVII ғ. дейін дербес өмір сүрді. Хақназар ханға Сырдариядан, Арал маңынан Ембіге дейінгі жерлерді және ноғай ұлыстарының бір бөлігін өз билігіне қабылдап, тіпті Жайықтың сол жағалауын өз бақылауына алудың сәті түсті. Тарихи деректерде Хақназарды «қазақтар мен ноғайлардың ханы» деп атаған. Ол Мауреннахрдағы Шайбани әулетімен одақтастық байланыс орнатуға ұмтылды. Шайбанилік Бұхара ханы Абдолла II одақтық шарт жасасты. Қазақтардың Орта Азия халқымен сауда-саттық қарым-қатынасы, экономикалық байланыстары орнатылды. Қазақ хандығы нығая түсті. Бірақ Хақназар ханды 1580 жылы Абдолла ханның қарсыласы Ташкент билеушісі Баба сұлтан астыртын өзінің адамын жіберіп өлтіртті. Хақназар хан қаза болған соң оның орнына Жәдік сұлтанның баласы Жәнібек ханның немересі Шығай 1580-1582 ж.ж. хан болды. Ол сексен жаста болғанымен, қазақтардың ішінде беделді хан болды. Өзінің ұлдарымен бірге ол да Баба сұлтанға қарсы күресте өзбек ханына қолдау көрсетті. Атап айтқанда ол Абдулланың Сайрам, Сауран, Түркістан бекіністерін қоршаған, 1582 ж. Түркістан арқылы жасаған даңқты жорығына қатысты. Содан қайтар жолда Баба сұлтанды Шығайдың ұлы, қазақ сұлтаны Тәуекел өлтірді. Сырдария қалалары Абдулла ханға тізе бүкті, ал бұл ол қалаларға өз уәлилерін қойды. Көрсеткен көмегі үшін қазақ әкімдеріне сый бұл жерден емес, Орта Азиядан тиді. Сондықтан, Сырдария қалалары маңында орнығып қалу үшін басқа жолдарды қарастыру, демек

хандықты күшейту қажет еді. Шығай хан қазақ хандығының сыртқы саясатындағы Хақназар хан ұстанған бағытты жалғастырды. 1582 жылы Шығай хан қайтыс болғаннан кейін таққа Тәуекел (1582-1598 жж.) отырды. Тәуекел хан Бұхара ханы Абдолламен жасасқан шартты бұзып, қазақ және өзбек билеушілері арасындағы қақтығыстарды күшейті. Тәуекел өзінің сыртқы саясатында хандықтың оңтүстігіндегі қалаларда билікті нығайтуға күш салды. Сыр бойындағы қалалар үшін Абдолламен күресті бастайды. 1597 жылы Бұхар хандығында ішкі тартыс басталды, Абдолланың ұлы Абдылмомын әкесіне қарсы шықты. Осы жағдайды ұтымды пайдаланып, Тәуекел Ташкент қаласының түбінде Абдолла ханның әскерлерін талқандады. 1598 жылы наурызда Абдолла хан қайтыс болып, Абдылмомын хан болды. Тәуекел хан осы тұста жүз мың әскерімен Мауреннахрды, Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқан қалаларын басып алды. Бірақ, Бұхараны қоршау кезінде Тәуекел хан ауыр жараланып, Ташкентке келіп қаза болды. 200 жыл бойы Ташкент және оның аймағы Қазақ хандығының құрамында болып, Түркістан қаласы Қазақ хандығының орталығына айналды. Шайбанилер әулетінің орнына келген аштархан әулеті XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында Түркістан, Ташкент, Ферғана қалаларын қайтару үшін жорықтар жасады. Шайбани әулеті 1598 жылы құлады, ал аштархан әулеті 1599-1735 жылдары өмір сүрді. Қазақ тарихында Есім ханды «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен әйгілі болды, оған бұл атақ 1598 жылы ағасы Тәуекел ханмен бірге Мауреннахрға жасаған жорықта ерлігімен ерекше көзге түскен үшін берілді. Есімнің аштарханилер өкілдерімен жасасқан келісімі бойынша Қазақ хандығының құрамына қалаларымен бірге Түркістан аймағы, сондай-ақ уәлаятымен қоса Ташкент, бірсыпыра уақытқа Ферғана кірді. Есім қазақ хандығын бір орталыққа бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңдар жинағын құрастырды. Ташкент қаласы Қазақ хандығына қараған соң оны Жәнібек ханның немересі, Жалым сұлтанның баласы

Тұрсын Мұхаммед сұлтан басқарған еді. Қазақ хандығы екіге бөлініп, Түркістан қаласын орталық еткен Есім хан, Ташкент қаласын орталық еткен Тұрсын хан билеген еді. Екі хан арасындағы күрес шиеленісіп, 1627 жылы Есім хан Тұрсын ханды өлтіріп, қазақ хандығын өз қол астына біріктірді. Қазақ хандығын біріктіру жолындағы Есім ханның күрестері қазақтың «Еңсегей бойлы ер Есім» атты тарихи жырына өзек болған. Есімхан 1628 жылы қайтыс болып, Түркістан қаласындағы Ахмед Яссауи кесенесінде жерленген. Жәңгір хан билік құрған жылдары Сыр бойындағы қалалар үшін аштарханидермен және Жетісудағы жайылымдар үшін қалмақтармен соғысты. Халық оны ел үшін еңіреп туған ерлігіне бола «Салқам Жәңгір» деп атаған.

Қазақ хандығына жоңғарлар жақтан төнген қауіп зор болды. 1643 жылы жоңғар қонтайшысы Батыр қазақ жеріне 50 мың әскермен басып кіреді. 1644 жылы Жоңғарияға барған орыс елшісі Г. Ильин жоңғарлардың 50 мың қолына Жәңгір хан бастаған 600 жауынгердің қарсы тұрғанын айтқан. Шайқас барысында Батыр қонтайшы 10 мың әскерінен айырылады. Шайқастың шешуші кезеңінде Жәңгір ханға Самарқан билеушісі Жалаңтөс батыр бастаған 20 мың әскер көмекке келеді. Жәңгір хан Жалаңтөс батырдың әскери көмегі арқасында жеңіске жетті. Бұл тарихта Орбұлақ шайқасы деген атпен белгілі.

1652 жылы Батыр қонтайшы дайындықпен, қазақтарға қарсы жаңа жорық жасайды. Бұл соғыста қазақ жасақтары жеңілді. Жәңгір хан осы 1652 жылғы шайқаста жоңғарлардың қолынан қаза тапты. Жәңгірдің баласы Тәуке хан билік еткен кезеңде (1680-1718 жж.) Қазақ хандығының күш-қуаты өсіп, бірлігі артты. Тәуке хан өзінің даналығы арқасында ел арасында «әз Тәуке» деген атқа ие болған. Тәуке хан мемлекетті басқару ісінде данышпан, ел арасында асқан ерлігімен, батырлығымен дараланған тұлғаларды, билер мен батырларды тартты. Билер кеңесі мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына қатысты мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарды. Тәуке

ханның тұсында «Билер кеңесінің» құрамына атақты Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке және басқа тұлғалар кірді. Осы кеңестің шешімі негізінде ғана Тәуке хан мемлекеттік мәселелерді шешуге құқықты болған және билер кеңесі қабылданған заңдар мен шешімдерді жүзеге асырып отырған. Билер кеңесі соттық билікті де атқарған. Жыл сайын Ташкент қаласының маңындағы Күлтөбеде үш жүз өкілдерінің басын қосқан жиналысын өткізіп тұрған. Тарихта «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген атпен белгілі.

Тәуке хан «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын құрастырды. «Жеті жарғы» орыс деректерінде «Тәуке хан заңдары» деген атпен белгілі. «Жеті жарғыға» әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық нормалары, салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылған. Тәуке ханның сыртқы саясаты көрші мемлекеттермен тату тұру, олармен экономикалық, сауда қарым-қатынастарын орнату. Ол 1687 жылы Бұхар ханы Субханқұлмен Ташкент жөнінде келіссөз жүргізіп, оны қазақтар иелігінде қалдырды. Екі мемлекет арасында сауда жасауға мүмкіншілік тудырды. Орыс деректерінде Тәуке хан қарақалпақтардың ханы деп те аталады. Олар жыл сайын қазақтарға салық төлеп, өз одақтастарымен бірігіп соғыс қимылдарына қатысқан. Тәуке ханға қырғыздардың басым бөлігі бағынды. Тәуке хан билік құрған жылдары Ресеймен қарым-қатынас жанданды. 1686-1693 жылдар аралығында Тәуке хан Ресейге бес елшілік жібереді. 1694 жылы хан ордасында орыс елшілері Скибин мен Трощинді қабылданған. Тәуке хан билік құрған жылдары қазақ мемлекеті мен жоңғарлар арасындағы қарым-қатынас тұрақсыз болды. 1653 жылы Жоңғар билеушісі Батыр қонтайшы қайтыс болғаннан кейін, оның мұрагерлері таққа таласумен болды. 1670 жылы билікке келген Ғалдан-Бошоқту қонтайшының тұсында оңтүстік Қазақстанға шапқыншылықтар шиелене түсті. 1681 жылы Шудан өтіп, 1684 жылы Сайрам қаласын басып алды.

Тәуке хан Шыңғыс хан құрған әскери басқару жүйесін қайта

жаңғыртты. Әскерді қатаң басқаруға үлкен мән берілді.

Қорыта келгенде, Тәуке хан өзі билік еткен жылдары ішкі және сыртқы саясатты сәтті жүргізді. Бұл кезде Қазақ хандығы біртұтас мемлекет болды. Тәуке хан дипломат мәмілегер, айлакер қолбасшы, әдеттік құқық жүйесінің реформаторы және қазақ ұлтының бірлігі мен жерінің тұтастығын сақтауға жан аямай күш салған ірі мемлекеттік тұлға ретінде танылды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Біз – Ұлы Дала ұрпақтарымыз (Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі) // Егемен Қазақстан. – 2015. – 12 қыркүйек.
- 2 Мырза Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди / Введ. перевод с персидского. А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Елифановой. – Ташкент, 1996. – 728 с.
- 3 Шах-Махмуд Чурас. Хроника / Критический текст, перевод, комментарии, исследование и указатели О.Ф. Акимовской. – 2-е изд. – СПб.: Петербургское лингвистическое общество. – 2010. – 496 с.
- 4 Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. – Алматы: Наука, 1969. – 654 с.
- 5 Мирзоев А.М. Камал ад-дин Бинаи. – Москва, 1976. – 600 с.
- 6 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). – Москва: Восточная литература, – 1976. – 106 с.
- 7 Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.
- 8 Утемиш-Хаджи. Чингиз-наме. – Алматы: Наука, 1992. – 243 с.
- 9 Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С.Өтениязов. Жалпы редакциясын қараған Мұхтар Мағауин. – Алматы, 1997. – 126 б.
- 10 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
- 11 Сибирские летописи. Группа Есиповской летописи. – Москва: Наука, 1987; ПСРЛ. – Т. 36. – Ч. 1. - 255 с.
- 12 Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымскою и Ногайскою ордами и с Турцией. – СПб., 1896. – Т. 1. – 634 с.
- 13 Асфендияров С.Д., Кунте П.А. (ред.) Прошлое Казахстана в источниках и материалах (V в. до н.э. XVIII в. н.э.). 2-е изд. – Алматы: Казахстан, 1997. – 383 с.
- 14 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – Алматы: АН Казахской ССР, 1961. – 741 с.
- 15 Маслова О.В. Обзор русских путешествий и экспедиций в Среднюю Азию. – Ташкент: Фан, 1955. – Т. 1. – 84 с.

- 16 «Книга Большому Чертежу». / Подготовка к печати и ред. К.Н.Сербиной. – М.-Л., 1950. – 230 с.
- 17 Татищев В.Н. История Российская. – М.-Л., 1962. – Т. 1. – 348 с.
- 18 Английские путешественники в Московском государстве в XVI в. – Москва: Соцэкгиз, 1938. – 312 с.
- 19 Рычков П.И. История Оренбургская, по учреждению Оренбургской губернии. – Уфа, 2002. – 196 с.
- 20 Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Ч. 2 о народах татарского племени, и других не решенного еще происхождения северных сибирских. – СПб., 1799. – 246 с.
- 21 Миллер Г.Ф. История Сибири. – Москва: Изд. АН СССР, 1937. – 607 с.
- 22 Бичурин И.Я. Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. – СПб., 1834.
- 23 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / Под общей редакцией академика М.К. Козыбаева. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
- 24 Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах. – Спб.: Типография Императорской Академии наук, 1863. – Т. 1. – 587 с.
- 25 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – Т. 1. – 432 с.
- 26 Введение к изданию Сочинений академика В.В. Бартольда. – Москва: Наука, 1963. – Т. 1. – 120 с.
- 27 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, и сведения об их численности. – СПб.: Тип. С.Н.Худекова, 1897. – 300 с.
- 28 Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1943. – 104 □
- 29 Моисеев В.А., Сулейменов Р.Б. Востоковедные исследования в Казахстане. – Алматы: Наука, 1989. – 120 с.
- 30 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 80 б.
- 31 Чулошников, А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских

- племен. – Оренбург: Киргизское гос. изд-во, 1924. – Ч. 1. – 290 с.
- 32 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа (Генеалогия киргиз-казакских родов). – Ташкент: Узбекистан, 1925. – 34 с.
- 33 Асфендиаров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Алма-Ата-Москва, 1935. – Т. 1.
- 34 Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – М: ОГИЗ, Госполитиздат, 1941. – Т. 1. – 367 с.
- 35 Ибрагимов С.К. Новые материалы по истории Казахстана XV-XVI вв. // – История СССР. – 1960. – № 14. – С. 152-158.
- 36 Семенов А.А. Первые шейбаниды, и борьба за Мавераннахр (XVI в.) // Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии. – Сталинабад, 1954. – Вып. I.
- 37 Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Ханы казахской степи. – Астана: Астана Даму-21, 2006. – 256 с.
- 38 Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алматы: Наука, 1985. – 101 с.
- 39 Исин А. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI в. – Семипалатинск, 2002. – 139 с.
- 40 Акимушкин О.Ф. К вопросу о внешнеполитических связях Могольского государства с узбеками и казахами в 30-х годах XVI в. – 60-х годах XVIII в. // Палестинский сборник. – 1970. – Вып. 21 (84). – С. 233-248.
- 41 Басин В.Я. Россия и Казахское ханства XV-XVIII вв. – Алматы: Наука, 1971. – 160 с.
- 42 Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 728 б.
- 43 Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
- 44 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Спб., 1884. – Т. 1. – 565 с.
- 45 Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды. – М.-Л.: Изд-во Акад. наук СССР, 1941. – Т. 2. – 308 с.
- 46 Сборник Венецианско-генуэских грамот (1342-1349 гг.). // Записки Одесского об-во истории и древности. – Одесса, 1858. – Т. 5.
- 47 Пресняков А.Е. Лекции по русской истории. – Петроград, 1917. – Т. 2. – 230 с.

- 48 Савельев П.С. Монеты джучидская, джагагайкие, джелаиридские и другие, обращавшиеся в Золотой Орде в эпоху Тохтамышша. Екатеринославский клад. Тетюшский клад. Джучидские монеты из разных собраний. – СПб., 1858. – Т.3.
- 49 Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск: Мордовское книжное издательство, 1960. – 279 с.
- 50 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – Москва-Ленинград: АН СССР, 1950. – 500 с.
- 51 Летописный сборник, именуемый Патриаршею или Никоновскою летописью. / Под. ред. А.Ф. Бычкова. – СПб.: Типография министерства внутренних дел, 1885. – 244 с.
- 52 Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов: монгольский кочевой феодализм. – Л.: Изд. АН СССР, 1934. – 224 с.
- 53 Полное Собрание Русских Летописей. Т. V. Летописный сборник, именуемый Тверскою летописью. – СПб.: Типография Леонида Демиса, 1863. – 271 с.
- 54 Материалы по истории туркмен и Туркмения. – М.-Л., – 1939. – Т. 1. – 600 с.
- 55 Брун Ф. Черноморе. Сборник исследований по исторической географии южной России. – Одесса, 1879. – Ч. 1.
- 56 Любавский М.К. Очерк по истории Литовско-Русского государства до Люблянской унии включительно. – Москва: Московская Художественная Печатная, 1910. – 409 с.
- 57 Ляскоронский В.Г. Русские походы в степи в удельно-вечевое время. – СПб.: Сенатская типография, 1907. – 144 с.
- 58 Шпилевский С.М. Древние города и другие болгаро-татарские памятники в Казанской губернии. – Казань: Университетская типография, 1877. – 610 с.
- 59 Заходер Б.М. Империя Тимура // Исторический журнал. – 1941. – № 6. – С. 69-77.
- 60 Бартольд В.В. Отец Едигея // Изв. Таврического общества Истории, Архологии, Этнографии, 1927. – Т. 1. – С. 18-24.
- 61 Кеппен П.И. Крымский сборник. – СПб., – 1837. – 412 с.
- 62 Соловьев С.М. История России с древнейших времен. – Москва: Голос, 1993. – Кн.1 – 768 с.
- 63 Якубовский А.Ю. Тимур // Вопросы истории. – 1946. – № 8. – С. 160-173.
- 64 Березин Н.И. Ханские ярлыки. – Казан, 1851. – Ч. 1. – 60 с.

- 65 История Грузии. – Тбилиси: Сабчота Сакартвело, 1945. – Т. 1. – 705 с.
- 66 Летописный сборник, именуемый Патриаршею или Никоновскою летописью. / Под. ред. С.Ф. Платонова. – СПб: Типография И.Н. Скороходова, – 1897. – 254 с.
- 67 Баллад Ф.В. Приволжский Помпей. – Москва-Петроград, 1923. – 162 с.
- 68 Бартольд В.В. Место прикаспийских областей в истории мусульманского мира. – Баку, 1925.
- 69 Шильтбергер И. Путешествие по Европе, Азии и Африке. – Одесса: Типография Нитче, 1867. – Т. 1. – 164 с.
- 70 Малиновский К. Кремль Астраханский / Сборник трудов членов Петровского общ. исслед. Астраханского края, 1892. – С. 3-15.
- 71 Радлов В.В. Ярлык Тохтамыша и Тимуркутлука // Записки Восточного отделения русского археологического общества. – 1889. – Т. 3. – С. 17-28.
- 72 Барабашов А.И. Витовт и его политика до Грюнвальдской битвы. – СПб., – 1885. – 184 с.
- 73 Мухлинский А. Исследования о происхождении и состоянии литовских татар. – СПб., – 1857.
- 74 Ляскоронский В.Г. К вопросу о битве князя Витовта с татарами на реке Ворскле в 1399-м году // Журнал МНП. – 1908. – Июл. – С. 71-83.
- 75 Марков А.К. Инвентарный каталог мусульманских монет Императорского Эрмитажа. – СПб., 1896. – 872 с.
- 76 Рюи Гонсалес де Клавихо, Дневник путешествия ко двору Тимура в Самарканд в 1403-1406 гг. – СПб., 1881. – 466 с.
- 77 Веселовский Н.И. Хан из темников. Ногай и его время. – Петроград, – 1922. – 64 с.
- 78 Березин Н.И. Библиотека восточных историков. – Казан, – 1854. – Т. II. – Ч. 1.
- 79 Кононов А.Н. Родословная туркмен: Сочинение Абу-л-Гази, хана Хивинского. – М.:Л., 1958. – 288.
- 80 Кужелева Л.Н. Ногайцы // Народы Кавказа. Отв. ред. С.П. Толстов. – М., 1960. – С. 391-402.
- 81 Рашид ад-Дин Фазаллах ибн Абу-л-Хайр Хамадани / Сборник летописей. Пер. с перс. О.И. Смирновой. – М.-Л., – 1952. – Т. 1. – Кн.

2. – 315 с.

82 Шихаб ад-Дин Ахмад ибн Мухаммад ибн Арабшах. Аджаиб ал-макдур фи ахбар Тимур. – 1887. – 252 с.

83 Ананьев Г. Караногайские исторические предания // Сборник материалов для описания местностей и племен Кавказа. – Тифлис, 1900. – Вып. 27. – С. 1-38.

84 Трепалов В.В. История Ногайской Орды. – Москва: Восточная литература, 2002. – 752 с.

85 Жирмунский В.М. Избранные труды: Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974. – 727 с.

86 Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. – Алматы: Ғылым, 1992. – 243 с.

87 Маргулан А.Х. Чокан Чингисович Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. – Алматы: АН КазССР, 1968. – Т. 4. – 663 с.

88 Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой: 1489-1508 гг. – Москва: АН СССР, 1984. – 87 с.

89 История о Казанском царстве (Казанский летописец). – СПб., 1903. – 460 с.

90 Негри А. Извлечение из турецкой рукописи Общества, содержащей историю крымских ханов // ЗООИД. – 1844. – Т. 1. – С.379-392.

91 Рюи Гонсалес де Клавихо. Дневник путешествия ко двору Тимура в Самарканд в 1403-1406 гг. – Москва: Наука, 1990. – 211 с.

92 Беляев И.А. Сказание об Едигее и Тохтамыше: Каракалпакская народная поэма // Протоколы заседаний и сообщения членов Закаспийского кружка любителей археологии и истории Востока. – Асхабад, 1917. – С.1-39.

93 Трепалов В.В. Нурадины Ногайской Орды // ИГАРНО. – 1993. – С. 49-62.

94 Кадыр Али-бек. Сборник летописей. – Казан, 1854. – Т. 2. – Ч. 1. – 178 с.

95 Тагищев В.Н. История Российская. – М.-Л., 1965. – 500 с.

96 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – Москва: Наука, 1965. – 181 с.

97 Усманов М.А. Татарские исторические источники □VII-□VIII вв. – Казан: Изд-во Казанского государственного университета, 1972. – 223 с.

98 Семенов Н. Туземцы Северо-Восточного Кавказа. – СПб., 1895. – 506 с.

- 99 Семенов Н. Яммай: Прозаический перевод ногайской поэмы времен хана Тохтамыша // Кавказ (Тифлис). – 1885. – № 276.
- 100 Вамбери Г. История Бохары или Трансоксании с древнейших времен до настоящего. – СПб., 1873. – 228 с.
- 101 Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков: Родоплеменная структура и расселение в XIX – начале XX в. – М.-Л., 1950. – 172 с.
- 102 Сокровенное сказание монголов: Анонимная монгольская хроника 1240 г. / Сост., вступ. ст., примеч., пер. на калм. и рус. яз. П.А. Дарваева, пер. на бурят. яз. Г.Г. Чимитова. – Элиста: Калмыцкое книжное издательство, 1990. – 280 с.
- 103 Мухаммед Салих. Шейбани-наме. – СПб., 1908. – 257 с.
- 104 Сыроечковский В.Е. Мухаммед-Герай и его вассалы // УЗ МГУ. История. – 1940. – Т. 2. – Вып. 61. – С. 3-71.
- 105 Гаджиева С.Ш. Очерки истории семьи и брака у ногайцев: XIX – начало XX в. – Москва: Наука, 1979. – 176 с.
- 106 Маджму ат-Таварих. // МИКК. – Москва: Наука, 1973. – Вып. I. – С. 200-216.
- 107 Потанин Г.Н. Тюркская сказка о Идыге // – ЖС. – 1897. – Вып. 3-4. – С. 294-350.
- 108 Башкирские шежере. – Уфа: Башкирское книжное издательство, 1960. – 304 с.
- 109 Султанов Т.И. Письмо золотоордынского хана Улуг-Мухаммада турецкому султану Мураду II // ТС. – М., 1975. – С. 53-61.
- 110 Небольсин П.И. Очерки волжского низовья. – СПб., 1852. – 197 с.
- 111 Меховский М. Трактат о двух Сарматиях. – М.-Л., 1936. – 288 с.
- 112 Сикалиев А.И. Ногайский героический эпос. – Черкасск: Казбек, 1994. – 328 с.
- 113 Извлечение из записок Блеза де Виженер (1573) // МЮР. – Киев, 1890. – С. 59-88.
- 114 Бартольд В. Улугбек и его время. – Петроград, 1918. – 188 с.
- 115 Ибрагимов С.К. Сочинения Масуда бен Османи Кухистани, «Тарихи Абулхаир-хани» // Изв. АН Каз ССР, Сер. Истории, археологии и этнографии. – Алма-Ата, 1958. – Вып. 3. – С. 82-91.
- 116 Петрушевский И.П. Земледелие и аграрные отношения в

- Иране XIII-XIV веков. – Москва, АН СССР. – 494 с.
- 117 Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – Москва: Изд. АН СССР, 1951. – 635 с.
- 118 Вяткин В.Л. Материалы к исторической географии Самаркандского вилайета // Справочная книга Самаркандской области. – Самарканд, 1902. – Вып. VII.
- 119 Мухаммед Юсуф Мунши. Муким-ханская история. – Ташкент: Фан, 1956. – 185 с.
- 120 Акты археографической комиссии. – СПб., 1836. – 1200 с.
- 121 Собрание государственных грамот и договоров / Под. ред. А.Ф. Малиновского. 4 тома. – М: Типография Н.С. Всеволожского, 1813-1826. – 2500 с.
- 122 Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л., 1948. – Т. 1. – 62 с.
- 123 Фазаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман наме-и Бухара. – Москва: Наука, 1976. – 442 с.
- 124 Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI века. – Алматы: Изд-во АН КазССР, 1977. – 287 с.
- 125 Елеуұлы М. Шу өңірі: Аңыз бен тарих // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 1996. – № 3. – 6-11 б.
- 126 Ибрагимов С.К. К истории Казахстана XVI в. – Москва: Наука, 1961. – 180 с.
- 127 Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2 басылым. – Т. II. – Алматы, 1985. – 260 б.
- 128 Мукминова Р.Г. К истории аграрных отношений в Узбекистане XVI в / По материалам «Вакф-наме». – Ташкент, 1966. – 220 с.
- 129 Вяткин В.Л. Шейхи Джуибари. – Ташкент, 1927. – 35 с.
- 130 Ибрагимов С.К. Некоторые данные к истории казахов XV-XVI вв // Изв. АН КазССР. Сер. Ист., экон., филос., права. – Алматы, 1956. – Вып. 3. – С. 110-125.
- 131 Кляшторный С.Г., Султанов Т.Н. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992. – 376 с.
- 132 Малиновский А.Ф. Историческое и дипломатическое собрание дел, происходивших между российскими великими князьями и бывшими в Кырыму татарскими царями с 1462 по 1533 год // ЗООИД. – 1863. – Т. 5. – С. 178-419.
- 133 История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. – Алматы: Наука, 1979. – Т. 2. – 424 с.

- 134 Герберштейн С. Записки о Московии. – Москва, 1988. – 430 с.
- 135 Бартольд В.В. Работы по археологии, нумизматике, эпиграфике и этнографии. – Москва: Наука, 1966. – 497 с.
- 136 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003. – 616 б.
- 137 Жолдасбаев С. М.Х. Дулати және XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 112 б.
- 138 Солтоноев Б. Кызыл кыргыз тарыхы. I китеп. – Бишкек, Учкун, 1993. – 208 б.
- 139 Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV – XVII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 264 с.
- 140 Қани М. Қазақтың көне тарихы. – Алматы, 1993. – 400 б.
- 141 Бартольд В.В. Работы по источниковедению. – Москва: Наука, 1973. – Т. 8. – 725 с.
- 142 Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой: 1489-1549 гг. – Махачкала: Терек, 1995. – 356 с.
- 143 Рычков П.И. История Оренбургская. – Оренбург, 1896. – 97 с.
- 144 Игнатъев Р.Г. Памятники доисторических древностей Уфимской губернии // Справочная книжка Уфимской губернии. – Уфа, 1883. – С. 328-355.
- 145 Мажитов Н.А., Султанова А.Н. История Башкортостана с древнейших времен до XVI в. – Уфа: Китап, 1994. – 360 с.
- 146 Кузеев Р.Г. Народы Среднего Поволжья и Южного Урала: Этногенетический взгляд на историю. – Москва, 1992. – 347 с.
- 147 Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии. – Москва: Наука, 1958. – 247 с.
- 148 Зияев Х. Средняя Азия и Сибирь: (вторая половина XVI-XIX вв). – Ташкент: Фан, 1964. – 170 с.
- 149 Басин В.Я. Из истории русско-казахских дипломатических отношений в XVI-XVII вв // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. – 1965. – Вып. 1. – С. 38-49.
- 150 Рычков Л.И. Топография Оренбургской губернии 1762 г. – Оренбург, 1887. – 439 с.
- 151 Чулошников А.П. Торговля государства с Средней Азией в XVI-XVII вв / Материалы истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. – Л., 1933. – Ч. 1. – 120 с.
- 152 Шепелев А. Очерк военных и дипломатических сношений России со Средней Азией до начала XIX столетия. – Ташкент, 1895. – 89 с.

153 Иванов П.П. Очерк истории каракалпаков / Материалы по истории каракалпаков. – М.-Л., 1935. – Т. 7. – 250 с.

154 Жуковский С.В. Сношения России с Бухарой и Хивой за последнее трехсотлетие // Труды Об-ва рус. ориенталистов. – Пг., 1915. – С. 3-20.

155 Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII веках // Казахстан в XV-XVIII веках (вопросы социально-политической истории). – Алматы, 1969. – С. 5-49.

156 Соловьев С.М. История России. – Москва: Директ-Медиа, 2010. – Т. 6. – 949 с.

157 Бартольд В.В. Работы по исторической географии. – Москва: Наука, 1965. – Т. 3. – 713 с.

158 Салахетдинова М.А. Сведения о киргизах в «Абдулле-наме» Хафиз Таныша // Изв. АН КиргССР. Сер. Обществ. наук. – Фрунзе: Илим, 1960. – Т. 2. – Вып. 3. – С. 176-187.

159 Сейфи Челеби. История // Малоисследованные источники по истории дореволюционной Калмыкии и задачи их изучения на современном этапе. – Элиста, 1987.

160 Резун Д.Я. Очерки истории изучения сибирского города конца XVI-первой половины XVIII века. – Новосибирск, 1982. – 160 с.

161 Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. –Л., 1932. – 310 с.

162 Абдураимов М.А. Очерки аграрных отношений в Бухарском ханстве в XVI – пер. пол. XIX в. – Ташкент, 1966. – Т. 1. – 220 с.

163 Хуршут Э.У. «Тарих-и Кипчак-хани» – важный источник по истории Средней Азии и Северного Афганистана XV-XVII вв. Автореф. дис... канд. ист. наук. – Ташкент, 1982. – 24 с.

164 Юдин В.П. Известия «Зийа ал-кулуб» Мухаммад Аваза о казахах XVI века // Вестник АН КазССР. – 1966. – № 5. – С. 67-81.

165 Вопросы историографии и источниковедения Казахстана: дореволюционный период / АН КазССР, Институт Истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Ва-лиханова. – Алматы: Наука, 1988. – 264 с.

166 Ахмедов Б.А. История Балха (XV – первая половина XVIII в). – Ташкент: Фан, 1982. – 160 с.

167 Бурнашева Р.З. Клады медных монет из города Туркестана // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. – Алматы,

1969. – С. 63-72.

168 Материалы по истории русско-монгольских отношений. 1607-1636. Сб. документов / Сост.: Л.М. Га-тауллина, М.И. Гольман, Г.И. Слесарчук. – Москва: Наука, 1959. – 352 с.

169 Сборник князя Хилкова / Документы по истории России XVI-XVII вв. – СПб., 1879. – 580 с.

170 Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. – Москва: Наука, 1982. – 160 с.

171 Русско-китайские отношения в XVII веке. Материалы и документы. – Москва: Наука, 1969. – Т. 1. – 500 с.

172 Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды // Сибирский вестник. – СПб., 1820. – Ч. 9. – С. 162-177.

173 Досмухамедов Х.А. Родословная Жалантус батыра (Яламтуш-Бахадура), строителя медресе Тилля-Кары и Шир-дор в г. Самарканде // Год работы Казахского высшего педагогического института. – Ташкент, 1928. – С. 78-94.

174 Русско-монгольские отношения. 1636-1654 / Сб. документов. – Москва: ГРВЛ, 1974. – 520 с.

175 Фишер И.Е. Сибирская история с самого открытия Сибири до завоевания сей земли Российским оружием. – СПб., 1774. – 632 с.

176 Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв. – Алматы: Ылым, 1991. – 238 с.

177 Зиманов С.З., Усеров Н. Несколько слов о Жеты-Жаргы // Известия АН КазССР. Серия общественная. – 1975. – № 4. – С. 17-21.

МАЗМҰНЫ:

Кіріспе	3
1 Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Дешті Қыпшақтағы саяси жағдай	21
1.1 Алтын Орданың ыдырауы және дербес ұлыстардың пайда болуы.....	21
1.2 Ноғай Ордасы және оның Дешті Қыпшақтағы ықпалы.....	46
1.3 Көшпелі өзбек мемлекетінің құрылуы және Әбілхайыр хан.....	69
1 Қазақ хандығының құрылуы және оның тарихи маңызы	93
2.1 Керей мен Жәнібек хандар – Қазақ хандығының негізін қалаушылар.....	93
2.2 Бұрындық және Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі.....	113
2.3 Қазақ хандығындағы аласапыран және оның салдары.....	139
2 XVI ғасырдың II жартысындағы – XVІІ ғасырдың бас кезіндегі Қазақ хандығы және оның күшеюі мен құлдырауы	160
3.1 Хақназар ханның кезіндегі Қазақ хандығының қайтадан күш ала бастауы.....	160
3.2 Шығай және Тәуекел хандардың тұсындағы Қазақ хандығының өрлеуі.....	180
3.3 Есім мен Тәуке хандардың билігі және Қазақ хандығының саяси жағдайы.....	207
Қорытынды	235
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	244